

C.B-58

C-5.58

# ЗДУЧЛ

---

МАҚАЛАЛАР, ЕСТЕЛІКТЕР



АЛМАТЫ  
ЖАЗУШЫ;  
1991

ББК 84 Қаз7-44  
3 29



3 29 Зауал: Мақалалар, естеліктер /Құраст. Б. Қойшы-  
баев.— Алматы: Жазушы, 1991.— 272 бет, суретті.  
18ВЫ 5-605-00821-8

Жинаққа отызыншы жылдардың бас кезінде ашаршылық және жеке басқа  
табыну кезеңінің жазықсыз құрбаны болған халқымыздың аяулы перзенттері туралы  
жазылған мақалалар мен естеліктер енгізілді.

4702250204—089  
402(05)-91

ББК 84 Қаз7-44

18В^ 5-605-00821-8

«Жазушы» баспасы, 1991



**Щ**

### **ХАЛЫҚ ҮШІН ЖАН ПИДА**

Менің бала кезімде Тұрар Рысқұловтың есімі ауызға алынбайтын. Оны білетін ауылдың ересек адамдары: «Е, есіл ер, нақаттан кетті ғой, енді ондай қайраткер қайда» деп сыбырласып, күбірлесіп қана еске алатын.

Тұңғыш рет Тұрар Рысқұловтың кім екенін 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған қарт журналист, байырғы большевик, партия қызметкері Рахмалы Байжарасовтың көлемді мақаласын оқып білдім. Жеке адамға табыну кезеңінде Рахмалы Байжарасовтың өзі де жапа шегіп, көп жыл қиянат көріп келген кісі еді. Бірақ үлкен газетте мақаласы жарық көрсе де, қуаныш ұзаққа бармады, сол кездегі солақай догматтар газеттің редакторын айыптап, мақаланың авторына да моральдік тұрғыдан қысымдық жасады. Бұрын көп жыл жазықсыз жапа шеккен Байжарасовқа бұл соққы оңай тиген жоқ, онсыз да қажыған жүрек жаңа қиянатқа шыдамай, қажырлы журналист дүние салды.

Дегенмен оның жазған мақаласы арқылы әсіресе жаңа, жас ұрпақ Тұрар Рысқұловтың кім екенінен біршама хабардар болып қалды. Бұл да болса шындықтың қалың шымылдығының ептеп түрілгенінің белгісі еді. Кейін Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін егжей-тегжейлі зерттеген арнаулы беделді комиссия құрылды. Сол комиссияның қорытындысы бойынша, Тұрар Рысқұловтың атына жағылған қара күйе жуылып, ардақты есім біржола ақталды.

Республика көлемінде, одан тысқары жерде Тұрар Рысқұловтың туғанына жетпіс жыл, сексен жыл, тоқсан жыл толуына орай лениншіл коммунист, қаһарман революционердің есімі еске алынып отырды. Ол туралы республикада, Москвада түрлі кітаптар, мақалалар жазылып,

документті фильмдер түсіріліп, көркем суреттер салына бастады. Оның есімінде қазір мектептер, совхоз, көшелер бар.

Сонымен Тұрар Рысқұлов кім? Оның есімі халыққа, қазіргі ұрпаққа, келер ұрпаққа несімен қымбат?

Ол 1894 жылы 26 декабрьде бұрынғы Верный уезі Шығыс Талғар болысы, Бесағаш деген жерде кедейлік шыңына жеткен семьяда дүниеге келді. Әкесі Рысқұл 1885 жылы өзінің туған жері Шымкент уезі Майлықент-Түлкі- бас болысындағы әкімдермен сыйыспай, бір ауыл елді көшіріп, Алматы жаққа Талғарға ауып келіп еді. Жаңа мекенде де озбырлық ойқастап алдынан шығып, Саймасай деген болыстың қорлығына, қияңатына, халыққа көрсеткен қанауына шыдай алмай әлгі болысты атып өлтіреді. Сөйтіп, Сібірге қаторғаға айдалады. Бұл туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қараш-караш» повесінде тамаша жазылған.

Әкесі Рысқұл Алматының түрмесіне түскенде жалғыз ұлы — он жасар Тұрарды оязға арыз жазып, өзінің қасына, түрмеге алдырады. Онысы — Тұрарды Саймасайдың жа- қындары «қанға-қан» деп өлтіріп жібере ме деген қауіптен болған жай еді. Түрмеде бала Тұрар абақты бастығы При- ходько дегеннің малайы болып жүреді. Камерада әкесімен бірге жатқан Александр Бронников деген революционер- дің көмегімен әліппе танып, орысша сауаты ашылады. Кейін әкесін Сібір айдап жібергенде, Меркеге қашып барып, сонда Қырғызбаев деген фамилиямен төрт жылдық орыс- қазақ интернат-мектебіне түсіп оқиды. Оны бітірген соң Пішпектегі (қазіргі Фрунзе) ауылшаруашылық технику- мына түседі. Пішпек техникумы оған тек ауыл шарауашы- лық білім ғана беріп қоймай, айнала дүниеге көзін ашқан мекен болды. Техникум мұғалімдерінің ішінде марксистік ұйымға қатысып жүрген саналы, прогрессивті бағыттағы адамдар да бар еді. Жас Тұрарға олардың әсері болмай қалған жоқ. 1914 жылы техникум бітіруге таянған шақта жасөспірім Тұрар өзінің болашағын ойлап, оқуын одан әрі жалғастыруға талпынады. Оны біз сол техникумның дирек- торы Илья Павлович деген кісінің атына жазған өтінішінен аңғарамыз. Онда Тұрар: «Мәртебелі Илья Петрович,— деп жазады.— Мен бала шағымнан әке-шешеден айрылып, мүлде жетім қалдым. Мен өз өмірімнің ішінде қиыншылық- тың неше алуанын бастан кештім. Мен оқу арқылы көзім ашылып, өзімнің кім екенімді, оқу арқылы ғана саналы аза- мат бола алатынымды пайымдайтын шамаға жеттім. Сіздің қол астыңызда жүріп оқып, білімнің, тіпті ғылымның дәмін

таттым. Енді, міне, сол оқуым біткелі тұр. Мен өз білімімді одан әрі жалғастыруды армандаймын. Сізден өтініп сұрай- тыным — жоғары оқу орнына түсуіме жәрдем етсеңіз екен...»

Жігерлі жас ерлікке паранап әжеттік танытып, сонау алыстағы Самар (қазіргі Куйбышев) қаласына сапар шегіп, сондағы ауыл шаруашылық институтына түсуге арыз бере- ді. Қабылдау емтиханын үздік тапсырып тұрған жерінде әлгі институттың бастығы оған: «Сен мал баққан киргиздың баласысың, ауыл шаруашылық ғылымында нең бар? Еліңе қайт, малыңды бақ» деп қабылдамай қояды. Сөйтіп, әлеу- меттік әділетсіздіктің тағы бір сорақы түрі алдынан шы- ғады. Мұндай әділетсіздікке төзбей, әлі де болса үмітін үзбей Петербургтегі патшаның Оқу министрінің атына өтініш жазады. Министрден жауап-қайыр болмаған соң, Ташкентке барып, сондағы мұғалімдер институтына ілінеді. Мұнда оқи жүріп, өзінің Пішпектегі алған білімі бойынша Краснопад бау-бақша шаруашылығына бағбан болып жұмыс істеп, күнкөріс ақша тауып әрекеттенеді. Өйткені оған қаражатпен қол ұшын беретін ағайын-туған жоқ- тұғын.

Сөйтіп жүргенде 1916 жылы патшаның бұратана ха- лықтан қара жұмыс үшін әскерге адам алу туралы әйгілі жарлығы шығады. Ол жарлық халықтардың бұрыннан асқынған наразылығын шарасынан асырып-төгілдіреді де, қанауға қарсы ұлт-азаттық көтерілісі Орта Азия, Қазақстан сияқты елдердің әр жерлерінде бұрқ-бұрқ ете қалады. Халық тағдыры осындай бір шешуші кезеңге келіп тірелгенде, Тұрар оқуын жайбарақат оқи алмай, Меркеге келіп мұндағы көтерілісті басқаруға қатысады.

Егер өз басының қамын ойлап, өзінің ғана күйін күйтте- ген тоғышар болса, Тұрар мұндай қатерлі әрекетке бармай, оқуын оқып жүре берер еді. Елі үшін еңіреген ерлер әр заманда да болған, олар жайшылықта ғана емес, халық басына күн туғанда ерекше қайрат көрсеткен. Меркедегі көтерілісті басқаруға қатысқаны үшін ол жергілікті әкім- дерден қуғын көріп, енді революциялық жолға біржола түседі. Әулиеата большевиктерімен танысып, қол ұстасып, солардың ақыл-кеңесімен қазақ-қырғыз жастарының ком- мунистік ұйымын құрады. Бұл ұйымның программасын, уставын жазады, басшылық етеді. Ұйымның мақсаты: патшалық режимге қарсы күрес; жергілікті бай-манаптар- дан езілген халықтың есесін алып беру; халықты сауат- тандыру. Сол шақта Қазақстанның әр-әр жерінде жастар ұйымдары болды. Ал солардың ішінде Тұрар Рысқұлов

құрған ұйым айқын программасы, уставы бар бірегейі еді. Уақытша үкіметтің жергілікті мекемелеріне қарсы бұл ұйым үлкен күрес жүргізді. Дәл осы ұйымнан Қабылбек Сармолдаев, Мақсат Жылыбаев, Тоқтасын Тоқбаев, ағайынды Наушановтар сияқты көрнекті партия-совет қызметкерлері шықты.

Тұрар Рысқұлов 1917 жылы сентябрь айында реакция-ның өсіріп тұрған қауіпті шағында лениндік Коммунистік (большевиктер) партиясының қатарына қабылданды.

Тұрар Рысқұлов Хмелевский, Завадский сынды большевиктермен бірге Әулиеатада Совет өкіметін орнатуға орасан еңбек көрсетті. Ұлы Октябрь революциясынан кейін іле-шала Әулиеатада Совет өкіметі орнап, Тұрар Рысқұлов уездік Совдепті басқарды. Бұл істе ерекше көзге түсіп, көп кешікпей ол Түркістан советтік социалистік автономиялық республикасының өкімет құрамына енді. Мұнда ол РКП (б) Мұсылман бюросын басқарды, ТурЦИК председателінің орынбасары, одан кейін председателі болды.

1918 жылы май айында Лениннің қабылдауында болып, ішкі істер ротының мүшесі болып, осы кездесудің әсерімен ол үнді мәселелерінде кейбір қате пікірлерінен арылып, Лениннің нағыз төл шәкірті болып қалыптасады. Ол Москвада қалдырылып, ұлттар мәселесі жөніндегі Халық комиссары (Наркомнац) Сталиннің орынбасары болып тағайындалады. Дәл осының алдында ғана Тұрар Рысқұлов туралы партия мен мемлекеттің көрнекті қайраткерлері Фрунзе мен Куйбышев Орталық Комитетке, Ленинге былай деп мұқабелі-хат жазды. Михаил Фрунзе: «Бұл мұсылман коммунистерінің ішіндегі аса ірі тұлға — қазақтардан Рысқұлов, ал өзбектерден Тұрсынходжаев. Рысқұловтың ерекше көзі түсетіні — ол ақылдылығымен қоса, үлкен қажыр-қайрат иесі, өте берік мінезді адам.» Валериан Куйбышев: «Рысқұлов — аса ірі тұлға, Москвадағы қызметте ол мызғымас коммунист болып екі жыл шамасындай қызмет істеп, ересен еңбегімен, Лениндік іске адал берілгендігімен, азамат, қайраткер ретінде ірілігімен бағаланған. Рысқұлов 1922 жылдың күзінде Түркістан республикасына Совнарком председателі болып қайта оралды. 1924 жылы Түркістан республикасы болып, жеке-жеке отау тікті де, соған дейін Түркістан республикасының құрамында болып келген Ақмешіт (Қызылорда), Шымкент, Әулиеата, Алматы, Талдықорған жерлері Қазақстанға қосылды.

Ал Тұрар Рысқұлов Москваға қайта шақырылып, Коминтерннің аппаратында жауапты қызметке тұрды. Міне, осы жерде коммунистердің атақты халықаралық

қайраткерлерімен бірге жұмыс істеп, достасты. Олар Бела Кун, Василь Коларов, Сен Котаяма, Георгий Димитров сияқты тарландар еді. Көп ұзамай Коминтерннің атқару комитеті Совет өкіметінің басшылығымен келісе отырып, Тұрар Рысқұловты Коминтерннің Монғолиядағы өкілі етіп жіберді.

Тұрар Рысқұловтың қайраткерлігінде, сөйтіп жаңа кезең басталды. Бұл кезде Монғолия, Қытай, Жапон империалистерінен, ақ гвардияшыл Унгерн шапқыншылығынан жаңадан азат болып, әлі буыны беки қоймаған шақ еді. Тұрар Рысқұлов Монғолияға келе салысымен ондағы озат ойлы, прогрессивті қайраткерлер Церендорж, Чойбалсан сияқты кісілермен тіл табысып, Монғолияны социалистік жолға салуға аянбай ат салысты. 1924 жылы ноябрьде Бүкілмонғолдық бірінші ұлы Құрылтай шақырылғанға дейін Тұрар Рысқұлов болашақ Монғол Халық Республикасының Конституциясын жазуға ерекше күш салды. Бірінші ұлы Құрылтай Монғол Халық республикасы жарияланды. Құрылтай жұмысында Рысқұлов көп қайрат көрсетті. Жаңа республиканың астанасының атын Улан-Батор — Қызыл батыр деп қоюға ұсыныс жасады. Мұны бүкіл делегаттар қызу қолдады.

Тұрар Рысқұловтың Монғолияда атқарған еңбегін Коминтерн мен Совет үкіметінің басшылары жоғары бағалады.

Тұрар Рысқұлов 1926 жылдан бастап РСФСР Совнаркомы председателінің орынбасары болып тағайындалып, осы қызметті 1937 жылдың май айына дейін, жала жабылып, жазықсыз жапа шеккенге дейін атқарды.

Мен Тұрар Рысқұлов өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысында көп ізденіп, көп материалдар жинадым.

Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол — дарынды талант, айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұланғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. «Ал соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы не?» деген сұраққа мен: — миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім.

Біріншісі— 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға барын салды. Ол кездегі Түркістан республикасының кейбір эсер басшылары армияны нығайту керек деген сылтаумен аштыққа ұшыра-



і,ім, .ч іреіг качақ даласында опатқа айналған зұлматқа к.і|н І.І көмек көрсеткісі келмеді. Сонда Рысқұлов жан аямас аііқасқа түсті. Ақыры аштарға жедел көмек көрсету гура;іы өкіметке қаулы қабылдатты.

Екіншісі — тағы да аштық. Тарихтан белгілі, 1932-1933 жылдары жаппай коллективтендіру кезеңінде Қазақстанда өрескел бұрмалаушылық орын алды. Халықты коллектив- тендіру туралы Лениннің өсиеті ұмыт қалып, қоғам да- муының объективті, диалектикалық заңы бұзылды. Осының салдарынан халық көп- көрінеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды. Ал Голощекин бас- таған республика әкімдері «Қазақстанда коллективтендіру- ді тамаша өткізіп жатырмыз»— деп Москваға ақпар жазумен болды. Халық жаппай күйзеліске ұшырады.

Міне, осындай сын сағатта Тұрар Рысқұлов 1932 жылы сентябрь айында Сталинге бірінші хатын жазды. Одан п.>тп жс бола қоймаған соң араға бірнеше ай салып, Сталин, Молоюн, Кагапоичтердің атына екінші хатын жазды. Ол хағында 1'ысқұлон Қазақстанда әсіресе мал баққан халық- іың халі адам то ігісі ч екенін, аштықтан кебі ажал құшып, көп адам Қазақстаннан басқа жаққа тамақ іздеп, жұмыс іздеп ауып кеткенін, Голощекин: «Лучше пересолить, чем не досолить,» яғни «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп тұтас халықтың басына алапат қауіп төнгендігін бұлтартпас фактілермен, документтермен, жан- киярлық батылдықпен ашына айқайлап айтты.

Дәл осы тұста жеке адамға табынудың дерті белең алған шақта мұндай орасан батылдыққа барып, өз басын оққа байлау қауіпіне қарамай, «халқым!» деп жан ұшыра қайраткерлік керсету — теңдессіз ерлік еді.

Ком ұзамай, 1933 жылы март Пленумында Қазақстан жағдайы талқыланып, Голощекин Қазкрайкомның бірінші секретарьлығынан алынып, республика ауыр бұлттан арылып, әділеттік орнай бастады.

Міне, басқа сіңірген еңбегінің бәрін былай қойғанда, Тұрар Рысқұловтың дәл осы ерлігі үшін ғана, халқын жан-тәнімен сүйе білген үлкен жүрегінің кепті жылытқан ыстық оты үшін ғана оны құрметтеуге, оны сүюге, оны үлгі етуге әбден болады! Тұрар Рысқұлов деген есім бізге, келер ұрпаққа өзінің нағыз лениншіл адалдығымен, шын- шылдығымен, халқына қалтқысыз беріле қызмет етуімен, халқы үшін қандай қиындықтан болса да таймай, ез мүддесінен ел мүддесін биік қоюымен бағалы.

## ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ И. В. СТАЛИНГЕ ЕКІНШІ ХАТЫ

Орталық Комитетке И.В.  
Сталин жолдасқа  
Көшірмесі: Молотовқа,  
Кагановичке

Қазақтардың бір ауданнан Қазақстаннан тыс жатқан екінші бір аудандарға 1931 жылдың аяғында басталып, жазғытұры ұлғая түскен қоныс аударулары (қолданылған шараларының нәтижесінде олардың бір бөлігі 1932 жылдың жазында кері оралған-ды) қазір қайта үдей түсті. Аштық пен індеттің салдарынан бірқатар қазақ аудандары мен қоныс аударушылардың арасында өлім-жітім етек алып отырғандықтан, бұған орталық органдардың шұғыл арала- суы қажет. Мұндай жағдай — қазақ халқының белгілі бір бөлігіне қатысты Қазақстанда пайда болған қазіргі жағдай өзге өлкенің, не республиканың ешқайсысында орын алып отырған жоқ. Қоныс аударушылар өздерімен бірге көрші өлкелер мен Ташкент, Сібір, Златоуст темір жолдары бойына індет ауруларын таратты. Совет тарапынан (атап айтқанда, РСФСР Халық Комиссарлары Советі тарапынан) белгіленген ішінара шаралар мәселені шеше алмайды. Ор- талық Комитеттің қаулысымен дер кезінде жәрдемге босатылған азық-түліктің едәуір бөлігі көздеген жерге жетпеді (оның себептері төменде айтылады.) Бұл мәселе- нің маңызы зор болғандықтан, Сізден осы хатпен танысуы- ңызды және аштан өлу қаупіне душар болған көптеген адамдардың өмірін сақтап қалу үшін осы іске ара түсуіңізді өтінемін.

### I. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АУҚЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстанмен көршілес жатқан өлкелерге қоныс ау- дарушылардың барған жерлерінен түскен соңғы, шамамен алынған мәліметтер бойынша қазір Орта Волга бойында — 40 мың, Қырғызстанда —100 мың, Батыс Сібірде —50 мың, Қарақалпақстанда —20 мың, Орта Азияда —30 мың қазақ- тар бар екен. Қоныс аударушылар тіпті шалғайдағы Қал- мақ автономиялы облысына, Тәжікстанға, Солтүстік Өлке- ге және т. б. жерлерге де көшіп барған. Байлар бастаған халықтың бір бөлігі Батыс Қытайға өтіп кеткен, қазақ- тардың орталық аудандарға қарай бұлайша қоныс аударуы Қазақстанда алғаш рет болып отыр. Бұл — әдеттегідей жаз

айларында өтетін, мал-жанымен бірге алысқа ұзай қоймай- тын жай кешіп-кону емес, аш адамдардың едәуір бөлігінің тамаққа талғажау іздеп ауа көшуі. Жекелеген аудандарда қоныс аударушылардың мөлшері сол аудандағы барлық тұрғындар санының 40-50 процентіне дейін жетеді. Қоныс аударушылардың көпшілігі жұмысқа орналастырылмаған- дықтан қиын жағдайда қалып отыр, ал кәсіпорындарға, совхоздарға, МТС-терге орналасқан қазақ жұмысшыларын қазір қысқарта бастады және бұл кәсіпорындардағы жал- пы қысқартулар көп ретте түгелдей қазақтардың (егер олар сонда істейтін болса) есебінен жүргізіледі, атап айт- қанда, қысқартылып жіберілген жерлерінен қазір қазақтар бөренелерді тиіп- түсіру және өзге де жұмыстарды істеу үшін Москва вокзалдарына жүздеп келе бастады. Қоныс аудару процесінің өзі бұрынғы ескі орында қалған колхоз- дың әлсіреуіне, қоныс аударушылардың жол- жөнекей қолдағы мүліктерін талан-таражға салуына, киіз үйлерін (көбіне бірден-бір баспанасын) сатуына, қолда бар малды өлім- жітімге ұшыратуына және жұмсап жіберуіне, қалған мүліктерін сатып бітіруіне әкеліп соғып жатты.

Қазақтардың арасында етек алған ашарлық пен індет — осында қоныс аударулар мен қазақ шаруашылықтарының іргесі шайқалуының ең басты себебі болып отыр, бұл қатер қазір қайтадан күшіне мініп келеді. Өткен жылдың көкте- мінде қазақ аудандарында аштық пен аурудың салдарынан қоныс аударушылардың арасында өлім-жітімнің көп бол- ғандығы байқалды. Бұл жағдай қазір көктемнің жақында- уына орай тағы да ұлғайып отыр. Қоныс аударушылардың барған жерлерінен түскен және соңғы кезге қатысты мәлі- меттерден алынған бірқатар деректер мынадай. РСФСР Ха- лық Комиссарлары Советінің жұмысшы комиссарларына қатысуға келген бірсыпыра өлкелердің екілдері төмендегі- дей деректерді мәлім етті: Солилецк және Орск ауданда- рында қоныс аударушылардың арасынан күн сайын 5-10 адам өліп жатқанын — Илларионов жолдас (Орта Волга өлкелік атқару комитетінен) тек Сібір темір жолы стан- цияларының өзіне — араларында індетке ұшырағандары мен қаза болып жатқандары едәуір 10 мыңдай қазақтың жиналып қалғанын; Солтүстік жол құрылысының кірпіш заводында 84 қазақ жұмысшысының жұмыс істегенін, ар- тынан бұларды жұмыстан шығарып жібергеннен кейін олардың 14-інің аштан өлгенін, және бұған айыпты адам- дардың жауапқа тартылғанын — Алагызов жолдас (Батыс Сібір атқару комитетінен): Фрунзе қаласы мен оның төңі- регіне 10 мыңға жуық қазақтың ауып келгенін (бұл жөнінде

ВКП (б) Орталық Комитетіне және ВКП (б) Қырғыз облыстық комитетіне жазылған) және олардың арасынан күн сайын 15-20 адам (әсіресе, балалар) өлетінін — Туған- баев жолдас (Қырғызстан Орталық Атқару Комитеті пред- седателінің орынбасары) хабарлады.

Қазақстанның өз ішінде қоныс аударғандардың да жағдайлары жақсы емес. Көптеген қалалар (Әулиеата, Шымкент, Семей, Қызылорда және т. б.) мен темір жол станцияларында қазақтардың өлігі күн сайын сыртқа тасып шығарылып жатады. Шу ауданында (уәкіл Жандо- сов жолдастың хабарлауы бойынша), аудан орталығы Ново-Троицк селосында күн сайын 10-12 қазақ өлген және ауданнан коммунистердің 50 проценті кетіп қалған. Сарысу ауданындағы 7000 үйден тек 500 үй қалған, қалғандарының өзі Әулиеата және өзге аудандарға, ал бірсыпырасы Қыр- ғызстанға .қоныс аударған. Ноябрь айында осы ауданнан бірнеше жүздеген қазақтар үй-іштерімен бірге ұзақ жолға шығады. Жол-жөнекей олардың бір бөлігі қаза табады. Январдың екінші бескүндігінде 24 өлік жиналып алынған. Жолда оларға қарулы бандиттер тап береді. Әйелдер шара- сыздықтан балаларын суға лақтырады. 5-6 январьда Әулие- ата қаласындағы шайханалардан аязға қатып қалған 20 баланың өлігі жиналып алынған және осы күндері 84 ересек адам өлген. Ақтөбе облыстық комитетінің 1932 жылғы 16 октябрьдегі қаулысында Жосалы темір жол стан- циясына кері оралып келген 300—400 үйдей қоныс ау- дарушыларға жәрдем көрсетілмегендіктен олардың 150-ге жуығының қаза тапқаны (оның 21 і қара шешектен өлген) және станцияда қазақтарды соққыға жығудың орын алғандығы айтылады. Аудандық ұйымдардың «қазақтардың жаппай қазаға ұшырап жатқанын көрмеген-білмеген қалып танытқаны» туралы аталған қаулыда айқын атап көрсетілген. Бұл оқиға июль айының аяғында болған, ал обкомның қаулысы октябрь айында шыққан. Қазір Ақтөбе облысында жүрген Қызыл крестің москвалық отрядының мәлімдемесінде Торғай секілді аудандарда қазақтарды ашаршылық пен індеттің жайлап алғандығы айтылады. Аш адамдар қоқысқа төгілген ас қалдықтарын, шөптің тамыр- ларын қорек қылған, ұсақ кемірушілерді ұстап жеген. Аштар осы жердегі иттер мен мысықтарды түгел жеп бітір- ген, олардың күркелерінің айналасында жеріне жеткізе қайнатылған иттің, мысықтың, ұсақ кемірушілердің сүйек-саяқтары үюлі жатқан көрінеді... Кейбір аштардың кісі өлігін жегені туралы да хабарлар бар. Отрядтың осы мәлімдемесінде аудан орталығы Торғайдағы 2500 тұрғын-

iii.iii 'H iiiiii 1111 111<-1 iii'ii iiyi.iriap және олардың көпшілігі- пні  
1..11.1 i.iiiii .iii.i .ii.ш көрсетілген. Аудан орталығында 12  
м.им.і ..... . карсы егу жұмыстарын жүргізіп отырған  
hg idг, ауданның 25 мың адам тұратын ауылдарында егу жұмыс гарын  
небары 2 адам ғана жүргізген. Торғай ауданындағы шешек індеті  
жайында Ақтөбе облысының орталығындағылар білмеген. Ал  
Қазақстан Денсаулық сақ- тау Халық комиссариаты мұндай  
аудандарды мүлде есепке алмаған, соның салдарынан осы уақыт  
ішінде шешекпен ауырғандардың саны өлкеде 2400-ге жеткен.  
Жергілікті органдардың мәліметі бойынша, Торғай және Бетпаққара  
аудандарындағы халықтың 20-30 проценті тегіс қазаға ұшыраған  
және қалған тұрғындардың көпшілігі көшіп кеткен. Шалқар  
ауданының бірқатар ауылдық Советтерінде халықтың 30-35 проценті  
түгел қырылған. Ақтөбе (кұра- мына осы аудандар да енетін)  
облысын тұтастай алғанда, 1'>30 жылы облыстағы халық саны 1.  
012. 500 болған, 1932 жылы бұдан 725. 800 адам, яғни халықтың 71  
проценті г.ні.і қалііііі. 1>ұл туралы облыстық атқару комитетінің  
прдгдгта тслі Инанов жолдас Советтердің облыстық съезінде (1932,  
июль) жасаған баяндамасында хабарлап өтті. Қызылорда аудандық  
атқару комитеті председателінің куәландыруынша, бұл ауданның  
ауылдық Советінің көпшілігінде тұрғындардың бар болғаны 15-20  
проценті ғана қалған. Балқаш ауданындағы 60 мың халықтың  
(жергілікті ОГПУ-дың мәліметі бойынша) 12 мыңы көшіп кеткен, 36  
мыңы қаза тапқан, сонымен 12 мыңы ғана қалған. Өткен қыста  
Қаратал ауданындағы үш қазақ ауы- лың отырықшылыққа күштеп  
көшіру кезінде тұрғындардың тең жартысы қаза болған. Осы ауданда  
(жергілікті ОГПУ- дың куәландыруынша) декабрьде және январь  
(1933 жыл) айының алғашқы 10 күнінде 569 адам аштан өлген, осы  
уақыт аралығында Үштөбе станциясындағы Қаратал құрылыс алаңы  
мен күріш совхозынан 300-ден астам адамның елігі жиналып  
алынған. 1931 жылы Шұбартау ауданында 5300 үй болған екен, 1933  
жылдың 1 январында оның 1941-і ғана қалған. 1932 жылдың майында  
Қарқаралы ауданындағы халықтың саны 50. 400-ге жеткен, ал ноябрь  
айының қарсаңында осыдан 15. 900 адам қалған және әр күн сайын  
аудан орталығында 15-20 адам қазаға ұшырап отырған (Өлкелік  
атқару комитетінің мәліметінен). Өткен көктемде Қарағандыда  
аштық пен індеттен 1500-дей қазақ қаза тапқан, олардың арасында  
жұмысшы қазақтар да болған. Январь айының ішінде Сергиополь  
қаласында (Түрксіб) 300-дей қазақ өлген. Жоғарыда келтірілген

мәліметтердің барлығы ресми материалдардан алынды.

Қазақтардың қаншалықты шығасыға ұшырағаны туралы мұндай мысалдарды басқа да бірқатар қазақ аудандарынан келтіруге болады. Әсіресе, балалардың арасында шығын көп. Көптеген қоныс аударушылар балаларын тағдырдың еркіне тастап кеткен. Өзге өлкелерге қоныс аударғандардың арасында өздерімен бірге балаларын да ала барғандар аз. Қазақстанның қалалары мен темір жол станцияларында қараусыз қалған балалар тобыры көбейе түскен. Қазақ әйелдері балаларын әкеліп, үйлер мен мекемелердің алдына қалдырып кеткен. Қазақ органдары қараусыз қалған 50 мың қазақ балаларының орналастырылғандығы туралы 1932 жылдың аяғында-ақ ресми хабарлаған-ды. Қазақстандағы балалар үйіндегілер тым тығыз жайғасқан және балалардың өлімі де аз емес. Мысалы, комиссияның тексеруі кезінде Семей ауданындағы балалар үйінің бірінің подвалынан иістеніп-іріп кеткен 20 қазақ баласының өлігі табылған (Уақытында алып кетуге көліктері болмапты). Қызыл крестің Ақтөбедегі отрядының мәлімдемесінде Торғайдағы қазақ балаларының жағдайы туралы мынадай дерек келтірілген: «Балалар аса ауыр халде қалып отыр. Ата-анасынан ажырап қалған 4 жасқа дейінгі балалар бірі қалмай түгел қазаға ұшырады. Балалар үйлері мен т. б. мекемелерден төрт жастан жоғары қарайғы жүдеп-жадаған балаларды көруге (төрт жастан төмендегілер ата-аналарымен бірге жүргенімен, өте азған) тура келді. Балалар үйіндегі сәбилердің тегіс іші өтіп ауырады. 100-150 орындық балалар үйлерінен әдетте 1-2, кейде 3 балаға дейін өледі және бұлардың орны жаңадан қабылданғандардың есебінен тез-ақ толықтырылып тұрады. Балаларға түгел қырылып кету қаупі төніп тұр. Декабрьде және январь айының басында (яғни, ең суық кезде) тазарту мақсатымен қараусыз қалған 1100 бала Қарағандыдан халық көшіп жатқан аудандарға қайта жөнелтілген (мұндай тазарту ересектерге де жүргізілген). Январь айында Қызылордадағы қараусыз балалардың қатары 450-ге жеткен. Аягөз станциясының бір өзінен 300 бала жиналып алынған, осында бір қазақ әйелі өзінің екі баласын поездың астына тастаған, ал Семейде тағы бір қазақ әйелі екі баласын мұздың ойығына тастап жіберген.

Қазақ органдары қайтып оралған қоныс аударушылар мен аш адамдарға қалай көмектесіп отыр? Рткен жылдың жазында қоныс аударушыларды кері қайтару науқанын жүргізе отырып, қазақ үкіметі алайда бұлардың көпшілігін орналастыра алмады, жоқшылықтың зардабын тартқан

олардың бір бөлігі өзге өлкелерге қайта көшіп кетті, ал ол өлкедегілер бұларды қазақ органдары кері алып қайтар деген сеніммен, қазақтарды орналастыруға кеп көңіл бөле қоймады. Басшы қазақ органдарының бұл мәселеге енжар назар аударуының салдары аудандарда да осы іске мейірім-сіздікпен, бюрократтықпен қарауды туғызды. Жоғарыда Сексеуілді станциясында болған оқиға айтылғанды. Енді бірқатар өзге мысалдарға тоқталайық. ВКП (б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі қаулысымен ашаршылыққа ұшыраған қазақтарға көмек ретінде 1 млн. пұт астық босатылды. Орталық IV тоқсанға және үстіміз-дегі жылдың I тоқсанына рұқсат еткен (бір миллион пұттың есебінен) 600 мың пұт астық пен 1932 жылдан қалған 280 мың астықтың, яки 880 мың пұт астықтың 773. 158 пұтын қазақ органдары наряд бойынша бөліске салған, халыққа оның небары 111. 066 пұты, яғни 15 проценті ғана тиген (оның өзі де толық тимеген сияқты). Аштыққа ұшыраған адамдарға тиісті астықтың көбісі аудан орталық-тары мен түрлі мекемелердің талан-таражына түскен және оның бір бөлігі астық дайындау есебіне өткізіліп жіберілген. Мұндай қылмыстардың Қу, Қарқаралы, Шу, Торғай аудандарында беті ашылып, айыптылар жауапқа тартылған. ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 1933 жылғы 4 январьдағы Қаратал ауданы жөнінде қабылданған шешімінде былай делінген: «Қаратал ауданындағы қазақ шаруашылықтарының мұқтаждары үшін жәрдемге бөлінген азық-түлікті пайдалану жөніндегі материалдармен танысқан Қазақ өлкелік комитетінің бюросы мен өлкелік Бақылау комиссиясының президиумының біріккен мәжілісі мыналарды атап көрсетеді: а) аудандық ұйымдар қазақ шаруашылықтарының мұқтаждары үшін 1932 жылдың көктемінде жәрдемге босатылған 6500 ц. көлеміндегі азық-түліктің өз мақсатында пайдаланғанын растайтын дәл мәліметтер бере алмады; б) аудан ұйымдары босатылған қорды өз мақсатында пайдаланудың орнына азық-түлік жәрдемінің 2811 центнерін астық дайындау жоспарына өткізіп жіберген. Аудандағы қоныс аударушыларға бөлінген өнеркәсіп бұйымдары июль айынан 1933 жылдың 1 январына дейін аудандық тұтынушылар одағында жатып қалған». Жоғарыда Қаратал ауданындағы өлім-жітім туралы да айтылған.

Жалпы алғанда, өлкелік органдар осы күнге дейін аудандардың көпшілігінен аштыққа ұшырағандарға босатылған азық-түліктің және басқа да керек-жарақтың қалай жұмсалғандығы жөнінде мәлімет ала алмай отыр. Шұбартау ауданына мемлекет жәрдемге босатқан 2. 770

пұт астықтың — небары 943 пұты ғана халықтың қолына тиген, 10,5 пұт астық қызметкерлерге паяз есебінен берілген, 46 пұт астық аудандық қызметкерлерге нормадан тыс таратылған. Ресми мәліметтер бойынша, көрсетілген астықтан тек 11 (?) қана жарлы-жақыбайларға үлестірілген, қалғандары ысыраққа ұшыраған, байлар мен атқа-мінерлердің қолына кеткен. Астықты таратқан кезде ешқандай қолхат алынбаған, тізім жасалынбаған. Ақмоладан Қорғалжын ауданына жіберілген 3000 сом азық-түлік жәрдемінің тиісті жерге тек 300 с. ғана жеткен, сонымен бірге соңғы кезде аштыққа ұшырағандарға бөлінген азық-түліктен 117 ц. астық талан-таражға салынған. Батыс Қазақстан облыстық бақылау комиссиясы және жұмысшы-шаруа инспекциясының председателі Бидерман жолдас Тал ауданы жөнінде былай деп жазады: «Қайтып оралғандарға материалдық көмек көрсетілмегені былай тұрсын, оларға бөлінген қаражат-қордың өзі өз мақсатында жұмсалмады» (онан әрі тиісті деректер келтіріледі). ВКП (б) Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі шешімімен мыңдаған шақырым жерден көшіп келген адайларды орналас-тыруға аса жауапсыздықпен қарағаны үшін Мақтаарал аудандық бақылау комиссиясының председателіне қатаң сөгіс берілді. Батыс Қазақстан облысында, Тал және Орда аудандарының өзара келісімімен Тал ауданына 40 үй қоныс аударады, бірақ оларға уәде етілген жәрдем көрсе-тілмейді, жер берілмейді, сонан кейін барлық қаражатын жұмсап біткен қазақтар қыстың көзі қырауда кері оралады. Қырғыз АССР-інің органдары мынаны хабарлайды: жуырда олар қазақ үкіметі уәкілінің келісімі бойынша 500 баланы Алматыға жөнелтеді, бірақ мұнда балаларды қабылдамай қояды. Біраз бала қазаға ұшырайды, ал қалғандарын Фрунзе қаласына кері алып қайтады.

Мұндай деректерді өзге аудандардан да көптеп келтіруге болады. Қоныс аударудың тағы да күшейіп, індеттің ұлғайып отырғанына қарамастан қазақ органдары бұдан былайғы қоныс аударуларды тоқтатуға, індетке қарсы күресуге, аштыққа ұшырағандарға пәрменді көмек көрсетуге дәрменсіз тәрізді. Қазақ өлкелік комитеті соңғы уақыттарда осы жағдайларға қарсы батыл күрес жүргізді, бірқатар айыптыларды жауапқа да тартты, бірақ әлі де ырғалып-жырғалумен уақытты өткізіп алып отыр. Облыстар мен аудандардағы көптеген мекемелердің мұндай жағдайларға еті үйреніп кеткені соншалық, кейде барып тұрған енжарлыққа жол береді. Індетке қарсы күреске



жергілікті органдардың қалай қарап отырғандығы туралы Қызыл крестің Ақтөбедегі отрядының сол жерден хабар- лаған мәлімдемесінде былай делінеді: «Мұнда бізге қолға- быс студің орнына, шешекпен ауырғандардың көптігіне қарамастан, кейбір аудандардағы (Бетпаққара, Сексеуілді, Торғай) аудандық денсаулық сақтау мекемелері, инспек- торлар отрядымыздың шешекке қарсы егу жұмыстарын өрістетуін және өзге де жұмыстар жүргізуіне қарсылық білдірді, сондағы айтқан сылтаулары: «Өзіміз-ақ үлгереміз, жұмыс қайда қашар дейсің, бүгін бітпесе, ертең де күн бар емес пе?» Сондай-ақ Ақтөбе облысында жүргізіліп жатқан жұмыстарға республикалық денсаулық сақтау бөлімі де назар аударып отырған жоқ, ҚазПҚЗ-дан не атқару комитетіне, не біздің уәкіліміз Сусликов жолдасқа ешқандай өтініш-тілек түскен емес, жұмыс материалдары- на ең болмаса бір рет сұрау салмаған Қаз АССР-і Халық Комиссарлары Советі де бұл мәселеге айтарлықтай көңіл бөлмей отыр».

Бұның бәрі кездейсоқтық емес, өлкелік комитеттің бұрынғы басшылығының белгілі дәрежеде жүргізілген бағытының салдары болып табылады, қайда болмасын (тіп- ті көшелерінен қазақтардың өлігі жиналып алынған Алматының өзінде де) ашаршылық пен өлім- жітім жөнін- де ресми айтуға тыйым салынады. Ол ол ма, жергілікті қызметкерлер мал басының кемуі туралы да айтуға бата алмайды. Қазақстанның өкілдері Москваға келіп жүріп, орталық советтік органдардың алдына бірде-бір рет Қазақ- станда болып жатқан жағдай туралы ресми мәселені қой- маған. Бұл аздай-ақ, олар қоныс аударудың себептерін басқаша түсіндіруге тырысып бағады. Голощекин жолдас өзінің «Тағы да мал шаруашылығын дамыту жолдары және осы майдандағы оппортунистер туралы» («Қазақстан халық шаруашылығы» журналында басылған, № 8-9; 1932 жыл) мақаласында мал басының кемуі жөнінде пікір айт- қан Төреғожин мен басқаларға тойтарыс бере отырып, қоныс аударушылыққа мынадай ұнамды баға береді: «Бұ- рын өз аулынан ешқайда ұзап шығып көрмеген қазақ өзінің көшіп-қонатын өрісінен басқа жолды білмеуші еді, ал қазір олар Қазақстанның бір ауданынан екінші ауданына оп-оңай көшіп бара алады, орыс, украин колхоздарына келіп қосылып жатыр, Поволжьең, Сібірдің шаруашылық құрылыстарында да жұмыс істеп жүр». Бұл теорияны, әрине, өзгелер де іліп алып кетті, бірақ біз жоғарыда келті- рілген мысалдардан бұндай қоныс аударулардың неге апарып соғатынын көрдік те.

Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды. Бүкіл еліміз социалистік құрылыс саласында аса зор табыстарға ие болып, барлық республикалар мен өлкелерде бұрын болып көрмеген мәдени өрлеу жүзеге асып, жалпы советтік құрылыста жаңа жетістіктерге қол жеткізіп (тұтастай алғанда, Қазақстанда да) отырған уақытта, жергілікті халықтың басым бөлігін қамтыған Қазақстандағы жағдайды бұлай қалдыруға болмайды. Оларға көмек көрсетуге және осы құбылысты қысқа мерзімде жоюға Советтер Одағының күш-қуаты толық жетеді. Ашаршылыққа ұшыраған қазақтарға көмек көрсетуді жеделдету және індетке қарсы күресті күшейту қажет, сонымен бірге осы құбылыстың негізгі себептерінің тамырына балта шабатын шараларды жүзеге асыру үшін жан-жақты майданды өрістетуге керек. Ал енді мұндай себептердің төркіні неде?

## 2. МАЛ БАСЫНЫҢ КЕМУІ

Қоныс аудару мен шаруашылықтардың іргесі дйайқал- уының басты себептерінің бірі — мал басының қысқаруы. Мен өзімнің Сіздің атыңызға жазған 1932 жылғы 29 сентабры күнгі мәлімдемеді Қазақстанда мал басын қысқартудағы кемшіліктерді толық баяндап және оны қалына келтіру шараларына тоқталған болатынмын. 1932 жылғы февраль айында жүргізілген (және екінші рет қайта тексерілген) Бүкілодақтық мал санағы бойынша, 1923—29 жылдардағы 40 млн. бас малдан — Қазақстанда санақ барысында 5.397 мың бас қана малдың қалғаны, яғни мал санының 85,5 процентке қысқарғаны мәлім болды. Соның ішінде, 1931 жылдың февралынан 1932 жылдың февралы аралығында мал басы 55 процентке қысқартылған (Бұл жылы СССР-де жалпы мал басының қысқаруы 16,7 процент болған). Санаққа дейін барлық малдың 80% қоғамдастырылыпты (СССР-де бұл уақытта қоғамдастырылған мал саны барлық малдың 33% болған). Қалған 5 млн. 397 мың бас малдың 37,6% совхоздардың үлесінде болған (СССР бойынша совхоздардың үлесіндегі мал саны барлық мал басының —9 процентін құрайды), осы малдың

1 млн. 555, 9 мыңы, яғни 20% қазақтардың үлесіне тиіген (ал 1928 жылы Қазақстандағы барлық мал басының 80% қазақтардың үлесінде болған). Ақтөбе облыстық партия конференциясының қаулысында (1932 жыл, июнь) былай делінген: «Облыстық партия конференциясымыналарды атап көрсетеді, 1931 жылмен салыстырғанда 1932 жылы облыстағы мал саны көп қысқарып кетті, барлық

мал басының 4. 205,6 мыңы, яғни 18,3% қысқартылды. Әсіресе облыстың көшпелі аудандарындағы мал өсіретін шаруашылықтарда күрт қысқартулар жүргізіледі, Табын ауданында бүкіл малдың — 1,6%, Бетбақара ауданында — 4,1%, Арал ауданында — 4,8%, Ырғыз ауданында 5,4%, Торғай ауданында — 7%. Шалқар ауданында — 5,6 проценти ғана қалды. Осының есебінен егіншілікпен айналысатын отырықшы аудандардағы мал басының егіншілікпен айналысатын отырықшы аудандардағы мал басының меншікті үлесі артты. Сонымен бірге жеке меншіктің пайдалануындағы малдың 7,3 проценти ғана қолда қалды, ал барлық мал басының 36% қоғамдастырылды». Осыған ұқсас жағдайлар Қазақстанның барлық облыстарында да кездеседі.

Осы мәселеге байланысты ерекше назар аударатын бір жай — СССР-дің езге аудандарында мал санын қысқарту тоқтатылып, тіпті бірқатар аудандарда мал басының өсімі артқаны белгілі болып отырған тұста, Қазақстанда мал басын одан әрі қысқарту жыл бойына (1932 ж.) жүргізілген. Бірсыпыра мысалдар келтірейік: 1932 жылдың басында Шұбартау ауданында 93. 329 бас мал болған, жыл аяғына қарай бұның 3691-і ғана қалған. Айыртау ауданында 1932 жылдың февралында 17. 166 бас мал болған, ал осы жылдың июлінде оның тек жартысы ғана қалған. Әсіресе, түйе мен жылқының саны көп қысқарып кетті. Оңтүстік Қазақстан облысында жылқының саны 25% қысқарған. Жалпы өлке бойынша асыл тұқымды жылқылар 30% қысқарған. 1932 жылы Қарағанды шаруашылықтарында 286 жылқы малы қырылған және 30 жылқы ұрланған. 1932 жылы сегіз колхоз бойынша (тізімі бар) 2206 бас жылқы мен түйе және 6580 бас қой талан-таражға ұшыраған. Бұл сияқты мысалдарды өзге де көптеген колхоздардан келтіруге болады. Жұмыс күш-көліктерінің бұлайша көп қысқаруы — Қазақстандағы бір-бірінен шалғай жатқан аудандардың бірінен екіншісіне астық тасып әкелу, қарым-қатынас жаппай тұру, жәрдемге босатылған азық-түлікті дер кезінде алып кету және т. б. жұмыстарға да әсерін тигізбей қалған жоқ. Көктемгі егіс жұмыстарына да күш-көлік жетісе бермейді (кей аудандарда бір аттың өзі 50-100 гектар егістік жерге тұқым себуге пайдаланылады).

Қазақстандағы мал өсіретін совхоздардың да (СССР-дегі мал өсіретін совхоздардағы барлық мал басы санының 25 проценти осы совхоздардың үлесіне тиеді) жағдайы мәз емес. 1931-32 жылдың қысында осы совхоздарда малдың ұрлануы, шығыны өте көп болды және бұл әлі де орын алып

отыр. Мысалы, Мерке ауданының қой өсіретін 16 совхозын- да 1932 жылы 12. 836 бас қой қырылған және ұрланған; «Қапланбек» қой өсіретін комбинатында 12.300 бас қой шығынға, талан-таражға ұшыраған: ал ет дайындау жоспарына 631 ғана қой өткізілген. Талас қой өсіретін совхозында 1932 жылы талан-таражға түскені бар, қырыл- ғаны бар 29 мың бас қой (оның 12 мыңы — қозы) шығын болған. Семей мал өсіретін тресінде, осы трест құрылған кезде мал басы 68245, ал бір жаздан соң өсімімен (бұл жазда төлдің саны 25. 6467-ге жеткен) 93. 712 болған, 1932 жылғы 15 октябрьдегі тексеру кезінде бұдан тек 59. 808 бас малдың ғана қолда қалғаны, яғни 33. 707 бастың шығынға ұшырағаны (ірі қара мен төлдің өлім-жітімі өте көп) анықталған: «Бөгенсай» совхозында 1931 жылы 4. 771 бас, ал 1932 жылдың алғашқы төрт айында 2. 208 бас ірі қара шығына ұшыраған. Ақмола ірі қара өсіретін тресін- дегі мал саны 1932 жылдың 1 октябрінде (оның 7644 басы, яғни 40 проценті — төлдер) 12. 722 баска кеміген (трестен түскен мәліметтен алынды). «Тасбұлақ» совхозында 1931 жылы 25. 450 бас, ал 1932 жылдың он айында (I-X) 1415 бас қой қырылған. Мұндай деректер өзге совхоздарда да жетерлік. Сонымен бірге бұл совхоздарда жұмыс күш- көліктерінің саны да кеміп кеткен. Мұндай совхоздардың толық тізімін Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы бө- ліміне апарып беремін. Осындай ұқыпсыздықтардың сал- дары — жергілікті облыстық және аудандық органдардың жол беруімен бұл совхоздардың көпшілігінде зиянкестер мен байшыл элементтердің бой көтеруіне себепші болды.

Қазақ халқының төрттен үш бөлігінің тұрмыс жағдайы Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерінің 60 процентін құрайтын мал шаруашылығына негізделген (бұл туралы кезінде Қазақстан өлкелік 6 партия конференциясында да: «Жергілікті халықтың 90 проценті мал шаруашылығымен шұғылданатындықтан, бұл мәселе — едәуір дәрежеде ұлт- тық мәселе де болып табылады» деп атап өтілген-ді).

1929 жылғы малынан қазақтардың қолында қазір оның небәрі 6 проценті ғана қалса, олардың тұрмыс-шаруашы- лығының күйзелуінің себептері де түсінікті болу керек. 3000-нан астам қазақтар (жұмысшылар мен қызметкер- лер), ал Қазақстанның өз ішінде 135.000 адам, яғни өлкедегі барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің 28,4 проценті жалдамалы қызметтерге орналастырылған (Қазақ өлкелік комитетінің 1932 жылғы июль айында өткен 4-ші Пленумында Голощекин жолдастың сөйлеген сөзінен алынды), ал қалғандары ауыл шаруашылығында істейді.

Қолөнер кәсіпшілігімен шұғылданатын қазақтар некен- саяқ. Олар сонымен бірге ірі қара және құс өсірумен де аз айналысады. Ал қазақтардың егіс көлемі жөнінде төмен- де айтылады. Осылардың барлығы қазақ халқының қазіргі жағдайын айқындай алады. Қазақтардың жерін тартып алумен айналысқан патша үкіметі тұсындағы бұрынғы қоныстандыру басқармасы да көшпелі шаруалардың әрбір семьясының өлместің қамын жасап, жан бағуы үшін — ең кем дегенде 30 бас малы болу керек деп есептеген жоқ па еді.

### 3. АСЫРА СІЛТЕУШІЛІКТЕР МЕН КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ

Жергілікті жерлерде партияның колхоз құрылысы жөніндегі бірқатар нұсқаулары өрескел бұзылып, жөнсіз асыра сілтеушілікке жол берілуі мал басының кемуіне және қазақтардың қоныс аударуына әкеп соқты.

Мұндай асыра сілтеушіліктердің негізгі себептері мыналар: коллективтендіру мен малды қоғамдастырудағы процент қушылық; ТОЗ-дарды (жерді бірлесіп өңдеу серіктестіктері — ред. (жойып, мал өсіретін аудандарда жаппай артельдер және кейде коммуналар ұйымдастыру, ірілендірілген колхоздар ұйымдастыру) Келес ауданында 142 колхоз —35 колхозға, Арыс ауданында 138 колхоз — 67 колхозға біріктірілген, т.с.с.) 300-400 киіз үйді бір жерге зорлықпен жинап, қалашық құру (Талас ауданы), қазақ колхоздарын орыс колхоздарына күштеп қосу (Мерке және басқа аудандарда), колхоз-совхоз комбинаттарын құру (Қобда ауданындағы №48 совхоздың үлгісінде), қоныс аударып кеткен бай элементтердің есебінен кедей шаруаларға салынатын салықтың мөлшерін арттыру, бірқатар аудандарда революциялық заңдылықтың жаппай бұзылуы (ұрып-соғу, қамауға алу, мүлікті бас пайдасы үшін тартып алу және т.с.с.) колхозшылардың тапсырған шикізаты үшін ақы төлемеу (Шұбартау ауданында тек Живсоюз тарапынан 206 мың сом төленбеген және мұндай деректер басқа аудандарда да көптеп кездеседі), аудандарды жете білмеу, егістіктің көлемі мен мал санын шатастыру, және осыдан келіп туындайтын (дайындау жоспарларын орындау барысындағы) түсініспеушіліктер және т. б. Сталин жолдастың 1930 жылғы 2 мартта жарияланған Табысқа мастану» атты мақаласынан және коллективтендіру процесінен кейін Қазақстанда да асыра сілтеушіліктерді жоюға әрекет жасалды. Голщекин жолдас Қазақстан өлкелік

7-партия конференциясында (1930 жыл, 3 май) сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Бұрмалаушылықтар мал шаруашылығына зор зиянын тигізді. Бұларды қателіктер ме деп қана қою жеткіліксіз. Көшпелі ауылдарды коллективтендірудің ешқандай алғы шарттары жасалынбағаны және оның біздің тарапымыздан мүлде әзірленбегені де рас». Арада бір жыл өткен соң (мұндай алғы шарттарды жасауға бұл мерзім аздық еткендіктен, бұған дейін жол берілген кемшіліктер түзелмеді) қазақ органдары бұл қорытынды-пікір мен Қазақстан өлкелік 7-партия конференциясының нұсқауларын ұмытып та кетті. ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті 1931 жылғы 30 июньде «Социалистік мал шаруашылығын өркендету туралы» қаулы алып, онда былай деп шешті: «мал өсіретін аудандарға коллективтендірудің неғұрлым жоғары қарқынды межесіне шығу міндеттелсін және артта қалған, әлі де таза көшпелі шаруашылық тәртібі сақталған, шалғай жерлерге көшіп-қонатын аудандардан басқа ауылдарда колхоз қозғалысының негізгі формасы мал өсіретін ауылшаруашылық артелдері деп есептелсін». Мұнда қазақ органдары барлық қазақ шаруашылықтарының 10-15 процентін ғана таза көшпелі шаруашылық деп есептеді, ал іс жүзінде бұл шешім кейін осы таза көшпелі шаруашылықтарға да қолданылады.

Осы нұсқауды жүзеге асыру жер-жерде күшейе түсті. 1931 жылдың сентябрь айының аяғында Қазақ өлкелік комитеті «Коллективтендірудің қарқыны және колхоздарды нығайту міндеттері» деген тағы бір қаулы қабылдап, онда былай деп атап өтеді: «Мал шаруашылығын коллективтендіруге ерекше зор көңіл бөлу қажет... Бұқаралық жұмыстың негізінде колхозшылардың жеке меншігіндегі малдың барынша қоғамдастырылуын жүзеге асыру қамтамасыз етілсін». Аудандардағы асыра сілтеушілерге қатаң шүйліккенімен, бірақ қазақ органдарының өзі де жоғарыда аталған бағытты жүргізе берді. Осылайша олар

1932 жылы (дәлірек айтқанда, Орталық Комитеттің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі қаулысына дейін) бірқатар нұсқауларында атап көрсеткеніндей, колхоздардың товарлы фермаларындағы мал санын 2.732 мың басқа жеткізуге күш салады, ал бұл цифр 1932 жылғы февраль айындағы мал санағы бойынша халықтың (колхоздар мен жеке шаруалардың) қолында қалған барлық малдың 86 процентіне тең болған. Осы нұсқауларды орындау мақсатымен Советтердің Ақмола аудандық III съезі (1932 жыл, июль) өзінің шешімінде былай деп рапорт береді: «Аудан

кулак, байшыл элементтермен, олардың агентурасымен, сан қилы оппортунистермен ымырасыз күрес жүргізе отырып және социалистік секторға барлық мал басының 99,2 процентін шоғырландыра отырып, Советтердің аудандық ІІІ съезіне зор жетістіктермен келді». Өзге де бірқатар аудандар осындай «жетістіктерді» атап көрсетеді. Мәселенің қойылысындағы басты қателік мынада, яғни коллективтендіруді жоғары қарқынмен жүргізуге бұқараны әзірлемей тұрып, және көптеген колхоздарға, ауылдық Советтерге, тіпті қатар аудандар мен олардың басшылығына байшыл элементтер мен олардың агенттерінің еніп кеткендігін ескермей, істі тек құрғақ әкімшілік әдістермен жүргізуге болып отыр. Байшыл элементтер кедейлерге зорлық-зомбылық жасай отырып, коллективтендіру мен мал басын қоғамдастыруды өз мүдделері үшін пайдаланды. Асыра сілтеушілердің әрекеттерінің асқынғаны сонша — кейбір аудандарда ВК.П (б) Орталық Комитетінің

26 марттағы «Малды күштеп қоғамдастыру туралы» қаулысының жариялануын кідіртуге тырысқан (Булаев ауданында аталған қаулының жарық көруіне тыйым салынады, Атбасар ауданында бір ай өткен соң, оның өзінде де, аудандық комитеттің «Колхозға мүше болып өту кезінде бір сиырды мәжбүрліктен қоғамдастырып отырғанын дәлелдеу — дұрыс емес» деген ескертпе-сілтемесімен бірге жарияланады. Осы уақыт ішінде ондаған мал өсіретін аудандарда аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің айрықша асыра сілтеушіліктерге, құлдырауға жол бергені, кейбіреулерінің колхозшылардың мүліктерін иемденіп кеткені, оларға зорлық-зомбылық көрсеткені және т. с. үшін екі қайтара таратылып жіберілуі де сондықтан. Голощекин жолдас жоғарыда аталған 7-партия конференциясында төмендегідей асыра сілтеушіліктерге тоқталып өтті: «Егін екпейтін шаруашылықтардан астық дайындау жүргізілгенде, халықтың малды астыққа айырбастаудан басқа амалы қалды ма? Ал бірқатар жерлерде мемлекетке жүн дайындау жүргізілгенде, кейбіреулерге қыстың күні қойларының жүнін қырықтыруға мәжбүр еткен, бұл малдың өліміне әкеп соқпады деп айта аламыз ба? Ал шарт жасаудағы былықтар ше? Кейбіреулер бізге 140—200% шарт жасалды деп мақтанады, іс жүзінде жасалуға тиісті шарттың 10 проценті де жоқ болып шығады». Бірақ мұндай асыра сілтеушіліктер осы сөзден кейін де жалғаса берді.

Қазақ шаруашылықтарының нақты жағдайын анықтау (асыра сілтеушілікке жол ашқан себептердің бірі де — осы) **22**

барысындағы көзбояушылық элементтері неден көрінді? Мал санын анықтауда қазақ органдары құм арасында жасырылған мал бар деген сылтаумен, есепке алынған мал үстіне 50—100% қосып жазып жіберген («қазір біздің қолымызда жер-жерде малды жасырудың 50—100 процент- ке дейін жеткені туралы деректер бар»— Голощекин жолдастың сөзінен) және 1931 жылдың аяғында Қазақстанда 20 млн. бас мал бар деп көрсеткен, 1932 жылдың көктеміне қарай мал басы 10 млн-ға жетеді (Қазақ өлкелік комитетінің 3-Пленумында келтірілген цифрлардан алынды —1932 жылғы январь) деп ақпар берген, ал іс жүзінде 1932 жылғы февральда жүргізілген мал санағы бойынша өлкеде 5.397 мың бас қана мал болған. Ал осы тәрізді «ауытқулардың» деңгейі өзге салаларда қалай, бүкіл қазақ халқына қызмет көрсетуде тағы қандай ірі кемшілік- тер орын алып отыр, міне, бұл жағдайларды анықтап алудың келешек жұмыстар үшін маңызы зор.

#### 4. ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЕГІС ТУРАЛЫ

Қазір Қазақстандағы барлық документтер мен сөйлеген сөздерде қазақ халқы егісінің меншікті үлесі 1931 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы жалпы егіс көле- мінің 50 проценті (дәлірек айтқанда 62 проценті) деген цифр жиі жазылып, айтылып жүр. ВКП(Б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, соның ішінде, мал шаруашылығы туралы» қаулысына да осы процент еніп кетіпті. Шынды- ғында, бұл цифр дұрыс емес, оның үстіне, қазақ органдары 1931 жылы өлкедегі барлық тракторлардың 55 проценті қазақтардың қол астында жұмыс істеді деп көрсетеді. Қазақстан мемлекеттік жоспарлау комитетінің 1931 жылғы «Қазақстанның статистикалық-экономикалық анықтама- лығының» (Қазақ АССР-інің халық шаруашылық есебі және өзге де материалдар) мәліметтері бойынша, халқы- ның саны бүкіл Олке халқының 52 проценті болатын, халықтың ұлттық құрамында қазақтар орта есеппен 90 проценттен асатын және осы аудандардағы жергілікті халықтың жалпы мөлшері елкедегі бүкіл қазақтардың 83 процентін құрайтын 70 қазақ ауданына (қазақтардың бүкіл егіс көлемі өлкедегі барлық егіс көлемінің 22,8 процентін құрайтынына. қарамастан) өлкедегі барлық тракторлардың 19,5 проценті ғана берілген. Егер бұған өзге аудандарда тұратын 17% қазақтардың егіс көлемін қоссақ, бұл аудан-



дардың көпшілігінен қазақтардың 30—50 проценттейі қоныс аударып кеткенін еске алсақ және 1931 жылмен салыстырғанда 1932 жылы өлкедегі егіс көлемі өзгеріссіз қалғанын ескерсек, сонда 1932 жылы өлкедегі барлық егіс көлемінің 30 проценттейі (оның ішінде дәнді дақылдардың үлесі едәуір) мен тракторлардың 20—25 проценті ғана (1932 жылы қол астында небәрі 20 тракторы ғана болған машина-шөп шабу станциясының ролі мал басының кемуі- не байланысты төмендеп кетті) қазақтардың қол астында жұмыс істеген болып шығады. Қазақтардың қоныстанған жерлері құнарсыз және жауын-шашын аз түсетін болғандықтан және сонымен бірге көптеген қазақтар егіншіліктің қыр-сырын әлі игере қоймағандықтан алынатын өнімнің проценті де төмен. Астық тапсыру және егін егу жоспарларының асыра көрсетілген егіс көлеміне сай және халық пен күш-көлік малының жалпы санына сәйкес берілгеніне қарамастан, кейбір аудандарда, мысалы Торғай ауданында 1931 жылы астық дайындау жоспары 1300 процентке орындалған. (Бұл жоспардың, әрине, малды астыққа айырбастау есебінен орындалғаны да айдан анық).

1932 жылы бірқатар қазақ аудандарының егіс көлемін есептеу барысында көзбояушылыққа жол берілгені қазір анықталып отыр, бұл туралы Қазақ өлкелік комитетінің Пленумы өз қаулысында (үстіміздегі жылдың декабрь айында өткен) былай деп атап көрсетті: «Осымен қатар, 1932 жылғы көктемгі егіс науқаны барысында бірқатар қолхоздар мен аудандар өрескел бұрмалаушылықтарға барған, олар егіс жоспарларын орындау барысы және тұқым себу нормасы туралы асыра көрсетілген теріс ақпарат берген». Бұдан әрі мұндай теріс ақпараттардың кеш анықталып отырғаны атап көрсетіледі. Сондай-ақ, Абыралы ауданындағы егіс көлемі ақпаратта 5500 га деп берілген, ал іс жүзінде ол бұдан —49 процентке, Қу ауданында —

71,6 процентке, Риддер ауданында —75 процентке, Зайсан ауданында —25 процентке, Баянауыл ауданында —28,6 процентке кем болып шыққан. Қызылорда ауданындағы егіс көлемі 31557 га деп есептелінген, іс жүзінде ол 8113 гектарға кем болып шықты. Қарқаралы ауданының егіс жоспарында көрсетілген 20029 га егістік алқабы —12880 гектарға, Аягөз ауданындағы 27657 га—15506 гектарға, Талдықорған ауданында —12 мың гектарға, Ақмола ауданында —12 мың гектарға кем болып шыққан және т. с. с. Мұндай көзбояушылықтар 1931 жылы да орын алған. Мәселен, Қаратал ауданы 22 мың гектарға тұқым себілді деп ақпарат берген, ал іс жүзінде ол 6 мың га ғана болып шыққан (Голощекин 24

жолдастың сөзінен алынды). Орда ауданында ақпардағы II мың га егістіктің іс жүзінде 5 мың га болып шыққаны анықталды. Алайда мұндай көзбояушылықтың бар ауырт-палығы халыққа түсті. Қазақстанды ресми түрде әрбір шаруа шаруашылықтарына орта есеппен 60 гектар егістіктен келетін колхоздары бар өлкелердің қатарына жатқызып жүр. (ВКП(Б) Орталық Комитетінің соңғы январь пленумында Голощекин жолдас мұны жетістік ретінде атап өтті), бірақ бұл қисынсыз, өйткені бір шаруа шаруашылығы мұндай егіс көлемін өңдеп, одан тұқым қорын жинап ала алмайды. РСФСР-дің ең ірі колхоздарының өзінде әрбір шаруа шаруашылығына шаққанда, әрі кеткенде, 16—20 гектар егістіктен ғана келеді.

Қазақстанда егіс көлемінің арту барысын есептеуде таңқаларлық жағдай байқалады. Қазақстан және СССР бойынша әр жылдардағы егіс көлемінің өскені былайша көрсетіледі (ресми мәліметтер); Қазақстанда 1928 жылы —3992 мың га, 1929 жылы —4300 мың га егістік алқабы болған, немесе өсу 1,7 процентке ілгерілеген (СССР бойынша өсу —3,5%, 1931 жылы Қазақстандағы егістік көлемі 5962,2 мың гектарға жеткен, немесе өсу 41 процент болған (СССР бойынша 11,7%). Егіс көлемінің 41 процентке өскені жөнінде Қазақстан өлкелік комитеті

III Пленумының материалдарында және Исаев жолдастың баяндамасында айтылды да, 1932 жылы егіс көлемі 5600 мың га болған, яғни 1931 жылғыдан 6 процентке кеміген. Бірақ қазақ органдары 1930 жылғы июльде Қарақалпақстанға бөлінген 114 мың гектар егіс көлемін есептеп шығарып тастауды ұмытып кеткен, егер бұл цифрды 1930 жылғы көлемнен сызып тастасақ, онда 1931 жылы Қазақстандағы егіс көлемінің өсуі 45% болады. Бұл, әрине, ақылға сыймайтын цифр. Бірақ астық тапсыру және өзге де жоспарлар осы көлемді басшылыққа ала отырып жүргізіледі. Ал қазақ аудандарында осы жылдардағы егіс көлемі қалай есептеледі, енді соған келейік: 1927 жылы қазақтардың егіс көлемі 30 процентке, 1928 жылы —20 процентке, 1929 жылы —44 процентке, 1984 мың гектарға) өскен. (Бұл цифрлар Қазақстан өлкелік 7-партия конференциясының материалынан алынды) Қазақтардың егістік жері 1929 жылғы 1265 мың гектардан —1931 жылы 2561. 1 мың гектарға дейін жетіпті (Голощекин жолдастың «Қазақ ауылындағы коллективтендіру туралы» өлкелік активте жасаған баяндамасынан алынды, «Қазахстанская правда»,

1932 жыл, 15 май), яғни үш жыл ішінде қазақтардың егіс көлемі 100 процентке артқан, ал өлке бойынша тұтас

алғанда егіс көлемі 1913 жылғымен салыстырғанда 1932 жылы (19 жыл ішінде) 26 процентке өскен. Орыс және өзге де отырықшы халықтардың егіс көлемінен қазақтардың егіс көлемі 4 есе артып кетті деуге қандай негіз бар еді? Мұның неғайбыл екенінде шүбә жоқ. Егіншіліктің қыр- сырын жете Ойлмейтін қазақтар тек соңғы жылдары ғана егіншілікке көше бастады, қазақтардың көпшілігі қуаң, құ- нарлылығы төмен аймақтарға орналасқан, әлі күнге тракторлары да аз, агротехникалық шаралардың жүргізілуі де жартымсыз, ал енді осындай жағдайда отырған қазақтардың егіс көлемі қалайша өседі? Бұл жерде егіс көлемін есептеуде үлкен қателіктердің жіберілгені күмәнсіз.

Көшпелі және жартылай көшпелі 39 қазақ аудандарына (Орталық Комитеттің 17 сентябрьдегі қаулысынд<sup>а</sup> қамты- лып өткен 1933 жылғы егіс жоспары 1932 жылмен салыс- тырғанда анағұрлым артық беріледі, ал өлке бойынша,

1933 жылдың егіс жоспары 1932 жылғы егіс жоспары деңгейінде қалған. Атап айтқанда, Ақтөбе облысындағы жартылай көшпелі 7 ауданға (Түркістан, Бетпаққара, Шалқар, Ырғыз, Арал, Табын, Ойыл) 1932 жылғы 80 мың гектардың орнына 1933 жылы 104 мың га егіс жоспары берілген, яғни жоспар 30 процентке артқан. Қарағанды облысындағы көшпелі және жартылай көшпелі 5 ауданның (Жаңаарқа, Қызылту, Қорғалжын, Сарысу, Еңбекшілдер) егіс көлемі 1931 жылы 41104 га болған, ал 1933 жылы оларға 58278 га егіс жоспары берілген, яғни жоспар 42 процентке өскен (соның ішінде 7 мың шаруа шаруашылықтарынан небары 500—600 шаруа шаруашылықтары ғана қалған Сарысу ауданына 1931 жылғы 300 гектар егіс жоспарының орнына 2880 га жоспар берілген). Батыс Қазақстан облысының көшпелі және жартылай көшпелі аудандарына 1932 жылғы 88,61 гектардың орнына 99,962 га егіс жоспары берілген, яғни жоспар 9,4 процентке артқан. Үш облыс бойынша келтірілген бұл цифрларды облыстық органдар бекіткен.

Сонымен көшпелі және жартылай көшпелі қазақ аудандарына еңбекке жарамды халық саны азайып, күш-көлік малының едәуір кеміп отырған 1933 жылы егіс жоспары 1932 жылмен салыстырғанда артығымен берілген. Осымен бірге аталған аудандардан жиналған тұқым қоры да аз және несиеге тұқым алу мәселесі де кеп жерде шешілмей отыр (ал көктемгі егіс науқаны таяуда басталады). Демек, бұл — аудандарда тағы да көзбояушылыққа жол беріліп, халықты қоныс аудару мен ашаршылыққа ұрындыруы мүмкін деген сөз.

## 5. ҚАЗАҚТАРДЫ ОТЫРЫҚШЫЛЫҚҚА КӨШІРУ ЖАЙЫ

Жоғарыда аталып өткен ВКП (б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі қаулысында былай делінген: «... 200 мың қазақ шаруашылықтарын отырықшылыққа көшіру жұмысы жүргізілген, ал іс жүзінде оның 100 мыңы әлі отырықшыландырылмаған». Қазақ АССР-і Халық Комиссарлары Советінің председатели Исаевтың (Орталық Комитеттің аталған қаулысынан кейін) СССР Халық Комиссарлары Советіне берген мәлімдемесінде 200 мың шаруашылықтың 70 мыңының отырықшылыққа көшірілуі әлі аяқталмағандығы атап көрсетілген (ал іс жүзінде отырықшылыққа көшірілмеген шаруашылықтар бұдан әлде-қайда көп.) Қолда бар нақты мәліметтер мен облыстық және аудандық органдардың мәлімдеуіне сүйенсек, 1931 жыл мен 1932 жылдың ортырықшыландыру жөніндегі жоспарлары көп жерде нәтижесіз аяқталған, талай қаражат босқа ысырап болып, талан-таражға ұшыраған, қаржының едәуір бөлігі сол күйі игерілмей қалған, ал құрылыс орындарындағы жаңадан салынған көптеген үйлер құлап қалған. Мәселен, Қазақстанның облыстарынан 1932 жылғы 1 декабрьде алынған мәліметтерден мынаны көреміз: Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында 1930, 1931, 1932 жылдары 141854 шаруа шаруашылықтарын отырықшылыққа көшіру жөнінде шаралар жүргізілген болса, оның ішінде 20513 шаруа шаруашылықтары (яғни 14 процент) толық отырықшыландырылған. Егер бұған өлкенің тағы үш облысын қоссақ, толық отырықшыландырылған шаруа шаруашылықтарының саны 50—60 мыңдай болады. Бірқатар отырықшылыққа көшу пункттерінде қазақтар құрылыстарды, тұрғын жайларды тастап, тамақ асырау үшін тарап кеткен (мысалы, Өлкелік отырықшыландыру комитетінің мәліметі бойынша Алматы облысында —2100 тұрғын жай, Қарағанды облысында —4100, Мақтарал мақта өсіретін ауданында —250 тұрғын жай бос қалған). Қазақтарды отырықшыландыру ісіне үш облысқа үш жылдың ішінде (1931, 32, 33) мемлекеттік қордан 29,4 млн. сом, қоғамдық еңбекті есепке алуды зерттеу қорынан 24,5 млн. сом қаржы бөлінген, бірақ бұлар толық пайдаланылмаған және өндірістік тиімділігі де аз болған (мәселен, Мақтарал ауданына 2 млн. сом қаржы босатылса, оның тек 500 мың сомы ғана игерілген). Қазақ аудандарында өндірістік кредиттерді пайдалану ісі өте нашар. Қазақ АССР-і Халық Комиссарлары Советінің жанынан құрылған атқару комиссиясы өзінің 1932 жылғы

23 ноябрьдегі қаулысында былай деп атап көрсетеді: «Қазақстан Егіншілік Халық комиссариаты өндірістік күш-көлік малы бар аудандардағы колхоздарға 1924 мың сом қаржы бөлген және олар осы қаржының 395 мың сомын Өлкеде резервке қалдырған да, январьдан май айына дейін жұмсамаған, ал оның бір бөлігін басқа мақсаттарға жұмсаған». Ақтөбе облысында 1932 жылдың I тоқсанында мал шаруашылығын дамытуға 1250 мың сом босатылса, іс жүзінде оның 19 проценті ғана (оның ішінде Бетпаққара ауданында—8%, Ырғыз ауданында — 6%, Торғай ауданында —6% игерілген. II тоқсанда да жағдай осылай болған, бөлінген кредиттің небәрі 25 проценті ғана (оның ішінде Бетпаққара ауданында —5%, Торғай ауданында—11,9% игерілген және т. с. с. Тұрғын халықты отырықшыландыруға жұмсалатын қаржының басым бөлігі сол халықтың өз қаржысы мен күші есебінен босатылғандықтан, бұл істің ауырпалығы тағы да халыққа түсті.

Қазақстан органдарының жоспарлауы бойынша, бүкіл қазақ халқы (3 млн. астам адам) жаппай коллективтенді- рудің негізінде (халықтың едәуір бөлігін ата қонысынан ажыратып, 400-500 үйден бір жерге шоғырландыру, орыс үлгісіндегі пбселкелер салу, бос жатқан жерлерді игеру)

1933 жылы тегіс отырықшылыққа көшуге тиіс болып отыр (Қисынсыз, әрі қолдан келмейтін жоспар). 1930, 1931

1932 жылдары осындай сарында жүргізілген жұмыстардың салдары халықты отырықшылыққа көшіріп жатқан аудан- дарда өрескел асыра сілтеушіліктерге жол беруге және мал басының кемуіне әкеп соқты.

#### 6. ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР МЕН ҚАЗАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ҰЛТ САЯСАТЫНЫҢ БҰРМАЛАНУЫ ЖӨНІНДЕ

Қоныс аударушылардың ағылып келуі мен аш қазақтар- дың отырықшы халықтың малын, азық-түліктерін ұрлауы күшейе түсуінің салдарынан дұшпан элементтер қоздырған ұлттық шовинизм өрістеді. Қоныс аударушылар ауып келген Орта Волгада (Солилецк ауданы), Батыс Сібірде (Кунин ауданы), Төменгі Волгада, ПЧО-да (Умецк шошқа совхозы) және тағы басқа жерлерде қазақтарды қорлаудың (мүліктерін тартып алу, қамауға алу және ұрып-соғу, бүкіл тобымен жұмыстан себепсіз шығарып жіберу, жала- қыларын бермей қою және т. с. с.) орын алғандығы анық-

талды. Қазақстанның өз ішіндегі кәсіпорындарда да қоныс аударушыларға деген көзқарас ойдағыдай емес. Орыс селоларынан мал жоғалса, оны міндетті түрде қазақтардан көретін ескі әдет бірқатар жерлерде қайта қоздап отыр. Ұлттық антагонизмді ушықтыруға кулак, байшыл элементтердің жетекшілік етіп отырғаны да күмәнсіз. Атбасар ауданындағы Тимошенск және Родионов селоларында бір топ адам селолық Советтің председателінің бастауымен селоға көрші келіп қонған қазақтарға тінту жүргізіп, олардың жылқылары мен үй мүліктерін тартып алады, артынан қазақтарды ұрып-соғады. Осы аудандағы Самара селосында, сонда тұратын қазақ тұрғынын соққыға жыққан, ал Новопетровпавловск селосында село ішінен өтіп бара жатқан қазақты атып өлтірген. Белағаш ауданындағы Бородулиха қыстағында 14 адамнан құралған террористік топ қазақтарға ұдайы зорлық-зомбылық көрсетумен болған, әртүрлі ұрлықтар жасады деген айыптағып, оларға тергеусіз сот ұйымдастырған және т. с. с. Өзге де бірқатар жерлерде осындай жағдайлар орын алған.

Басшылығына кулак, байшыл элементтер көптеп еніп кеткен бірқатар (әсіресе, мал өсіретін) совхоздарда барып тұрған шовинизм мен жергілікті қазақтардың мүдделерін елемеушілік етек алған. Кейбір совхоздар жетекші роль атқарып халыққа жәрдем берудің орнына, қырсыздықтың үлгісін көрсетіп, ұлыдержавалық шовинизмге бой ұрып отыр. Өлкедегі барлық совхоздардың 30 млн. гектардан асатын жер көлемінің едәуір бөлігі қазақ аудандарының үлесіне тиді, ал бұл аудандардағы қазақтардың шұрайлы жерлері кезінде совхоздарға берілген болатын. Қоныс аударғаны және қора-қопсы, мекен-жайын қалдырып кеткені үшін қазақтарға төленуге тиісті ақыны осы күнге дейін сөзбұйдаға салып, төлемей жүрген совхоздар да бар. Мұндай дау-дамайдың басталғанына 2—3 жыл өтсе де, СССР Халық Комиссарлары Советінің 1932 жылғы 7 декабрьдегі шешімінен кейін ғана, мұндай берешектің мөлшері (2808 мың сом) анықталып, оларды халыққа қайтару міндеттелді. Кейбір байлар өз малдарын совхоз малының ішіне жасырып жүр деген жорамалмен, Алматыдан өрістегі малды да совхоз малының есебіне қосып жазуға болады деген түсінік беріледі де, бірсыпыра тұстарда осы түсінікті басшылыққа алған совхоздар халықтың жайылымдағы малын да совхозға өткізіп жібереді. Ақтөбе аудандық атқару комитеті Президиумының қаулысында былай деп атап өтілген: «Жекелеген совхоздар өз жұмыстарында іс жүзіндегі шараларды сәтсіздікке ұшыратуға себепші болатын және

халықтың совхоз құрылысына деген теріс көзқарасын туғызатын әрекеттер байқатып отыр. №118 совхоз (Пре- уральский, Ақбұлақ ауданы) аудандық ұйымдардың рұқсатынсыз №8 және №9 ауылдарға қарасты жердің бір бөлігін иемденіп алып, бұл жерде мал ұстаған, пішен дайындаған, колхоздардың осы учаскеден шапқан пішендерін тасып әкетуіне тыйым салған, жалға алған тұрғын жайлары үшін ақы төлемеген».

Қаратал күріш совхозы құрылған кезде, совхоз қазақтардың екі ауылының, егістікке жарайтын жерлері мен тұрғын жайларын жалға ала отырып, олардың өздерін жұмысқа қабылдауға міндеттенеді, бірақ артынан оларды жұмыстан шығарып жібереді, содан ауыл тұрғындарының жартысы қазаға ұшырайды. Совхоз территориясынан жинап алынған 300 өліктің біразы (ол туралы айтып өткен- біз) осы совхоз жұмыстан босатқан қазақтардікі болатын. Іле ауданының «Ақсай» өңіріндегі «Прямой путь» және «Қазақстанның 10 жылдығы» колхоздарының белгілі бір жері жоқ, ал бұрынғы егістік жерін Крайсоюзға қарасты совхоз алып қойған. Бұл жер дауы әлі күнге шешілмей отыр. Бесқарағай ауданындағы «Жаңажол» және «Жалтыр» колхоздарының белгілі бір жері жоқ, ал бұрынғы егістік жері қой совхозына берілген, бірақ колхоздарға басқа жер бөлінбеген. Аягөз ауданының колхоздары мен совхоздарының арасындағы жер дауы да бітер емес. 1932 жылы «Коминтерн», «Түрксіб», «Еңбекші қазақ», «Шаракөл» колхоздарының егістік жерлері атыз-арықтарымен қоса Таңсық темір жол станциясындағы колхозға берілген. «Кедей бірлігі» колхозының мал қораларын «Мыңбұлақ» совхозы иемденіп кеткен.

Совхоздардың көпшілігінде қазақтарды жоғалған әлде- бір зат үшін, жалақыдан борышын төлей алмағаны, есептен жегізгені, тұрмыс жағдайының нашар болғаны, мамандықты керек ететін жұмыстарға тұра алмағаны үшін де олардың өздерін кінәлап, ұрып-соғу жиі кездеседі. Қарағанды облысының Чистов совхозында бір топ тракторшылар бір қазақты самауырдың шүмегін ұрлады деп айыптап, оны шұңқырға тастайды да, шұңқырдың бетін тақтаймен жауып, үстіне су құяды, соңынан өлімші етіп сабайды. «Қиялы» совхозында да қазақты соққыға жығады. №47 «Аралтөбе» ет совхозында қазақтарды ұрып-соғу әдетке айналған. Бұл үшін жазалау орнынан мерзімінен бұрын босанып келіп, осы совхозда қайта жұмыс істеп жүрген Аверкин деген біреу сотталған. Осындағы бір топ бұзақылар Әбенев деген қазақты шешіндіріп, өздерінің жыныс

мүшелерімен оның аузын былғаған (жергілікті газетте осылай жазылған). Қазақтарды ұрып-соғу және қорлау әрекеттері «Жыланды» совхозында да (Оңтүстік Қазақстан облысы) кездескен. «Ақсай» совхозында да осындай жағдай орын алған. №647 шошқа совхозында 8 сағаттан 107 күн бойы жұмыс істеген қазаққа небары 7 сом ғана төленген. Ертіс совхозында жалғыз қазақ тракторшысы болған, бірақ оның өзін де жұмыстан шығарып жіберген.

Кәсіпорындарда, оның ішінде одақтық маңызы бар кәсіп орын салаларында да жағдай мәз емес. 1932 жылы Қарағандыда қазақтарға бөлектетіліп, кілең шағын дүкендер ғана берілген, қазақтарды керек-жарақпен жабдықтау жағы да ескерілмеген және оларды есептен жеген. Қазақ жұмысшыларының бір бөлігі киіз үйдерде тұрады. Кулактардың тұтас бір тобы қазақтарды қууды талап еткен және сонымен бірге олар Донбасстан келген шахтерларға да қарсы шыққан. Артынан бұл топ сотталды. Бірақ мұнымен жағдай өзгере қоймаған. Қарағандыдағы №6 шахтада жақсы жұмыс істеп жүрген бір топ қазақты ешбір себепсіз жұмыстан шығарып жібереді, бір жұмысшы қазақты №3 шахтада соққыға жығады, №2 кен жұмыстары кеңсесінің алдында да бір қазақты ұрып-соғады, №1 шахтада да осындай көрініс орын алады. Қарағандыдағы №3 шахтада июль-август айында 500-дей қазақ жұмыс істесе, ал октябрь айына қарай олардың небары 80-і ғана қалған. 1932 жылы шовинизм көрінісі мен қысым көрсетудің салдарынан Шымкент қаласындағы қорғасын зауытының құрылысында істеп жүрген 485 қазақ жұмысшысы жұмыстан кеткен. «Ащысайда» да қазақ жұмысшыларын ұрып-соғу, оларға қысым көрсету орын алған. №45 Балқаш құрылыс мекемесі бір топ қазақ жұмысшыларын «Березовка» демалыс үйіне жібереді, оларды айлақта (пристань) мал таситын вагондарға отырғызады, жол үстінде бірнеше адам қайтыс болады, ал қалғандарын демалыс үйінде орыстардан бөлек орналастырады. Қарсақпайда көптеген қазақтар баспана-сыз жүр, мұнда 26 жыл бойы жұмыс істеген бірнеше қазақ жұмысшыларын қысқартып жіберген. Қорғасын зауыты құрылысындағы 2340 жұмысшының —860-ы, 51 десятниктің—1-еуі, 400 техникалық қызметкерлердің—16-сы ғана қазақ. 60 адам оқитын десятниктер курсына бірде-бір қазақ болмаған (1932 жылғы 23 июльдегі мәліметтерден). Шалқар темір жол станциясында кондукторлар құрамын қысқартқан кезде, қысқартқандардың бәрі жұмыс істеп жүрген 15 қазақ кондукторлары болып шыққан. Алматы темір жол станциясының депосында 30 қазақ слесарь



болып жұмыс істеп жүрген, бірақ артынан олардың бәрін қысқартады, сонан кейін бұлар қара жұмысшы болып істеуге мәжбүр болған. Өзге кәсіпорындардан да мұндай деректерді көптеп келтіруге болады. Сонымен бірге совет-тік аппаратты жергілікті ұлт өкілдерімен толықтырып отыру жоспарлары да жүзеге асырылмайды және бұл бағытта да бұрмалаушылықтар аз емес.

Өнеркәсіпте қазақ жұмысшыларының саны артқаны-мен, олардың көпшілігі қара жұмысшылар болып отыр. Осы бір аса маңызды іске арнайы назар аударылмай келеді. Қазақтардың мамандығын көтеру, мәдени қызмет көрсету саласында тындырылған шаруалар да шамалы. Көптеген кәсіпорындарда европалық және қазақ жұмысшыларына қызмет көрсету барысындағы үлкен айырмашылық жойылмай отыр. Қазақ жұмысшылары арасында сауатсыздар көп. Мәселен, Ембі мұнайшылары арасындағы қазақ жұмысшыларының 72 проценті сауатсыз. Қазақ әйелдерін өндіріске және совет органдарына тарту ісі мұнан да нашар. Бұл — ең бір мешеу майдан болып отыр. ВКП(б) қатарына мүшелікке өткен 53 мың қазақтың —5930-ы, яғни

11 проценті ғана қазақ әйелдері. Қарағандыдағы 3000-дай қазақ жұмысшыларының құрамында — тек 166 қазақ әйелі ғана бар. Олар оқу орындары мен совет мекемелерінде де аз. Қазақ жұмысшыларына қатысты мәселедегі үлкен кемшіктің бірі — жергілікті басқару аппаратының таптық құрамы үшін орасан зор маңызы бола тұрса да, қазақ жұмысшылары қатарынан совет және шаруашылық аппараттарына жоғарылату ісі жеткіліксіз жүргізіледі. Қоныс аударушыларды орнықтырудың басты бір жолы — оларды өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарына жұмысқа тарту екені анық, алайда партияның ұлт саясаты жөніндегі бағытының бұрмалануы салдарынан бірқатар тұстарда қазақтарды жұмыс істеп жүрген жерлерінен қысқартып жатқандықтан, мұндай бұрмалаушылықтарға батыл соққы беру қажет және қазақтарды өнеркәсіп пен басқа да салаларға тарту туралы мәселенің кезекті жауынгерлік міндет ретінде қойылуы керек.

Қазақ бұқарасына социалистік мәдени қызмет көрсету ісінің жайы қалай? Қазақстанның жалпы мәдениетінің өсуіне орай қазақ бұқарасына мәдени қызмет көрсету де біршама өсіп отыр. Алайда, қазақтарға мәдени қызмет көрсетудің деңгейі әлі де болса едәуір төмен. Мәселен, індеттер мен әлеуметтік кеселдердің кең таралуына орай қазақ аудандарында өрістетілуге тиісті емдеу-тазалық сақтау ісін алалық. Бұл іс те көрер көзге артта қалып отыр. 32

Денсаулық сақтау ісінің мұндай күйіне, әрине, қазақ ауылдарындағы жоғарыда сипаттап өткен шаруашылықтардың күйзелуі мен артта қалған қазақ аудандарында кадрлар тартудағы қиындықтардың ықпал еткені де анық. 70 қазақ ауданының (орта есеппен, мұндағы тұрғындардың 90 проценті — қазақтар, 1931 жылы Қазақстандағы бүкіл қазақтардың 83 проценті және бүкіл өлке халқының 52,5 проценті осында тұрған) үлесіне өлкедегі барлық 4199 аурухана төсектерінің 14,7 проценті ғана тиген. Осы 70 ауданда бір аурухана төсегіне —5376 адамнан келген, ал өлкенің өзге аудандарында бір аурухана төсегінде —840 адамнан келген, яғни басқа аудандардағы науқастардың күтімі бұдан 6 есе жоғары болған. Өлкедегі барлық дәрігерлердің 12,3 проценті — осы 70 ауданда қызмет еткен, бұл аудандарда әрбір дәрігерге —38.000 адамнан, ал қалған аудандарда бір дәрігерге —4890 адамнан келген, яғни бұл — өзге аудандар тұрғындарының емделіп-күтілуі 8 есе жақсы деген сез. Өлкедегі барлық 1428 фельдшердің 192-і (яғни 14%), аталған 70 ауданда жұмыс істеген, мұнда бір фельдшерге —17338 адамнан келген, ал өлкенің қалған аудандарында бір фельдшерге —2440 адамнан түскен, яғни басқа аудандардың тұрғындарына қызмет 7 есе жақсы көрсетілген. Артта қалған қазақ аудандарына баруға зауқы соқпағандықтан, бұл аудандарға белінген агрономдардың, дәрігерлердің, мұғалімдердің және т. б. қызметкерлердің штаттары жыл сайын бос қалып отырды. Және далалық жерлерге орналасқан өнеркәсіп орындарына қызмет көрсетудің дәрежесі Қазақстан қалаларындағы өнеркәсіп орындарына қарағанда анағұрлым төмен. Мысалы, Қазақстанның 1931 жылғы бюджетінен денсаулық сақтау ісіне 12700 мың сом белінсе, оның 4170 мың сомы, яғни 30 проценті — аталған 70 ауданға белінген (бұл аудандарға белінген қаржының біраз бөлігі Ембі мұнай кені, Қарсақпай және басқа да пунктерге тиесілі). Қазақстанның 1931 жылғы 142889 мың сом бюджетінен 70 қазақ ауданына —38789 мың сом, яғни қаржының 27 проценті босатылған. Және бюджетті іс жүзіне асыру барысында бұл цифрлардың кемігіндігі де белгілі. Кейбір мақалаларда мынадай деректер келтірілген: сауатсыздықты жоюға 409000 сом қаржы босатылған, оның 91000 сомы, яғни 22 процентті — жоғарыдағы 70 ауданға белінген (ал қазақтардың арасында сауатсыздар ете кеп). Сірә, қазақ халқына қызмет көрсету барысындағы мұндай беталысты алдағы уақыттарда түзету керек.

7. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ 1932 ЖЫЛҒЫ 17 СЕНТЯБРЬДЕГІ  
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ, МАЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Аса маңызды осы қаулы өзінің жүзеге асырылу барысында біраз өзгеріске ұшырады. Өлкелік органдар бұқара халыққа бұл қаулыны Қазақ өлкелік комитетінің жүргізіп отырған бүкіл бағытын дұрыс деп таныған Орталық Комитеттің адтiсi ретінде түсіндіре отырып (ал іс жүзінде Орталық Комитет өлкелік комитеттің тек «көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқының отырықшылыққа біртіндеп көшіру бағытын ғана дұрыс» деп таныған-ды), аталған қаулының шешімдерін жүзеге асыруға қатысты нақты шараларды жеткіліксіз жүргізді. Облыстық комитеттердің көпшілігі Орталық Комитеттің 17 сентябрьдегі қаулысына орай қабылдаған өздерінің шешімдерін жергілікті жерлерге ноябрь айында ғана, ал аудандық комитеттер селолық Со-веттерге декабрь және январь айында ғана жіберді. Өлкелік органдар аудандардан (Орталық Комитеттің қаулысына сәйкес) салықтан, мерзімінде төлей алмаған салықтардан екі жылға босатылған әрбір шаруашылықтың тізімін өткізу-ді талап етіп және осы шараларды жүзеге асыруды 1933 жылдың бірінші тоқсанына қалдыра отырып, істі әрі қолдан қиындатып, әрі оның орындалу мерзімін ұзартып жіберді. Егер Орталық Комитеттің аталған қаулысындағы көшпелі және жартылай көшпелі халыққа қатысты шешімі (көшпелі және жартылай көшпелі барлық 39 аудандағы қазақтар-ды тұтас алғанда)—қазақ халқының шамамен үштен бір бөлігін қамтыса, ал осы қаулыға тікелей қатысты аудандарда — халықтың жартысы және одан да аз бөлігі қамтылды. Аудандардың көпшілігінде астық тапсыру, мал өткізу және өзге де салықтардың едәуір бөлігі 1932 жылдың

4 тоқсанында (Орталық Комитеттің 17 сентябрьдегі қаулысы бойынша жүргізілетін жұмыстардың тәртібін әзірлеп біткенше) жиналып та үлгерілді. Бұның үстіне, 1933 жылы кейбір аудандарға салықтар салынып, дайындау мекемелеріне жаңадан енім өткізу тапсырылды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы бұл шаруашылықтарға (яғни, Орталық Комитеттің қаулысында қамтылып өткен) салық төлеуді, берешектерін өтеуді әлі күнге талап етеді. Қызылорда ауданы —3600 сом, Қарсақпай —17000, Қызылқұм — 3000, Қазалы —15000, Талас —10700, Түркістан — 23000 сом берешек болып отыр. Басқа облыстарда да жағдай мез емес. («Қазақстанская правда», 1932, 15 декабрь).

Аудандарда артельдердің тек бір бөлігін ғана ТОЗ-дарға көшірген және қоғамдастырылған малды ішінара колхоз-шылардың жеке пайдалануына қайтарып берген (әрбір ауданға—1000—1500 бас малдан), ал бұдан екі жыл бұрын бұл аудандардағы халықтың қолында 150-200 мың бас мал болған-ды. Халықтың қалған малының басым көпшілігі шоғырланған товарлы фермалар сақталынып қалған.

Өнім беретін мал сатып алуға болмашы кредиттер берілген (мұның өзі де толық пайдаланылмаған). Халыққа қажетті күш-көлік және өнім беретін малдарды жоспарлы түрде сатып алу жұмыстары да өрістетілмей отыр. Батыс Қытайдан өнім беретін біраз мал сатып алу және Қарқаралы жәрмеңкесін ашу жөнінде Одақтық органдарда көтерілген мәселелер ішінара ғана шешілді. СССР Халық Комиссарлары Советінің Қазақстан совхоздарындағы төлдің 10 процентін халыққа беру туралы шешімі Совхоздар Халық комиссариатының араласуымен 3 процентке (бұл шаруашылықтарда жыл сайын алынған төлдің 40-50 проценті шығынға ұшырап және совхоздардың барлық төлді тегіс аман сақтап калуға күші жетпей отырса да) кемітілді.

Өлкелік комитеттің айрықша комиссиясының (бұл комиссияға Өлкелік комитеттің атынан шешім қабылдауға право берілген) 3 аудан (Шу, Шұбартау, Шет) бойынша жасаған есебінің 1933 жылғы 4 январьдағы шешімінде былай деп көрсетеді: «Орталық Комитеттің 17 сентябрь-дегі қаулысын және осы қаулыға орай қабылданған Өлкелік комитет пен Қазақ АССР-і Халық Комиссарлары Советінің қаулыларын бұл аудандар орындамаған» (Шу ауданында Орталық Комитеттің қаулысын колхозшы бұқараның арасында талқылау осы жылдың январь айынан басталған).

Мұндай ұқыпсыздықтар жеке шаруалардың өз пайдалануына 8-10 қара мал, 100-ге дейін қой өсіруіне (Орталық Комитеттің 17 сентябрьдегі қаулысында айтылғандай) кеселін тигізуі былай тұрсын, көптеген жартылай көшпелі және көшпелі шаруалардың ең ақыры бір сиыр, немесе екі-үш бас мал ұстауына да (бұл аудандарда малсыз күн көру қиын) қол байлау болып отыр. Бұның үстіне, жергілікті органдардың мал шаруашылығы туралы әңгімеден атонаын ала қашуы, кейбір жергілікті қызметкерлердің арасында мал шаруашылығы үшін күрес жүргізу — бос әурешілік, ең дұрысы, алдымен көшпелі қазақтарға егін егіп, бақша салуды үйрету керек, бұдан соң мал өз-өзінен-

ақ пайда болады деген (яғни, істі бетімен жіберуге) секілді теорияның мықтап орын тебуі; тез өсіп-өнетін тұқымдарды (мәселен, қоян) көптеп өсіруге көңіл бөлу керек деген ұсыныстар жасаумен (ал қоянды далалық жерде өсіру қиынға түседі) Қазақстан жағдайына бейімделген қой және өзге де мал тұқымдарын өсіруден назарды бұрып әкету — мәселені онан әрі ушықтыра түсті. Қазақстандағы тап күресі СССР-дің көптеген алдыңғы қатарлы аудандарына қарағанда («Казахстанская правда», 1932, 30 де-кабрь) едәуір шиеленісе түскен және күрделі-міс (Голощекин), ауылдағы шаруалар «өнеркәсіпке кірген соң қолындағы малынан қиналмай-ақ бас тартады» және «сонау 1928 жылдың өзінен-ақ малдың 60 проценті бүкіл байлардың небары 13 процентінің қолында болған» (Голощекин) деген тәрізді мал басының кемуін дәлелді етіп негізделген тұжырымдар мен күні бүгінге дейін қолдау тауып отырған кейбір теориялар — Қазақстанда мал шаруашылығын басты назарда ұстауға зиянын тигізіп отыр. Ал шын мәнінде, 1928 жылы конфискеленген ең ірі деген 657 байдан бар болғаны 144 мың бас қана мал алынған және Голощекин жолдастың «ауылдағы басты тұлға — орта шаруа» дегені де дәл осы жылы болатын, Мал басын қысқарту жөніндегі мұндай бағыт алдағы уақытта да жүргізіле беретін болса, онда бұл — мал санының кеміп кету себептерін айқындаудың және мал басын онан әрі көбейту шараларын дұрыс белгілеудің жолын кеседі.

Қазақтардың екі жылдан бері қоныс аударып, олардың ашаршылық пен індеттен арыла алмай келе жатуының негізгі себептері, міне, осындай. Әлбетте, жоғарыда сипатталған жағдайлар Қазақстанның социалистік құрылысы мен мәдени дамуындағы соңғы жылдардағы орасан зор ортақ жетістіктерді, көптеген үлгілі және дұрыс ұйымдас-тырылған қазақ колхоздары бар екенін, қазақтар арасында жүргізілген жұмыстардағы табыстарды жоққа шығара алмайды, (бұл жетістіктер туралы көп жазуға да болар еді), алайда жоғарыда аталған олқылықтарды өзінің саяси және шаруашылық мәнінің ауқымы тұрғысынан қарастырғанда, оларды жою үшін шұғыл ат салысу талап етілді.

## ҰСЫНЫСТАР

1. ВКП(б) Орталық Комитеті тарапынан қазақтар қоныс аударған жерлердегі өлкелік комитеттерге және өлкелердің, республикалардың облыстық комитеттеріне қазақтарды әзірге Қазақстанға кері қайтарып жібермей, оларды өндірістік кәсіпорындарға және ауыл шаруашылығына жұмысқа орналастыру (сонымен қатар бірінші кезекте балаларды орналастыру) жөнінде шұғыл нұсқау берілсін. Осымен бір мезгілде Еңбек Халық комиссариатына қазақтардың бір бөлігін өзге өлкелерге де жұмысқа орналастырып, жайғастыруды ұйымдастыруға ұсыныс жасалсын және СССР Халық Комиссарлары Советіне қазақтар толық орналасып біткенге дейін оларға жәрдем ретінде қажетті азық-түлік қорын босату тапсырылсын (РСФСР Халық Комиссарлары Советі тарапынан тиісті ұсыныстар жасалынды).

2. Қазақ өлкелік комитетіне тұрғындардың Қазақстаннан тыс аймақтарға қоныс аударуын тоқтату шараларын жүргізу тапсырылсын; бұл Дайындау комитетіне қалған 400 мың пұт астықты (рұқсат етілген 1 млн пұт астықтың есебінен) март айында таратылып беру міндеттеліп, босатылған азық-түлік жәрдемінің тұрғындарға тез жеткізілуі қамтамасыз ете отырылып, қоныс аударғандар мен ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету шараларын ұйымдастыруды шұғыл өрістетуге; енеркәсіп және ауыл шаруашылықтарын кулак, байшыл бүлдіргі элементтерден тазарта отырып, сонымен бір мезгілде, қоныс аударған қазақтарды Қазақстандағы өндірістік кәсіпорындарға, совхоздарға, МТС-терге, құрылыс және өзге де маусымдық жұмыстарға (ағаш дайындау, далалық жұмыстарға және т. б.), осымен қатар балық аулау кәсіпшіліктеріне де кеңінен тарту шараларын ұйымдастыру тапсырылсын.

3. Үстіміздегі жылы белінген қаржыны бірыңғай қоныс аударушылардың орналасуына және олардың енеркәсіп және өзге де кәсіпорындарға жақын орнығуына жұмсауға, қаржының қалғанын жаңадан түрлі поселкелерді сала беруді тоқтатып (берілген егіс жоспарының көптігіне сәйкес адам күші мен күш-келік малының жетіспеуіне байланысты, поселкелер құрылысына белінген 30 млн. сомның жұмысын игеруге халықтың шамасы келмейді), қалған қоныс аударушыларды бұрынғы мекен-жайларына орналастыра отырып, олардың мал және өзге де өндірістік құрал-жабдықтар сатып алуына жұмсауға бағыттау үшін, қазақтарды отырықшыландыру жоспары қайта қаралсын.

4. Қазақстан өлкелік комитетіне бір айдың ішінде Орталық Комитетке қоныс аударған қазақтардың одан әрі орналастырылуын қарастырған шаралардың жоспарын және осы мерзімде Қазақстандағы мал шаруашылығын дамыту туралы жете зерттелген жоспарды (Өлкедегі мал өсіретін совхоздарда қырсыздықтың орын алып, малдың шығынға ұшырап отыруына байланысты) тапсыру міндет-телсін.

5. СССР Халық шаруашылық есебінің Орталық басқар-масына үстіміздегі жылы негізгі қазақ аудандарындағы халықтың санағын алуға, шаруашылық жағдайларының есебін жүргізуге және сонымен қатар егін шығымдылығын тексеру комиссиясымен біріге отырып көктемгі егіс науқа-нынан кейінгі осы аудандардағы егістік алқабының есебін алуға ұсыныс жасалсын.

Т. РЫСКҰЛОВ

Мақаш ТӘТІМОВ.

#### ЗҰЛ МАТТЫҢ АУЫР ЗАРДАБЫ

(демографиялық талдау)

"Санамызға «ақтаңдақтар» деген ұғым сінді. Тарихты шала білген — шалағайлықтан арылмақ емес. Сондықтан да партия өкпен тарихымыздағы ақтаңдақтар туралы әрі айқын, әрі тура түсініктер беру қажеттігін айтып отыр. Мұны және алдымызға міндет етіп қойып отыр. Өткендегі кемшіліктерімізді бүге-шігесіне дейін білу — бүгінгі күрделі жағдайымызды айқын түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар ертеңгі күні туындайтын әлеуметтік және экономикалық міндеттерді дұрыс шешіп, ондай қателіктерді енді қайтып қайталамау үшін керек.

Мен де бүгін халқымыздың тарихында орны толмастай терең із қалдырған, осы уақытқа дейін зардабы қалмай келе жатқан сол бір асыра сілтеу уақытының зор демография-лық апаты мен халық шаруашылығына әкелген орасан шығыны туралы айтпақпын. Біздерге олардың бетін ашып айтпай, Қазақстандағы қазіргі мал шаруашылығының мүшкіл жағдайын және ауыл халқының демографиялық

ахуалын дұрыс түсіну және қайта түзету тіптен мүмкін емес.

С9л ашы шындықтар жөнінде бұрынғы зерттеу еңбек- терімде там-тұмдап, шет жағалатып болса да айтқан едім. Бірақ та жариялылық болмаған тоқырау кезінде зерттеу жұмысымыздың нәтижесін жұртшылыққа кеңінен бүкпесіз айтып жеткізу тіптен мүмкін болмаған еді.

Асыра сілтеу кезеңінің демографиялық шығындарының дәл ғылыми есебін біздер, демографтар, 1963 жылы-ақ жасаған болатынбыз. Ол есептерді 1897, 1926, 1939 және 1959 жылдардағы санақ деректерін салыстыра отырып жүргіздік. Кезінде асыра сілтеу зардаптары туралы Ста- линнің жеке басына табынуды әшкере еткен партияның XX съезінен соң жариялауға болатын шығар деген үмітпен, осы мақаланың авторы Москвада студент болып жүрген жылдары КПСС Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдасқа хат жолдаған болатын. Өкінішке орай, сол хат Москвадан Алматыға, ондағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі идеология бойынша секретарына жіберілген көрінеді. Бір- неше айлар өткен соң отызыншы жылдардағы халық саны, олардың шығыны туралы айтуға да, жазуға да болмайты- нын, ал жазған күнде де тек мал басы шығыны туралы ғана айтуға болады деген Алматыдағы жоғарғы әкімшілік- тен хат келді. Ол хатпен таныстыру үшін мені Орталық Комитеттің Кремль жанындағы қабылдау үйіне шақыртты да, бұл туралы жазуға қатал тыйым салынғанын айтты...

Асыра сілтеудің халқымыз үшін әкелген зор зұлматы мен бітпес зардабын білу және оларды жою жолындағы ізденіс ақырында мені демография ғылымына алып келді. Екінші рет, 37 жылдан қайтадан туған\* жас демография ғылымы ете жемісті сала болып шықты. Өйткені тек осы халықтану ғылымы — демография ғана осылардың бетін ашып, айта алды және көрсете білді.

Совет демографтары баспа бетінде жариялылық жоқ кезде де жолын тауып, демография ғылымының бай мүм- кіншілігін пайдаланып, өткендегі қасіретті құбылыстарды графиктер тілімен, пирамидалар түрінде, схемалар кейпін- де, кестелер көмегімен айта білді. Сөйткенмен де былайғы оқушы ғана емес, тіптен іргесі жақын мамандардың өздері

/ Олай дейтініміз—1936 жылы генетика сияқты демография да қатты қудалауға ұшырады. Ленинград қаласындағы сол кезде әлемдегі жалғыз демография институты жабылып, қызметкерлері қудалауға түсті. Олардың жалғыз кінәсі — отызыншы жылдардың басындағы елдің тұр- ғындарының қатты қырғыны туралы ашық айтқаны еді.



де демографияның терең сырын әбден ұға алмайды екен. Әрине, дәл айтылмағаннан соң, бұлардың бәрі кешілік үшін жұмбақ, ал азшылық үшін- шешуі қиын есеп болып қала берді...

Біздің ақын-жазушыларымыз алғашқылардың бірі болып, жариялылық басталғаннан бері өткен тарихымыз- дағы осы ақтандақтарды жоюға ат салысты. Олардың осындай игі де ізгі мұрат жолындағы істері мақтауға әбден лайық. Жазушылар мен журналистердің арқасында осы мәселе айналасында әрі белсенді, әрі саликалы қоғамдық пікір қалыптасты.

Дегенмен, ғылыми дәлдікпен сөз қозғар болсақ, олардың кейде шындықтан алшақ кетіп қалатын жағдайлары да баршылық. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде 1988 жылы жарияланған С. Елубаев деген жазушының жап-жақсы жазылған «Нәубет»\* атты мақаласында цифр жағына келгенде біздер сияқты мамандардың көзіне бірден түсетін дұрыс емес салыстырулар бар. Ондай қателікті тек ол ғана емес, тіпті тәжірибелі сақа жазушылар да қайталап жүр. Енді соған тоқталайық.

Бірталай авторлар қазақтың азаюын көрші орналасқан туысқан Орта Азия халықтарының санымен салыстырып көрсетеді. Ол бір жағынан дұрыс та шығар. Алайда 1897 жылғы санақта Орта Азия халықтары толық қамтылмағанын көпшілігіміз біле бермейді екенбіз. Өйткені, санақ Хиуа хандығы мен Бұхар әмірлігінде жүргізілген жоқ. Барша тәжік, өзбектердің жартысы, түрікмендердің көбісі санақ жетпеген жерде тұрғандықтан, қазақпен салыстырғанда көп кем болған. Оның үстіне мысалы өзбектерді сарт, түркі және өзбек деп үш ұлыс — этносқа бөліп санаққа алған. Өйткені сол кезде олар бір ұлт болып әлі қалыптаса қоймаған еді. Сонымен қатар, кезінде олардан бөлек жеке ұлыс болып жүрген құрамалар — кыпшақтар мен қоңыраттар да (жалпы саны 100 мыңнан астам) өз алдына жеке есепке енгізілгенін естен шығармау керек.

Мұның сыртында тіптен тұрмыс-салт жағынан қазаққа өте жақын қырғыздарды да патша әкімшілігі өзінің осы санағында екіге бөліп есептеген. Мәселен, Ферғана және Самарқанд губернияларында тұратын қырғыздарды «қара қырғыздар» деп жеке санаққа алған да, ал Жетісу мен Сыр-

/ Нәубет деген ұғым аспаннан түскен қарғысты білдіреді. Оны саяси қателіктен болған халықтық трагедиямызға дәл келмейді деп санаймын. Бұл аспаннан келген құдайдың қарғысынан болған трагедия емес, езімізден шыққан, әдейі жасалған қастандықтан болған зұлмат Әр нәрсені өз атымен атаған жөн болады.

дария губернияларында тұратындарын «қырғыздар» деп санап, оларды қазаққа қосып, барлығын «қырғыз-қайсақтар» деп есептеген. Тіптен одан бұрынғы кейбір есептерінде қырғыз халқын кемсітіп, буруттар немесе «ди́кокамен-ные киргизы» деп бөлген.

Россия империясының осы сез болып отырған алғашқы және соңғы 1897 жылғы санағында «қырғыз-қайсақтар» 4 миллион 84 мың, ал «қара қырғыздар» 209 мың адам болған. Ал Бұхар әмірлігі мен Хиуа хандығында 200 мыңнан аса қазақтар мен қырғыздардың көшіп-қонып жүргенін еске алсақ, сол жылы бүкіл еліміз бойынша қазақ пен қырғыздың жалпы саны 4 миллион 500 мыңға жеткен.

Ал енді бұрынғы санақтарда көшпенді халықтардың санын есепке алу қиынға түскенін ескерсек және ғылыми салыстыруларға жүгінсек, 1897 жылғы санақта қазақ пен қырғыздың нақты толық саны 5 миллионнан асқан. Оның үстіне олардың 300 мыңдайы сол кезде көрші Қытай империясының жапсарлас жерлерінде тұрғанын еске алсақ, жалпы санымыз 5,3 миллион болғанына көз жеткізу қиын емес.\*

Қорыта айтқанда, санақ олқылықтарын толтыра, ресми деректерге ғана сүйеніп есептесек, 1897 жылғы санақта еліміздің қазіргі территориясында, 4,2 миллион қазақ, 3,5 миллион өзбек, 900 мың тәжік, 800 мың түрікмен, 750 мың қырғыз және 125 мың қарақалпақ пен 80 мың ұйғыр тұрған. Былайша айтқанда, Орта Азия аймағында халықтардың сандық ара қатынасы сол кезде осындай болып қалыптасқан еді. Тағы бір ерекше еске алатын жағдай — бұл жерде біздің пайымдауымыз бойынша көшпелі халықтар (қазақ пен қырғыз) санының 15 проценті, жартылай көшпелі халықтар (түркімен және қарақалпақ) санының 12 проценті, ал отырықшы халықтар (өзбек пен тәжік) санының 10 проценті санаққа ілінбей қалуы мүмкін екенін де ұмытпау керек.

Өткендегі шындықтың бет пердесін біршама толық ашқан осындай ғылыми талдаулар Н. Е. Бекмаханованың, Е. Н. Гладышеваның, Ф. Н. Базанованың, Ә. Б. Ғалиевтің, Н. В. Алексеенконың және осы мақала авторының әр жылғы еңбектерінде баршылық.

\* 1897 жылғы Россия империясының қорытынды санағында қырғыз-қайсақтар великоростардан (55,7 млн.), малоростардан (22,4 млн.) және белорустардан (5,9 млн.) кейінгі төртінші халық болған. Сол кездегі ең саны көп Россияның түркі тілдес татар халқы 3 миллионға да жетпеген, (олардың ноғайбақ, қрышен, қырымшак, тетяр деген этнографиялық ұлыстарын қосқанның өзінде).

... Азамат соғысы аяқталған соң қатты күйзелген ауыл шаруашылығы НЭП жылдары біртіндеп қайта қалпына келе бастады. Мал басы да біртіндеп бұрынғы деңгейіне жақындады. 1928 жылы жүргізілген ірі байлардың мал- мүлкін конфискелеу жақсы әлеуметтік нәтижелер берді: қазақ ауылында кедейлер саны 3 еседей кеміді, яғни байлар да 3 еседей азайды, есесіне орта ауқатғылар 2 еседен астам өсіп, енді қазақтар ауылында иықты шаруа — орташалар басым түсті, олар халықтың төрттен үш бөлегін құрайтын болды. Елдің тұрмыс-жағдайының жақсаруы өлім-жітімді сирете бастады. Әсіресе, балалар арасында көп тараған сол кездегі шешек, қызылша, тері аурулары азайды. Жұқпалы аурулардың жоғалып, өлім-жітімнің сиреуіне байланысты халықтың табиғи өсімі де жеделдей бастады. Прогресшіл жаңа қоғамдық құрылыс — социализм көп күттірмей-ақ халқымыздың ғасырлар бойы аса қатты тежеліп келе жатқан табиғи өсімін жылдамдата түсті. Көп ұзамай басталып кеткен кейбір тарихи өткінші қиыншылықтар алдынан тағы да кесе көлденең шықпағанда, халқымыз демографиялық өрлеу жолына соғыс аяқталғаннан кейін емес, отызыншы жылдардың басында-ақ біржола түскен болар еді. Амал не, олай болмады...

Ғасырлар бойы қатал тағдырдың мейірі түспей, тек тарихтың ызғарлы қаһарын көріп, талай тауқыметтің тәлкегіне көндіккен халқымыз советтік жаңа заманның арқасында енді ғана еңсесін көтере бергенде, күтпеген жерден тағы бір орасан зор қиыншылықтарға соқтырған зұлматқа тап болдық.

Елімізде социалистік құрылыстың ең қиын және жауапты науқандарының бірі — жаппай коллективтендіру басталды. Бұл науқанның мешеу дамыған Қазақстанда еліміздің алдыңғы қатарлы аудандарымен бір мерзімде жүргізілуі және оның жаппай отырықшылыққа көшірумен қатар жүргізілуі негізінен ізгі ниетті көздегенімен, көп қиыншылықтар туғызды, сол кездегі республика басшыларынан үлкен ұйымдастырушылық шеберлікті, икемділікті, іскерлікті қажет етті. Қазақстан жағдайын жақсы білетін Тұрар Рысқұлов сияқты Москвадағы көрнекті партия қайраткерлері бұл науқанға аса тыңғылықты алдын ала дайындық қажет екеніне тоқталып, коллективтендіруді Қазақстанда бірінші кезекте емес, екінші мерзімде, тіптен үшінші мерзімде, Орта Азия республикаларымен бір мезгілде жүргізу қажеттігін кезінде батыл ашып айтқан болатын. Бірақ дәл осындай қиын және күрделі науқанды жүргізуге өресі жететін сергек, іскер, білікті, адамдар, өкінішке орай,

орынсыз басшылық қызметтен шеттетіліп, олардың орнына халықтың психологиясын терең түсіне білмейтін, елдің ерекшелігімен санаспайтын «асыра сілтеушілікке» салынған Филипп Голощекин, Ораз Исаев, Семен Голодов сияқтылар немесе терең білімі жок, басшылық жұмыста тәжірибесіз, сындарлы шешім қабылдауға дәрменсіз Ізмұқан Құрамысов, Елтай Ерназаров сияқты бұрынғы «әсіре белсенділер» келді.

Сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Филипп Исаевич Голощекиннің\* субъективті көзқарасы мен авантюристік пиғылдарының салдарынан өсіп келе жатқан қазақтың жас ұлттық интеллигенциясының өкілдері біріне оңшылсын, екіншісіне солшылсын, үшіншісіне бұрынғы ұлтшылсын деген айдар тағылып, қудалауға ұшыратылды. Ойдан шығарылған қайдағы бір байтұрсыновшілдік, садуақасовшілдік, меңдешовшілдік, сейфуллиншілдік, рысқұловшылық деген дақпыртпен ел жағдайын жақсы білетін бірталай білімді зиялы азаматтар өз қызметтерінен ығыстырылды, тіптен сол кезден-ақ қудалауға ұшырады. Сөйтіп, халқымыздың саны кеміп қана қойған жоқ, рухани күші әлсіреді, интеллектуальдық потенциалы төмендеді.

Отызыншы жылдардың басында Қазақстанда колхоздастыру мен отырықшылану кезінде ашаршылықтың күшеюіне мал-мүліктің дұрыс қоғамдастырылмауы да үлкейсе болды. Қазақ ауылында әлі де болса өліспей-беріспейтін аяусыз тап күресі біршама әлсірегенімен, әлі де қызу жүріп жатқан кез еді. Осындай қиын-қыстау кезде отырықшылану мен коллективтендіру ісінде өлкелік басшылықтан бастап, губерниялық, уездік және болыстық, дуандықтарды қамтып, жергілікті органдарға дейін партияның кооперациялауда лениндік саясатын дөрекі бұрмалаушылық кең етек жайды. Кейбір ескі мағлұматтарға сүйенсек, колхоздастыру алдында ауылда шаруашылықтың 13 проценті, ал мал басының 50 проценті әлі де болса ауқатты бай-қулақтардың қолында болған. Солардың жартысы дерлік шаруашылықты шаруаға мықты орташалар екені қазір белгілі болды. Олар «Тап жаулары» деп танылып, мал-мүлкі таланды. Колхоздастыруға жататын 600 мыңға жуық қазақ шаруашылықтарының көпшілігі (1930 жылы 70 проценті) толық көшпелі немесе жартылай көшпелі еді. Ал отырықшылардың өзі ол кезде біржола

\* Голощекиннің алғашқы өз аты — Шая Ицкевич екенін бүгінгі тарихшыларымыз ескі архив материалдарынан анықтап отыр.

бекіп, нығайып үлгермеген-ді, олардың егіншілік шаруа-шылығы әлі әлсіз, әрі тіптен өнімсіз болатын. Ауылдағы халықтың күн корісі әлі де болса тек малға қарайтын еді. Тіршілігінің бірден-бір көзі болған малға деген жеке меншікшілдік мінез-құлық шаруалардың бойында күшті қалыптасқан еді. Ондай ғасырлар бойы қалыптасқан мінез-құлықтың «иін жұмсарту» үшін алдын ала көп үгіт-насихат жұмысын жүргізу қажет болды. Мұндай жағдаймен санаспау көпе-көрінеу әбестік болар еді. Алайда «Қазақстанды социализмге Шығыста бірінші етіп жеткіземіз» деп асыға ұрандаған Филипп Голощекиннің мұнымен санасқысы келмеді. Іс жүзінде асықтырып жүріп, кешіктіріп жеткізді бізді «өлкелік» көсемсымақ!

Бүкіл бесжылдыққа белгіленген үлкен науқанды — қазақ ауылын, оның ахуалын бұрын есітіп-біліп көрмеген Филипп Голощекин бір-ақ жылда тындырмақшы болып, И. В. Сталинге бес сауал қойып хат жазғаны қазір анықталып отыр. Ол Қазақстанда Октябрь революциясы болмаған екен, болса да ол қазақ ауылын тек жанап өткен көрінеді, сондықтан бұл елкеде «Кіші Октябрь» революциясын жауға рұқсат беріңіз деп, әсіре революцияшылдыққа салынып И. В. Сталиннен рұқсат сұрайды. 1929 жылы Алматы жанындағы Асы жайлауында қазақ ауылын бір-ақ рет көрген Филипп Голощекин осындай жасанды революция жүргізбекші болған және оған «ұлы көсемнің» өзі ишарат білдірген.

Колхозға ұйымдасу кезінде бұрынғы бай-қулақтар мен басқа да Совет өкіметіне қас тап жаулары іштен ірітпек оймен небір астыртын сұрқия әрекеттер де жасайды. «Асыра сілтеу болмасын — аша тұяқ қалмасын» деген тәрізді аса зиянды бүркеме жалған пікірлер таратып жібереді. Олар колхоздастыру мен отырықшылануға қарсы жасырын түрде күрес жүргізіп, кедей және орташа шаруаларды арандатып, өз малдарын өздеріне қырғызады, әрі өздерінің малдарын да талан-таражға салады. Колхоздастыру алдындағы шаруалар кооперациясының алғашқы түрі — ТОЗ-ды («Товарищество по обработке земель») қазақ шаруаларына теріс түсіндіріп, сендерді енді тоздырады деген дақпыртты әдейі таратады. Олар бұл жерде «ТОЗ» деген қысқартылған сөз бен қазақтың «тозу» деген сөзінің сыртқы ұқсастығын шебер пайдалана білген. Онымен қоймай, қазақ кедейлері мен орташаларының таптық санасының әлі өсіп-жетілмегенін пайдаланып, ру басы болып жүрген бұрынғы төрелер мен байлар, қожа мен молдалар өзімен аталас жақын адамдар мен рулас қарапайым

шаруа баққан кісілердің көбін ертіп шет елдерге барлық мал-мүлкімен бірге үдере кешіп кетеді. Сөйтіп, тап күресі артта қалған қазақ топырағында тайпа күресіне айналып отырған.

Асыра сілтеушілік кезінде «шаш ал десе, бас алғанның» бір көрінісі — бұрын егін екпеген халыққа астық салығын салу болды. Мал өсірудің орнына қуаңшылық жерде егін егуге мәжбүр болған жұрт, енді мемлекетке астық құю үшін өзінің азын-аулақ қалған малын сатуға дейін барған. Бұл қате саясат түптеп келгенде ғасырлар бойы бабасынан бері тек мал бағып күнелтіп келген қарапайым халықты малдан да айырды, егіншіліктен де жирендірді. Бұрынғы көшпелі халықтың төрт түлік мал бағу дәстүрі бұзылды және ол күні бүгінге дейін қалпына келе алмай жатыр... Жергілікті жағдайға ғасырлар бойы табиғи тұрғыдан сұрып- талып келген тезімді мал тұқымдары біржола жойылды немесе мүлдем азайды. Ең бастысы — халықтың дала тө- сінде ауыл болып, қалыпты біркелкі орналасу жүйесі қатты бұзылды, - халқымыз босып, шашырап кетті.

Малдың азайып кетуі, астықтың шықпай қалуы және тұрмыстағы басқа да қауырт өзгерістер ала бөтен азық- түлік тапшылығына әкеп соқты. Бұрын онша байқала қоймаған індет аурулары қаулап кетті, әсіресе аштықтан пайда болған іш сүзек аурулары халық отырықшыланды немесе біржола көшу үшін топтанған жерлерде үлкен қауіп туғызды. Көшпелі жағдайда шашырай сирек қоныстанған, бұрын іш сүзек ауруын білмеген халықтың бойында оған қарсы қорғану иммунитеті қалыптаспаған еді. Сондықтан бұған дейін белгісіз болып келген қауіпті індеттің өзі-ақ халықты баудай түсірді. Іш сүзегі, әсіресе босқан жұрттың көп жиналған жерінде адамдар өміріне үлкен қатер төндір- ді. Бұрын-соңды болып көрмеген керемет ашаршылық пен індет аурулардың жойқын апаты, әсіресе 1932 жылы дендеп кетті. Сондықтан бұл жылдар халқымыздың есінде асыра сілтеушілік деген ұғыммен қатар, «1932 жылғы ашаршы- лық» немесе «мешін жылының апаты» деген атпен сақта- лып қалды. Жұт жеті ағайынды болса, апат алты ағайынды болып келетіні белгілі.

Бұл жылдардың зардаптары ете ауыр болды. Халық орасан көп шығынға ұшырады, ел қатты жұтап кетті, жұрт шұбырындыға айналды. Қазақ халқының болашақтағы демографиялық даму мүмкіншілігі орны толмастай қатты ойсырап қалды. Бір Қазақстанның өзінде оның байырғы тұрғындарынан 2 миллион 200 мың адамның өмірі мен әрі мезгілсіз сөнді. Бұл республика бойынша 4 миллион 120

мыңға жетіп қалған қазақ жұртының жартысынан астамы, ал дәлірек айтсақ 53 проценті еді.\* 1931—1933 жылдардағы шығын халқымыз үшін бұл апат мұның алдында болған 1916—1921 жылдардағы күйзеліс кезіндегі шығыннан 3 есеге дерлік, ал 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тура және жанама шығынынан 6 еседен астам көп болды. Осы тарихи салыстырмалар тұрғысынан қарасақ, асыра сілтеудің шығындары өзінен бұрын 210 жыл бұрын болған ең сұрапыл жаугершілік кезең — «Ақтабан шұбырындының» шығындарынан жалпы сан жағынан 2,2 есе, ал процент жағынан 1,7 есе асып түскен. Ол кезең халқымыздың есіне әлі күнге дейін «Ақтабан шұбырынды — алқа көл сұлама» деген атпен мәңгі қалды. «Асыра сілтеуден — аша тұяқ қалмаған» бұл кезең де халық зердесінен мәңгі өшер емес. Қазақстаннан тыс көшіп кетіп қалған 1 миллион 100 мың босқындар мен шұбырындыларды қоса санағанда, сол кезеңде ғана республикамыз өзінің байырғы халқының үштен екісі астамынан айрылып қалды.

Қазақстанның өз демографиялық базасы ұзақ жылдарға қатты әлсіреді. Оны қалпына келтіру үшін баяғы баяу өсіммен ғасырдан артық уақыт керек болған болар еді. Халықтың кемуі, әсіресе көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда басым болды. Кейбір өскен аталардан кейін артында ізбасар боларлық жалғыз тұяқ, ал кейбір бүтіндей ауылдардан сол жерге қайта оралар бір адам қалмаған кездер де ұшырасты. Талай өскен әулеттер жоқ болды. Қазақ халқының ең қалың орналасқан, ғасырлар бойы негізгі мекені — алтын бесігі болған Сарыарқа өңірі қаңырап бос қалды. Бұл аймақта байырғы тұрғындар саны әлі де болса өз қалпына келе алмай жатыр.

Шұбырған халық орталықтағы ішкі өңірден егіншілігі бар оңтүстік пен солтүстікке қарай ығысты. Бірнеше жүз мыңдаған адамдар өз республикасын тастап, Қазақстаннан ауа көшіп, мұндай бұрмалаушылық белең алмаған көрші Орта Азия республикалары — Өзбекстанға, Түркістанға, Қарақалпақстанға, Қырғызстанға, Тәжікстанға және РСФСР-дің жапсарлас жатқан жақын облыстарына барып, жан бағып, бас сауғалады. Олардың бестен екісі дерлік, 44 мыңнан астам адам, яғни республикадағылардың бұрынғы 11 проценті кейін еліне, жеріне қайтпай, біржола

<sup>1</sup> Демография ғылымында үлкен тарихи оқиқықтарды бірнеше вариантқа салып есептеу тәжірибесі бар. Соны біз де қолданып, апаттағы халық шығынын үш вариантпен есептедік. Төменгі вариант — 49%; ал жоғарғы вариант — 57% көрсетті. Бұл жерде біз осы орташа вариантты қолданып отырмыз 53%.

сонда қалып қойды (қазір осы аталған көрші одақтас республикаларда тұрып жатқан 1,547 мың қазақтардың жартысынан астамы сол қиын жылдары көшіп кеткендер). Сол тауқыметті жылдары, кейбір деректер бойынша шетелдерге, атап айтқанда, көрші Қытайға, жапсарлас Монғолияға асып, алыстағы Ауганға, жырақтағы Иранға, тіптен түкпірдегі Түркияға дейін ауыт кетіп, өз ата мекеніне кері қайта алмай қалғандардың ұзын саны 205 мыңға жетіп жығылған. Бұл сол кездегі Қазақстандағы байырғы жұртың 5 проценті болады. Бүгінгі таңда жалпы саны 1,5 миллионға жетіп қалған шетелдегі қазақтардың үштен бірі — сол асыра сілтеу жылдарының босқындары мен шұбырдылары.

Партия бағытын жергілікті басшылардың өрескел бұрмалуының салдарынан Қазақстанда жаппай коллективтендіру алғашында үлкен сәтсіздікке ұшырағаны жайында, оның қиын зардабы халық шығынына әкеліп соққаны туралы алғашқы суық хабарлар ВКП(б) Орталық Комитетіне және И. В. Сталиннің өзіне көп кешеуілдеп, 1932 жылдың көктемінде ғана жетті. Оған дейін «Қазақстанда коллективтендіру зор өрлеу үстінде табысты өтіп жатыр» деген көзбояушылық хабарларды Филипп Голощекиннің жалғыз өзі беріп тұрған.\*

Сол жылдары Москвада РСФСР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары қызметін атқарған Тұрар Рысқұловтың Қазақстан мүшкіл жағдайды басынан кешіруде, үлкен апат алдында тұр деп дер кезінде жеткізген дұрыс ақпарына И. В. Сталин сенімсіздік білдіріп қана қойған жоқ, одан кейбір күдікті ойларды да ішке түйді. Оның арты жала мен нақаққа апарып соққаны белгілі. Дәл осы тұста Орталық Комитетке сол кездегі Батыс Сібір губкомының секретары Р. Эйхеден және Өзбекстанның белгілі қоғам қайраткері О. Ахунбаевтан: «Қазақстанда бір сұмдық болып жатыр, ашжалаңаш босқын қазақтар көрші Омбы мен Ташкент қалаларына қаптап кетті, бір шұғыл шара қолданыңыз» деген суық хабарлар бір кезде түскеннен соң ғана кеш болса да, илана бастаған.

Бұдан кейін өлкелік партия комитетінің аяулы интернационалист-азамат Л. И. Мирзоян жолдас бастаған жаңа басшылығы кең етек жайып үлгерген қателіктің ауыр зардаптарын тез арада жоюға барынша көп күш жұмсады. Ашаршылық тез арада жойылып, іш сүзек ауруының беті

\* Өлкелік «Еңбекші қазақ» және «Степная правда» газеттерінің 1931, 1932, 1933 жылғы нөмірлерінен алынып отыр.



қайтты. Қазақстаннан тысқары жақтарға көшу, жаппай босқыншылық кеп күш жұмсаудың арқасында тек 1935 жылы ғана тыйылды. Қазақстанда коллективтендіру мен отырықшыландыру науқанының бас кезінде жіберілген үлкен кемшіліктер мен асыра сілтеушілік Өлкелік партия комитетінің 1933 жылғы февраль айындағы VI пленумында мезгілінен көп кешеуілдеп болса да қатал сынға алынды.

Кезінде Голощекинге: «Филипп Исаевич, алыстағы көшпелі аудандарда халық қырылып жатыр, қандай да бір шара істеу керек» дегенде, ол жайбарақат қана: «Ештеңе істемендер, бұл аяусыз жүріп жатқан тап күресі. Барлық халықтардың ұлы көсемі Сталин жолдас маған бұл өлкеде тап күресін күшейтуге әдейі өзі жолдама берген» деп мар- дамсыған. Сөйтіп, «барлық халықтар көсемінің» тап күресі социалистік құрылыс барысында барынша күшейе түсетін болады деген жасанды және жалған қағидасы артта қалған мешеу Қазақстанның топырағында жағдайды мүлде ушық- тырып жібереді Шын мәнінде «тап» күресі кенжелеп қалған көшпенділер санасында «тайпа» күресіне қайта айналып кетіп отырған. Сталин мен Голощекин 300 жылға созылған жаугершілік пен 200 жылға созылған отаршыл- дық кезінде жасалынбаған зұлматтарды 2-3 жылда ғана жасап үлгерген. Осылайша малшы шаруаларға жасал- ған Қазақстандағы зұлмат іс жүзінде Троцкийдің белгілі перманенттік революциясының жан түршігерлік жиірке- нішті сиқы болып шықты...

Асыра сілтеудің халқымызға алып келген басты зардабы — адам шығыны. Бұл шығынның нақты есебін шығару қазіргі демография ғылымының үлесіне тиіп отыр. Оның бәрі ғылыми негізде және мүмкіндігінше дәлірек болуы шарт. «Тас түскен жеріне ауыр» деп дәл осындай жағдайды айтады емес пе?!

1932 жылғы демографиялық дағдарыс зардабын анық- тау үшін біздер алдымен 1926 жылғы бірінші Бүкілодақтық халық санағы мен 1939 жылғы екінші Бүкілодақтық халық санағының нәтижелерін пайдаланамыз. Аталған кездегі адам шығынын осы екі санақты өзара ғылыми түрде салыс- тыру арқылы есептеп шығаруға болады.

Бұл тұста бір ерекше кеңіл бөлетін жағдай — халық қасірет шегіп жатқан кезде мұндағы адам шығынын ешбір ресми мекеме есептеп көрмеген. Ашаршылықтың әр жерде- гі көріністері туралы кейбір архивтер мен жеке адамның естеліктерінде сақталуы мүмкін. Оларды тауып, барлық деректердің басын қосып, жан-жақты қорыту алдағы уақыттың міндеті болмақ.

Сонымен жоғарыда аталған екі санақ негізінде ой өрбі- тіп көрелік. 1926 жылдың 17 декабрінде қорытындысы шығарылған тұңғыш Бүкілодақтың халық санағының нәтижесі бойынша сол кездегі Қазақ АССР-індегі (кейін бөлінген Қарақалпақ автономиялы облысын қоспағанда) қазақтардың жалпы саны 3 млн. 628 мың болған. Осыдан он екі жылдан астам уақыт өткеннен соң, яки 1939 жылдың 17 январында қорытындысы шығарылған екінші Бүкіл- одақтың халық санағында Қазақ ССР-індегі «(ол кезде республикамыз автономиядан жеке одаққа ауысқан) қазақтардың жалпы саны 2 млн. 307 мың ғана болып қал- ған. Бұдан шығатын қорытынды: екі санақ аралығында Қазақстан көлемінде ғана оның байырғы тұрғындарының саны 1 млн. 321 мың адамға күрт кеміген, немесе 36,7 процентке азайған. Мұны халық апатының ең төменгі көрсеткіші деп қана бағалауымыз керек. Өйткені халқымыз толЫқ 12 жыл шамасында (1926—39) баяу болса да өсім беріп отырғаны белгілі. Сөйтіп, ол езінің кеміген санын аз да болса қайта толтырғаны сөзсіз. Осы тұста қорытынды есебіміз дәлірек болу үшін халық ортая түскен санын қанша процентке толтырып үлгерді деген сауалға жауап беруіміз керек. Қазақтардың бұрынғы кезеңдегі табиғи өсуін, сосын демографиялық дағдарыс уақытындағы семья- лық-некелік қарым-қатынастарының уақытша бұзылуын, сонымен қатар ашаршылық және індет апатынан кейін халық денсаулығының өте нашарлап кетуін ескере- есептей келіп, осы екі санақ аралығында олардың табиғи өсімі 1926 жылғы санақтағы санының 5,6-ақ процентін қайта толтыра алған деген тұжырымға келісеміз. Осылайша, ашаршылық апаттан халықтың әлі толық емес тура шығыны 42 проценттен асқанын білеміз.

Сонымен қатар бұрынғы санақтарда қазақ сияқты сахараны кең жайлаған көшпелі және жартылай көшпелі халықты толық есепке алу қиын болғандығы тағы белгілі. Оның жастық және жыныстық құрамын демографиялық пирамидаға келтіріп, қалыпты модельге салғанымызда тым кішкентай балалардың, әсіресе жергілікті нәрестелердің және тым кәрілердің санаққа ілінбей қалғаны байқалады. Мысалы, 1897 жылғы санақ қорытындыларында бір жасқа толмаған, яки емшектегі сәбилердің саны қазақтарда 1 про- центке әрең жетсе, ал орыстарда аз болғанның өзінде де олардың бір жасқа дейінгі балалары 2,5 проценттен кем еместігі даусыз еді.

Сол сияқты 1926 жылғы санақта алғашқы 1897 жылғы санақтағыдай бойжеткен қыздар мен әскер жасындағы

жігіттерді бірсыпыра ауылдар ескі ұғыммен саналы түрде есептен тыс қалдыруға тырысқан. Бұл жағдай жиырма-сыншы жылдардың басында қалыңмалға және тоқал алуға тыйым салынғаннан соң да біраз уақытқа дейін жалғасқан. Мысалы, 15 жастағы 100 бойжеткенге бұл санақта 156 жасөспірімнен келсе, ал 20 жастағы 100 келіншекке кері-сінше 70-ақ жігіттен келген. Сонда олардың саны өзара бірдей болғанның өзінде, бірінші жағдайда 15-тегі қыздардың үштен бірінен артығы, екінші жағдайда 20-дағы жігіттердің үштен бірі дерлік санақтан тыс қалдырылып отырған. Дегенмен, басқа жастағы адамдарға бұл жайт саябырлай түскен. Қалай болғанда да бұл санақта халық саны толық еместігі осыдан-ақ жақсы байқалады.

Бұл жағдайға қоса кең далада бытырай орналасқан көшпенді халықтың біразы санаққа ілінбей қалуы әбден мүмкін. Осы олқылықтардың бәрін есепке ала отырып, 1926 жылғы санақта қазақтардың 6,7 проценттейі тіркеуге ілінбеген деген түйінге келеміз.

Осындай табиғи өсімімен (+5,6 процент) және санақтағы олқылықпен толтыра (+6,7 процент) есептегенімізде, республикадағы халқымыздың екі санақ аралығындағы тікелей ашаршылық пен індеттен ойсыраған мөлшері — 49 процент, яки 2 миллионнан астам адам болмақ.\*.

Түптеп келгенде, бәрін осылайша қорыта есептей отыра, ашаршылық басталар алдында, дәлірек айтсақ, 1930 жылдың аяғында, яғни 1926 жылғы санақтан кейін төрт жыл өткенде қазақтардың өз республикасындағы барлық саны 4 миллион 120 мыңға жетті деп статистикалық түйін жасадық.\*\* Ендігі барлық болған шығындардың және өткен шұбырындылардың бүкілодақтың трагедиясы осы санмен ғана есептелінеді. 1926 жылғы санақта көрші республикалардың жапсарлас жатқан жерлерінде 341 мың қазақ тұрған. Олардың шетелдердегі саны, негізінен Қытай мен Монғолияда (кейін Қазақстаннан келетін босқыншылық басталмай тұрғанда) шамамен 375 мыңдай еді. Сонда

\* Есептеулеріміздің барлық варианттарында адам шығыны осы 2—3 жыл ішінде өз ажалынан өлген жандардың санымен қоса беріледі. Ондайлардың жалпы саны 200 мың деп есептегеннің өзінде ашаршылық апатынан болған шығын — төменгі вариант бойынша 1,8 млн, орташа вариантша — 2,0 млн, ал жоғарғы вариант бойынша 2,2 млн. адамдар саны шығады. Бұл кезде біздер нақтылыққа ең жақын тұрған орташа вариант бойынша басылған есептерімізді беріп отырмыз.

\*\* Бұл тұжырымымыздың дәл екенін жақында ғана архивтерден табылған деректер мақұлдап жатыр. Сол кездегі ЦУНХУ-дің 1927 жылғы жасалған болжамы бойынша Қазақстанда ауыл халқының саны бес жылдан соң, яғни 1932 жылы 4 млн. 150 мыңға жетуі керек еді делінген.

асыра сілтеушіліктен Қазақстанда болған ұлттық трагедияның алдында қазақтардың барлық саны 4 миллион 850 мыңға жетіп жығылған. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен бастап, Ұлы Отан соғысына дейінгі отыз жылға созылған демографиялық дағдарысымыз республикадағы халқымызды 5 миллиондық деңгейден 2 миллиондық деңгейге дейін төмен түсірген. Болған қиямет шығындардың үштен екісі коллективтендіру кезіндегі асыра сілтеушіліктен ғана келді.

Әрине, асыра сілтеуден шығын көрген ауылдың негізінде малшы жұрты — қазақтар болды. Асыра сілтеу өлкенің тек байырғы халқының санын азайтып қана қойған жоқ, кейбір басқа ұлттардың да санын күрт кеміткен көрінеді. Атап айтқанда, 1926-39 жылдардағы екі санақта Қазақстандағы украиндар 859,4 мыңнан 658,1 мыңға дейін (24 процентке), өзбектер 128,4 мыңнан 103,6 мыңға дейін (20 процентке), ұйғырлар 62,3 мыңнан 36,6 мыңға дейін (44 процентке) кеміген. Әйткенмен бұл отырықшы халықтар көшпенділердей көп зардап тартқан жоқ. Мысалы, украиндардың біразы жақын жердегі Сібірге көшіп кетсе, өзбектер іргелес жатқан Өзбекстанға қайтып оралды, ал ұйғырлар Қытай жеріндегі Құлжа өлкесіне өтіп кеткен. Екі санақ аралығы кезінде саны кеміген осы төрт ұлт бойынша ғана екі санақтағы тура айырмашылықтың өзі 1 млн. 672 мың адамға жеткен. Кейін олардың орнына көшіп келген орыстардың, белорустардың, татарлардың, корейлердің, поляктардың, немістердің және басқалардың саны 1926 жылмен салыстырғанда 1939 жылғы санақта екі еседен астамырақ артқан. Сөйтіп, халықтың саны да республика бойынша осындай жасанды жолмен бұрынғы қалпына келген.

Екі санақ деректерін осылайша салыстыра зерттеу барысында мынандай заңды сұрақ та туады. 1939 жылы жүрген халық санағында елдің барлық тұрғындары толық қамтылды ма, әлде 1926 жылдағыдай жұртты жаппай санаққа тіркеуге манағыдай олқылықтар орын алған жоқ па екен?

1937 жылы да халықтық бір санақ болған еді. Сталин ол санақтың нәтижесін дұрыс емес дегенді сылтау етіп, оны мүлдем жойып жіберуге тікелей нұсқау берген. Өйткені санақ қорытындысынан коллективтендіру нәубеті мен репрессия қасіретінен бүкіл еліміз 10 миллион адамынан айрылып қалғанын анық байқататын. Сондықтан ол екі жылдан соң әлгі нәубеттерде өлген адамдардың орнын біршама толтырып барып, 1939 жылы қайта санақ жүргі-

зуге шешім қабылдаған. Халықтың бұрынғы саны әлі толық қалмына келіп үлгермегендіктен, бұл санақ қорытындысы да талай сырды аңғартатыны анық. Мәселен, украин- дардың 5 миллионға (14 процентке), қазақтардың 2 миллионға (50 процентке), ал литвалдардың, латыштардың, эстондардың соғысқа дейінгі кездегі жалпы санының шетелге қашудан 1,5 миллионға (25 процентке) кеміуін сол санақ нәтижесінен көруге болады.

Осы жылдарда Қазақстанның мал шаруашылығы да аса қатты жұтады. Егер республикада 1930 жылы мал басы 24,4 миллион болса, 1931 жылы 11 миллионға дейін, 1932 жылы 3,3 миллионға дейін, ал 1933 жылы 2,5 миллионға дейін, 3—4 жыл ішінде 10 еседей кеміді. Бұл мәліметтерде мал басының есебі толық болмаса да, оның еселеп кему дәрежесі дұрыс көрсетілген болуы керек. ВКП (б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы сентябрь айындағы «Ауыл шаруашылығы туралы» арнаулы қаулысы республикамызды еліміздің шығыстағы негізгі малды аймағына қайта айналдыру жөнінде үлкен роль атқарды, бірақ ол тым кеш қабылданғанды. Бұл бағытта кейін көп іс тындырылғанмен, мал шаруашылығы өзінің бұрынғы дәстүрлі деңгейіне келе алмай жатыр.

Асыра сілтеу жылдарында республиканы басқарған, әпербақан авантюрист Филипп Голощекиннің кесірінен қатты құлазыған Қазақстан үшін жан-тәнін салып, еңбек еткен аяулы интернационалист азамат Леон Исаевич Мирзоян жолдастың да тағдыры 1938 жылы жала мен нақақтан мезгілсіз үзіліп, шетке көшіп кеткен босқындарды қайтару науқаны төрт жылдан соң, қызған шағында жарты жолда тоқтап қалды. Егер бұл науқан соғыс басталғанға дейін, яғни тағы бес жылға созылғанда, шетке көшіп кеткен шұбырындылардың барлығын болмаса да, кезін туған жеріне қайтаруға болар еді. Жаңадан келген Н. А. Скворцов бастаған республика басшылығы бұл мәселеге келгенде қорқақтық керсетіп, «халық жауларының» жұмысын жалғастырудан бас тартты.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің кәрнекті қайраткері М. И. Калинин мен С. М. Кировтың Қазақстанға арнайы келіп, республика жағдайымен бетпе-бет танысуы көп жағдайларды кештеу болса да, қайта түзетуге зор септігін тигізді. Кейбір толық емес деректер бойынша Қазақстандағы жалпы мал басы 48 миллионнан 3 миллионға күрт кеміген. Оның үш жылдағы беретін есімін есептесек, бұрынғы малды елкенің 70 миллион малы біржола құрып кеткен. Енді бұрынғы малшы шаруаларға басқа

жақтан, негізінде Қытай мен Монғолиядан және Қырғыз бен Түрмменнен алып келген, өсімге деген мал таратыла бастады. Дегенмен, Қазақстанның басына келген апат ащы сабақ болып, республика өзінің қиын тағдыры арқылы басқа бауырлас халықтар мен республикаларды зұлматты қателіктен аман сақтап қалды. Мұндай қателік Орта Азия- да, Закавказьеде, Еділ бойында, Сібір жерінде, Солтүстік Кавказ аймағы сияқты жерлерде енді қайталанған жоқ. Қазақ халқының осындай нағыз шын құрбандықпен келген интернационалдық қиын миссиясына әділ бағасын ешкім берген емес.

Осы қиын кезеңге қатысты демограф ретінде біздің назарымызды өзіне аударып отырған тағы бір жағдай мынадай: республиканың, әсіресе, атап айтқанда, қазақ халқының осы кезеңде барынша әлсіреген және аса қатты олқыланған демографиялық негізін мүмкіндігінше қайта қалпына келтіру жұмысы ұзақ мерзімді қажет етті және ол тағы да шашырап, босып, жан-жаққа бытырап кеткен шұбырынды халықты өз республикасына ұйымдасқан түрде тез көшіріп, қайта жинау жұмысы да белгіленген еді.\* Бұл тарихшыларымыздың назарына күні бүгінге дейін іліккен жоқ.

Өкінішке орай, бұл аса маңызды шара 1937 — 38 жыл- дары республиканың Л. И. Мирзоян бастаған басшылығы- ның орынсыз нақақтан қудалануының салдарынан және көп ұзамай соғыстың басталып кетуіне байланысты аяқтал- май қалды. Дегенмен, әсіресе, соңғы кезеңде ол ұйымдас- қан түрде болмаса да өзіндік стихиялық түрде жүріп жатыр. Мысалы, 1939—1970 жылдары санақаралық 31 жыл уақыт ішінде көрші одақтас республикалардан шама- мен 100 мың адам өз бетімен Қазақстанға көшіп келген. Біздің соңғы демографиялық 19 жыл ішіндегі пайымдауы- мыз бойынша соңғы 1970—1989 жылдардағы екі санақ- аралық 19 жыл ішінде тағы да 150 мың адам өз республи- қасына көрші аймақтардан қайта оралған. 1954—62 жыл- дары Қытайдан өз Отанына қайтарылған қазақ репатриант- тар саны 200 мың болды.\*\* Олардың барлық саны қазір

\* Біздің есептеуяеріміз бойынша 1933—36 жылдары шеттегі шұбы- рындылардың 455 мыңдайы қайтарылып, колхозға кіріп, оіржола отырық- шыланды. Бұл сан халықтың манағы бір жолғы кему санына енбейді. Ондай жағдайда халықтың жалпы кему саны 3 млн. 300 мың адамға жеткен болар еді.

\*\* Осы кезеңде Орта Азия шекара округі бойынша өз еліне 200 мың қазақтардан басқа 50 мыңдай қырғыздар, 30 мыңдай ұйғырлар, 10 мыңдай дұнғандар және біршама татарлар мен орыстар, жалпы саны 300 мыңнан артық, көрші Шыңжан жерінен өз Отанына қайтарылды.

өсіп, республикада бір миллион адамға жетіп отыр. Халық,- тың бұл жаңа легі дер кезінде ресми түрде тиісті қолдау тауып отырса, келешекте қайтушылар қатары бұдан да молырақ болмақшы. Өзі келе бастаған бұл еңбек ресурс- тарын Қазақстанның және Одақтың экономикасын нығайта түсуге, олардың әсіресе мал шаруашылығында тиімді етіп ғиядалануға әбден болады.

Отызыншы жылдардағы қазақ совет әдебиетінің көр- некті өкілдері жаппай коллективтендіру мен отырықшылан- дыру ісінде жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылық- тарды да және кейін қол жеткен ірі жетістіктерді де социо- листік реализм тұрғысынан көркем бейнелеуі арқылы бұл оқиғалар кезінде аз да болса әдебиетімізден орын алды. Мысалы, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасындағы күтімсіздіктен азып-арып қатты шалдыққан, титығы жетіп әбден қажыған қызыл ат образы сол кездегі қазақ халқының керкем бейнесі еді. Ілияс Жансүгіров сол кезең туралы «Ақ қала» атты поэма жазып тастап кетсе, Бейімбет Майлин қазақ кедей шаруаларының жинақы образы «Мырқымбайын» жалғас- тырып, дамыта түсті. Жалынды ақындар Шәкәрім мен Мағжан, Байтұрсынов пен Аймауытовтар өз халқына көпе-көрінеу жасалып жатқан зұлматқа қарсы сөз айта алмай кетті деуге бола ма! Мүмкін олар езінің шындық сөздері үшін халқымен бірге нақаққа ілінген шығар? Асыра сілтеудің салдарынан болған ұлттық трагедия қазіргі қазақ әдебиетінде, кейбір бірен-саран шығармаларды атамағанда, әлі өзінің жан-жақты көрінісін тапқан жоқ. Нұрқан ақынның былтыр жарияланған «Күләндам» атты поэмасынан басқа осы ұлы дүрбелеңге арналған шығарма- ны өз басым кездестіргенім жоқ. Бұл бағытта белгілі жазушы-драматург Шерхан Мұртазаев өзінің «Сталинге хат» атты халықтың трагедиясымен ерекше көзге түсті. Жақында ғана теледидардан белгілі ақынымыз Мұзафар Әлімбаевтың «Ащы жол» атты поэмасын тебірене тыңдадым. Ондайды өз басымнан кешкен, көзі көрген адам ғана жаза алады. Бірақ та сол аға ұрпақтар азайып келеді.

Бұл жөнінде алғашқы аға жазушыларымыздан көп үлгі алуға болар еді. Мысалы, менің өз басым- 1965 жылы Москвадағы студент кезімде жолдасым Мұрат Әуезовпен бірге үйіне ілесіп барғанымда Фатима шешейден көп әңгі- мелер естігенмін... Ілияс Жансүгіров халықтың басына қиын-қыстау түскенде қатты абыржып, өз кабинетінен бірнеше күндер бойы шықпай қойды дейді ол кісі. Сөйтсек, ол өзінің «Ақ қала» деген халық трагедиясына арналған

жаңа поэмасын жазып тастаған екен. Оның негізгі мазмұны төмендегідей: Голощекин қыс ортасында Қазақстанға келіп, ақ қар мен көк мұздан қала тұрғызады. Оған айнала- дағы көшпелі жұртты зорлап, қуып тыққан. Мезгіл өтіп, күн көтеріліп шығады. Жаңағы қолдан салған ақ қаласы еріп, оның орнына өлген адамдардың ақ қаңқа сүйектері шашылып жатады. Міне, осындай күшті образбен жасалған халық трагедиясы туралы ащы поэмасы жеке басқа табы- нушылық кезінде жарық көрмей, жоғалып кеткен. Әдеби зерттеушілерге бұл бағытта неге ізденіс салмасқа?

1933—1935 жылдары Қазақстанда социалистік құрылыс айтарлықтай табысқа жетті. Көшіп-қона жосып, ой-қырда шашырап жүргендер колхоздар мен ТОЗ-дарға (жерді бірігіп өңдеу серіктігі) ұйымдастырылды және отырықшыланды. Коллективтендіру нәтижесінде халқымыз түгел дерлік түпкілікті отырықшылыққа ойысты. Осы екі- үш жыл ішінде 250 мың шаруашылық колхозға ұйым- дастырылды. Социалистік қоғамда шын мәнінде жаңа туып, жарты санымен болса да қайта жасаған қазақ халқы үшін бұл қайта дамуға бағытталған теңдесі жоқ ұлы тарихи түбірлі бетбұрыс еді.

Жаппай коллективтендіру мен түпкілікті отырықшы- ландыру халқымыздың ғасырлар бойғы үйреншікті тіршілі- гін аз уақыттың ішінде мүлдем өзгертіп жіберді. Ғасырлар- ға созылып келген рулық, тайпалық және территориялық, әкімшілік пен томаға-тұйықтық әлсіреді. Көшпенділіктен отырықшылыққа ойысу қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің өсуіне өте бір қолайлы жағдайлар жасады. Отырықшылыққа кешу -көшпелі тұрмыстағы жағдайға қарағанда енді халықтың денсаулығын қорғау, медицина- лық жүйелі көмек көрсету, ағарту жұмысын жолға қою, өнер-білім тарату сияқты тағы да басқа жұмыстарды ұйым- дастыруды әлдеқайда оңайлатты, халықтың да өсіп-өркен- деуіне қолайлы жағдай туғызды. Қазақ халқы социализм толық жеңген соң демографиялық қайта өрлеу жолында қайтадан батыл ұмтылыс жасады. Бұл кезде халқымыздың жедел қарқынмен тез өсіп-өркендеуіне қажетті экономи- калық, әлеуметтік, медициналық, психологиялық барлық объективті жағдайлар мейлінше пісіп, жетілген еді.

Алайда көшпелі өмірден біржола отырықшылыққа ауысу жағдайында халықтың ғасырлар бойғы ата кәсібі болып келген мал шаруашылығын өркендетуге, сол дәстүрді одан әрі жалғастыруға назар аударған жөн болар еді. Әлбетте көшпелі мал шаруашылығының негізгі ұясы — бес-он үйден ғана тұратын шағын ауылдар болып келген



еді. Бұлар кең дала төсінде біркелкі шашырай орналасқан- дықтан да, жайылым мүмкіншілігін Толық пайдалануға ықпал жасап келген-ді. Мұндай ауыл жайлауда да, күздеу де, қыстауда да және көктеуде де тез көшіп, орнын ауыстыра алатын, тез қоныс тебетін, ықшам да ыңғайлы болған. Бұл дәстүрді қазір іріленіп кеткен колхоз-совхоздар дұрыс жалғастыра алмай отыр. Олар қыруар малды бір жерге шоғырландырып, жайылымдарды тоздырып алып жүр, есесіне даланың алыс түкпірлерін тиімді пайдалана алмай отыр. Қазіргі мал бағудағы семьялық мердігерлік әдісті оңтайлы пайдаланып, әрбір колхоз бен совхоз ез құрамында қажетіне қарай бірнеше кіші-гірім малды ауылдарды қайта орналастыра білсе, мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге, малшы жұртты жайлы да жайылта орналастыруға, сөйтіп, дәстүрлі төрт түлік малды қатар өсіріп, бағуға оңды жағдай туғызар еді деп ойлаймыз. Жер жағдайына және ауа райына байланысты төрт түліктің өзара сандық қатынасы, яғни белгілі пропорциясы ылғи сақталып отырған. Кейбір деректер бойынша, ескі ауылда он бес ұсақ малға уш жылқыдан, екі ірі қарадан және бір түйеден келген. Қазір мал шаруашылығында тарихи қалыптасқан бұл пропорция мүлдем бұзылған. Тіптен алыстағы малды ауылдардағы жеке меншік арасында да төрт түліктің осылай қатар өсуі әлі қалпына келмеген. Әсіресе жергілікті жерге төзімді жылқы мен түйе малын өсіру қатты ақсап отыр.

Демографиялық өсу заңдылықтарының мызғымас шарттарының бірі мынада — кейбір қиын тарихи себептерге байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуы кенжелеп, артта қалып қойған халық әр уақытта ез бойында тарихи ыңғайлы жағдай туғанда демографиялық қайта өрлеуде қажет болатын күш-қуатты сақтап қалады және оны дер кезінде, қолайлы жағдайды өзінің даму мүддесіне сай жұмсай алады.

Сөйтіп, осындай кенже қалып келе жатқан біздің қазақ халқы өсу жолында болған кейбір қиын тарихи қалтарыстар мен асулардан қажымай-талмай өтіп, тіптен құрып кету қаупінен тез арада құтылып, өз өмірін жалғастырып қана қойған жоқ, қайта болашақ демографиялық өрлеуіне керек болатын күш-қуатты өз бойында сақтап қала білді және оны өмірге деген зор ынтымамен ұштастырып, дамыта да алды. Бұл социализмнің табиғатындағы сөзсіз артықшылықтар арқасында ғана мүмкін болғанын айтуымыз керек. Айтып қана қоймай, оны мейлінше толық жүзеге асырудың

жолын іздестіруіміз керек. Ендігіде ауылдың демографиялық ахуалын жеке алып қарамасқа болмайды.

Әлбетте, соғыс басталғанға дейінгі және одан кейінгі бірқатар жылдар бойы халқымыздың саны біршама өскенімен, өсу қарқыны әлі де баяу болып, халықтың өсімі Бүкіл-одақтық орташа қарқыннан әлі қалып келеді. Демек, оның жалпы саны өскенімен, проценттік үлес салмағы бұрынғысынша төмендей берді. Оның басты себептері мыналар еді: жаңа отырықшы тұрмысқа және егіншілік кәсіпке бірден үйреніп кету қиынға түсті; халықтың жалпы денсаулығы әлі де болса нашар, бұрынғы індеттен толық айықпаған еді; соған орай өлім-жітім әлі де болса жиі, әсіресе жас сәбилердің шетінеуі көп-ті; сондай-ақ қазақ әйелдерінің сол ауыр жылдарда денсаулығының нашарлауына байланысты да туудың салыстырмалы көрсеткіштері онша биік болмады; бала көтермеу, бедеулік сияқты дерттер жиі ұшырасты; немесе әр түрлі ауру себептермен түсік тастау сияқты кеселдер де кең орын алды. Осы жағдаяттардан болса керек, тіптен 1930—1959 жылдардағы екі санақаралық ұзақ кезеңдер негізінен қазақтар тұратын Қызылорда мен Гурьев облыстарының село халқы 20 жыл бойы өсудің орнына, біршама кеміген.

Қазақтардың асыра сілтеу кезінде қатты қырылуына ет пен сүттен құрылған дәстүрлі тамақ рационының кенеттен, әрі күшті бұзылуы да үлкен себептер болғаны күмәнсіз. Ағзасы малдың дайын еті мен сүтіне ғана әбден бейімделген көшпелі халық бағып отырған малынан айрылғаннан соң, емшек ембей қалған жөргектегі сәбидің аянышты халін бастан кешті. Басқа тағамға үйренбеген көшпенділер енді өзен жағасында тұрып, балық ұстап, талшық ете алмаған; көпшілігі аң-құс аулап, күн көріс жасай алмаған; жеміс-жидек теріп, қорек қыла алмаған; тіптен кәдімгі көкөністің өзін көшпенді қазақ тамақ деп санамаған. Қазекеннің осы «мықтылығының» өзі түптің түбінде езіне ауыр соққы болып тиді. Тағдырдың осындай қатал сынына халқымыз «арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деп тұжырым жасаған. Халқымыздың ендігі дүниетанымында көшпенді өмір мен малшы кәсібінің беделі қатты төмендеп, отырықшылық пен егіншіліктің бағасы керісінше арта түсті. Ол өзінің кенже қалып келген өмірі мен мүшкіл жағдайын енді жақсы түсінгендей болды. Сол әсіре қайта бағалаудың күшті екпіні, міне, күні бүгінге дейін созылып, бүгінгі жастарымыз үшін дала өміріне қарағанда, қала өмірі әлдеқайда тартымдырақ болып отыр. Алайда халқымыз үшін ата кәсібі малдан біржола қол үзу оның болашағына

зиян болып тимек деген ойдамыз. Азық-түлік программа- сын жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық күреске қазақ халқы өзінің ата кәсібі мал шаруашылығын өркен- дету арқылы сүбелі үлес қосып, өз ырысын тасытумен қатар, барлық халықтардың ырысын тасытқан болар еді. Мен бұл біздің халықтың бүкілодақтық еңбек бөлісіндегі интернационалдық борышы деп те айтар едім. Ақылы еңбек жағдайында семьялық мердігерлік әдісті қолданып, ауылда мал өсірсек, қазақ жұрты ең ауқатты халықтар қатарына қосылған болар еді. Бүкілодақтық үлкен дастарқанға осы- лайша мол үлесімізді қосып, ұлттың өзіндік мерейін биік көтеруге неге болмасқа!

\* \* \*

Асыра сілтеушіліктен халқымыздың басына түскен қиын тауқыметтің бір ұшы шетке қарай шұбыруға, бос- қыншылыққа жалғасты. Көшпелі халықты атамекенінде тек мал ғана ұстап тұра алған. Малдан жұрдай болып тоналған ауыл жұрты енді күн көріс жағдайын ойлап, жақын қалаларға, поселкелерге, станцияларға, тіптен кейбір ауқатты селолар мен деревняларға, қышлақтар мен айылдарға қарай бет алады. Кепшілігі, әсіресе бала-шаға, қатын-қалаш, кемпір-шалдар жолда қырылады. Жеткендер- дің біразы халық көп шоғырланған жерлерде іш-сүзек ауруына шалдығып өліп кеткен. Есептеуіміз бойынша, сол қияметті жылдары қазақ ауылы тұрғындарының 90 про- центі осылайша үркіншілікке ұшыраған. Әрине, олардың көпшілігі зұлмат билеген Қазақстанның кең шеңберінен аман шығып, біржола құтылып кете алмаған. Сол кездегі кейбір ресми деректер де бұны жоққа шығара алмайды.

Егер ашаршылықты зұлмат пен зобалаңға қарсы күрес- тің әлсіз формасы деп санасақ, ал үркіншілікті оларға қарсы жұмсалған бүкіл халықтық қозғалыстың белсенді түрі деп тану керек. Жуас малшы халық зобалаңға қарсы тұяқ серіппеді деп те айтуға болмайды. Әлі толық беті ашылмай жатқан әрі қатты, әрі ірі халық көтерілісі болғаны тарихымыздан белгілі. Мысалы, Созақ, Адай, Шұбартау, Торғай, Абралы, Алакөл көтерілістері бүгінгі тарихшы- ларымызға белгілі. Бірақ олар өзінің әділ бағасын әлі ала қойған жоқ. Олардың тарихын жеке жазу болашақ зерт- теушілердің халық алдындағы қасиетті борышы.

Қазіргі Қазақстан шекарасынан шығып, шұбырындыға ұшыраған шаруалар саны 1 миллион 100 мыңнан асқан. Олардың шамамен 205 мыңы республика шеңберінен ғана

емес, Одақ шекарасынан да біржола шығып, көрші Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, тіптен сонау Түркия жеріне жетіп, кейін өз Отанына қайта алмай қалған.

Ал көршілес республикалар мен Россия федерациясына қоныс аударып, сол жерлерде орнығып қалғандар саны 250 мыңдай. Оның айқын дәлелін екі санақ мағлұматтары мақұлдатады. Мысалы, 1926 жылғы санақта Қазақстанмен көрші республикалар жеріндегі қазақтар саны 1939 жылғы санақта 341 мыңнан 794 мыңға дейін (2—3 есе) күрт өскен.

Туған жеріне қайтып оралмаған босқындар саны 666 мыңға жуық. Екінші сөзбен айтқанда, Қазақстандағы асыра сілтеуге дейінгі байырғы халық санының 15 проценті болды. Қазіргі таңда шетелдер мен көрші республикаларда 3 миллиондай қазақтар тұратын болса, солардың жартысына жуығы сол қасірет жайлаған жылдары өзінің Қазақстандағы атамекенінен бас сауғалап кетуге мәжбүр болған жандар.

Дегенмен, 1934—35 жылдары кеткендердің 470 мыңы ұйымдасқан түрде республикаға қайтарылып, жаңа құрылған колхоз-совхоздарға орналастырылды. Солай бола тұра манағы 600 мыңнан астамы өз жеріне қайтып орала алмады.

Енді жоғарыда жасалған барлық есебімізге қорытынды жасайық. Сөйтіп, 1932 жылға дейін болған республикадағы қазақтардың саны 4 миллион 120 мың болса, соның 2 миллионнан астамы ашаршылық пен індеттің құрбанына шалынды деуге толық негіз бар. Жалпы кемушілік 3 миллион 100 мың адамға жеткен. Осының тек 500 мыңы ғана кейін зұлматтың беті қайтқан соң, өз атамекеніне біржола оралды. Сонда орны толмаған шығын мөлшері 2 миллион 600 мың адам.

Осы санды процентпен шағып есептесек, халықтың апатқа ұшырағаны —49, көрші республикаларға қоныс аударғандары— 11, ал шетелге көшіп, кері сілтеуге дейін байырғы халқының 65 процентінен айрылғанын кереміз. Оның үстіне, халықтың 10 проценттен астамы уақытша шетке кетіп, кейін қайтып оралған.

Сөйтіп, демографиялық дағдарыста халық саны 75 процентке кеміп, Қазақстанның өз ішінде 25 проценті ғана қалған. Осының үстіне 12 проценттей халық саны қайтып келген босқындар есебінен қайта толды.

Осы апаттан аман қалған қазақтарды қайтару нәтижесінде және де халықтың өз табиғи өсімінің артуы нәтижесінде 1939 жылғы санақта 1930 жылғы халық санының 58,7 процентіне дейінгі деңгейі ғана қалпына келді. Қалған

бөлегі соғыстан соң басталған және қазіргі демографиялық қайта көтерілу заманында —1969 жылы ғана 100 процент болып қайта толды.

Ашаршылықтың шығыны, әсіресе 9-ға толмаған бала- лар арасында (60 проценттей) көп болғаны анық. Атап айтқанда, ең көп шығын емшектегі сәбилер арасында (72 процент) кездесті. Сойтіп, сұм ажал өз қолымен аз да болса қорек таба алатын ересектер арасында сирей түсті де, ал тым кішкентайлар мен қариялар арасында жиі кездесті.

Тарихта шыңдалған, қазақ ауылынан шыққан төзімді келген бұрынғы кешпенділер үлкен шығынмен болса да қиыр шығыста Примор өлкесіне шейін, шалғай батыста Бессарабия даласына дейін, жырақ солтүстікте Ақ теңіз жағалауына шейін, ал ең оңтүстікте алыс Ауғаннан да асып кетіп отырған көрінеді. Өкінішке орай, кошпенділер сол жеткен жерінде жаңадан жерсіне алмай, тағы қырылып, көбі қайтуға мәжбүр болған.

Әрине, осындай шалғайдағы жыраққа жалғыз-жарым көшіп барып, жаңа қоныс тепкендердің арасында әйелдер аз болғандықтан, ондай қазақ азаматтарының көпшілікті жергілікті әйелдерге үйленуден басқа жаңа өмір жалғас- тырудың жолы болмады. Сол себептен жер-жерде басқа ұлттармен аралас некелі семьялар қатары қатты әсті.

Әдетте өз табиғатына әйел адамдар еркек кіндіктеріне қарағанда ашаршылық пен індетке тезімді келеді. Ол солай болып шықты да. Егер 1926 жылғы санақта барлық қазақ жұртында еркектер саны 213 мыңға кеп болса, ал 1959 жылғы санақта, енді керісінше 120 мыңға әйелдер саны басым келген. Бұл, әрине, кейін болған соғыстың ықпалы- нан да (Халықтың жыныстық құрамы туралы 1939 жылғы санақтың дерегі жоқ). Сөйтсе де оны терең зерттей түсетін жақтары жоқ емес...

1939 жылғы екінші Бүкілодақтық халық санағы ез республикасындағы қазақ жұртының жақында болып өткен күшті демографиялық дағдарысынан тез айығып, қайта өсе бастағанын көрсетті. 1934 жылдың ортасында шамамен өз республикасында 1 миллион 75 мың ғана болып қалған байырғы халық саны 1939 жылға дейінгі төрт-бес жыл ішінде 2 миллион 307 мыңға жетті. Әрине, бұл қайта есімге шеттен қайтарылған шұбырындылар да кіреді. 1939 жылғы санақтың материалдары халықтың жас құрылымы, жыныстық құрамы сияқты демографиялық белгілері бойын- ша еңделіп, жан-жақты сараланбағандықтан, есептің қаншалықты тыңғылықты жүргендігін анықтай алмадық. Алайда өткен 1897 жылғы санақтарға қарағанда, 1939 60

жылғы санақ есепке ілінбегендердің процентін азайтқаны анық. Сөйтсе де санаққа ілінгенмен де, кейбір себептермен қазақ санатына қосылған адамдар саны бұл санақта көп болуы мүмкін еді. Себебі 1931—1932 жылдары Өзбекстанға, Қырғызстанға, Түркіменстанға, Қарақалпақстанға, Тәжікстанға ауып, еліне қайта алмай сол республикаларда қалған бала-шағалардың, жетім-жесірлердің біразы өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ, ішінара тәжік болып жазылып кетті. Бірақ олардың санын сол кездің санағына қарап, ажырату қазір мүмкін емес. Болжаммен ғана отызыншы жылдары қазақ халқы 100 мыңдай адамнан осылайша жанама түрде тағы да айрылуға мүмкін деп топшылап, осындай тұжырым жасаймыз.\*

Халықтың кезінде қатты қырылуы, тірі қалғандардың жан-жаққа босуы қазіргі қазақ жұртының бұрын орналасу географиясына кері әсер етпей қойған жоқ. Біріншіден, Қазақстанның шығысынан батысына дейін созылып жатқан орта белдеуінде бұрынғы көшпелі және байырғы жұрттың қатары қатты селдіреді. Өлкенің орталық аймағынан жұрт егіншілігі бар оңтүстік және солтүстік аймақтарға қарай ауысты. Осылайша Орталық Қазақстан сияқты ішкі аймақтар қаңырап бос қалды. Республиканың өз ішіндегі халықтың жылжу миграциясын есептесек, асыра сілтеуден ауыл жұртының тоқсан проценті өзінің бұрынғы мекенін тастап, жан сауғалап, көшіп кетуге мәжбүр болған. Мысалы, Қарқаралы даласынан Мақтаралға кеткен адамдарды біз Қазақстаннан көшіп кеткендер деп санамасақ та, олардың мекен ауыстыруы бүйірдегі Қытайға көшіп кеткеннен де ауыр болмаса, еш кем емес.

Асыра сілтеу кезінде барлық Қазақстан үшін орташа шығын манағы 65 процент болса, ол өлкеміздің негізгі үш аймағында біркелкі емес-ті. Ең қатты зардап шеккен Солтүстік өңір —77 процент кемісе, Батыс өңірінде бұл көрсеткіш 66 процент болып, ал оңтүстік өңірде 55 процентке жетіп тоқтаған. Бұл халқымыздың күні бүгінге дейін орналасу географиясына және оның әр жердегі проценттік үлесіне қатты әсер етіп отыр. Біржола көшіп кету, тіптен егіншілігі жақсы дамыған жерлерде де кең етек жайған көрінеді. Өкінішке орай, қырғын мен босқын нәтижесінде қазақтар Совет өкіметінің алғашқы жылдарында өзіне қайтарылып берілген егін егетін шұрайлы жерлерден

\* 1926—39 жылдағы екі санақаралық кезеңде өзбектердің 22 процентке, қырғыздардың 16 процентке, ал қарақалпақтардың 25 процентке тез өсуіне қазақтардың олардың арасына барып, біржола сіңіп кетуінен болғаны айғақ.

де айрылып қалған. Мысалы, оңтүстік — жазиралы тау етектерінен, батыста — ырысты, өзең мен теңіз бойлары- нан және солтүстікте — құнарлы диқаншылық далалық аймақтардан табан аударған.

Есесіне көрші одақтас республикалардың жапсарлас жатқан жерлерінде 1926—39 жылдардағы екі санақаралық кезеңде қазақтардың саны 2,5 есе артқан. Соның ішінде РСФСР-де —2,6 есе, ал Өзбекстанда —1,7 есе, соның ішінде Қарақалпақстанда —3 есе, Түркіменстанда —5 есе, Тәжікстанда —7 есе, ал Қырғызстанда —10 есеге дейін көбейген. Қорыта айтқанда, 1939 жылы көрші одақтас республикаларға және шетелдерге Қазақстаннан әр жылдарда және әр себептермен көшіп барып, орналасқан босқын қазақтар саны 1 миллион 350 мыңға жеткен. Яғни айналасы 2—3 жылдың ішінде ғана шетте жүрген қазақтардың саны 16-дан 41 процентке дейін көтерілген (барлық халқымыздың санымен салыстыра есептегенде).

Қазақ халқы осыдан 265 жыл бұрын, нақтылап айтсақ 1723 жылы жоңғардың сұрапыл шапқыншылығына ұшы- рап, бір миллион адамнан немесе халық санының 40 процентінен айрылған.

Алайда «Ақтабан шұбырындының» шығынын халқымыз феодалдық көшпенді заманында 75 жылда әрең толтырса, ал «асыра сілтеудің» апатын отырықшы социалистік заманда, қиын соғысты жеңіп шыққаннан кейін небары 24 жыл ішінде, 1969 жылы қайта толтырды, (сызбаға қараңыз). Бұл тарихи жетістігіміз жаңа пайда болған демографиялық өрлеудің нәтижесінде ғана мүмкін болды және оның қайта жаңғырығымен ұштасқан нағыз демогра- фиялық дәуірлеудің бастапқы кезеңі ретінде келіп отыр.

Егер демографиялық өрлеу болмаса, ондай үлкен шығынның орнын толтыруға баяғыдай 3—4 есе көп уақыт қажет болар еді. 1930 жылы демографиялық дағдарыс алдында қазақтардың өз республикасындағы 60 проценттік үлес салмағы енді қайтадан біртіндеп қалпына келіп, бол- жамымыз бойынша шамамен 2020 жылы бұрынғы деңгейі- не дейін көтеріледі. Бұл маңызды көрсеткіштің ең төмен түскен кезінен бастап есептесек, (1962 жылы —29 процент), оған 58 жылға дерлік уақытқа созылған ең жедел қарқынмен өсуін халқымыз сарп етпек. (Бүгінгі таңда процентіміз 41-ден жаңа асты.)

Сөйтіп, республика бойынша байырғы халық проценті- нің 60-тан 29-ға дейін қатты төмен түсуінің үштен екісі манағы ашаршылық пен үркіншіліктен болған, тек қалған үштен бірі ғана индустриализация, эвакуация, депотация

және миграция болды. Сонда халық қырғыны болмаса, қазақтардың проценті республикада 50-ден төмен түспеген болар еді. Зұлматтың ауыр зардаптарының бірі, міне, осы!

Шынын айту керек, біздер әлі көп жағдайларды терең зерттеу үстіндеміз. Бұл бағытта тарихшылармен бірге тізе қосып істелетін зерттеулер шаш етекпен, Осының бәрі жаңа басталған және зор болашағы бар алдағы демографиялық көріністерімізді дұрыс болжап, тура бағалап және дәлірек өлшеу үшін қажет. Негізінде демография ғылымы алыс болашаққа бағытталған. Ал өткенге көз жіберу — біздерге сол болашақ үшін керек.

1931—32 жылдары қарапайым шаруаларға экономиялық қысым жасалса, 1937—38 жылдары халықтық интеллигенцияға саяси қысым жасалды. «Халық жаулары» деген жалған айып тағылған халқымыздың талай аяулы перзенттерінен айрылды. Бүкіл ел басына түскен трагедияның біздің халыққа тиген зардабы да қыруар. Әрине, бұл жылдардағы репрессияның адам шығынын алдында болған асыра сілтеу кезіндегі және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығынмен салыстыру мүмкін емес. Алайда мұның халыққа тигізген рухани, адамгершілік және моральдық залалы айтып жеткізгісіз. Бұл кезде қазақ халқының ең көзі ашық, нағыз зиялы деген 22 мың азаматтары бірден атылып кеткен. Ал 44 мың интеллигент, қызметкер түрмеге жабылып, көп жылға айдалып кеткені қазір белгілі болды. Олардың көбі бала-шағасы бар, семьялы, жасы үлкен азаматтар болғандықтан, бұл қиянаттың әлбетте, халық үшін демографиялық зардабы қатты бола қойған жоқ. Алайда Сталиннің тікелей қолдауымен жүріп өткен бұл репрессия сол кезде ұлттық санасы енді ғана қалыптасып келе жатқан халқымыздың өзіндік психологиялық мінез-құлқын қатты жасытты. Былайша айтқанда, бұрынғы батырдың ұрпағы енді жуасыса, бұрынғы жуастың тұқымы енді қорқаққа айналды, ал енді бұрынғы қорқақтың тұқымы азғындалып, өзара сатқындыққа салынды. Бұл кезде бірін-бірі көрсетіп, өзара өш алу кең етек жайды. Рулық-тайпалық санадан әлі арыла қоймаған халқымыз бұл жолы да басқа туысқан халықтарға қарағанда шығындар мен қудалауға көп ұшырады. Мысалы, 1937 — 38 жылдарда нақаққа ұшырағандар процентке шаққанда қазақтарда өзбектерге қарағанда үш есе көп болған. Оқыған азын-аулақ интеллигенцияның барлығы дерлік қуғынға ұшырады. Аман қалғандар болмады, бола қалса олар да тергеуге түсті. Жала мен қудалаудың кең тарағаны соншалықты, әкесі баласына сенбейтін күйге жетті.



Нағыз демографиялық өрлеу жолына түсуі үшін халықтың денсаулығын қайта түзету, туу көрсеткішінің жоғарылауымен бірге, өлім-жітімнің тездеп төмендеуін керек етті, яғни нағыз демографиялық тасқын қажет болды. Ондай кез келе жатқан да сияқты еді.

Бірақ та, мейірі әлі де болса жібімеген қатыгез тарихтың қатал тәртібі бойынша алдағы осы жарқын болашағымызды енді сыртқы жаудан қорғап қалу керек болды. Барлық совет халықтарымен бірге, әрі барсақ, бүкіл әлем халықтарымен бірге шынығып, ширекқан халқымыз тағы да тарихтың қатал сынына түсті. Көп ұзамай, ең сұрапыл екінші дүние жүзілік соғыс басталып кетті.

Бүкіл совет халқын 20—25 миллиондық орасан зор шығынға душар еткен Ұлы ОтсРн соғысы қазақ халқы сияқты барлық советтік шығыс халықтарының нағыз демографиялық өрлеу мерзімін едәуір жылға тежеп тастады. Барлық совет халықтарымен бірге фашизмге қарсы бостандық үшін қасиетті күрестегі құрбандық тарихи толық ақталған шығын екені мәлім.

Ұлы совет халқы тарихта бұрын-соңды болып көрмеген ең сұрапыл екінші дүние жүзілік соғыстың негізгі ауыртпалығын көтерді. Фашизмге қарсы қан майданда миллиондаған совет азаматтары келешек ұрпақтың бақыты үшін, өз елінің еркіндігі мен басқа елдердің тәуелсіздігі жолында өз өмірлерін құрбан етті. Соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір совет семьясы бар деп айту қиын болар. Миллиондаған аналар өсірген ұлдарынан айрылып, аңырап қалды, миллиондаған әйелдер ерлерінен айрылып, жесір қалды. Сансыз көп жас әкелерінен айрылып, жетім болып өтті. Солай бола тұрса да ашаршылықтың демографиялық зардабы соғыстан да ауыр болғанын тағы да еске саламыз. Өйткені соғыста негізінен еркек кіндіктілер ғана өліп, ал өсім беретін — әйелдер және орын басатын — балалар аман қалды. Ал шаруашылықта керісінше, жеткіншек жас ұрпақ көп қырылып, ал бала туатын әйелдер қатты шығынға ұшыраған, немесе денсаулығы мүлдем әлсіреген. Сондықтан соғыстың тура шығыны ашаршылықтың тура шығынынан 6 есе кем болса, ал жанама шығындары тіпті 10 есеге жеңілдеу болды. Халқымыз соғыс шығынын, мысалы, 12 жылда толтырса, ал ашаршылық алып келген оқшылықтарды 40 жылда әрең толтырған.

Қазақ халқының ұлдары болашақ үшін болған осы орасан қанды шайқасқа белсене қатысып, асқан ерлік көрсетті. Қазақстанда қалыптасқан әскери дивизиялар

соғыстың ең қиын және жауапты шептерінде шайқасты. Атақты Москва түбіндегі және Сталинград үшін болған шайқастарда олардың бірі де шегінбей, күші басым жаудың бетін қайырды. Қазақ солдаттары Европа елдерін азат етуге қатынасып, Берлинге де жетті, жеңіс туын да тігісті. Жүзден астам қазақ соғыста Совет Одағының Батыры атанды. Соның ішінде екеуі әйел адам. Шығыс халықтары әйелдерінің ішінде олар тұңғыш рет осындай зор атаққа ие болды.

Соғыс басталғанда қазақ халқының жас жағынан демографиялық құрылымының бір ерекше атап өтетіндей ерекшелігі — сол кезде әскер қатарына жататын жастар мен ересек азаматтар процентінің жоғарылығы еді. Өйткені ашаршылық жылдары, әсіресе балалар мен кәрілер кеп шығынға ұшырап, аман қалған жастар мен ересектердің проценті соғыс басталар алдында едәуір артқан еді. Балалардың тууы жиі, ал шетінеуі аз болған, 1920—1926 жылдары туғандардың саны көп болып, олар әскер жасына жетіп, соғысқа белсене қатынасты. Рас бұл жылдары туған азаматтардың ең жасы кішілері тек соғыстың соңына ғана үлгерді. Өйткенмен майданға шақырылған 1890—1915 жылы туған ересектердің саны көп болатын. Себебі олар демографиялық жағдай едәуір жақсы болған, тыныштық кезде туғандар еді.

Соғысқа өз Отанын қорғауға аттанған ұлты қазақ 500 мың ер азаматтардың ең кем дегенде 350 мыңы соғыстан қайтқан жоқ.\* Тылда қалған әйелдер, балалар, кәрілер майдан үшін, жеңіс үшін аса ауыр жағдайда күні-түні дамылсыз жұмыс істеп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлес- терін молынан қосып жатты. Соғыс жылдары халықтың тұрмысының ауырлап кетуінен өлім деңгейі тағы да біраз көтеріліп, ал туу 2—3 есе сиреді. Майдан шығындарын санамағанда, тылдың өзінде соғыстың қызған шешуші жылдары халықтың саны да кеміді. Сөйтіп, халқымыз соғыстың тура және жанама шығындарын қосқанда 1941 — 1945 жылдары тағы да 500 мыңнан астам адамға зиян шекті. Халықтың саны бұрынғысынан да төмендеп, 1940 жылғы 3 миллион 150 мың адамнан соғыстан соңғы 1945 жылдың ортасында 2 миллион 650 мыңға түсті. (Одақ бойынша)

\* Соңғы жылдары жұртшылық арасында орталық баспада соғыстағы тұтқындар саны (5 млн. 750 мың) айтылып жүр. Соғыс жылдарында қанды майданда қапыда тұтқында қалған қазақ солдаттарының саны 50 мыңға жетті деуге толық негіз бар. Солардың көбі өз еліне қайта алмады, жат жерде қалып қойды.

Екінші дүние жүзілік соғыс халқымыздың өсімін 12 жылдай уақытқа тежеді. Соғыс әкелген шығын 1953 жылы ғана қалпына келіп, халық саны бұрынғы деңгейіне қайта көтерілді. Ұлы Отан соғысының қанды майдандарында қазақ азаматтарының процент жағынан тағы да көбірек шығын болуы көрші Орта Азия республикаларында мақ- таны стратегиялық маңызы бар шикізат ретінде қарап, оны егін өсіріп өңдеуге қатынасатын ер азаматтарға 1942 жылдан бастап бронь берілген.

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң қазақ халқы үшін бірнеше ғасырға созылған сан жағынан қатардан қалып, көшпелі тұрмыстың күшті тежеуімен өсімі баяулаған демографиялық тоқыраушылық кезеңі және отыз жылға созылған (1916—1945 жылдар) санымызды әбден-ақ кеміткен демографиялық құлдырау кезеңі аяқталды. Енді өзін ұзақ күттірген, социалистік құрылыстың артықшылы- ғына кенелген халқымыздың демографиялық қайта дамуы, яғни санының жедел қарқынмен өсуі, енді нағыз демогра- фиялық гүлденуі басталды. 1917 жыл барлық СССР халық- тарымен бірге қазақ халқы үшін күрделі саяси бетбұрыс болса, 1934 жылдан кейінгі кезеңде қазақ халқының өмі- рінде терең әлеуметтік бетбұрыс басталса, ал 1945 жылдан кейінгі кезеңде жаңа демографиялық бетбұрыс басталды. Әрине, осының бәрі Коммунистік партия дәйекті түрде жүргізген дана лениндік ұлт саясатының жемісі. Қорыта айтқанда тарихи даму барысымыз өте күрделі жолдармен, ауыр соқпақтармен Жүріп келуде.

Алдағы кезеңде Қазақстанның демографиясын ғана емес, тарихын, экономикасын, мәдениетін, бар болашағын өткендегі зұлматтың ауыр зардабы тұрғысынан зерттеу керек. Онсыз біздер шындықты қалпына келтіре алмаған болар едік.

\* \* \*

Жақында жүріп өткен 1989 жылғы Бүкілодақтық кезекті халық санағында қазақтардың саны шамамен республикада — 6,8 миллион, Одақта — 8,4 миллион, ал әлемде — 9,7 миллион болды. Халқымыздың өсу мүмкін- шілігі тубінде, немесе келесі ХХІ ғасырдың аяғында осы сандардан ең кем дегенде үш жарым есе арта алады. Олар біздің саны қалың немерелеріміз бен шөберелеріміз, немеНе- леріміз бен шөпшектеріміз болмақ. Ал олардың өмірі бүгінгі біздердің өмірімізбен жалғаспақ. Тіршіліктің басты тірегі ретінде ұрпақтар жалғасы бізден осыны тілейді.





мен осы ғасырдың басы да осындай бір жомарттық көр-сетті, ғажап бір дәулетке кенелтті. Халқымыздың атын шығарып, жұртшылығын қиын-қыстау күндерде жол бас-тап, жаңа өмірге алып шығар ерекше бір ұрпақ берді. Олардың ішінен небір өжет өрендер, қажымас күрескер-лер, қарымды қаламгерлер шықты. Бұлар әрі революция жеңісін ұйымдастырып, Совет өкіметін нығайтушы қоғам қайраткері, әрі қоғамдық пікірді қалыптастырып, рухани байлық жасаушы зергер жазушы, жалынды журналист болды.

Бірақ амал не, сол ардагер азаматтар тағдыр тақсіре-тіне ұшырады. 20-30 жылдардағы жауыздыққа, жалақор-лыққа тап болды. Бірсыпырасы ақыл-парасаттан азап шексе, көбі қиястықтың қырына ілініп, қиянаттың құрбаны болды. Төккен қанының, еткен еңбегінің қызығын көрмеді.

Қазір сондағы зұлымдықтың бет пердесі сыпырылып, әлеуметтік әділеттілік орнап жатқан кезде, сол сұмдықтың сыры неде, мезгілсіз мерт болған, арманда кеткен аяулы адамдарымыздың обалы кімнің мойнында, олардың көз-дерінің жаламен жойылуына кім кінәлі деген сұраулар әркімнің көкейіне келіп, жауап күтілуде. Міндетті түрде бұл сұраққа жауап берілуі керек. Мұны анықтап алу — даму тарихымыздағы бір «ақтандақты» жоюдың әрекеті, сондағыдай жауыздыққа, баскесерлікке жол бермеудің шарасы, әділеттілікті, адамшылықты, гуманизмді орнықтыру кепілі. Осыны түсінгендерден айналасына алақтап қарап, «бір пәлеге қалмас па екем» деп, сақтана, суыртпақ-тап өз ойын ортаға салушылар да көріне бастады. Бірақ әлі де батыл айту, ашық айту, кімнің қашан, қалай «сайра-ғанын» атын атап айту жоқтың қасы.

Иә, тарихымыздың қара беттері саналып отырған 37 — 38 жылдардағы репрессияға кім кінәлі? Кебіміз бұған Сталин және оның айтқанын орындап, абырой таппақ болған жандайшаптары кінәлі деп жатырмыз. Сөз жоқ, олар кінәлі. Өйткені өз билігін баянды етіп, тұғырдан түспеу үшін тайталасады-ау, иық тірестіреді-ау дегендерді жолдан алу саясатын жүргізген, осы ниетпен қуғынды-сүргінді хал-ахуал туғызып, қайраткерлердің бәрін дерлік жау көрген солар. «Жаудан сақ болайық, жауды ымырсыз әшкерелейік» деп ұран тастаған, нұсқау берген солар.

Сөйтсе де сол сорақылықтарға кінәліні, біздіңше, ең алдымен өз ішімізден іздеуіміз керек. Олай дейтініміз Орталықтан ешкім — Ежов та, Берия да, «қазақтар, сендер жау ретінде мыналарды ұстаңдар» деп ешкімнің атын атап,

түсін түстеп берген жоқ. «Зытайын деп тұрған қоянға тәйт деген соң не жорық» дегендей, әлгі нұсқауға өзіміздің белсеңділер елең ете қалды да аттандап шыға келді, ұранға айқай қосты. Жау табуға жұмылды. Қыза-қыза астананы қойып, ауыл, аудандарды аралап кеттік. Қой бағып, жер өңдеп, егін салып жүрген «жауларды» тауып алдық. «Донос» жасадық, жалған куәлік еттік, ұстап бердік.

Яғни жұртты жаппай жазалауға, қуғын-сүргінге ұшыратуға өзіміздің кейбір адамдар, баспасөз органдарымыз, және туысқан халықтардың жекелеген өкілдері себепші болды. Қазір солардың айтқанын, жазғанын оқып көрсең, жағанды ұстайсың, жаның түршігеді. Оқып көрелік.

Мұзапаров деген «ұлтшыл-фашист бандаларын түп тамырымен құрту керек» деп ұрандады да, былай деді: «...Есмұхамбетовты қолтықтап көмек беруші адам Қазақстан Жазушылар ұйымында да табылды. Ол — кәдімгі Майлин Бейімбет. 1915—16 жылдары екеуі айырылмас дос болған. Халық жауы Есмұхамбетов Бейімбеттің үйінде бірнеше рет қонақта болған. Есмұхамбетов досы Бейімбеттің ұлтшылдық бағытта жазылған өлеңдерін жерге тигізбей мақтап, жастар арасында, колхоздардың жиын жерінде айтып отыратын... Пролетариаттың заң орындары жоғарғы адамдар жөнінде тез тексеру жасауы керек, соның ішінде Есмұрзин мен Майлин да тексерілуі керек» («Лениншіл жас» газеті, 4.10.37). Демек, «жауды» үйіне қонғызған Бейімбет те жау, құрту керек.

I. Есілбаев деген - «Семей театры ұлтшыл Бековтің белтіріктерінен әбден тазартылсын» деп айқай салды. Ол былай дейді: «Театрдың ұйымдастырушысы кетіп, оның орнына ұлтшыл, контрреволюционер Уәлиахметов келісімен... театрға Мусин Шахан деген ұлтшыл сілімтікті алды. Екеуі бірігіп есек таратумен, езіне топ жасақтаумен болды... Өздеріне жақпайтын адамдарды қуғынға салды». Міне, осы үшін оларға «ұлтшыл», «контрреволюционер» деген айдар тағылған.

Ары қарай Есілбаев былай деп ертейді: «1934 жылдың декабрінде театрға Беков директор болды. Халық жауы, ұлтшыл Беков... искусствоға ешбір таныстығы жоқ, театрдың сахнасына жарамайтын адамдарды «бас артист» етіп алды... Кекібаев деген жер ауып келген саудагердің баласын, Қалтаев деген маскүнем оңбағанды, алашордашыл Байзақовты езіне «компания» етіп жинады. Контрреволюционер Мусин Шаханмен ауыз жаласты».

Мақаласының аяғында Есілбаев алашордашыл, ұлтшыл Бековтың белтіріктері Қиялов, Кекібаев, Қалтаевты театр-

дан қуу керек» («Лениншіл жас» газеті, 8.8.37), деп ұсыныс жасайды.

Бұдан кейін бұл театрға Жақан дегеннің «ықыласы» түсті. Ол Есілбаевтан да асыра соқты. «Театрға жаңадан режиссер болып Шахмет Хұсайнов барды. Хұсайнов — 1928 жылы алашордашыл Жұмабаев Мағжанның контр- революцияшыл өлеңдерін оқушылар арасына таратып, мақтағандығы үшін Қызылжардағы қазақ педтехникумынан қуылған зұлым. 1932 жылы контрреволюцияшыл ұйымға қатысқаны үшін тұтқынға алынған жауыз. Бірнеше жыл Жазушылар одағында Тоғжановтың, Жансүгіровтің қарамағында қызмет істеген. Халық жауымен ауыз жаласқан, қазірде комсомолдан қуылған Әбділда Тәжібаевтың қайнысы. Міне, бұл сұмырай Семей театрына барысымен Бековтің сілімтіктері Шалқаров, Қалтаевтарды тапты» («Лениншіл жас» газеті, 12.10.37) деп өртке май құйды.

Ш. Өржанов деген «Наркомпростағы халық жауларының ұяластарын» тауып «қырағылық» көрсетті. Бірімжанов, Байдәулетов, Сейітханов, Қарымсақов, Садықов, Аспендиаров, Үсенов, Айтметов, Есембаев, Әубәкіров, Иғенов, Мырзабекова, Ахметова, Назаров сияқты бір қора адамды «халық жауы» Жүргеновтің сілімтіктері деп «дәлелдеді». «Егерде бұлардың істеген зиянкестік зардаптарын тез жоюды ойласақ, әлгі халық жауы Жүргеновтің сыбайластарын Наркомпростан қуу керек» («Лениншіл жас» газеті, 21. 10. 37) деп «ақыл» айтты. Оның ойынша, оқу-ағарту халық комиссары Т. Жүргенов жау екен, ендеше сол комиссариатта істейтіннің бәрі жау. Қандай «күшті» логика десеңізші!

У. Нұрсейітов, М. Хангелдин дегендер де жауды жақыннан тапты. «Әлібаев Абаттың туған інісі Әлібаев Ыбырайдың «Қиыр бала» сияқты контрреволюцияшыл шығармалары туралы да, Әлібаевтың басқа тәртіпсіздіктерінде де комсомол ұйымы еске алмады. Халық жауы Абат әшкереленіп қолға түскеннен кейін де інісі Ыбырай комсомолдан қуылмады. Ол КИЖ-ді бітіріп кетті. Халық жауы, фашизмнің асыранды төбеті Жандосовтың күйеуі Сарбасов Базарбай КИЖ-де әлі оқып жүр» («Лениншіл жас, 23. 11\* 37), деп өкінішті реніш білдірді. Біреу жау болса, оның туғантуысқаны, күйеу баласы, жездесі — бәрі жау, құрту керек, қыру керек деп екіленді.

Осындай арсыздыққа бұлар қалай барды, көпке қалай топырақ шашты, аққа қалай күйе жақты деген сұрауларға, «бұл саяси сауаттың аздығынан, мәдени деңгейдің төмен-



дігінен болды» дейді. Жарайды, жоғарыдағы аты-жөні жалпы жұртқа мәлім емес белгісіз біреулер жөнінде солай- ақ болсын. Ал мына төмендегі арыстай, атақты азамат- тарымыздың «аттанын», «алыпқашпа айқайын» не деп түсіндіреміз?

Көп жыл бойы «Еңбекші қазақ» газеті редакторының орынбасары болған Сүгіров Рахым: «Ұлтшыл-фашистер өздерінің қастық әрекеттерін еш уақытта тоқтатқан жоқ. Өлкенің жаңа басшылығымен бірге ескі перегивті сөккен болып, сұркия сөзді бетке ұстап, Құлымбетов, Жүргенов, Жандосовтар — түлкі кұйрықты шошқалар — ездерінің фашист қожайындарының тапсырмаларын орындау үшін үнемі астыртын жұмыс жүргізіп келгендігі айқындалып отыр. Халық жаулары Асылбеков, Нұрсейітов, Ғатауллин бастаған контрреволюцияшыл ұлтшыл топ Орталық Қазақ- станның мал шаруашылығын өсіртпеуге, кері кетіруге аз қастандық істеген жоқ» («Социалистік Қазақстан» газеті, 15. 8. 37).

Сол 1937 жылы 11-12-октябрь күндері Жазушылар ұйымының жиналысы болды. Сонда Т. Жароков шығып, былай депті: «Мүсірепов әлі шынын айтқан жоқ. Ол ұдайы халық жауы Майлинді сүйеп келді... Біз Майлин әшкереленіп, қолға түспестен бұрын оның қазақ халқының ежелгі жауы екендігін «Қазақ әдебиеті» газетіне жаздық. Бірақ Мүсірепов ҚК (б) П Орталық Комитетінің мәдениет-ағарту бөлімінің бастығы болып тұрғанда, газеттің осы номерін кәмпеске жасатты, шығарттырмады, газетке Майлин туралы жазылған мақаланы өз қолымен түзеткен соң ғана газет жарыққа шықты».

Сондағы әдебиетіміздің қос алыбына қойған кінәсі не дейсіздер ғой. Ол мынау: «Мүсіреповтің халық жауы Майлинмен идеясы бір. Ол Майлин екеуі бірігіп «Аманкелді» пьесасын жазды. Бұл олардың идеясының бір екендігін көрсетті. Халық жауы Майлин жазған «Жалбыр» пьесасын Ұлы Октябрь революциясының 20 жылдық мерекесіне қою туралы Мүсіреповтің Опера және балет театрына бұйрық беруі де сол айырылмас достықтың белгісі». Осыдан кейін жазушылар жиналысы «Мүсіреповті саяси жағынан сенуге болмайтын, күмәнді адам» («Лениншіл жас», 16. 10. 37) деп тауып, мойнына қыл арқанды салып қойған. Бар кінәсі — Бейімбетпен дос болғаны, бірігіп пьеса жазғаны, оның «Жалбырын» қоюға нұсқау бергені.

«Келер кезек, терме тезек» дегендер бес күннен кейін Р. Жанұзақов дегенді сайратты. Ол жаңағыны айтқан Тайырды, оған қоса М. Қаратаев пен О. Тұрманжановты

«Жазушылар ұйымындағы буржуазияшыл-ұлтшылдардың сыбайластары, халық жауларының құйыршығы» деп тапты. Бері бөлтіріктерін жедел әшкерелеп, аластау керек деген міндет қойды (Лениншіл жас», 21. 10. 37).

Қалижан Бекқожин «Аудармадағы ұлтшылдыққа қарсы» деп үн көтереді. Ұлтшылдықты аудармада да көрсе- туге болады екен ғой деп, таң қалдық. Сөйтсек, аудармашылар орыс классиктерін қазақ тұрмысына жақындата аударуға, кейбір атау-терминдерді қазақшалауға тырысыпты. Осыдан Қалижан ұлтшылдықшы көріпті. Әшім Омарұлы мен Қадыр Тайшықовқа «ұлтшыл» деген атақ тағыпты («Қазақ әдебиеті» газеті, 21. 3. 37). Сөйтіп әлгілердің аудармадағы сәтсіз творчестволық ізденісін саяси айыпқа айналдырған.

Р. Жаманқұлов «Қырағылықты күшейтейік!» деп жар салды. «Кеше ғана ашылған Әмина Мәметованың жұмысы да әдебиет майданында ұлтшылдардың әлі тіміскелеп жүргенін дәлелдейді» деп «қырағылық» танытты. «Шәкәрім, Қарашев, Күлеев Бернияз сықылды ұлтшыл жазушылардың кітаптарын неге тез шығармайсындар дейтін талапкерлер де табылып отыр» деп кекеткен. «Осы белгілердің қайсысы болсын сақтықты күшейтуді керек етеді («Қазақ әдебиеті» газеті, 18. 1. 37) деп, әлі де жау көп, әшкерелей беру керек дегенді айтқан.

Саяси сауаты мол философымыз І. Қабылов, Рысқұлов пен Қожановты, Жолдыбаев пен Сұлтанбаевты, Мұстанбаевты предатель, сұмырай, ұлтшыл, алашордашыл, фашист, агент деген эпитеттермен таңбалап, жерден алып, жерге салған («Лениншіл жас», 4. 8. 37).

Ал айтыңыздар, саяси айып қоюға ұстамды болуға, байсалдылық, парасаттылық көрсетуге осы азаматтардың да өресі жетпеген бе? Олардың деңгейі, дәрежесі жетпесе, әлгіндей артық айыптауларды жариялаған газеттеріміздің өресі қайда? Құп алып қостап, қол қойған редакторлардың өресі қайда? «Ұлтшыл» атын таңа қоятындар біреуге осылай деп таңба басып айыптап, сенімді көрінгісі келетін, орын үшін, шен үшін бүкіл елді сатып кететін атаққұмарлар екенін осының бәрі білмегені ме?

Мүмкін, біреулер жоғарыда айтылғанның бәрі сын мен озара сын ғой, ниет — кемшіліктерді сынап жою, адамдарды ширату ғой дейтін болар. Жоқ, біздіңше, бұл — игі ниетпен, адал аңсардан туған, жолдастық рухтағы, адамгершілікпен айтылған сын емес, жалақорлық, асыра сілтеп гагылған саяси айып, жұртты жау етіп көрсетуге, ұстап жетуге негіз берген, себеп болған пікірлер.

Ал енді баспасөзіміз жазықсыз жандардың «жау» деп танылуына, қолды болып, жапа шегуіне қалай септігін тигізді? Біздіңше, баспасөзіміз де сөзге ерді, жіктердің ықпалына түсті. Онда айтылып жатқан айыптауларға, қойылып жатқан кінәларға сын көзбен қарау, оны парасатпен бағалау болмады. «Бұл қалай екен, әліптің артын күтейікші» деп ақылға салу, ұстамдылық көрсету жетпеді. Баспасөз де алып қашты, өртке май құйды. Жоғарыдағыдай жеке адамдардың байбаламдарын жариялаумен шектелмей, өз тарапынан да неше түрлі сорақы пікірлерге орын берді.

Бұл орайда, әсіресе сол кездегі «Лениншіл жас» газеті, оның редакторы З. Тұрарбеков ерекше белсенділік көрсетті. «Комсомолға кіріп кеткен жауды толық жоямыз» (18. 7. 37), «Бухариншіл контрабанда» және «Ауыл мұғалімі» журналының редакциясындағы ашық ауыздар», «Комсо- молдағы халық жауларын түгел әшкерелеп, түп тамырымен құртайық!» (8.8.37), «Комсомолдағы халық жауларын бірін қалдырмай әшкерелейік!» (12.9.37), «Буржуазиялық ұлтшылдардың ұясын тас-талқан жасау керек» (16 10. 37) деген сияқты редакциялық, лепірме, ат та шап, құрт та жой мақалаларды төпеп жатты.

Солардың бірінде М. Әуезов туралы мынадай сұмдықтар айтылды: «Әуезов 32-жылдан бастап ұлтшылдық бағыттан қол үздім десе-дағы, оның содан бергі шығарған еңбектері» бұрынғы ұлтшылдық жолдан аумағандығын көрсетеді. Оның «шығармаларының» көпшілігі совет өкіметіне қарсы, совет жастарын коммунистік рухта тәрбиелеуге қарсы жазылған нәрсе. Бұл кездейсоқ болған нәрсе емес. Әуезов халық жаулары Сейфуллин, Майлин, Жансүгіровтермен ұдайы бірге қызмет істеді. Олармен ым-жымы бір, жан жолдасы болды» (16. 10. 37).

Байқайсыздар ма, тырнақшаға алып Мұханның жазған- дары еңбек емес, шығарма емес дегенді аңғартқан. Совет өкіметіне, жұртты коммунистік рухта тәрбиелеуге несімен қарсы, ол неден көрінеді деген сауалдарға ешбір жауап бермейді, дәлел келтірмейді.

Жастар газеті ары қарай жазады: «Орманов Ғалиды алыңыз. Ол — халық жауы Жансүгіровтің «тәрбиелеп» өсірген «кадры». Орманов Жансүгіровті өзінің «оқытушы- сы» деп есептеген, оған өзінің шығармаларын арнаған. Жансүгіров әшкерленіп қолға түскенге дейін Орманов екеуі ет жеп, қымыз ішіп, серуендеп жүрген адам». Демек, ет жеп, қымыз ішкен Орманов та — халық жауы. Міне, айыптаудың сиқы, адамды құртудың амалы.

Газет тағы былай дейді: «Саин Жұмағали «Лениншіл

жас» газетінің бұрынғы редакторы Темірбековпен екеуі бірігіп, Сейфуллиннің контрреволюцияшыл шығармасы — «Тар жол, тайғақ кешуді» жастарға «осыны оқындар, осыдан үйреніңдер!» деп газетке мақтап жазды». Екінші бір материалда не айтты деңіз? «Тәжібаев Әбділдә сықылды астанамыздағы ұйымның активсымақтары ұйымнан іргесін аулақ салып, халық жауларының, контрреволюцияшыл ұлтшылдардың ықпалына түсіп кеткен. Ол комсомол ұйымының жиылысына, оқуына белсене қатысудан гөрі, ұлтшылдармен, сонынан қолға түскен халық жауларымен шүйіркелесіп кеткен. Солармен жүруді, солармен сырла- суды салтына айналдырып алған» (18. 7. 37).

Сонда ұлтшыл кімдер, олардың ықпалына түскенде не істеді, шүйіркелесіп кеткенде қандай жаулық пікірлер айтты — бұл жағы тек редакторға ғана белгілі болуы мүмкін. Сөйтіп, кезінде Әбекең қоғам жұмысына қатыспа- ғаны, біреулермен сөйлескені үшін «халық жауы» бола ж-аздаған.

Бірде бұл газет «Халық жауы Оразалиннің зиянкестігі» деген материал жариялады. Онда Оразалин «халық жауы Жүргеновпен бірлесіп мектепке көп зиянкестік істеді» деп үлкен айып тақты. Сонда не істепті дейсіздер ғой. Оған газет жауабы мынау: «Мектеп жанындағы интернат бала- ларының тұрмысын өте нашарлатты. Интернат жатақхана- сын өткен жылы ремонттамағандықтан қыстай жатаққа қар кіріп, мұз қатып тұрды. Соның салдарынан Бағаров деген комсомол ауырды. Тұрмағамбетов деген оқушы есінен айырылды» (4. 10. 37). Бір оқушы бала осы үшін мектеп директоры «халық жауы», «зиянкес» деп хабар жазған. Редактор З. Тұрарбеков оны жерден жеті қоян тапқандай қуана жариялаған. Мұнымен тұрмай, «Совет елі, совет жастары сталиншіл Нарком Н. И. Ежов жолдасқа, револю- цияның қырағы күзетшісі — чекистерге мың рахмет айтады» (8. 8. 37) деп алақайлады.

Мүмкін, З. Тұрарбеков: «Мен партияның, оның кейбір жетекшілерінің сол кездегі нұсқауын орындадым, бағытын ұстап, идеясын жүргіздім. Менде не жазық бар?» дер. Онда оған айтарымыз — партия ешқашан айқайға аттан қос, мін де шап, ұр да жық, өмірдің болмыс-құбылыстарына үнілме, үстірт қара, олар жөнінде пікір айтуға' большевиктік байсалдылық көрсетпе деген емес. Ал партияның жеке басшылары теріс, зиянды нұсқау беріп, асыра сілтеп жатса, дұрыстық пен бұрыстықты тани біл, сақ бол, арандап қалма, екі иығыңда өз басың болсын. Әрі әркімнің жина- лыста, көшеде айтқан, редакцияға жазған пікірлеріне

елендей берме, алып ұшпа, сын көзіңмен кара, байсалды- лықпен бағала, солардың көзің жеткен дұрысына, шынына ғана баспасөзден орын бер деп үйретіп келеді. Сол тұстағы редакторлар осы ақылды ескермеді, осылай істемеді. Олар осы үшін кінәлі, олар осысымен жазықсыз жандардың қолды болуына септігін тигізді.

Көп жазушылардың қақпанға түсуіне түрткі болған әлгідей материалдарды басқа газеттер де жиі жариялаған. «Қазақ әдебиеті» газеті. «Қырағылықты мейлінше күшей- тейік» (29. 1. 37) деген бас мақаласында «Хасанов, Уәлиах- метов, Айсарин, Мәметова сықылды алашорданың құйыр- шықтарының әдебиет, баспа маңында жамбастап перевод істеген болып жүріп, оқу кітабын, әдебиет программасын жазған боп жүріп, өздерінің ұлтшылдық, контрреволюция- лық пікірлерін өткізгені көп уақыт байқалмай келген» деп өкінді. «Бөрі жоқ деме бөрік астында, жау жоқ деме жар астында» дегендей, өте сақ болуымыз, қырағы болуымыз керек, дұшпанды тани білуіміз керек деп «кеңес» берді. Амал не, қырағы болғандағымыз, жауды тани білгендегіміз әлгі болды.

«Қазақ әдебиеті» газеті тағы бір материалында (23. 5. 37). І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Ғ. Мүсірепов, О. Беков- терді моральдық жағынан ұстамсыз, тұрмыстан азған адамдар етіп көрсетті.

Мұндай үстірт, парықсыз пікірлі материалдар «Социа- листік Қазақстан» газетінде де бой көрсетті. Мысалы, «Буржуазияшыл- ұлтшылдардың бірін қалдырмай әшкерелеп, жермен жексен қыламыз» (22. 9. 37) деген бас мақаласының әуені былай болып келеді: «Буржуазияшыл- ұлтшыл топтардың Қазақстандағы бас ұйымдастырушы- лары Құлымбетов, Есқараев, Садуақасов, Молдажанов, Құрамысов жауыздар еш уақытта адал ниетті адам болған емес, олардың ойлағаны ыңғай қастық болды. Бұлар бірін- бірі жасырып, ебін тауып, партия ұйымдарының аңқаулығын пайдаланып, екі жүзділіктің нағыз шеберлігін істеп... қашан ұсталып, қолға түскенше партия ұйымын алдап келді. Сәдуақасов осы жуыққа шейін Алматының қалалық және облыстық комитетінің секретары болып әрі өзін жасырса, әрі Құлымбетов сияқты серіктерін жасырып, жауды әшкерелеуге тырысқан адамдарды тежеп тастап отырды».

Көріп отырсыздар, бұл — жалпы сөз, дәлелсіз айыптау, «тисе — терекке, тимесе — бұтаққа» деп әйтеуір айыптау. Бас мақала пікірі былай деп түйіледі: «Бұлардың қалдықта- ры, жасырынып жүргендері әлі де жоқ емес. Батыс Қазақс-

танда Құрамысовтың ұяластары, Алматы облысында Сәдуақасовтың ұяластары, заң орындарында Есқаравтың ұяластары әлі жөнді әшкереленген жоқ. Бұл сұмырайлардың бірін қалдырмай әшкерелеп, оларды түп тамырымен құрту керек». Бұл, әрине, орталық органымыздың өзінің отқа май құюы, «халық жауын» әлі де көбірек табуға жұртты жұмылдыруы еді.

Ақылшы болар аға газетіміз Алматыдағы Фрунзе аудандық партия активінің бір жиналысын «Осы кемшіліктердің көбіне жауапты Мұқанов жөнінде, тіпті әңгіме болмады... Ең болмаса бастауыш ұйым өзінің Сәкен, Сәбит, Ілияс, Бейімбет жолдастардың халық жауларын әшкерелеуде партия ұйымына ешбір көмектеспестен, білетін нәрселерін айтпастан үнсіз жатқанын да көрсетпеді» деп сынады. Өлгі төрт жазушыны «халық жауы» етіп шығармады деп айып- тағандай болды. Солай студент қажет екеніне емеуірін білдірді.

«Большевиктік өзара сынды мейлінше күшейтейік!» (23. 9. 37) деген екінші бас мақаласынан мынаны оқимыз: «Рысқұлов пен Қожановтың құйыршықтары, әсіресе Оң- түстікте көп. Бірақ облыстық партия комитеті, оның секретары Досов жолдас коммунистердің дабылына құлақ қойған жоқ. Басты бірде-бір ұлтшылды өздігінен әшкереленген жоқ. Халық жаулары Бөкейханов, Кембаев, Есенгелдиндер жөнінде уақытында дабылдар болса да, Досов оны тыңдаған жоқ, қайта сол жауларды жақтаған мезгілдері де болды». Сөйтіп, Ә. Досов «халық жауларын таппайсың» деп кінәланды.

Бұл тұста эмоцияға берілу, арандатқан ағат пікірлерге құлақ қою, қол көтеріп қостау, айқай-сүреңге үн қосу өзгелерде де болды. Н. Тимофеев, С. Брайнин «Ұлтшыл- фашист жауларды түп тамырымен құртайық», «Буржуа- зияшыл-ұлтшылдар — Коммунист партиясы мен Совет өкіметінің ежелгі жауы» деп айқайлап шықты, еңбектер жазды. Онда олар «Қожанов, Садуақасов, Рысқұлов, Құлымбетов, Аспендиаров, Тоғжанов және олардың серіктері кім еді» деп сұрау қойды да: «Олар белгілі алашордашылар, ұлтшыл-фашистер, қазақ халқының нағыз жаулары» деп жауап берді.

«Қазір бірсыпыра шығармаларында алашордашыл контрреволюциялық істер істеп отырған кейбір қазақ жазушылары, соның ішінде Бейімбет Майлин сол кезде де, Октябрь революциясының және Азамат соғысының тұсында, алашордашыл баспасөз арқылы алашорданы дәріптеп мақтаған»— деп Бейімбетке ұрынды.'

«Қазір қолға түскен ұлтшыл-фашист, шпион, диверсант, зиянкес Құлымбетов, Диваевтар еш уақытта коммунист болған емес, партия билетін бетке ұстап шпиондық, жауыздық жұмыстар жүргізген. Олар шын ниетімен большевик болмақ түгіл, еш уақытта адал ниетті азамат та болған емес» деп соқты. Ал Рысқұловты былай қаралады: «Алаш-ордашылардың кейбіреулері және оған қосылғандар, мәселен, Рысқұлов алашордашылармен байланысын үзбей отырып, сол кездің өзінде-ақ партияға жасырынып кірген». 1919 жылы Рысқұлов алашордашыл Аспендиаровты совет жұмысына тартты және партияға кіргізді» («Социалистік Қазақстан», 21. 9. 37).

Бұлар басқаларды да айыптады. «Партияның X съезі қарсаңында,— деп жазды бірде,— Қожанов, Аспендиаров, Жандосов және басқалары троцкист-бандит Сапаровпен одақтасып және оның басшылығымен ұлт мәселесі туралы троцкистік-ұлтшылдық тезис жасап, ол тезистерін Сталин жолдасын тезистеріне қарсы қойды... Бұл тезиске Досов пен Төртқұлов та қол қойды» («Социалистік Қазақстан» газеті, 27. 9. 37). Яғни өзіндік пікір білдіруге, өзіндік ұсыныс жасауға талпынғандарды Сталинге қарсы келді деп, талмау жерден ұстады.

1937 жылы 14 августа Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің жанындағы бастауыш партия ұйымының жиылысында партком секретары Рождественский деген: «Жау Құлымбетовтің сезікті қылықтары болды. Кешкілік қызметте отырғанда Құлымбетовтің кабинетіне соңынан сөз ерген адамдар, мысалы, Масанімын, бірнеше рет келіп жүрді. Жүргенов те көп келе беретін еді. Осының бір де біріне көңіл бөлсекші, байқасақшы» деп сәуегейсіді. Құлымбетовке келіп жүргеннің бәрін «жау» деп ұстата бермегеніне өкінді. Жангелдинді жау Құлымбетовті өз уақытында әшкерелеуге партияға көмектеспеді деп айыпталды. («Социалистік Қазақстан», 17. 8. 38).

К. Пухов деген де әркімнің жағасына жармасты: «Орталық Комитеттің екінші секретары Нұрпейісов Есқараев-жауды қорғап, Москвадан келген тергеушіні шақырып алып... Қазақстан көлемінен 24 сағаттың ішінде тайып тұруға бұйырды» («Социалистік Қазақстан», 22. 9. 37),— деп шағынды. Мұндай куәлік сөздер кейін ескерілмей қалған жоқ.

Сбйтіп, 1937 жылғы репрессияның белең алуына, жұрты жайпап өтуіне сталинизмнің жүзеге асуына осылайша үш жақтап «қызмет қылдық». Интеллигенциямыздың бетке шығар қаймағын қалқып алып, қырып салуға өзіміздің

ішкі бақастық көмектесті. Осы орайда және бір жаман қасиет көрсеттік. Басқаның қайғысы өз қайғым, халық қай-ғысы деп түсінбедік. Басына пәле жабылған адамның өзін-өзі қорғауы қиын екенін, ондайларға ара түсу басқалардың парызы екенін еске алуға мұршамыз келмеді. «Бұл не деген жауыздыкі» деп сілкініп өре тұрғандар, шешініп тастап шындық жолына бас тіккендер бола қоймады. «Өзіме тимесең, мен тимен» деп басты бағып, бұғып жата бердік. Қойын тамақтап, бөктеріп бара жатқан бөріден қорқып, айқайлауға шамасы келмей отырып қалған қойшының кебін кідік. Әрине, қорықтық, қорықпасқа лаж жоқ еді, қауіпті еді. Сөз жоқ, тірі адамда қорқыныш, үрей болады. Әңгіме керек жағдайда соны жеңе білуде еді.

## 2. ЗҰЛМАТ ЗАЛАЛДАРЫ

1920-30 жылдардағы халық басына түскен қасірет, ауыр зұлмат адамдарымызға көп залал келтірді. Қоғамның ең қымбат байлығы — кадрларды көп қырып қойған жоқ, экономикалық, әлеуметтік дамуымызды тоқыратты, материалдық байлығымыздың молаюына бөгет жасады, Отанымыздың қорғанымпаздық қабілетіне үлкен зиян тигізді. Мұның үстіне ол көп адамдарымызды моральдық жағынан құлдыратты, кісілік қасиетті кемітті, ар-ожданға қаяу түсірді, саналы, гуманистік әрекет-қылықты азайтты, адамшылық, мархабатты іс істеуден жаңылдырды.

Осыдан барып ел арасында, интеллигенция арасында адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас өріс алды. Олар бір-бірінің қадір-қасиетін бағаламады. Бір-бірінің адамға бір-ақ берілетін ат құйрығындай қысқа өмірімен, бақыт табу, қызық көру ниетімен, бала-шаға өсіріп, балағатқа жеткізейік деген арман-аңсарымен санаспады. «Азамат еді ғой, қорламайықшы, ар-ұятын аяққа баспайықшы» деп, бірін-бірі аямады. «Адам — адамға бауыр, дос, жолдас» деген моральдық қағиданы ұмытты. Кешегі жрлдас, дос адамдар өзара дауласты, жауласты, кінәмшіл болып кінә тағысты. Тіпті, пәле іздесіп, жала жабысты.

Мысалға алдымен С. Мұқановты тыңдайық. «Б. Майлиннің 1925 жылы жазған «Ел мектебі» деген революцияға қарсы пьесасын көрсеттік. Б. Майлин бұл пьесасында ауылдың тұрмысын жамандады, пьесаға халық жауын мақтап, революцияға қарсы өлеңдер кіргізді. Қазақтың жас әдебиеті мен театрына зиянды кітап жазды» («Қазақ әдебиеті» газеті, 26. 4. 37).



Қазақстан совет жазушыларының 1937 жылы 26 апрельде өткен I-пленумында Сәбит тағы былай деді: «Әдебиет майданы» журналына өткен жылы жылдан артық редактор болған жолдас Сәкен Сейфуллин еңбек ақы алғаннан басқа еңбек сіңірмеді. Журналдың сапасын көтеруге зер салмады». «Троцкийдің бандасының бандит- қасы Галина Серебрякованың «Маркстің жас кезі» деген революцияға қарсы романын аударып басты. Сондай селқос қарауының арқасында журналдың 36 жылғы 9-санында революцияға қарсы мақала басылып кетіп, Сәкен жолдас партиядан сөгіс алып, редакторлығынан түсірілді».

Ал Илияс Жансүгіровті Сәбит 1935 жылы Сүйімбайдың ұлтшылдық, қырғыз бен қазақтың арасын өшіктіретін кітабын шығарды деп кінәлады. Сөйтіп, Илияс та, сүйегі қурап қалған Сүйімбай да ұлтшыл болып шықты.

С. Мұқанов тарапынан болған жора-жолдас, дос- жаранға деген әлсіздік ол тұста басқа ірі тұлғаларды да шарпыған. Әркім-ақ пендешілік көрсеткен. Мысалы, С Сейфуллин былай деген: «С Мұқановтың ірі қателіктері- нің болғаны, тап жауларымен байланысы күшті екені дәлелді. Жұмабаевты, Айсаринді ұйымға алуға күш сал- ғаны рас. Ал менің негізгі қатем — Мұқановтың осындай либералдығына, тап жауларына іш тартқандығына қарсы болуым болсам да, сол қарсылығымды өзіне айтудан әрі, осындай кейбір мәжілісте айтудан әрі ұзап кете алмадым. Тиісті жерлердің алдына мәселе қоя алмадым» («Соци- листік Қазақстан», 16. 7. 37).

Енді төмендегі төндірулерді тыңдап көріңіздер!

К. Дәукенов: Жинақтың ішіне ерте кезде ұлтшылдық идеологиясында жазған «Мерген мен бөкен» деген әңгіме- сін кіргізіп, Жансүгіров қазақ еңбекшілеріне Совет өкіметін жамандап, құбыжық етіп көрсетеді... Қазақ ұлтшылдары- ның ықпалына Жансүгіров те мықтап түскен. Сөйтіп, қазақ еңбекшілерін «бөкен», Совет өкіметін «мерген» етіп сурет- теген. Сөз жоқ, бұл — барып тұрған контрреволюциялық, Совет өкіметі мен қазақ еңбекшілерінің арасына дүііпан- дық отын жақпақшы болған алашордашылардың әрекетінен туған нәрсе. Бұл кітап оқушыларымызға ешбір пайда бермейді, пайда беруі былай тұрсын, оқушыны теріс пікірге, алашордашыл контрреволюциялық идеяға қарай тартады. Мұнымен қатар партиямызға жау элементтерге құрал болатын жинақ («Қазақ әдебиеті» газеті, 30. 7. 37).

Қ. Әбдіқадыров: «Мұхтар совет жазушыларының қата- рына кіргелі 5 жыл болды. Совет жазушысына істелетін жәрдем оған түгел берілді. Мұхтар үш-тәрттеген тәуір

еңбек те берді. Сонымен қатар ескі уақытта, ұлтшыл, ал&шордашыл пікірде жүріп жазған зиянды шығармаларын жинақ қылып басқызып отыр. Ол туралы өзі жұмған аузын ашқан жоқ. Сонымен қатар бұрынғы алашордашыл ұлтшылдар фашизмнің агенті болып беті ашылғанда, солардың сырын ашарлық іс істемей, үндемей отыруының өзі — күдік. Меніңше, олардың кеп сырын Мұхтар білуге тиіс еді. Беті ашылған жаудың тамырын қопара ашуға Мұхтар ат салысуы керек еді. Бірақ оны Мұхтар істемей отыр». («Қазақ әдебиеті» газеті, 13. 8. 37).

Д. Әбілев: «...Зиянкес элементтерден баспасөз орындары әлі де түгел арылып біткен жоқ. «Социалистік Қазақстан» газетінің езінде Атығаев тәрізді кулактың — байдың баласы отыр. «Сталин жолы» газетінде контрреволюцияшыл пікірімен Қазақстан Журналистер институтынан қуылған Айтжанов, кәмпескеленген байдың баласы Қасымбековтер жауапты қызметте істеп келеді. «Әдебиет майданы» журналында соңғы кезге шейін Әлихан Сүлейменов деген байдың баласы отырып келді... Салықов тәрізділерді... комсомолдан шығарылып, барлық сырлары ашылған соң да Балқашбв Үміт жолдас сақтап келді. Оларға қамқорлық істеді» («Қазақ әдебиеті» газеті, 23. 8. 37).

Ә. Жиреншин: «Аспендиаров өтіріктен өтірік маркшілдікті, лениншілдікті бетке ұстай отырып, тарихты ғылым емес, «өткендегі бір әңгіме» деп көрсетпекші болады... «Барлық өткен қоғамдардың тарихы — тап күресінің тарихы» деген анықтаманы «ұмытып» кетеді... Халық жауы Рысқұлов Аспендиаровтың кітабын өзінше сынаған болып, жұртшылықтың назарын оның хронология жағына жорта аударып... орасан сорақылықтарын көрінеу жасырғаны анық еді... Аспендиаровтың мына кітабы — зиянды, совет мектебіне жақын жолатуға болмайтын кітап» («Қазақ әдебиеті» газеті, 28. 8. 37).

Өржанов, Әлиев: «Сарыбаев Шамғали деген КИЖ-де қазақ тілі мұғалімінің контрреволюциялық идея жазылған үш кітабына сын жазылды. «Газет істері» деген кітапшасына сын «Аудандық газеттерге көмекші» деген БК(б) П Өлкелік комитетінің баспасөз бөлімінің шығарған журналының 8—9 санында жазылды. Онда партиямыздың тарихын бұрмалап, көсеміміз Лениннің ісіне мін келтіргені көрсетілді. Сарыбаевтың «Сара мен Еркін», «Октябрь және балалар» деген кітаптарында «Лениншіл жас» газетінде сын басылып, онда алашорданың идеясын таратқаны, балаларға коммунистік тәрбие беру ісіне мүлдем қарсы бағытта жазылғаны әшкереленген. Баспасөз орындары мен инсти-

тут оқытушылары көпшілігінің Сарыбаев туралы орынды талаптарына қарамастан, КИЖ-дің дирекциясы Сарыбаевты әлі мұғалім етіп ұстап отыр» («Қазақ әдебиеті» газеті, 17. 3. 37).

Міне, бұрынғы сырлас, әріптес, жолдас, дос адамдар бір-біріне осылайша ғайбат айтысты. Олардың «пәлен жау ана жерде отыр, түген жау мына жерде отыр, неге ұсталмайды» деп, бірін-бірі түртпектеуі, саусақпен шұқып көрсетуі, саяси ауыр айыптар тағып, жала жабуы артынша өз «жемісін» берді, көп азаматтарымыздың тағдыры шешілді. Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров, Аспендиаров және басқалар тұтқынға алынды. Бірсыпыра адамдар қызметтен қуылды.

Көзі тірі, алдымызда аман отырған адамдар адресіне жоғарыдағыдай айыптар тақса, қолды болып қалғандар туралы азаматтарымыздың аяп қалары болмады. «Жаптым жала, жақтым күйе», не болса, о болсын дегенге дейін барды. Оларды мүлде жексұрын етіп көрсетуге тырысты.

Х. Жүсіпбеков: «Бұрынғы ұлтшыл уклонист — Нұрмақовтар, Рысқұловтар, Қошанбаев, Диваев, Сарымолдаев, тағы басқалардың фашист бандиттері троцкист-бухариншіл жауыздармен ауыз жаласып, нағыз контрреволюцияшыл сұм болып шығып отыр. Соңғы кезге дейін Жазушылар ұйымының, көркем әдебиет баспасының саяси бейқамдылығын, ашық ауыздығын пайдаланып, халық дұшпандары Сұлтанбаков, Жұмабаевтар көркем әдебиет аудармасын алып келген. Уәлиахметов, Қоңыратбаев, Айсариндер бір кезде Жазушылар ұйымының басқарушы ісіне дейін араласып жүрген. Беков, Ғатауллиндер әдебиет маңында болып келген. Осы жауыздардың көркем әдебиетке істеген қаскүнемдіктері аз емес. Сондықтан біздің ең басты міндетіміз — контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдығымен, оған ымырашылдық жасаумен ешбір аяусыз күресіп отыруымыз керек» («Қазақ әдебиеті» газеті, 14. 7. 37).

Ж. Саин: «Халық жаулары, фашизмнің қарғылы төбеттері шаруашылық, мәдениет құрылысымыздың бір ғана бөлігіне зиян жасап қойған жоқ, олар өздерінің екіжүзділік сұрқиялығын пайдаланып, әр жерге ақ қанат жайғысы келді. Олардың сұр күшіктері Тоғжанов, Жансүгіровтер осы күнге дейін көркем әдебиет майданында орын алып келді» («Қазақ әдебиеті» газеті, 31. 8. 37).

Рахимов: «Жүргенов, Тоғжанов, Қадырбаевтардың қазақ драма театрына әдейі қаскүнемдік жасау үшін, оған көңіл бөлмей, театрдың құлауына әрекет жасағандығы қазір айқындалып отыр. Халық жаулары қазақтың Опера

театры мен драма театрын да біріне-бірін қарсы қойды» («Лениншіл жас» газеті, 3. 9. 37).

О. Кенжеғараев: «Құлымбетов, Ескараев, Сәдуақасов, Құрамысов тағы басқа Жапон империализмінің агенттері бастаған ұлтшыл-фашист бандалары Қазақстанды Ұлы Советтер Союзынан бөліп алуға тырысты. Қазақтың бос- тандық алған Социалистік Совет республикасын Жапон империализмінің колониясына айналдырмақшы болды, феодалдардың, байлардың, молдалардың үкіметін қайта орнатпақшы болды. Қазақ еңбекшілерін аштыққа, қайыр- шылыққа ұшыратпақшы болды. Зұлым ұлтшыл-фашист бандалары жастарға да өздерінің арам қолын созды. жас- тардың ішіндегі тұрмыс жағынан бұзылған, саяси табансыз элементтердің ішінен шпиондар, диверсанттар, зиянкестер кадрын тартты. Өлкелік комсомол комитеті өзінің басшы- лығында ұзақ уақыт халық жауы, ұлтшыл-фашист Тәшти- товтің отырғандығы осыны көрсетеді» («Лениншіл жас», 12. 11. 37).

Кейде тіпті «бет қызылын белге түйіп», «ұят болар» деп қиналмай, құлаққа кірмейтін күлкілі айыптар тағылды. Біреулер былай деп те соқты: «Ырғыз ауданынан табылған халық жаулары Асқаров, Жоламанов дегендер Құлымбе- товтің диверсиялық, зиянкестік істерін тура жүзеге асы- рушы болған... Зұлым Асқаров халық жауы Құлымбетовтің тура заданиесімен «Қазақстанның 15 жылдығы» значогін өңкей сұмдарға, сұрқияларға үлестірген. Құлымбетов сияқты сұрқия адамдарға үлестіруді міндеттеген.

Асқаров Алматыдан сәлемдемеге значок әкеліп үлес- тіргенде, соның бірін Егембергеновке де береді... Ешбір ұйымның қаулы-қарарынсыз Егембергеновтің халық жауы қолынан значок алуы да күдікті. Ырғыз партия ұйымы газеттің, газет редакторы Егембергеновтің күдікті позиция- сын тез айқындауы керек». (Социалистік Қазақстан» газеті, 15. 9. 37). Сөйтіп, берген значогті алғаны үшін аудандық газет редакторы күдікті адам болып шыққан.

Қазақ алыстан айғайлап, ат ойнатып келген ашық жау- дан да, іште жүріп, іштен шалған жасырын жау, жымысқы жау жаман дейді. Бұлай деп отырғанымыз кейбір қулар С. Сейфуллиннің, Б. Майлин мен І. Жансүгіровтің көзін жойғаннан кейін астыртын белсенділікті күшейтті, жаулық- тың жасырын жолына түсті. Аты-жөнін, лауазымын білдір- мей, газет-журналдарда бұғып отырып, редакция атынан даттады. Өздерінің улы зәрін редакциялық етіп төкті, редакцияны бетке бүркенді.

Бұл әдіске, әсіресе сол кездегі «Қазақ әдебиеті» газетінде істеген кейбіреулер жиі барлы 1937 жылы 8 октябрьде олар «Жазушылар ұйымында і ұлтшыл-фашистік жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық!» деген мақала жариялап, С. Мұқановқа қайта шүйілді. Мынадай ауыр айыптар тақты: «Жазушылар ұйымының басында отырған Мұқановтың өзі жаулармен күресудің орнына, сол жаулардың құшағында болып, солармен ауыз жаласып, солардың айтқанын істеп, ұлтшыл-фашистердің қолшоқпары болып, біле тұра солардың зиянкестік, жаулық амалдарын үдетуге себеп болып, партияға, үкіметке қарсы іс істеуге тырысқан жаулардың зиянкестігіне толығынан қосылып, олармен табақтас, шанақтас болып келген.

Мұқанов 17 жыл бойы Коммунист партиясы қатарында болып келсе де, оның ешқашан да париялық беті болған емес. Ол 23 жылдан бері осы күнгі халық жауы болып әшкереленіп отырған ұлтшыл-фашист Сәкен Сейфуллиннің партияға қарсы ұлғшыл, контрреволюциялық жігінде болып келген... Сейфуллинді көтермелеп, оны мақтап, соның ұлтшылдық идеясын пропаганда етіп келген. Мұқановтың азған шығармалары бастан аяғына дейін ұлтшылдық, партияға қарсы пропаганда болып отырған... Мұқанов өзінің өмірінде халық жауларымен еш уақытта қатынасын үзген емес. Ол әшкереленген халық жаулары Асылбековпен, Сейфуллинмен, Рысқұлов, Нұрмақовтармен табақтас болып келген».

Осындай сұмдық саяси айыптаудың негізінде Сәбитті партия қатарынан шығаруды, Жазушылар ұйымының басшылығынан кетіруді талап еткен. Жазушылардың 11-12 октябрь күнгі қалалық жиылысы оны партиядан, одақ мүшелігінен шығарып, ұйым басшылығынан қуған.

Дегеніне жетіп қанаттанған жалған әшкерелеушілер бір апта өтпей найзаны Ғабитке қарай лақтырған. Оны «халық жауларының жетегіндегі жазушы» деп таңбалаған. Бұл мақала да алдымен «халық жауларымен ауыз жаласып, олардың жетегіне еріп кеткен, өзінің партиялық, моральдық пішінінен айырылған, буржуазияның жырын жырлаған Мұқанов партия қатарынан шығарылды» деп қуана хабарлаған. Сонан соң Ғабитті сыбаған.

Мүсірепов Ғабит,— дейді олар,— қазіргі әшкереленіп отырған халық жаулары Сейфуллин, Жансүгіровтердің тұсындағы «Өзгермейтін бас жазушының» біреуі болған адам... Мүсірепов өзінің шығармаларында жауларды, қарасы өшкен ескі өмірді дәріптейді, жат, шірік идеяны

пропагандалап, көкке көтереді... Шынында Мүсірепов — жаудың батпағына батып, азған адамдардың қойнына кіріп, құшақтасып кеткен адам...

Мүсірепов — халық жауы Майлиннің жан аямайтын досы. Онымен қойындасып, құшақтасып, бірге тұрып, бірге жүрген адам. Сондықтан да Мүсірепов халық жауы Майлинді қанатының астына алып, қорғап келді. Майлиннің бұрын алашорданың офицері болғандығы, Совет өкіметіне қарсы күрескендігі, большевиктерге оқ атқандығы, шығармаларындағы контрреволюциялық концепциялары жайында Жазушылар ұйымының жанындағы партия ұйымы мәселені дер кезінде көтерсе де, Мүсірепов өзінің қызмет орнын пайдаланып, Майлинді қалай да аман алып қалуға тырысты... Ол халық жаулары Ғатауллин, Айсарин, Жаманқұловтармен байланысып, олармен араласып жүрді...

Мүсірепов жазушылар арасында болған бас қосып, маскүнемдікке салынудың дәл ортасында болды... Музыка театрында өзі бас болып, артистер арасында азғындық дертінің уын септі». («Қазақ әдебиеті» газеті, 15. 10. 37).

Жатып атарлар мұнан соң бес күннен кейін Әуезовке ауыз салды. «Әуезовтің сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды» деп тепсінді. Сонан соң былай дей сайрады «Әуезовтің советке келгеніне, совет жазушысы болғанына бес жылдан аса уақыт өтті. Бірақ Әуезовтің бүгінге дейін шын советтік бағытта жазылған іліп аларлық бір шығармасын көре алмай отырмыз... Ол әлі 1932 жылғы уәдесін қайталақтап, «мені істе сынаңдар, мен ұлтшылдық, байшылдық пікірден мүлдем қол үзген адаммын» деумен жүр... Әуезовтің 1932 жылдан бері жазған шығармаларынан іліп аларлық, советтік дерлігі.. «Түнгі сарыны» да сол бұрынғы «сарынын» совет сахнасына шығаруға тырысқандығы. Ал... «Алма бағында», «Тас түлек» пьесалары барып тұрған совет жастарының өміріне жала жапқандық. Совет шындығына, жастар жұртшылығына суық қол сұққандық... Әуезов бұл пьесаларында астарлап отырып, совет жастарына күйе жағып, жаудың сойылын соғуға тырысқандығы айқын көрінеді. Бұл бұрынғы ашық байшылдығының, ұлтшылдығының бетін бүркемелеп, советтік шығарманың атын пайдаланғандық... Әуезов бірлі-жарым шығармасында ғана «қателесіп» отырған жоқ, совет жұртшылығына, совет жастарына жала жауып, ескілікті дәріптегенін оның барлық шығармаларынан көреміз». («Қазақ әдебиеті», 20. 10. 37)

Тасадан садақ тартқандардың нысанасына төртінші болып Есмағамбет ілінді. Олардың айтуынша: «Смайлов

іоінт жачушыларының тонын жамылып, ұлтшылдардың оп.та май кұятын, емірдің шындығына жанаспайтын ииямды нiкiрлi олеңдерiн таратып келдi. Смайлов көптен халық жаулары Сейфуллин, Жансүгіров, Жаманқұловтар- дың сыбайласы болып келген. Смайловтың «ақын», «сыншы» болуына да сол сыбайластары көмектескен. Смайловтың «сыншылдығы» халық жаулары Сейфуллин мен Жансүгіровтің халық тілегіне қарсы «шығармаларын» мақтап, мадақтаудан әрi барған жоқ... Өшкереленген халық жауы Сейфуллин, Жансүгіровтердің құйыршықтарының әлі де болса жазушылар маңынан түгел аласталынып жойылып бiтпегендiгiне осы Смайлов фактiсiнiң өзi-ақ айғақ бола алады». («Қазақ әдебиетi» газетi, 16. 11. 37).

**Тiлiне, стилiне, мазмұнына, жасаған ұсыныс, қойған мiндетiне қарағанда, жоғарыдағы жалған материалдар- дың бәрi бiрер адамның ғана суық қолымен сүйкелгенi аңғарылады. Бұған кез жеткiзу үшiн мына үзiндiлердi салыстырып, оқып көрiңiзшi!**

«... Жұмабаевты қызметке орналастыруға ниеттенгенi, тағы басқалары Сәбиттiң жай ғана қатесi емес, үлкен саяси қателескенi».

«Бұл қате кездейсоқ нәрсе емес. Бұл қате — Мүсiрепов- тiң саяси бетiне күдiк келтiретiн қате».

«Совет жастарын құбыжық қылып көрсетуге тырыс- қаны — әлде қалай кездейсоқ iс емес, оның (М. Әуезов- тiң — Т. Қ.) негiзгi идеясымен байланысып, сабақтасып кеткен қателерi емес, бүкiл жазушылық системасына тамырын терең жайып, орын алған идеясының сабағы».

«Оның (Смайловтың — Т. Қ.) қателiктерi де — кездей- соқ қана болып отырған қателер емес, оның саяси идеясы- мен, саяси бетiмен байланысты, халық жауларының әде- биетке iстеген зиянкестiктерiмен жалғасып жатқан зиянды қателер».

Осындағы пiкiр, сөз саптау ұқсастығы, әдебиетiмiздiң ерен ерлерiне таққан саяси айыптардың бiрдейлiгi тегiн емес.

Ал ендi сол жалақорлық'шатпақтардың қойған мiндет- терiн, жасаған ұсыныстарын қараңыздар!

«Жиылыста сөйлеушiлердiң бәрi де Мұқановқа саяси жағынан сенбейтiндiгiн бiлдiрдi, оның барлық зиянды былықтарын бетiне басты. Жиылыс Мұқановты БК(б) П қатарынан шығарды. Жазушылар ұйымының бастығынан алуды тиiстi орынның алдына қойды».

«Тиiстi орындар Мүсiреповтiң саяси бетiн тексерiп, қо- рытынды жасауы сөзсiз. Бiздiң жазушылар жұртшылығы 86

жаулардың қалдықтарынан арыла отырып, өзінің қатарын табансыз, тұрақсыз адамдардан мүлде тазартуы керек».

«Әуезовтің шығармаларындағы өрескел қателерді тексеріп, тиісті қорытынды жасайтын уақыт жетті».

«Әшкереленіп отырған халық жауларының қалдықтары түп тамырымен құртуға жұмылу керек».

Көріп отырсыздар, бәріне де Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Есмағамбетті халық жауы деп ұстауды, Сәкен, Бейімбет, Илияс артынан жіберуді ұсынған. Сөйтіп, қараниеттер халқымыздың аспандағы жарқылы ерекше ең ірі жұлдыздардай бетке ұстар адамдарын түгел жоқ қылуға күш салған. Ар-оғанды жиып қойып, жалақорлықтың ең жаманына барған. Абырой болғанда, ел-жұрттың ниетіне, әдебиетіміздің игілігіне бір ғажаптың құдіретімен соңғы өнер алыптарымыз қолды болмай, аман қалған.

Үлкенді сыйлау, ұстаздарды құрмет тұту, олардың алдында ізеттілік, көргенділік көрсету — халқымыздың сүйекке сіңген, ұрпақтан ұрпаққа дарыған жақсы дәстүрі, басқаны сүйсінткен салты еді. Зұлматтың үшінші бір залалы — сол нәубет кезінде жасы кіші жандардың бірсыпырасы осы ізгі қасиеттен айрылып қалды. Өтірік айтып, үлкендерге жала жауып, «беттен алып, төске шауып», әкесін сақалдан алып сабағандай мінез көрсетті. Мысалы, сол кездегі марксизм-ленинизм институты тарих бөлімінің бір топ студенттері үлкен ғалым, білікті ұстаз Аспендиаровқа ұрынды «Аспендиаровтың... әлеуметтік көзқарасы алашордашылдық, рысқұловшылдық... Аспендиаров фашистердің ақшасына сатылып, фашистер нені айт десе, оны көкіп, тарих жазудың орнына ертегі соғып келді... Аспендиаровты тарихшы етіп, дәріптеп келушілер кәдімгі ұлтшыл-фашист Жүргенов болды. Шынында Аспендиаров тарихшы емес, жарапазаншы» («Социалистік Қазақстан» газеті, 16. 9. 37), деп ұстаз бағалағыштық «танытты». «Халық жауы Аспендиаровтың жазған «тарихын», зиянды теориялардың сырын әбден ашып, өзімен бірге оның, зиянкестігінің зардабын да құртуымыз керек» деп, оны ұстауға шақырды. Ақыры олардың дәлілігі орындалды.

Осы сияқты Алматы пединститутының бір топ студенттері өз ұстазы Әмина Мәметованың үстінен шағым ұйымдастырды. «Бізді дұрыс оқытпайды. Алашордашыл ақын-дардың зиянды өлеңдерін айтады... Тіпті контрреволюционер, алашордашыл ақын, соңғы кезде бандит болып, талай еңбекшілердің қанын жұтқан Шәкәрімді де мақтайды. Шәкәрім алашорданың әрі ақсақалы, әрі соты болып, контрреволюцияның жырын жырлаған ақын екенін кім де



болса біледі» («Лениншіл жас» газеті, 21. 1. 37), деп білгір- сіді олар.

«Жаман әдет жұкқыш» демекші, осындай көргенсіздік, алды- артты аңғармай сөйлеушілік жергілікті жерлерге де барып жетті. Аягөздегі орта мектептің бір оқушысы өз ұстазы Нұрымовты «контрреволюционер, алашорданың ақыны Шәкәрімді «атақты ақын» деді» деп айыптады. «Нұрымов — тап жауы. Оны бір минут те сайрандатпау керек. Оның басқа да серіктерін тауып, оларды жеріне жете әшкерелеу керек. Совет мектебінен контрреволюционер алашорданың сілімтігін қуу керек» («Лениншіл жас»,) қырағылық танытты. Бұл да «халық жауларын» көбірек табуға шақырды.

Әрине, біз жастар үлкенді сынағанын, олардың кемшілігін көрсетпесін деп отырғамыз жоқ. Әңгіме әлгілердің әділдікке, партиялық принципке негізделген, достық, сыйластық рәуіште айтылған сын емес, ұстаздарына орынсыз ұрынып, инабатсыздық көрсету екендігінде болып отыр. Бұл да кейбір қулардың жастарды өз қарсыластарына айдап салудың көрінісі. Өкінішке орай, езі бұтаның түбіне бұғып жатып, бас білместерді қолтығына су бүркіп, ұстазына қарсы арандататын, солардың қолымен от кесейтін сары- ала сұмдар бүгінде де жеткілікті. Бұл да моральдық құлдыраудың бір көрінісі.

Партия мен үкіметіміз қоғам мүшелерін гуманистік қарым- қатынас, қиындықта бір-біріне қол ұшын беру, көмекке келу рухында тәрбиелейді. Аштықта аузындағысын белісіп жеуге, қасіретті күндерде ауыртпалықты бірге арқаласуға, езара мейірімді, қайырымды болуға үндейді. Мұндай адамгершілікті ұлттық өмір сүру салтымыз да, ата-баба дәстүрі де талап етеді. Осыны ескеріп, Ғабит сол ауыр күндерде Б. Майлинге, М. Ғатаулинге, Т. Нұртазинге, Ш. Хұсайновқа қол ұшын берді. Сәбит Асылбеков пен Айсаринге, Жаманқұлов пен Уәлиахметовке іш тартты, реті келсе, көмектескісі келді. Осы адамгершіліктері үшін де олар соққы астында қалды. Ғабитті: «Майлин туралы мәселені ұзақ сонарға салып созып келді... Соңғы кезге шейін ашықтан ашық сүйеппен келді. Бұдан асқан жауға либералдық, жаудың өмір сүруіне мүмкіндік бергендік бола ма?.. Мүсірепов халық жауы Нұртазинге жәрдемдесті, теріс идеяда жүрген, бұрын ұстауда болған Хұсайновқа жәрдемдесті. Олардың зиянды адам екенін біле тұра, жауапты қызметтерге орналастырды. Хұсайновтың ұлтшыл элемент екендігі туралы Жазушылар ұйымында әлдеқашан сез болғанда Мүсірепов оны жақтап, сүйеппен келді. Қолты-

ғының астына алып, пәтер беріп, жағдай жасады» («Қазақ әдебиеті» газеті, 15. 10. 37) деп кінәлады.

Ғ. Мүсірепов «Мен Майлинмен жақын жүрсем, оның кім екенін білген соң, саяси жағын сенген соң жақын жүрем» деп қарысып-ақ бақты. Сонда жалақорлар: «Әрине, Мүсірепов Майлиннің кім екенін біледі. Майлинде Мүсірепов білмейтін сыр жоқ. Мүсіреповтің саяси бетін осының өзі-ақ көрсетеді» деп жабыса түсті. Ақыры жалақорлар жеңді, Бейімбет «халық жауы» атанып, бұғауланып кете барды.

Ал Сәбитті: «Жазушылар ұйымына бастық болған Мұқанов та кейбір жау элементтерге жанасып жүрді. Уәлиахметовпен бірлесіп кітап жазды. Айсаринді жұмысқа алуға ұсынуден болды. Ақырында Жұмабаевты шақырып алып, оған аударма кітап бергізді. Партиядан қуылған Орманбаев Жұмабайды қызметке алды» деп тұқыртты. Сәбең де: «Мені осы жұмысқа партия қойды. Сондықтан өз жауапкершілігіммен де кісі алам, мәселе шешем» деп біраз бұлқынды. Бірақ жазалау тегеуіріні күшейіп, жалған әшкерелеушілер күш алып бара жатқан соң райдан қайтты.

Елді осылайша адамгершіліктен бездіру де, қиындықта бір-біріне қол ұшын бергізуге мәжбүр ету де — зұлматтың моральдық зардаптарының бір көрінісі еді.

Жалған әшкерелеушілердің ардан безгені, елді қуғындауға құныққаны соншалық, орталықта «халық жауы» деп танылған қайраткерлерді «түп тамырымен құртамыз» деп екіленді, олардың «тамырына» қол салды, елінде жатқан бейкүнә туғантуысқандарына, жерлестеріне құрық тастады. Оларды да опонай «халық жауы» деп жариялады да, бұларға жаулықты үйреткен жоғарыда қызметте болған жерлестері деп жала жапты.

Осы арам ниетпен жалақорлар Преснов және Үржар аудандарынан контрреволюцияшыл, троцкийшілердің, буржуазияшыл ұлтшылдардың топтарын тапты. Аудан басшылары Қапаров, Конухов, Матжанов, Мадалиевтерді былай деп айыптады: «Совет өкіметін құлатуды, капитализмді, байлардың үстемдігін қайта орнатуды мақсат қылған. Қазақстанды Советтер Союзынан бөліп алып, Жапония қоластына қарайтын буржуазияшыл мемлекет құрмақшы болған. Қазақ халқын Жапония мен Германия фашизмінің құлына айналдырып... колхоздар мен совхоздарды, МТС-тарды жойып, шаруашылықтың социалистік түрін жоқ қылып жібермекші болған». («Социалистік Қазақстан» газеті, 22. 7. 37).

Жапония, Германия қайда екенін білмейтін, тіпті ол мемлекеттерді картадан көрсете алмайтын толып жатқан адамдарды солардың агенті етті де, оларға мұны Құлымбетов сияқты актардың жемдеті, Сәдуақасов сияқты қой терісін жамылған қасқырдың күшігі — ұлтшылдар үйреткен деп сендірді. Осындай құлаққа кірмейтін, қисын-сыз жаланың негізінде әлгі аудандардың бас көтерер басшылары атылды, бірнеше адам 10-15 жылға «ит жек-кенге» айдалды.

Ауыр зұлмат творчество адамдарын сенім мен үміттен айырды, мүлде су жүрек етті. «Қайсар екен», «қашан, қай жағымыздан соғар екен» дегізіп күдіктенуді күшейтті. «Байтал түгіл, бас қайғы» етіп жалтақтатып, бұқтырып жібереді. «Творчествосы құрысын, тыныш жүріп, аман болайықшы» дегізді. Сөйтіп, ақын-жазушылар тарапынан творчествоға селкостық туғызды, оларды бұқарадан аулақ-тауға мәжбүр етті.

Осыған қарамай, ақын-жазушыларды жазбайсыңдар деп желкеледі. Үндемеулерінен күдік қылды, жаулық көрді. Ұстардың алдында Сәкенді «шығарма жұмысы шабандап кетті, соңғы жылдарда көрнекі ешнәрсе жазбады, жұртшылықпен қатысы азайды» деп айыптады. «Сәкен жолдас халық жауларымен күнделікті күресудің орнына, олардың қылығына шектен асқан шыдамдылық істеп үндемей отыр. Қазірде, қазақ ұлтшылдығы ең басты қауіп болып отырғанда, бұрынғы уколандар, партияға қарсы жіктер — бәрі бір жерге құйылып, ұлтшыл-фашистке айналып отырғанда, Сәкеннің тым-тырыс үндемей отырғаны, партия ұйымына жәрдем бермей отырғаны — партиялық міндетін толық атқармай отырғаны» («Қазақ әдебиеті» газеті, 13. 8. 37) деген кінә қойды. Артынша Сәкен де кісенделіп кете барды.

Сонымен көп адамдарымыздың осылайша жалған айыптаушы, жалған куәлік жасаушы, жалақор, мейірімсіз, қатыгез болуы, обал-сауапты білмеуі неліктен? Біздіңше, мұның әрқилы себептері болды. Оның басты себебі — са-уатсыздықта, өренің төмендігінде ғана емес еді. Бұл ел тірлігіне, ерлер бірлігіне зиянды әдет-дағдының өзіндік негізгі, арыда жатқан тарихы, тереңге тартқан тамыры бар-тын-ды. Бұл пәленің төркіні — халқымыздың патриархал-дық-рулық қоғамдық сипатына, тіршілік сыңайына, қалыптасқан ара-қатынасына тән рушылдықта, жікшілдікте жатыр еді. Бұл дерттің даму тарихымыздан қалмай ілескен ізі, бірден-бірге өрлеген баспалдағы бар еді. Ол келе-келе халқымыздың ат жалын тартып мінген, іске

араласқан азаматтары арасында бақталастық, күншілдік, іштарлық, көре алмаушылық сияқты қасиетсіздікті күшейтті. Осыдан барып бірін-бірі сүріндіру, жолдан алу үшін өзара жамандасу, даттасу, өсектесу әдетке айналды. Бір-бірінен ош алу үшін тұнық суды лайлады, тұманды қалың-датты, оспақтар соқты. «Бір мәліметке қарағанда», «күдік туғызады», деп түсінуге болады» деген сияқты табаны тайғақ долбарлармен «дұшпандарына» найза лақтырды.

Осы сорақылық Ұлы Октябрь революциясынан кейін, өз алдымызға ел-жұрт атанып, мемлекет болуға бет алғанда, тіпті күшейді. Билік ету, үстемдік құру үшін қырқасты. Азаматтарымызға рысқұловщина, сәдуақасовщина, мендешевщина, нұрмақовщина деген таңбалар осы тұста басылды. Бұл жікшілдік аяусыз бет жырттыстырып, жүз шайыстырды, не бір сорақылықтарға апарып, айтпағанды айтқызды, демегенді дегізді. -Мысалы, 1922 жылы Орталық Қазақстандағы ашыққан ағайындарға көмек сұрай Түркіс-танға барған Сәкенді «бояма қамқоршы» деп тілдеді. Жол-жөнекей келе жатып біреудің қызын, біреудің тоқалын алып кетті. Жұрт мал барымталаушы еді, Сәкен адам барымталады деп кінәлады. «Сәкеннің қасына ерген жаран-дары өңкей дардан қашқан саяқтар» («Ақ жол» газеті, 20. 6. 22) деп даттады.

Осы алып қашпа сөздерге еліккен Смағұл Сәдуақасов Сәкенді келекелеп «Күміс қоңырау» шығармасын жазды. Н. Төрешұлов «Асау тұлпары» мен «Тар жол, тайғақ кешуін» біржақты сынап, Сәкенді тұқырта түсті. Ал Жәні-бекұлы Ғаббас деген «Сәкеннің сыры» атты мақала жазып, оны басынан бағы таймаған, әруағына ел айналып ат байлаған байдың тұқымы, талай момындарды зар жылатқан көкжалдардың тұқымы. «Кедейлерді құл қылды. Қарсы келгенін керіп салып, басын жарып, көзін шығарды» деп жала жапты. Сәкен Совнарком төрағасы болып тұрғанда бай туысқандарына ақтау қағаз беріп, кәмпескелетпеді («Еңбекші қазақ» газеті, 21. 8. 29) деген кінә қойды.

Сәкен де қарап қалмады: Нәзір сындарына тілдеп, балағаттап жауап жазды. Смағұлды алашорданың әлекерінен бата алған, ұлтшыл, алашордашыл әдебиеттің жаршысы деп жариялады. «Ол кезде Смағұлдың бұлтыл-датып лақтыратын добы Тоғжанов еді де, шиырып қоятын зырылдауық қоңырауы Байдильдиндер еді. Халел Досмұхамбетов — алашорданың қу мүйізі, Қошке Кеменгеров — Совет өкіметіне қарсы әрекеттерін бүркеп, перделеп жүргізуші деп таныстырды.

Жанбайұлы Хәкім деген «Талдықорған уезінде найман,

жалайыр болып партияға бөліну, жік өріс алды. Мұны қоздырып, қойдырмай, тыйым салуға мүмкіндік бермей отырған найманның өкілі Ілияс. Оның не ойлағаны бар?»— деп Жансүгіровке жабысты («Тілші» газеті, 27. 11. 23)

Москвада оқып жүрген қазақ жастарының Мағжан өлеңдерін талқылап, «Еңбекшіл қазақта» жарияланған (14. 1. 25) қорытындысына С. Қожанов (Тоқпақ) «Менің жауабым» деген мақала жазып, Т. Рысқұлов маған қарсы «кампания» ашып отыр деп өшікті. С. Мұқанов І. Жансүгіровтің «Сағанақ» жинағына жазған алғы сөзінде Ілиястың тап күресіндегі беті айқын емес деп сынады. Ілияс оған «Бетім анадай емес, мынадай» деп жауап жазды. Осылайша шайқаспаған, тістеспеген адам аз болды.

Азаматтар арасындағы осындай алауыздық, өзара өшпенділік 30 жылдарда да жалғасты. Күрең қабақтық, бірді-бірге айдап салып, аяқтан алу, тобықтан шалу, сүрін-діру әрекеттері жүріп жатты. Тұрғанбайұлы Қалыбек деген Әуезовтің етегінен алды. «Қазақстанға мен қайта келгенде, бұрынғы әдебиет майданында жіберген теріс пікірлі қа-телерімді іс жүзінде әшкерелеу үшін келдім» деп берген серті бар еді. Енді сол сертін орындар деген жұртшылықтың күткен үміті таудай болды. Бірақ Мұхтар жолдас жұртшылығымыздың бұл сенімін күні бүгінге дейін ойдағыдай етіп ақтай алмай келеді» («Лениншіл жас» газеті, 11. 5. 35) деп, «көрмес түйені де көрмес» дегенді істеді.

Осындай өзара өшігіп, «қап, бәлем, сені ме!» десіп жүргенде 1937 жылғы репрессия өртке тиген дауылдай жікшілдікті, рушылдықты, топшылдықты мүлде қоздырып жіберді.

Репрессияны ұрандап қолдаудың екінші себебі — көп адамдарымыздың принципсіздігі, жалтақтығы, жағымпаздығы, айтқанды орындай қойып жақсы атануы болды. «Мынаны құрт», «мынаны датта», «мынаны айт», «мынаны жаз» десе-ақ болды, олар «ләппай, тақсыр», «құп болады» деп құлдық ұрып тұрды.

Жалақорлардың үшінші бір тобы бассауғалау қамында болды. «Қырағылығың кем» деген айыптауға ұшырап, креслодан сыпырылып қалармын деп қорықты. Атақ үшін неден болса да тартынбады, адал адамдарды жәбірлеуге, жылатуға, айдатып, аттыруға барды. Басқаларды әшкерелеп, еңбек сіңіріп жүрген адам ретінде көрініп, қолды болмауға, лауазымынан айырылмауға тырысты. Сөйтіп, өз бастарының амандығын қарастырды. Бұл бас сауғалаушылар қиыншылықтан қорқу, көп ісі үшін, әділдік үшін батыл-

дық жасай алмау, намысқа тиюдің, арды таптаудың қан- дайына болса да көнбістік жасау, төзімділік көрсету барып тұрған бишаралық екенін ескермеді. Әйтеуір аман жүрсем болдының құлы болды.

Осы қасиетсіздікті бүгін де көрсетіп жүргендеріміз баршылық. Тарихшы Р. Сүлейменов: «30-шы, 50-ші жылдардағы репрессияның табы бүгінгі күнімізден де сезілетіні — шындық. Жөнсіз, жосықсыз қудалау біздің интеллигенцияны зәрезап қылғандығы, сонша үрейдің өзі мұра сияқтанып, бір ұрпақтан екіншісіне жалғасып келеді» («Социалистік Қазақстан» газеті, 25. 8. 88),— деп жазды.

Қандай есеппен қимылдаса да, біреуге жала жауып, жалған саяси айып тағып ұстатып жіберу, айдату, аттыру — кешірілмес қылмыс. Ендеше кекшілдер де, мансапқорлар да, бассауғалағандар да тарих алдында жауап беру керек. Оларды жазаламау, айыптамау — биморальдық. Ал биморальдық қоғамды, адамды, тіпті бүкіл ұлтты аздырады. Өйткені ол өзінің негізінде жатқан қылмысты әрекеттердің қайталануына жол береді, себеп болады. Алдағы уақытта қоғам алдында, халық алдында, ар алдында адал болуға ұмтылу — ендігі парызы!

Екінші ұсынысымыз: кеп азаматтарымызды қостап, үштеп, топтап бір жерге апарып атқан болу керек. Сол сұмдықты, сол бұйрықты орындағандардың көзі тірілері болмауы мүмкін емес. Соларды тауып, көндіріп, ардагерлеріміздің жатқан жерін көрсет, сөйтіп күнәнді жу деу керек. Бейкүнә жандар құлаған жерден хабар берер докуметтер де табылар. Әйтеуір жазықсыз жан тапсырған сол боздақтардың сүйегін тауып, басына алыстан «мен мұңдалап» тұратын еңселі ескерткіштер орнату — бүгінгі ұрпақ парызы. Оны көргенде сол аяулы азаматтарымыздың есімі еске түсіп, бейнесі елестеп тұратын болсын!

Зейтін АҚЫШЕВ

#### БІЛСІН МҰНЫ ҰРПАҚТАР

Жасымда сегіз жылдай (1923—1931) Омбыда оқыдым. Алғаш рет қалашыларға ілесіп, үйден жаяу кеткенім есімде. Ол кезде оқу іздеп шұбырғандар кеп. Революциядан кейін оқу-білімге даңғыл жол ашылған соң соған аңсап келген халықтың жаппай аттануы заңды ғой.

пастапқы кезде жазғы каникулда елге жиі келіп қайтып жүрдім. Кейін — сирегірек. Жаз жұмыс істеп қолға бірер рет ақша түскен соң дәндеп алдық. 1929 жылдың жазында ауылға келгем. Онда халық әне бір жылдардағы жүдеуші-ліктен арылып, есін жия бастаған. Ішкен маз, жеген тоқ дегендей. Сауынсыз үй жоқ, көбінің өз саумалы өзінде.

Әкем ананы-мынаны аңғаратын, арабша аздаған сауаты бар адам еді. «Арғымақ бабамнан тараған ұрпақ отыз екі түндік болдык» деп отырғанын естіп едім. Мақтан-ғаны ма екен, әлде құдайына ризашылық білдіргені ме екен деп қойғам. Кейін байқасам соның екеуі де бар екен.

1931 жылы Омбының рабфагын бітірген соң жоғары оқу орындарының біріне кетпек ойым болды да, соның алдында әкешемді, туған-туысқандарды көріп кетейін деп жаз елге келдім. Бұл жолы ана жылғыдай емес, ауылдың астан-кестені шығып жатыр. Баян дуаны революциядан бұрын он болыс ел болған екен. Соның бірі біздің Далба болысы — қарамағында 1500 түндік болыпты. 31 жылдың жазында содан 200-дейі қалыпты. Қалғаны жан-жаққа тарап көшіп кетіпті. Қалған 200 үйден тоз (товарищество по обработке земли) ұйымдастырып, оған «Голощекин» деген ат қойыпты. Ел іші қаптаған белсенді. Шауып келіп «көш!» деп бұйырды. Қайда?— Қарақабакқа! (Голощекин ТОЗ-ының орталығы сонда, қазіргі Баянауыл ауданындағы «Октябрь»-дің 40 жылдығы» совхозы тұрған жер). Ел кәнбейді, әрине, ертең қыс түседі, баспана жоқ.

— Киіз үйде отыра тұрасындар. Қыс түскенше қала салып аламыз.

Бұдан аспандағы бұлт жуық. «Ендеше» дейді де, белсенділер барды-жоқты малын қуа жөнелді. Содан кейін ол малдың көзі де жоқ, ізі де жоқ. «Малым қайда?»— деп сұрайды шаруа. «Ортаққа берілді. Үкіметке тапсырылды». Сол жылдардағы белсенділер сөзге келген емес, аузынан былапыт сөз бен қолындағы қамшының суылдағаны бірге естілді. Әсіресе Балташ, Секен, Метбек, Беген дегендер болды. Нағыз әзірейіл! Әкеймен туыстас Баттал деген ағамыз ақын адам еді. Сол кісі:

Сақта, құдай, Бегеннен,  
Куйдіреді негеннен,  
Зәреміз әбден қалмайды,  
Беген келед дегеннен,—

деп өлең шығарыпты. Сол 200 үйдің үстінен қарайтын алпысқа жуық белсенді болып еді деседі сол заманнан қалған қазіргі көзі тірі бірен-саран қарттар. Қалғаны — ана

төртеу-бесеуінің алып кел, шауып келдері. Оларға «атқару» деп ат қойған екен. Мұның мағынасы қандай, бүгінге дейін белгісіз. Бетекең солардың әрқайсысына арнап өлең шығарған екен, жиналмай кетіп барады.

Сол кезде ауылсоветтің хатшысы болған бір жігіт бертінге дейін келді. Соның айтқаны рас болса (растығына өз басым күмәнданбаймын), елден отыз екі түрлі салық жиналды дейтін еді. Астық, май, ет, тері, жүн, қыл (жыл- қының жалы, құйрығы), мүйіз, тұяқ, ескі-құсқы (утиль- сырье). Шөп қоры, машина қоры, госзаим... Бұларды төлемеген, төлей алмаған шаруа азын-аулақ малымен өтейді. Малдан — күн көрістен айрылған ел жаяулап, жалпылап жан-жаққа шұбырды.

Ол кезде Қарағандының даңқы жер жарады. «Тұяғы іліккен адам ертеңінде-ақ нанға қарқ болады екен. Шәкке (шахтаға) түсіп жұмыс істей бастағандар үш күннен кейін үй алады екен. Содан әрі қарай құдайынды да танымай тарта бер»,— деп бөседі жұрт.

Оқуға кетем деген ой далада қалған. Сен кетсең, біз қырылып қаламыз деп, он жан етегіме жабысқандай тырмысып жатып алды. Әсіресе қартайған әке мен шешені жылатып тастап қайда кетемін? Жасы жиырмадан жаңа асқан, тесік өкпе болмаған жас жігіт қанша пана болады деді екен олар? Оларды қиып тастап кете алмадым.

Үлкен ағай әйелімен, бір баласымен көп шұбырындыға еріп Қарағандыға кеткен. Барысымен баласы өліпті. Үлке- нін туғанда-ақ немеренің алды деп әкей мен шешей бауыры- на салған екен, ол мұнда қалды. Онан кейінгі ағай әйелімен, екі баласымен Семізбұғы дейтін рудникке кетіп еді, өздері шұбырып барған аш-арық көп ұзамай бәрі өліпті. Осы күнде солар көмусіз қалды-ау деген ой кетпейді. Өйткені дәл сол кезде оларды көме қоятын ағайын-туыс Семізбұғы- да жоқ еді.

Арғымақтан тарағандардың қалғаны тік көтеріле жаяу шұбырып ішке түсіп кетіпті. Жеткен жері — Омбы мен Новосибирск ар жағындағы Каинск (қазіргі Куйбышев) қаласы. Әрі қарай оқудан күдер үзген соң қызметке тұруға тура келді. Ол кездегі ең қадірлі қызмет-мұғалімдік. Оның ай сайын қолға санап алатын ақшасы бар. Үйде он шақты күн болған соң Баянауылға келгем. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі арабша ғана сауаты бар, ертеде медреседе оқыған революцияның алғашқы жылдарында партияға алынып, совет жұмысына орналасқан Әбдінәсір Ысқақов деген адам екен. Бір байқағаным ол халық мұның қатты ойлайтын, халық басына түсіп жатқан ауырпалыққа қатты



күйзелетін адам еді. Терезеден қарап отырып далада сүй- ретіліп бара жатқан ашты, өліп жатқан жас баланы, қарт ананы көргенде көзінің жасы мелт еткенін талай көріп едім. Одан артық қолынан келері жоқ, іші өртеніп отыр. Ол орысша да, қазақша да сауаты бар адамға зәру екен, құшақтай алды мені.

— Өзірше іс жүргізуші болып істей тұр, күз мектеп ашылған соң мұғалімдікке барарсың,— деді.

— Жарайды,— деп қуанып кеттім. Айына 27 сом ақы төлейді. Бұл ол заманда көп ақша.

Біздің үйде отызыншы жылдың ортасына дейін, менен басқа, он жанның қорегі — үш бұзаулы сиыр, екі құлынды бие, он-он бес шамалы қой-ешкі, бір түйе, бір ат болыпты. Отыз бірінші жыл туа-ақ соның бәрі жоғарыда айтқан белсенділердің айдауына түсе бастапты. Біразын «ит жегенше, Еділбай жесін» дегендей, өздері сойып алыпты. Әкейдің қолында жалғыз көк бие қалған екен. Оны күндіз есіз қалған қораларға, түнде ауыл сыртындағы таудың шат- қалдарына тығып ұстап, әйтеуір белсенділердің қолына түсірмей аман алып келіпті. Қар түсе көк биені сойып, шанаға салып жаяу сүйретіп әкем мен шешем, немере інім үшеуі маған — Баянауылға келді. Семіз биенің еті келесі жылдың жазына дейін бір үйлі жанға азық болды. Ет бар екенін біліп қойса, бір күні ауымызды аппақ қылып ұрлап кетеді деп, әкей түнде ет қойған тас қораның есігінің алдын- да қолына балтасын ұстап көлденең жатады.

Жаз шықты. Азық таусылды. Сол тұста біздің үйге қайдан келгенін, қалай келгенін білмеймін, желіні көнектей бір сары ешкі пайда болды. Келісімен лақтады. Сүтті жануар екен, шайға — сүт, көжеге — қатық. Кенелдік те қалдық! Сол сары ешкіні әкей бір жерден «ұрлап әкелді ме» деп, күні бүгінге дейін ойымнан кетпейді. Бірақ қуанышы- мыз көпке бармады. Әкей ешкіні күндіз төбенің астына апарып бағып әкелетін. Сөйтіп жүргенде бір күні екі-үш адам келіпті де, ешкіні қуа жөнеліпті. Өзі аш, өзі қартаң тартқан адам (сол жылы 64 жаста еді) қуып жетіп, айырып қалу қайда, ана үшеуді қарғап-сілеп, жер сабалап қала беріпті.

Ендігі күніміз қараң. Ертеңіміз тіпті үрейлі. Бұл 1932 жылдың жазы. Менің алатын 27 сомым төрт адамның жұтқыншағына жұқ болмайды және оған табылып жатқан тамақ жоқ. Әйтеуір маған қызметкер деп РайОНО арқылы айына 8 килограмм кейде ақтаған, кейде қара тары береді. Бар қорегіміз- сол.

— Қарағандыға кетейік. Біздің ағайындар түгел сонда.

Олардың тірі екеніне, өлі екеніне көз жетпейді,— деп біраз- дан бері күңкіл шығарды әкей де, шешей де.

— Жылы орнымызды суытпайық, заман түзелер, шыдай тұрайық,— деп көріп едім, көнбеді екеуі де. Амал жоқ. Шұбырып жатқан көппен бірге біз де тарттық Қа- рағандыға. Жол бойындағы азығымыз — тарының қалғаны, ол не болады? Оған қоса — тарғыл жуа, шалғын жуа. Жолдан бұрылып отыра кетіп, жуа теріп жейміз. Біраз жүрген соң құстың ұясы көзге түсе бастады. Оларда аппақ боп жатқан бір ұя жұмыртқаны көргенде: «Батпан құйрық, далада тегін жатқан неткен құйрық» деп қуана ұмтыламыз. Жұмыртқасын алған соң ұясына тұзақ құрып, талай үйректі, қазды ұстап, бордақыға байлаулы ту қойды сойған- дай боламыз. Қарағандыға жақындап, Ащылыайырық деген жерге жеткенде, алдымыздан үш салт атты кездесті. Үшеуі де қазақ жігіттері. Кейін естүімше бұлар Қарағандының орта қол мекемелерінде қызмет істейтін азаматтар көрі- неді. Халықтың анадай мүшкіл халге душар болғанын естіп, ең болмаса балаларын алып қалайық деп атқа мініпті. Сөйтіп, Ащылыайырықтағы есіз қалған қыстаулардың кетеуі кетпеген біреуін лайықтап, сол үйден детдом ашыпты. Қарағанды басшыларынан сұрап аздаған азық-түлік жеткі- зіп тұрады екен: балалардың астына шөп төсепті, үстерінде киім жоқ. Өздері немен келіп жетсе-сол. Тамақ беріледі, олмейді деген соң шұбырып бара жатқан аш-арықтар бала- ларын жылай-жылай сонда беріп кетіп жатыр. Бірақ жілі- гінің майы үзіліп сіңіріне ілініп барған баланың бірқатары көпке бармай өліп қалады екен. Оларды ертеңінде, қысты- гүні сойып, қатырып қойған арық қойдай, екі жігіт екі аяғы мен екі қолынан ұстап, ат немесе өгіз жеккен арбаға алып ұрады, арба толған соң алып кетеді... Дәл осыны өз кезім керді.

Озіміздің соңымыздан еріп келген немере інішекті осы детдомға беріп кетуден бір ойыстық. Бірақ жаңағы арбаға тиіп жатқан жүкті көрген соң әкем де, шешем де зар еңіреп бермеді. «Озіміз елген жерде бірге елсін» деп алып кетті. Расын айтқанда, жаңағыдайды кере тұрып тастап кетуге мен де қимадым. Бірақ онымыздан іс шыққан жоқ, барған соң кеп ұзамай інім еліп қалды.

Жаңағы үшеуі халық басына түскен ауырпалықты біліп, қанатымен су сепкен қарлығаш болған азаматтар екен. Бұлар ертеректе оқып, Совет өкіметі орнаған соң қызметке араласқан Жаппар Солтанбеков, Нұрғали Қадаленков дейтіндер болып шықты. Үшіншісі — ана екеуінің атқос-

шысы. Кейін естуімше алғашқы екеуі 37 жылы «нағыз халық жауы» екені білініп, ұсталып кетіпті.

Өлдім-талдым дегенде Қарағандыға жеттік. Мұндағы жағдай далада көріп келгенімізден де асып жатыр. Көшеде өлгендерден аяқ алып жүргісіз, бәрі ауылдан шұбырып келген қазақтар. Біреулер олардың үстінен аттап өтіп, басып кетіп, біреулер мұрындарын тыжырайтып айналып өтеді, енді біреулер жылап-еңіреп жанында біраз тұрып кетеді. Бұларды да мезгіл-мезгіл ат жеккен арбаға тиіп әкетіп жатыр.

Біз келсек, ағай мен жеңгейдің алып кеткен баласы өліпті. Барған бетте не тамақ жоқ, не баспана жоқ, хал ауырлай бастады, көп ұзамай әкем де, шешем де өлді. Оларды, бізді білетін ағайын-туыстардың бірен-саранын жалынып-жалбарынып жүріп жинап әкеп, көмдік. Сонда ол бұрынғы Больше-Михайловка деген селоның маңы еді, қазіргі жаңа қала тұрған жер емес пе екен деп шамалай-мын.

Жүктің «ең ауырынан» арылған соң ағай тоқтаған жоқ, баяғы «отыз екі түндіктен» қалғаны сол жерге барып жетіп-ті дегенді естіп, көшіп кетті. Неге екенін білмеймін, біздің ағайындардан қалғанының бірқатары сол араға жиналыпты.

Жоғарыда коллективтендіру жұмысы басталып, соған қызу кіріскен кезде, біздің Далба болысының халқы екі жаққа шұбыра жөнелді. Соның бірі — жаңағы айтып кеткен Қарағанды, екіншісі — Ертіс бойы, Кереку (Павло-дар). Бірақ Кереку халі Баянауылдан нашар болмаса, жақсы емес. Оған тұрақтамағандар әрі қарай кетіпті. Бара-бара алдыңғыларының тұяғы Каинскіге барған жерде тоқтапты. Ол бір бай өлке, халқы қандай кең пейіл, қандай момын! Есігінен қараған адамды үйіне кіргізіп, тамаққа тойдырмай жібермейді. Жұмыс қандай көп! Біреудің малын күту (бұған келгенде біздің ағайындар алдына жан салмайтын еді ғой), шөп шабу, қора тазалау, шөп тасу, қора бүтіндеу... Колхоз ол жақта да құрылып жатыр, бірақ біздің Баянауыл маңындағыдай қамшының күшімен емес, ерікті түрде. Баяғы қалпымен өз шаруасын өзі бағып, өзі еркендетіп отырған жеке меншік те бар. Сол хабарды қайдан естігенін білмеймін, біздің ауылдың көпшілігі сол Каинскіге жиналыпты. Одан әрі асып кетіп, сонау Кемерово, Кузнецк көмір, темір өндірісіне жаяулап жетіп, тірі қалғандардың жұрнағы күні бүгінге дейін бар. Кемеровода туған баласының атын біреу Кемер қойған екен, сол жігіт қазір Қазақстанның бір ауданында жауапты жұмыста жүр.

Мен Қарағандыға жеткен соң қағаздары орысша мен

қазақшасы аралас жүретін бір шағын мекемеге көшіруші болып тұрғам. Өзіме жететін ғана тамақ береді, бір үйлі жанның қорегі сол.

Өзі барып орныққан соң «мұнда күн көруге болады екен, осында кел» деп ағай хабар берген. Күз түсе Каинскі-ге мен де тарттым. Барсам біздің елдің біразы осында келіп орнығыпты. Соның ішінде баяғы Арғымақ бабамның ұрпағынан тараған отыз екі түндіктің төртеуінің жұрнағы бар. Қалғанынан із жоқ, қайда қалғанын, қай жерде өлгенін тірілерінің ешқайсысы білмейді. Олар бірінің ағасы, бірінің інісі, әрине.

Бұл төртеудің үшеуі әкемнің немере інілері. Оңештен нәр өткен соң жан кіріп, ес жинап қалыпты, бірақ әлі жүдеу. Әсіресе балалары. Үш үйдің ортасында төрт бала қалыпты. Алды сегізде, екеуі алтыда, ең кішісі Мажат дейтін ағамыз-дың төрт жасар қызы — Ақтоқаш.

Сол қалада ертеден келе жатқан детдом бар екен. Ана төрт баланы алмас па екен, сөйлесейін деп соның директорына бардым. Жасы қырықтар шамасындағы орыс жігіті екен сөзге келген жоқ: «Әкеліңіз»,— деді.

Сойтсем Сібір өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Роберт Индрикович Эйхе деген азамат: «Қазақ-стан қиындыққа ұшырап Сібірге шұбырып көшіп келіп жатыр, соларға мүмкіндігінше қамқорлық жасалсын» деген нұсқау беріпті. Әлгі детдом директорының жылы шырай жанашырлық білдіруі сол нұсқаудың нәтижесі екен ғой деп ойладым кейін. Сол Эйхе: «Аш, жалаңаш қазақтар Ново-сибирск көшелеріне сыймай кетті. Бұл не?— деп Сталинге хабарлайды. Сталин Голощекинді шақыртып алып: — «Бұл не?»—деп сұрайды. Сонда Голощекин: «Қазақтар ертеден көшпелі халық, олар қысы-жазы көшіп жүреді, бұған таңданатын ештеңе жоқ»— деп жауап беріпті. Сталин сонымен қанағаттаныпты дегенді де естігеміз.

Төрт баланың үлкені Ғабдолланы соңымнан ертіп, екі ортаншысын (Дәуіт пен Манап) жетелеп, Ақтоқашты қолтығыма қысып апарып детдомға тапсырдым. Қоп ұзамай Ақтоқаш оліп қалыпты, қу сүйек еді, аштық отіп кеткен болу керек, оңала алмапты. Оздері тамағы тойып, адам қатарына әбден қосылған соң Ғабдолланың шешесі екі жылдан кейін детдомнан ұрлап әкетіпті. Бірақ ол ер жетіп азамат болғанда, 1947 жылы туберкулезден қайтыс болды. Дәуіт пен Манап күні бүгінге дейін сол Куйбышевте тұрады. Семьялы, бала-шағалы, былтыр екеуі де пенсияға шығыпты. Дәуіттің бір баласы — Теміртауда инженер.

Сойтіп жүргенде мені Семейдің облыстық оқу бөлімінің

мсиі грушісі Халел Есенбаев іздеп тапты. Ол өткен жылдар- іл Б.іімауылға бірер рет келген, РайОНОда болған, менімен ■галай рет сөйлескен. «Сауатың бар жігіт екенсің, менімен жүрсен қайтеді, ОблОНОға қызметке алайын»— деген. Мен әкемді, шешемді, немере інімді тастап кете алмағам.

1932 жылдың үскірік аязы. Есенбаевтан әдейі шақыру қағазы келген соң Сібірлетіп Семейге жеттім. Халел ағай құшақ жая қарсы алды, қолма-қол статистик-плановик деген қызмет берді. Асханаға тіркетті, әжептәуір ақша берді. Оған жаңадан мұздай киініп алдым.

Отыз үшінші жылдың март айында облыстық оқу бөлі- мінің шақыруымен барлық аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері, біраз мектеп директорлары Семейге жиналды. Сол кезде қазір Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей үшеуі бір облыс — Шығыс Қазақстан облысы. Жиналысқа Баянауыл аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі баяғы Әбді- нәсір Ысқақов та келді. Ол маған «жүр де жүр» деп, \*ал жабыссын. «Халекең әдейі іздеп тауып шақыртып алды, ақша берді, ыңғайсыз ғой кетіп қалуым»,— деймін мен. «Халекеңмен өзім сөйлесем»— дейді Әбдінәсір. Ақырында сұрап алды да, өзімен бірге алып кетіп, аудандық оқу бөліміне инспектор етіп тағайындады. Күзге қарай сол Баянауылдағы жетіжылдық мектептің директорлығына жіберді. Менің қырық жылға жуық мұғалімдік қызметім осылай басталып еді.

Осы арада өз көзім көрген, адам жаны түршігерлік бір суретті айта кетейін. 1934 жылдың май айы еді. Аудандық басшы мекемелердің біреуінің бастығы шақырыпты. Бар- дым.

— Сені бір жауапты шаруаға жұмсайық деп отырмыз.

— Айтыңыз. Қандай шаруа?

— Жамантүз бекітінде тұқым астығы жатыр. Содан үш пар өгізбен үш адам 120 пұт бидайды Жалтырға жет- кізеді. Соларға басшы болып барасың. (Шынында басшы- лық емес, тұқым астығын жегізбей апаратын күзетші).

— Сабағым бар ғой...

— Сабақ нешауа. Ең алдымен егіс науқанын орында- уымыз керек.— Бастық екі сөзге келетін емес. Көндім.

— Мылтығың бар ма еді?

— Бар еді бір жаман, торғ^й атуға жарайтын...

— Көп қып оқтап ал. Патроның, оқ-дәрің, пытыраң бар ма?

— Аздау еді.

Бастық сол арада райохотсоюз дегеннің бастығын шақыртып алып, оқталған елу патрон бергізді.

— Астық уланған деп қой аналарға,— дейді. Райпотребсоюздың жүк машинасымен Жамантұзға жеттім, мені үш кіреші күтіп отыр екен. 120 пұт астықты тиіп алып, мені алып, жүріп кеттік. Жүріс өндімейді. Кірешілер де арық, өгіздер де арық. Мен — жаю, олар арбадан түспейді. Мен арқан бойы алда келе жатырмын. Сол кезде құс баласы қайтып келіп жатқан, аспанға сыймайды. Ұрымтал келгенін басып салам, жалп етіп құлайды. Бір қызығы — сол жолы атқан оғым құр кеткен емес, не қаз, не үйрек, бірақ әлі семірмеген. Кірешілер де, өзім де тары көжеге кенеліп келеміз. Шығарда әрқайсымызға жол азық деп бес килодан ақтаған тары берген. Он шақырым жүрген соң кірешілер тоқтайды да, өгіздерді ағытып қоя береді. Бақырды құс етіне толтырып отқа қояды.

— Көптен бері көжеге тойғанымыз осы,— дейді кірешілер. Шыны сол. Жолда төрт күн жүргенде беттеріне қан жүгіріп, еңселері көтеріліп қалды. Жолда Аққұдық деген жер бар екен. (Қазіргі шамалауымша Май ауданындағы «Ақшимай» совхозының маңы болса керек). Үлкен бір ауылдың орны. Қораларының кетеуі кетпеген, жаңадан орнаған қыстау. Аралап жүрміз. Тірі тышқанның жорға- лағаны білінбейді. Көбінің есік, терезесі бүтін. Шеткі бір үйге келдік. Қораға кірерде мен үшеуінің ортасында жүрем, мылтығым бар, сонда да не алға шығуға, не кейін қалуға қорқам — елсіз қыстауда жын-шайтан болады дейтін, кім біледі. Алда келе жатқан кіреші жылы үйдің есігін тартып қалып еді, ашылып кетті. Төргі үйде шымылдық құрулы тұр. Кіреші шетінен тек ұстап еді, шымылдық сау етіп үгіліп түсті. Кеп уақыт жел мен күн тимеген соң шүберек солай тұрып шіріп кетеді екен. Іргедегі төсекте екі адам құшақтасып жатыр, адам емес, екі адамның қаң- қасы, еттері ағып, сүйектері қалыпты. Жамылған көрпелері белуарынан темен ғана, ол денелеріне жабысып жатыр. Бәрі де кеуіп қалған. Адамның шашы шірімейді деген рас екен. Оң жақтағысы жас әйел болу керек, екі бұрым көмір- дей қап-қара бөксе тұсына дейін келген, көрпенің сыртына шұбатылып жатыр. Кірешілер отыра қалып ауыздары жыбырлап, көмейлері күбірлеп дұға оқи бастады. Мен не шыға жөнелудің ретін таппадым, дір-дір етем. Жаңадан қосылған жас жұбайлар: «Әйтеуір өлдік — құшақтасып жатып өлейік» деген болу керек. Кірешілердің үлкені осы үйдің ішінен қабір қазып көміп кетейік, сауап болады деп еді, мен көнбедім, сылтауым — тұқым астығын кешік- тірмей жеткізуіміз керек. Қанша дегенмен осы үшеуінің үстінен қарап келе жатқан өкілмін ғой, аса алмады, көнді.

Жүріп кеттік. Менің мойным сіресіп қалғандай, артыма карауға жүрегім шыдамайды. Түнде жатқанда кепке дейін ұйықтай алмай жүрдім. Көзім ілініп бара жатса құшақта- сып жатып өлген екі жастың еті еріп, сүйегі қалғаны көзіме елестейді де, шошып оянам.

Осындай сұмдықты да көрдік.

Осылар сияқты жантүршігерлік трагедия тек қана біздің елдің емес, бүкіл Қазақстанның басына түсті. Және сол трагедиялардың бәрі бірінен-бірі аумады, бәрі біріне-бірі ұқсас.

\* \* \*

Әлжаппар Әбішев өзінің сексен жасқа толар алдындағы бір интервьюінде: «Сол ашаршылықтың тақсіретін тартқан- дардың бірі мына мен, бір әулеттен тараған 94 жаннан отыз екінші жылдың аяғында жетеуіміз қалыппыз»— депті. «ҚӘ»-нің 1987 жылғы бір номерінде Нұрхан Ахметбеков- тің алпыс жылға жуық көмулі жатқан «Күләндам» поэмасы жарыққа шықты. Жайық Бектұровтың 1956 жылы жазған «Ақын мен арамза» поэмасы басылды. Ол поэманы мен өз басым Шәкәрім Құдайбердиевтің қабырғасына қойылған мәңгі құламас құлпытас деп түсіндім. Ол адам тек қана ақын емес, жеті тілге бірдей жетік, асқан ғұлама, тарихшы, философ еді ғой. Одан кейін осы газетте жазушы- зерттеуші Бексұлтан Нұржекеевтің асыра сілтеу жайын қозғайтын мақаласы басылды. Осының бәрі жариялылық, болған істің бәрін жасырмай, жасқанбай айтуға жол ашқан КПСС XXVII съезінің, одан кейінгі Пленумдар қаулыларының шарапаты деп түсіндік. Егер осылар болмаса, сондай мас- қара, сұрапыл оқиғалар жабулы қазан жабулы күйінде, кейінгі ұрпаққа жетпей ұмтылып кете берер ме еді, әлде қайтер еді? Егер осындай жағдайды сонау екі миллион ата- аналарымыздың, аға- жеңгелеріміздің, іні-қарындастары- мыздың аштан қырылғанын көзімен көрген, қызыл асығы- нан кан кешіп ішінде жүрген біздерге — жасымыз сексенге таяп, сакалымыздың ағында, өлеріміздің шағында, бір аяғымыз жерде, бір аяғымыз көрде тұрып кейінгі ұрпаққа айтпай кетсек, біздің азаматтығымыз қайда, адамдығымыз қайсы?! Сол жазықсыздан жазықсыз үйінде жатып өлген- дердің аруағы бізді кешірер ме? Бұл әркімнің көкейінде тығылып, айтылмай, жеке адамның басына табыну сезімі- нен қалған үрейден шыға алмай, айта алмай жүрген шындық еді. Солар еске түскенде көзімізге жас келетін еді, кейде түсімізге енетін еді. Бірақ ашық айтудың сәті түсті,

іште кетпеді, бұған да шүкіршілік. Осы жасымыздың ішінде сол бір қырғынды ауызға алған кейбір азаматтардың түр-меге жабылып, аяғында ұшты-күйлі жоқ болып кеткенін де білеміз. 1931—32 жылдары ез үйінен шыға алмай аштан өлген халықты ойлағанда қайран қаласың, бұл не деген заман деп.

Қызылорда облысында бір жақыным болды. Сол жыл-дарда басынан өткен ауыр күндерді есіне алып былай дейтін еді. «Жасым қырықтар шамасында, қолдан іс келеді (өзі асқан шебер тігінші адам еді), бірақ істеген ісіңнен көріп жатқан игілігің жоқ, жұрттың бәрі мен сияқты. Малдан жұрдай болдық. Жұрт шетінен өліп жатыр. Осы күн бүгін бе, ертең бе, бізге де туады-ау деп зәреміз жоқ. Қой, бүйтіп отырып өлгенше қаңғып кетейік, «жүрген аяққа жөргем ілінеді» деген деп әйелімді соңымнан ертіп, екі баламның жеті жасар үлкенін қолынан жетелеп, екі жасар кішісін қолтығыма қысып әрі қарай жүріп кеттім. Екі-үш күн дегенде қырғыз жеріне тұяғым ілікті. Сол арада-ақ жұмыс та, тамақ та, баспана да табылды. Тойындық та қалдық. Үш-төрт жыл сол елде болып, Сыр бойында да тұрмыс жөнделді, көшіп кеткен ел қайтып келіп жатыр дегенді естіп елге келдім» дейтін еді.

Оның сөзінде бір өтірік жоқ. Қазақстанмен ежелден іргелес, тұрмыс-салты да, шаруашылығы да, күн көрісі де бірдей қырғыз елінің сол жылдарда мұрты сынған жоқ. Қайта аштыққа ұшырап, шұбырып барған біздің ағайын-дарға пана болды, төніп келген ажалдан көбінің жанын алып қалды.

1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары қызметіне Филипп Исаевич Голощекин келді. Қазақстан республика болғалы бірінші басшылар-бірінен соң бірі келіп, кетіп жатты. Әрқайсысынан азды-көпті із қалды. Соның ішінде қазақ халқының тарихында мәңгі өшпес із, ұмытылмас қайғы-қасірет қалдырған осы Голощекин болды. Ол Қазақстан жағдайымен біраз таныс-қаннан кейін бұл өлкеде «Октябрь революциясы әлі орнаған жоқ екен, оның дүбірі әлі жеткен жоқ екен» деген қорытындыға келеді. Сталиннің оң қолы атанған ол қазақ даласында «кіші революция» орнатуды қолға алады. Голощекин өзі жеке басқарған жеті жыл ішінде Қазақстанда қандай «ұлы революциялық өзгерістерді» іске асырған тарихи деректерден айқын көрініп отыр емес пе?!

Тарих ешнәрсені жасырмайды, жасыра алмайды, көміліп қалған шындық бір кезде жер бетіне шығады. Міне, ұлы қайта құру жариялылық заманы дегеніміз осы!



## Құрал ТОҚМЫРЗИН

### БІР ЖІПКЕ БАЙЛАНҒАН ТАҒДЫРЛАР

Әр өңірдің аттары аңызға айналған, жұрты әр кез мақтан тұтып, әңгімесіне қосып отыратын адамдары бола- тыны бағзы заманнан бар салт. Дәл сондай адамдардың қатарына Барқын құмының терістігінен шыққан, жиырма- сыншы-отызыншы жылдары есімдері Ойыл өңіріне тараған қарапайым уш адамды жатқызар едік. Оның бірі — ақын ұстаз, алғашқы коммунистердің бірі Қаратілеу Ерімбетов те, екіншісі — шала сауатты шаруаның ақылдысы, коллек- тивтендіру ісіне қалтықсыз үлес қосқан, алғашқы колхоз басқарушыларының бірі, коммунист Сарт Жалғасбай Қоспанов, үшіншісі — сол өлкеге мәшһүр атбегі Құлжігіт Байнақов еді. Бұл азаматтардың алдыңғы екеуінің есім- деріне тіркелген лақап аттар жергілікті елдің салты бойынша, әр түрлі себептермен қойылса керек. Бір әңгімеде ауылда басқа Тілеу есімділерден ажырату үшін «Қара» деген анықтама қосылған дейтін. Көне түркілерше «қара» «ұлы» дегенмен барабар ғой. Ал Жалғасбай есіміне қосыл- ған «Сарт» оның бір кезде Бесқала жаққа жолаушылап, сауда-саттық жасап келген соң құрдастары әзілдеп қойған атақ екен.

Ерімбетов Қаратілеу-Ойыл, Жем, Сағыз өңіріне жасы- нан танымал болған. Ол Терісаққан өзені бойындағы жан- жақты білімдар, заманында «ғұлама» атанған Бекпан ишаннан мұсылманша сауатын ашқан. Ақындық таланты ерте тынылып, елдегі сал-сері, жырауларға ілесіп, той- топырға, халық көп жиналатын орындарға баруды жиілеткен. Қазақстан солдат алу жөніндегі патша жарлығы шыққанда жастығына қарамастан, солдат бермеу жағын- дағыларды жақтап, өкіметке қарсы бас^ кетеру жөніндегі үгіт таратады.

Патша тақтан тайдырылып, бұқаралық революция жеңгеннен соң, Қаратілеу алаңсыз халық ағарту қызметіне ауысады. Елді советтендіруге қатысады. Окімет билігін кедейлерге әперу, алғашқы кооперативтер құру кезінде тынбай үгіт-насихат жүргізіп, ауылдарда мектептер ашуға ат салысады. Ақтөбені әрқилы бандылар мен атамандар уақытша жаулап алған кезде ел ішіне сіңіп, жасырын күрес жүргізуіне де тура келген. Жиырмасыншы жылдардың басында бандылар қуылып, Ойыл өңірінде Совет өкіметі қайта орнағанда, Ерімбетов Орынборда өткен жиындарға қатысып, республиканың қоғамдық, саяси өміріне одан да 104

гөрі белсенді араласа бастайды. Оның КирЦИК-тің мүшесі болып сайлануы да осы кезеңге тура келген еді. Жергілікті партия, өкімет билігіне жең сыбана кірісуі Қаратілеудің есімін, әсіресе, кедей-кепшік арасында тым танымал еткен. Совет өкіметі Ойыл өңірінде орныққан соң болыстық Совет атқару комитеттері құрылып, олардың председателдері халық арасында беделі бар, кедейлер мен орта шаруадан шыққан адамдардан қойылғаны белгілі. Сондай бір болыс «Бірінші Ойыл» аталған да, оның басшысы Тәтіғұл баласы Тоған дейтін орташа сеніп тапсырылады.

1918 жылдың басында Ресей жақтан қашып-пысып келе жатқан атамандар Дутов пен Серовтың ақ бандылары осы өңірде екі-үш жыл бойы сайран салғаны, жергілікті Совет өкіметін құлатып, партия, совет қызметкерлерін атып, асып, халықтың мал-мүлкін тонап, ойларына келген хайуандықтарын істегені мәлім. Сол тұста әлгі «Бірінші Ойыл» болысының басшысы болған Тоғанды қорқытып үркітіп ат көлік пен сойысқа мал алған бандылар құылған соң, «бандылармен ауыз жаласты» деген айып тағылып, Тоғанның басы істі болады. Әрине, елдегі жағдайды көзімен көрген Қаратілеу бұл әділетсіздікке төзе алмайды. Бұл оқиға көсеміміз Владимир Ильич қайтыс болған соң үш-төрт жыл өткенде, яғни сталинизмнің алғашқы құрбандары түрмеге қамалып, айдау жазасын өтей бастаған кезбен тұспа-тұс келген еді. Тоғанды ел ағасы болады деп, болыстық Советке сайлатқандардың бірі Қаратілеу кешікпей түрмеден жан тебіренерлік хат алып, елден шыққан беделді азаматты ағартып алу жолын қарастыра бастайды. Ол үшін елдегі ағайынға Тоған атынан өлең-хат жазып, әлденеше данамен таратып жібереді. Сол өлең «Тоғанның елге хаты» деген атақпен дәл қазірге дейін халық аузында жүрген әжептәуір тарихи дүние. Көп жылдар бойында «халық жауының өлеңі» деп айтқан кісіні фашистен бетер айыптағанмен ел іші бірінен-біріне ауызша таратып ұмыт-пай келген бұл өлеңді осы жолдар авторы 1988 жылдың июль айында 1905 жылы туған, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Ержанов Әбіл қарт аузынан жазып алған-ды.

\*• Ол мынау:

Қолыма жазайын деп алдым қалам,  
Елдегі ағайынға бізден сәлем!  
Аман-сау оралуды нәсіп еткей,  
Ғаламға патша болған хақ тағалам.  
Біреуге ырыс, біреуге қырсық дарып,  
Бұлағай, бурыл болған бұл бір заман...  
Кешегі алшандаған ер Тоғанның Осы  
күн тіленшіден күні жаман!

Баласы Тәтіғұддың атым — Тоған,  
 Кісі едім ата-ананың ізін қуған.  
 Бір кесел бұл уақта тап болған соң,  
 Кол болып көздің жасы бетті жуган.  
 Баста бақ, қолда бплік тұрған шақта  
 Екпінім кем емес-ті таскын судан.  
 Қиындық түсті біздің ғаріп басқа,  
 Осы күн көкірек қайғы, 'козім жаста...  
 Арнайы сәлем жаздым ең әуелі Баласы  
 Бектұрғанның Ілиясқа,\*  
 Боз төбе дуадақ ұшқан сен інімсің Нар  
 жүгін кім көтерер сенен басқа.  
 Көп сәлем Сарқұл атты ағамызға,  
 Ағаны сізден артық табамыз ба!  
 Бұрынғы өкпе-бопса қалды бізден Екі кол  
 осы күні жағамыздаі Және бір Сәлем  
 жаздым Шынтас биге, Жатырмын козім  
 жайнап қараңғы үйде. Сайрандап сакарада  
 сендер жүрсің,  
 Тоғаның білемісің қандай күйде?!  
 Кешегі колкіп жүрген күнімізде,  
 Дос, жолдас көп, кінәм жоқ біріңізге...  
 Тортінші — сәлем жаздым әдейі  
 арнап, Егізім — Есентемір інімізге.  
 Бесінші — сәлем жаздым Ысмағұлға,  
 Түрленді мына заман жылдан-жылға.  
 Қоғамдап қауымыңды бағып тұрған,  
 Атаның орнындағы сен бір тұлға!  
 Тумаға Нұртас атты сәлем жаздым,  
 Жасыққа әсері отпес айтқан наздың.  
 Көп қарға шулағанмен жаз келмейді,  
 Қысы жоқ жүрген жерде аккумуляция.  
 Жерлестің және сәлем басқасына,  
 Жазуға уақыт аз бас-басына...  
 «Су ішер ауыздықпен,— деген сөз бар,—  
 Күн туса, қынышылық ат басына».  
 Қарындас — қаумалаған қайран елім!  
 Кетсеңші келіп менің бір қасыма!  
 Бұйырған қараңғы үйден бізге несіп,  
 Білмеймін істің түбі әлде нешік?  
 Астым — тас, үстім — тақтай, жатқан  
 жерім Бес аршын тас ауласы, темір есік".  
 Зар болдым сақараны бір керуге,  
 Ел ішін — еркелеткен алтын бесік.  
 Қараңғы үй іші-тысын борлап қойған,  
 Темірмен терезесін торлап қойған.  
 Сыймайтын сақараға Тоған едім,  
 Жаламен қараңғы үйге қорлап қойған.  
 Айта бар, барсаң сәлем, ерлерімеі Елдегі  
 қатар-құрбы теңдеріме...

Бұл өленде аттары аталған адамдардың бәрі дерлік  
 коллективтендіру және жаппай жазалау кезеңінің құрбандары болған.  
 Ілияс, Сарқұл, Шын- тас, Нұртас деген кісілер 1929 жылдары жер  
 аударылып, мешін-тауықта аштан олген. Есентемір 1938 жылы  
 ұсталған. Бұлардың ұрпақтары Ойыл ауданының Берсиев атындағы

Тұрымтай торға түскен болып турмын,  
 Арканың шарықтаушы ем белдерінде.  
 Жас іні, үлкен аға, қатар-құрбы,  
 Күн қайда барып ойнар деңгеліңе?  
 Жатырмын Ақтөбенің қаласында,  
 Зар болдым жылы сойлер қарасында.  
 Күндерді біздің көрген берме, тәнір,  
 Арттағы қара қазақ баласына!  
 Көп сәлем жалпақ жатқан ожырайға!<sup>1</sup>/  
 Тағдырым жолықтырды-ау бір ылайға.  
 Жазуы күдіреттің осы ма деп,  
 Жатырмын сыйынумен бір күдайға.  
 Көп сәлем Майлыбайдың адамына,  
 Тас тиіп, шөңге кірді табаныма.  
 Кез көрген, қатар жүрген қарақтардың  
 Мұң болдым басып кеткен қадамына.  
 Көп сәлем Ойылдағы халқымызға! Ата-  
 аға, әже-шеше — жалпыңызға!  
 Кешіндер күнәм болса, қайран елім,  
 Қалмасын кінәраты артымызда...  
 Ортақтас Ойыл-Қиыл қонысыма,  
 Күдайым бергей таупик орысыма!"  
 Бастан бақ таятұғын мезгілінде,  
 Тап келдім ақ пен қызыл соғысына.  
 Тіледім ағайынның амандығын,  
 Қараған «Бірінші Ойыл» болысына!  
 Жаратқан бола көрсін актың жағы,  
 Тұтқында Тоған жатыр, сынған сағы.  
 Басы аман, малы түгел бауырларым,  
 Ұмытпа Тоғаныңды бытқылдағы.  
 Мың сәлем Қайыңдының жанбайына,  
 Заманның біз тап келдік қандайына?  
 Бұлақтай қайнап тұрған білігі бар,  
 Кім шыдар Сисекемнің маңдайына?!  
 Ідіріс, Мұса және Шектібаев,  
 Қорғандар қарындасы қанат жайып.  
 Жаралған сүйегі асыл тектілерім,  
 Сіздерден дәме қылу болмас айып.  
 Сөз жаздым баршана арнап ағайын деп,  
 Жанашыр қайдан басқа табайын деп.  
 Ұстайып Ақтөбеде жатқанымды,  
 Ойладым қалың елге шағайын деп...

Осы өлеңде аты аталып отырған Сисенғали Шектібаев —  
 Ойылдың алғашқы коммунистерінің бірі екен. Ең алғашқы

<sup>1</sup> Ру-тайпа аттары. Өлең негізінде шамамен 1925-26 жылдары жазылған деуге болады. Өйткені 1927—29 жылдары осында аттары аталған адамдардың көпшілігі бай-құлақ атандырылып, жер аударылған. Олардың көбі 1930 жылдың басында ақталып елге келген. Бірақ ауру-сырқау, үмітсіз, арманы күйреген қалпында аштыққа дейін ғұмыр

<sup>2</sup> «Күдайым бергей таупик орысыма!» деп, құлақ аталып айдалып кеткен орыстарды айтып отыр. Столыпин реакциясы кезінде осында келген көптеген орыс шаруалары Ойыл енірінде орта дәулетті шаруа дәрежесіне жетіп, мектеп ашқан, құрылыстар салған.

аудамдық Соип атқару комитетінің председателі, көп оқып білім білік 11, ауыздыға сөз бермейтін тпешен еді деседі ел. Тшам атынан жазылған өлең-хатта оның есімі әсерлі болу үйімі өлеңінің аяқ жағында келтірілуі де тегін емес сияқты. Өйткені жаламен ұсталғам қадірлі адамды түрмеден босат- тырып алуға ол кісінің тікелей болмағанмен, жанама сегітігі тигені айқым. Қа ііргі козі гірі қарттардың сөзіне қарағанда, осы өлең елге гараған соң, Тоғанның сәлеміне қабырғасы қаііі.н қам бедслді адамдар Ақтөбе заң-теңдік кууға баратын орысіма сауатты адам іздей бастайды. Біраз мал-пұл жинас- ті.ірыи, жол шығыны мен ас-суын, пәтер ақысына қоса заңның айналасындағы адамдарды риза ететін алымын да реттеп, Қаратілеу бастаған бірнеше кісіні атандырған. Ол кезде облыстық сотта істеген Нәренев Елтай деген кісі Тоғанға жабылған жаланың тым шырмауы күрмеулі екенін айтады. Шындығында, Ойыл өңіріне ойран салған Серов бандысы бүтін бір ауылды қырып жіберген кезі де болған. Одан қорыққан ел бастаған Тоған сияқты адамдар бамдыларға амалсыз «жағынып», қалаған ат-көлігін, ас- суым бергізу арқылы қарулы сойқаннан қорғансыз қатын- баланы, қарусыз ауылдарды аман сақтап қалған. Мұны негізінде «ақтармен астарласты, одақтасты» деу қате. Керісінше, уақытша ымыраға келді, келісімпаздық танытты, шарасыз көнуге тура келді деген дұрыс. Өйтсе де жаланың аты жала! Одан құтылып, өзіңді-өзің ақтап алу оңай емес. Орысша сауаты жоқ, орта шаруаның пысығы, сөзге шешендігі арқасында билікке араласқан Тоған Тәті- ғұлұлы шын мәнінде той-топырда балуандығымен, көкпар- да тақымының мықтылығымен көзге түскен, сол кездегі ауыл жігіттерінің алды болған кісі. Қаратілеудің оның аты- нан жазған өлеңде «Бастан бақ таятұғын мезгілінде, тап келдім ақ пен қызыл соғысына» дейтіні де заманның алма- ғайып кезінде аққа қара жағудың онша қиын болмағанына куә. 1921 жылы Серов бандылары ел ішіндегі жаңа өкіметке тілектестерді іздестіріп атып, қорлап өлтіргенін көрген қарттардың көзі тірілері қазір де бар. Қазір жасы сексеннің үстіндегі Мұхит Ермұханов осы өлкенің алғашқы болыне- виктерінің бірі Ерғазы Байтақовты Серов таптырып алып, Саратов аталатын жерде кескілеп өлтірген соң, жерлеуге қатысқан екен. Қамшыдан бөтен қаруы жоқ елге әңгір таяқ ойнатып, үрейін ұшырған ақ бандылардан кейін сақтаған ел адамдарына тағы бір қиындық тап болған. Ол — ақтарға қызмет еттің деген жала. Сонда мал баққаннан бөтен кәсібі, қамшыдан бөтен қаруы жоқ қазақ шаруасы екі оттың ортасында қалмағанда, жазаға ұшырамағанда қайтеді?

Тоған да сондай күнәсіз көптің бірі. Сол сияқты Қаратілеу- дің замандасы Темірбай деген кісіні ақтар «большевикшіл» деп, ату үшін ауылдан ұзатып алып шығып, қардың үстіне шешіндіреді де, қайта киіндіріп, ауылға қайтарады. Ішінде қарт генералы бар екен. Діндарлау адам болса керек. Сол: «Мынау не деген көрікті, тұла бойында бір мін жоқ жан! Бұл, сірә, тегін емес шығар. Бізді обалы жібермейді. Атнаң- дар!» деп босаттырған екен. Бірақ қақаған аязда, ақ қар үстінде тырдай жалаңаш тұрған адам оңсын ба, ауырып, ұзамай дүние салыпты дейтін. Мұндай құрбандық Ойыл өңірінде өте көп болған. Серов пен Дутовтың бандылары сәл қарсылық жасап, қабақ шытқандарды аямай қырған. Ал жиырмасыншы-отызыншы жылдар аралығындағы сталинизм дәуірлеген кездегі заңсыздық құрбандары ақтардың ойранынан бірге кем болмаған.

Жоғарыдағы өлеңде есімі келтірілген Нұртас деген орта дәулетті кісі Совет тұсында өз қаржысына мектеп салдыр- тып, бүтін бір болыстың балаларын оқыттырған өнегелі жан екен. Бай-құлақтарды тап ретінде жоюдың құрбаны болған бұл кісі 1928 жылы мал-мүлкі кәмпескіге түсіп, өзі он шақты жылға жер аударылады да, кешікпей босатылады. Бірақ тышқак лағына дейін ортаға түсіп, күн көріссіз қалған тумаларының қолында жүріп, ақыры қайыр сұрауға ұялып, аштан өледі. Нұртастың артында қалған балалары халық ағарту, партия, Совет қызметінде табысты еңбек етеді. Оның Ұлжан атты қызы аудандағы алғашқы орденді ұстаздардың бірі болды. Отыз жылдай шәкірт тәрбиелеп, республикаға танымал мұғалімдердің бірі ретінде жергілік- ті партия, совет органдарына талай рет сайланды.

1967 жылы Ойылдың қақ ортасынан аудандық Мәдениет үйінің іргетасы құйылатын ор қазылып жатқанда, жұмыс- шылар топырақ астынан толассыз шыққан бас сүйектен шошынып, жұмысты біраз уақыт тоқтатып қойғаны бар-ды. Бұның сырын түсінбеген жастар кәрі кісілерден бас сүйек- тердің мәнісін сұраған. 1932-33 жылдары аштыққа ұшыра- ған балалардың сол жерге қалай болса солай көміле сал- ғанын айтқан. Дәл сол жылы осы жолдар авторы «Сарал- жын» совхозының егістігінен қаз-қатар салынған және кірпіштері әдейі ішіне қарата құлатылған қырық-елу үйлі ауылдың орнын көргенде, отызыншы жылдар оқиғасын көзімен көрген Сариев Құлбатыр қарттың: «Шырағым, сол үйлердің бәрін құлатқан біздер. Ішіндегі адамдары аштық- тан қырылып қалғанын көргесін, бәрін бірдей жерлеуге күшіміз жетпейтінін білдік те, үйлердің ағаштарын түйемен тарттырып суырып алып, қабырғасын жермен-жексен еттік.

Тағдырлары солай болған шығар, қайтеміз. Сол әр үйдің орнын он-он екі жанның бейіті деп есептей жүр!» деген сөзіне куә болған едім. Мұндай ауылдардың орны Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл өңірінде тым қисапсыз.

Көп жыл Ақтөбе облыстық атқару комитетінің секретары болған дербес пенсионер Тұрым Бекболатов:

— Отыз екінші жылы он алты жаста едім. Оқуға кеткендігім себепті тірі қалдым. Сағыз бойын мекендеген сексен үйлі біздің ауылдан бес-алты үйдің ғана жаны тірі қалды. Олар да аштық басталардан бұрын басқа жаққа көшіп кеткендер,— дейді. Қыр қазағы отыз бесінші жылдары өліп түгесілгесін, Монғолиядан әкелініп үлестірілген малдар толімен көбейіп, ел іші тағы да аққа молая бастайды. Ойылда 1928-30 жылдары сәтсіздікке ұшыраған колхоз- дастыру енді қайта жанданып, «табысқа» жетеді. Бірақ бұл жолы жеке меншіктен жиналатын мал қару арқылы тартып алынбай, үгіттеу, көзін жеткізу дейтін талай күндерге созылған шырғалаңы көп жиналыстар арқылы ортаға түсе бастайды.

— Мен ол кезде ондардағы ересек бала едім,— деп есіне алады Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, дербес пенсионер Ережеп Құрманғазин.—«Күмсай» колхозы енді- енді оңала бастаған кез. Ферма меңгерушісі Сарт Жалғасбай Қаратілеумен сыйлас, үзеңгі жолдас адам. Аштықтан әбден титықтаған ел еңбекке жібергесін, жатпай-тұрмай бейнет- теніп, бірер жылда қоң жинап үлгерген. Бәрі артта қалды, енді қара қазақ жұт атаулыдан құтылды деп, үлкендер сәуегейлік те айтып қоятын. Өлі есімде Сарт Жалғасбай 19.35 жылы жұртқа жеке меншікке мал үлестірілгенде, ұрғашы баспақ немесе ұрғашы тай ал деген тілді алмай, бір кәрілеу атты қалаған. Сол атты бірер жыл бағып әбден семірткесін, Бесқаладан келген бір ағайының астындағы қотыр тайғал атбегі Құлжігіт Байнақовтың кеңесімен айыр- бастап жібереді. Содан ауыл у-ду. Сарттың тайы құнан бәйгеден келді! Сарттың тайы дөнен бәйгенің алдын берген жоқ дейді ғой... Не керек, Құлжігіт әлгі Қызыл атты Қазан революциясының жиырма жылдығына бәйгеге қосам деп жаратып жатқаны елге аңыз боп тараған.

— Ол мезгілде аудан атынан бәйгеге елу-алпыс ат қосылатын. Жиырма жылдық тойдың жарысына мен де барғанмын,— дейді сексен жастағы Сабыр Тілегенов қарт.— «Халық жауы» дейтін үрейлі сөз біздің жерге де жетіп, енді-енді ғана әрекетке ене бастаған. Әрі біздің ол кездегі ойымызша, «халық жауы» атану үшін ең кем дегенде патша заманында қызмет еткен, дәулетті атанған адам болу

еді. Бірақ бұл пікірімізге қайшы нәрсе — соңғы кезде «халық жауы» деп, қатардағы кедей таптан шыққан адамдар да ұстала бастаған. Өлгі жарысқа НКВД-да істейтін бір Жәку деген милиционер ат жаратыпты. Бір жағынан әлгі атты баптауды Құлжігітке де қаратып, ақыл-кеңес алса керек. Қожағұл деген жалақорлау бір адам да ат қосыпты. Жарыста жұрт: «Сарттың аты бірінші, Қожағұлдың аты екінші келді» десіп жатты. Сол жерде аласапыран болды дз кетті. Айқай-сүрең керіс көтерілді. Дау шығарған әлгі Қожағұл деген мен милицияның Жәкуі екен. Екеуі де НКВД-да істейтін ағайын-жекжатына сүйенген керазулар еді. Сарт Жалғасбайдың аты көш бойы бұрын келсе де, әлгілер зорлық жасап, бәйгені халықтың көз алдында иемденіп кетуге шақ қалды. Бұған намысы бар адам шыдай ма? Сол жерде Қоспанов жұрт алдына шықты. Әділетін сұрады. Халық көре-тұра зорлық жасатпады. Таласқа түс-кен аттарды тағы бірекі айналым шабысқа қосайық деп тұрып алды. Аттарының оза алмайтынына көздері жеткен даугерлер екінші-үшінші айналым дейтінге үзілді-кесілді қарсы шығып еді. Оған жұрт қоймай көндірген. Дауға түскен үш атты айналымға қайта жібергенде, Сарт Жалғасбайдың аты тағы көш бойы озық келді. Енді НКВД-да істейтін бұзақылардың назары атбегі Құлжігітке ауған. Оған дүрсе қоя беріп, «Біздің атымызды әдейі теріс жараттың. Өйтпесе бас бәйге біздікі еді» десіп, әлгілер сол жерде ашықтанашық: «Көресіні көрсетеміз! Тоқтай тұрындар» деп қыр керсеткені әлі есімде.

Сарт Жалғасбай — батырақтан шыққан алғашқы коммунистердің бірі, ауданға беделді адам ретінде Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші секретары Нұрлыбек Әбдікәрімовке және аудандық Совет атқару комитетінің председателі Искендір Жантасовқа тақау барып:

— Жолдастар, зорлық-зомбылық жасатпаңдар! Жалғыз тайымның жарыста озып шыққан ақысын талан-таражға салдыртпаңдар! Алдыңғы жарыста біздің аттар құйрықтаса келген деп, бәсекелестерім бәйгенің үшеуін қосып, үш атқа тең бөліске саламыз деп жатыр. Арашашы болындар!— деген. Нұрлыбек те, Искендір де — Голощекин түскеннен кейін келген халықтың қамын жеген нағыз ерлер еді. Екеуі де Ойылдікі емес. Нұрлыбек Әулиеатада туып-өскен, Искендір — Аралдың Қамыстыбасынікі. Екеуі де азамат соғысы кезінде ақтарға қарсы партизан сапында соғысқан азаматтар еді. Қара қылды қақ жарған әділ, бұқараға жаны ашитын бауырмал жандар. Өлгі сөзді естігенде, бәйгенің байрағын бөлуге қойған адамға ренжіп, дереу шақырып



алды да тапсырма берді. «Бірінші бәйге — Қоспановтікі, ешкімнің таласы жоқ. Таласам деген кісі атын тағы бір айналымға қоссын! Кәне, кім таласады? Аттарыңды май- данға шығар!»— деп, халықтың алдына шығып, дауыстаған. Аттары жарыстан қалып қойғандар бұған батылы қайдан жетсін! Ешкім ләм деп ауыз ашпады. Сол кезде Нұрлыбектің өзі: «Ендеше, бірінші бәйге талассыз Қоспанов жолдасқа тиесілі!»— деп жариялады. Жұрт Сарт пен Қараны қоршап алған. Құлжігіт атбегіні ортаға алып, жоғары көтеріп, секіртіп жатқандар да бар. Ауылда әлі де болса ескі салт- сана мен әдет-ғұрып жоғала қоймаған мезгілі емес пе, біреулер ата-баба әруағына сыйынып, ата ұранын шақырып та жіберген-ді,— дейді сол жылдары аудандық партия коми- тетінің жауапты қызметкері болған Тұрым Бекболатов.

Аттары жарыста екінші, үшінші бәйге алғандар да, ешқандай бәйгеге ие бола алмағандар да наразы үнмен күңкіл- десіп, ескі ата салтын қоздырған деп, әлдекімдерді тілдеп те бара жатты. Бұл қылық енді-енді ғана осы өлкеге алауыз- дық әкеліп, жақсы жандарды жазым ете бастаған стали- низмнің отына май құю екенін, әрине, бәлекорлар түсінбей қалған жоқ. Сол жерде бәйгеден топ аттың алдын бермей келген Қызылдың сипатына жыр арнаған Қаратілеудің де, бәйге атын баптаған атбегі Құлжігіттің де, аяғында атын бәйгеге қосқан Жалғасбайдың да есіміне телі-тентектер өштік сөзін жария айтып еді. Қаумалап тұрған халайық шу шығарысып, тыйып тастады.

Аудандағы ат бәйгесі ырың-жырыңмен өтіп, жұрт ауыл- дарына тараған. Қазақстанның астанасындағы жауапты партия, Совет қызметкерлерінің біразына «халық жауы» деген айдар тағылып, түрменің сызды иісіне қосыла көксік хабар тарай бастады. Бір күні: «Құлымбетов халық жауы екен. Ұсталыпты» деген суық хабар жетті. Дәл осыған дейін бірлі-жарым «Алашордамен байланысы бар» деген азаматтар қамауға алынғанмен, Ойыл өңірі жаппай ұсталу- дан әлі аман еді. Құлымбетовтің түрмеге түскенін естігенде, жұрттың ортаға жай түскендей есеңгіріп қалу себебі белгілі. Ашаршылық өтісімен Құлымбетов осы Ойыл өңірін аралап азаматтарымен, еңбекшілерімен кездесу өткізіп, партия мен өкіметтің саясатын түсіндіріп кеткеніне онша кеп болмаған. Онымен сұхбат құрғандар Құлымбетовтің қандай отырыста қандай өнегелі сөз айтқанын әлі күн ауыздарынан тастамай, аңыз етісіп жүрген кезі. Сол жұрт- шылықтың бірі Қаратілеу еді. «Ел ішінде ескі сөз білетін, халықтың салт-санасын ұғатын кісімен сұхбаттасуды ұнатады екен деген сөзді естіген басшылар оның қасынан

ауданды аралаған сапарында Қаратілеуді қалдырмағаны жалақорларға бір кезде іш күйдірген қызғаныш болса, енді мынадай науқан қызған шақта іздегенге сұраған еді. Олар бірден көктен іздегендері жерден табылғандай, қуанысып жайраңдасып қалған. Асыра сілтеу кезінде еңбеккер ел басына әңгір таяқ ойнатып, «кісі атқан» деген жаман атағы жұртқа үрей боп тараған Алдаберген Алапаев сияқтылардың Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз өңіріне жан алғыш Өзірейілдей көрініп тұрған шағы ғой! Бұрын халқының Құлымбетов сияқты есті ұлдарын мақтан етіп айтқандар енді іштен тынып, тіпті, оның қолын алып амандасқандар, қонақасы бергендер де құрметтеп, көлігін тосқандар да тағдырларына мойынсұнып, бір нәубеттің төніп келе жатқанын сезінгендей еді...

Біреп ай бойы ауыл-ауылды жаманат, өсек-аяң кезіп жүріп алған. Ондай қара ниетті қияңқы дақпырттың қашан да елдің көзіне түскен, бетке ұстар азаматына үйір тұратын әдеті. Қуырдақты ауыл Советіне қарайтын Құмсай колхозының ферма меңгерушісі Сарт Жалғасбай соңынан ерген өсек пен жала да осы маңдағы үш-төрт колхоздың басына құзғындай үйіріліп, өлімтік көксеген сауысқандай шықылық атқан. Сол екі ортада Темірдің жер-су бөлімін басқарған Бектемір Ділмановтың ұсталғаны жөнінде хабар тараған. Коммунист партиясына 1918 жылы ақтар Ақтөбе өңірін басып алғанда кірген Бектемірді «халық жауы» деп ұстатушы ГПУ-дің бастығы Ахметжан Қойшығұлов екендігі де ағайын арасына тарап үлгерген еді. «Алапаев пен Қойшығұлов ГПУ-ге бастық болғасын не жорық, олар енді елдің көрнекті адамдарын құртпай тынбайды» деген суық хабар Жем мен Ойыл өңірін кезіп кетті. Сол үрейлі хабар күн сайын ұлғайып, күн сайын жаңа сұрқиялықпен естіліп тұрғанда, Әбдікәрімов пен Жантасовты Ақтөбеге шақыртқан. Облыс орталығында өткен кеңестің тұжырымы: халық жауларын тауып әшкерелеу, ұстату, ел ішін «жапон мен неміс шпиондарынан тезірек газарту» екен. Екі басшы ауданға өрт сөндіргендей өксікпен оралды. Әуелгіде бірлі-жарым азаматтың ұсталуын уақытша түсінбестік, қате деп ұққан бұл екі есті жан салдары суға кеткендей, ұнжырғалары салыңқы, еңселері төмен екенін ел бірден таныды. Облыс орталығында өткен активте ол екеуін: «Халық жауларымен ымырашылсындар. Тез тауып әшкерелемейсіңдер!» деп кінәлағаны белгілі болды. «Аудан шетіне жетісімен халыққа жиналыс ашып, шаруашылықтарды тез арада тазалау қажет!»— деген тапсырма алған.

Нұрлыбек те, Іскендір де Ақтөбеден тым көңілсіз оралды. Біздің Саралжын қақ жолдың аузында ғой. Облыс орталығынан шыққан екеуі бізге жетісімен жиналыс ашқан. «Шпион, сатқын» деген жаламен кез келген адал адамды ұстап әкетіп жатыр. Түбі не боларын білмеймін. Әзірге «халық жауы» аталғандардың бәрі де байырғы большевиктер. Сірә, уақытша қателік шығар. Арандату да бар ма? Әйтеуір менің сенетінім: «Сталин жолдас бұны білмеуі мүмкін. Білсе, мұндай жолсыздық, заңсыздыққа жібере ме? Ойылда туып-өскен жігіттердің оқығаны, партияға баяғы азамат соғысы кезінде өткені Сақыпкерей Құрамы-сов еді. Оны да «халық жауы» деп ұстапты ғой. Сірә, бүйте берсе, бұл елде сау адам қалмас! Соның бәрін жазалар деймісің. Уақытша білместік қой... Кешікпей заң орнына келеді!— деп отырды қонақасы үстінде Нурлы-бек маркұм,»— дейді Сабыр ақсақал.

Қара ниет күштердің озбырлығы өз басына да таялып қалғанын, әрине, Нұрлыбек әбден білген. Бірақ өзін-өзі бір нәрсеге зорлап сендіргісі келгені анық. Онысы — түбінде коммунистік шындық жеңеді, әділет салтанат құрады. Алайда Алматыдағы партия мен Совет басшыларының бірінен соң бірі ұсталуы, оның ішінде халық «Мырза-жан» атап кеткен сүйікті жанның қараңғы капасқа қамауын естігенде, әділеттің де, шындықтың да жуық маңда салтанат құрмайтынын ақылды азамат бірден ұққан.

Ағайын арасына іріткі салып, азаматтарға жала жауып үйренген топ бұл кезде әрекетке кірісіп жатқан. Аты бәйгеден келмей қалған милицияның Жәкуі мен Қожағұл деген кісі басы Қаратілеу мен Жалғасбайды, атбегі Құл-жігітті, оған қоса ауданның екі басшысын да қаралап, жоғарыға арыз айдаған. Онда «халық жауын қанатының астына алып, қорғап отыр» деп, Нұрлыбек пен Іскендірді сүмірейте даттаған еді. Сыныққа сылтау таппай отырған НКВД басшылары бұған қуанысып қалған. Дереву Қаратілеуді жауапқа тарта бастаған-ды. Даттаушылар, әрине, ағайын арасынан шықты. Бірге ішіп, бірге жеп жүрген, бұрын айырылмас дос есептеліп келген жандар аяқ астынан жалт беріп, Қаратілеуді «Бекпан ишанның шәкірті. Молда, ақын. Елге, партияға қарсы үгіт таратушы. Ескілікті қоздырушы. Жергілікті ақын Дәндібаймен айтысқанда, ру-тайпа, дін сөзін өлеңіне қосқан» деп бір кетсе, «Баяғыда ақтарға жағынып, ат-көлік, сойыс малын берген Тәтті-ғұл баласы Тоғанды түрмеден босатып алған. Бай-манаптың сойылын соққан сұм. Елге Құлымбетов келгенде

он шақты күн қасына еріп жүріп, халық жауына мәлімет берген. Аудан халқын жапонға қосылайық деп үгіттеген» дейтін ылғи жараға жуымайтын бір сұмдық жала көрінеді. Қаратілеуді қамап тергеуге алысымен Жалғасбайды, атбегі Құлжігітті, тіпті оларды сыйлайтын, сөйлемі түзулерді де ауыл-ауылдан іздеп тауып, түрме толғанша топырлатып қамай бастаған. Өздерінің республика мән облыстағы әріптестерінен өнегені жете меңгерген ойылдық сойыл- шылар да жазалау мен қорлаудың түрін қолданудан аянып қалған жоқ.

Жалғасбай мен Құлжігіттің аяқ-қолдарына бұғау салып әкелгенде, Қаратілеу тіпті жасып, жігері құм болып қалған екен. Бұларды көргенде ең алғаш тілге келгені: «Жігіттер, өздерінді өздерің азапқа салмаңдар. Қол қой деген қағазына қолдарыңды қойып, азаптан құтылыңдар. Басы жұмыр пенденің түбінде барар жері белгілі ғой. Ерте ме, кеш пе, түбі бұ дүниелік жан емеспіз. Мен де қасарысып бағып едім, болмады. Қолымды қойып құтылдым» депті. 1929 жылдары шаруаларға мылтық кезеніп, сот үкімінсіз кісі атып, аттары елге тараған адамдардың тағы жолы болған. Түрмеде жігері құм боп жасыған Қаратілеу баяғыда өзі Тоған атынан жазған өлеңдегі халді өзі бастан кешіріп, азаптың небір түрін көріп жатты. Сонда кірген-шыққан кісіден бір-екі ауыз сәлем жазып:

Артымда қалған ағайын!  
Қамайым мен Абайым!  
Екі бірдей шырақты  
Кермегелі көп болды,  
Анығын білмей талайын.  
Ішпей-жемей нақатан  
Айдалып кеттім  
Лагерге Бұған не амал  
қылайын?  
Сабыр етіп шыдайын,  
Бір аллаға жылайын.  
Басыңа қиын іс тусті,  
Дәметкен, байгүс, жұбайым!—

деп зар жылаған екен дейді.

Мен осы жоғарыда есімдері аталған Қаратілеу, Жалғасбай және атбегі Құлжігіттің бала-шағаларымен көрші тұрып өскен жанның бірімін. Алдыңғысы, әрине, берісі ауданға, әрісі облысқа танымал жан болған. Ал соңғы екеуі ауылдағы шаруаның пысығы, жібі түзуі, зерделісі ғана. Олар билікке таласып немесе өкіметке зиян жасайтын пиғылдан аулақ жандар. Олардың жазығы халықтың салт- санасын білгені, дәстүрін ұстанғаны, тарихын зердесіне

тоқығаны және халықтың жақсы атаулысын жақтағаны ғана. Қаратілеудің Дәметкен атты кемпірі де, ұлы Абай да жазықсыз жапа шекті. Абай ағамыз әкесіне ұқсап жасынан өлең жазып жүрсе де, ақын болмады. Қой бағып, ауылдан ұзап шықпады. Қамай апамыздың «халық жауының қызы» аталып, қуғындалғанын кордік. Соғыс жылдарында бас істі боп лагерьге кеткен Қамай соғыстан соң елге оралып тұрмыс құрса да, азапты жылдардан дертті, құзырлы болған ол ұзақ ғұмыр сүрмеді.

Елдегі шалақ белсенділер: «Халық жауының әйелі, ұлы немесе қызы» деп күн көрсетпегеніне ішқұста күйде төзген олардың алпысыншы жылдарға дейін түрткіге ұшырағаны белгілі. Солардың бірі Сарт Жалғасбай атанған коммунистің баласы Әміржан еді. Аудан мен ауылдағы комсомол қызметіне араласып, өндірісте бухгалтер, кейін механизатор болып жасаған ол да «әкесі халық жауы боп ұсталған» деген жаман атақтан партияның XX съезінен кейін де құтыла алмады. Ақталғаны жөнінде арнайы қағаз келсе де, оны ауылдастарының бірі біліп, бірі білмей қалған. Одан кейін көп уақыт бойы жұмыртқадай жұмыр, халық жұмбағында айтылатын: «Аузы-мұрны жоқ отау» заманы туды. Жылт еткен үміт сәулесі өшіп, арман аяққа тапталды. Ел жаппай жалған сөйлеуге, жауырды жаба тоқуға, көзбояушылыққа, артық жазып асап жіберуге дағдыланды. Бұған төзе алмаған бірлі-жарым сүйегіне әділдік біткендер араққа салынды. Ішқұсталығын сонымен ұмытуға тырысты. Колхоз құрылысының ардагері Сарт Жалғасбай Қоспановтың ұлы Әміржан да осы әлсіздіктің тұтқыны болды. Өндірісте жүріп дертке ұшырады. Сөйтіп, өмірден жастай өтті.

Мешін-тауықтың ашаршылығынан кейін ауданды басқарған екі арыс — Нұрлыбек пен Іскендір ұсталғасын, артында қалған бала-шағасы «халық жауының» семьясы деген көз түрткіге шыдай алмай, басы ауған жаққа қаңғып кетті дейді сол кездің зұлматын көзімен көрген кәрілер. Қазір олар қайда тұрады, не кәсіппен айналысады — жалпы жұртқа белгісіз.

Қаратілеу Ерімбетов, Жалғасбай Қоспанов, атбегі Құл-жігіт Байпақовпен қоса екі басшы — аудандық партия комитетінің бірінші секретары Нұрлыбек Әбдікәрімов пен аудандық Совет атқару комитетінің председателі Іскендір Жантасов жаламен ұсталғаннан кейін жіптің ұшы тарқатыла бастады да, күн сайын әр ауылдан оннан, жиырмадан жазықсыз жандарды түрмеге әкеліп тықты. «Халық жауы» аталған азаматтардың алыс-жақын тумасы, жекжат-

жұрағаты, тамыры, ақырында бір рет түсіп қонақасы жеген сыйласы да жауапқа тартылды. Қарттардың айтуына қарағанда, сол кезде Ойыл ауданында 65 колхоз болғаы: екен. Әр колхоздан ең кем дегенде 10-15-тен ауылдың «сорпаға шығарлары» ұсталыпты. Олардың көбісі суға батқан тастай жоғалған. Бірен-саран қайтып келгендер де болыпты. Бірақ олар жүзден бірлер. Аудан орталығын қоса есептегенде, Ойыл өңірінен мыңнан астам адам «халық жауы» деп ұсталған екен. Елуінші жылдардың орта шенінде мен Рысбай Алматов атты жасы сол кезде сексенге еркін кірген кісімен көп әңгімелескенім бар-ды. Отыздың ойранында оның да басы істі болған екен. Тоған Тәттіғұлұлымен жандай құрдас едім дейтін. Тоғанды батыр, көзсіз ер еді, ақтар Ойылды басып алған кезде қалың жаудың ортасына келіссөзге жалғыз өзі бара беретін дел мақтайтын. Сол Рысбай қарт осы өңірге ең алғашқы трактор мен шөп шабатын машинаның қалай келгенін, оны кімдердің жүргізгенін жырдай етіп айтатын.

1935 жылы лабогрейка дейтін ат жегіп шөп шабатын машина Құмсай колхозына да тиеді. Бірақ бұрын ешкім жүргізіп көрмегендіктен, бұнымен шөп шабуға ешкімнің батылы жете қоймаған. Сол кезде Рысбай: «Жұрт ішінде от жанатын машинаны да айдап жатыр ғой. Ат жегетін қарапайым нәрсені жүргізе алмаған деген не сұмдық! Бүкіл бір колхоздың намысына тиіп...» деп, әлгі лабогрей-каны айдауды өз міндетіне алады.

— Бір-екі жыл шөп шапқанмын. Содан әрбір бөлшегі тоза бастады. Бір күні қалың шалғын арасында жатқан қара тас кезікті де, «коробка» аталатын күпшегінің май ағызатын шойын қалпағын сындырып кетті. Содан колхоз-дың басқармасы мен бірнеше адам қаралап акті толтырыл-ған. Ертеңіне екі атты қызыл жағалы қолымды артыма қайырып байлап, Ойылға жаяу айдап апарды. Бірнеше күн тергеп, ұрып-соққанмен, ештеңе шығара алмай, содан Қарақамыстың түрмесіне (Темір) апарып салған. Мұнда да тергей бастады. Пәленшені білесің бе, түгеншені танысың ба, қай бастық ауылына келгенде кімнің үйінен қонақасы жейтін еді? Мынадай фамилияны естідің бе?— дейтін. Бір ғажыбы әлгілердің айтқан адамдарынан мен ешкімді де танымайды екем. Қара танымайтын сауатсыз кісінің ел сыйлаған азаматтың атағын мақтан тұтқаннан бөтен қайраны қайдан болсын! Содан бір күні мені ылғи бір жайсаңдар мен марқасқа Қазақтардың ортасына апарып қамады. Менің байқауымша, әлгілердің біреуі де осал емес. Әйтеуір саясатты сапырып жатады. Келе-келе көзім үйрен-

гесін байқасам бұлардын бәрі қазақ емес, орысы мен татары, басқа ұлт өкілдері де бар екен. Қазақша да, орысша сөйлеседі. Маған түсініксіз бір нәрсені талқыласады. Бірде әлгілер өзара орысша сөйлесіп алды да менен қайдан келгенімді, не себеппен камалғанымды сұрасты. Шынымды айттым. Әлгілер Ойыл, Темір, Табын (Байғанин) аудандарының басшылары екенін кейін білдім. Түрме басшылары сонда менің сауатсыз, тіпті атымды жаза алмайтыныма сенбейді. Себебі сол жылдары ересектерді оқыту дейтін, жаппай сауаттану дейтін ұран болған. Ал мен сол науқан кезінде де атымды жазарлық сауаттан мақұрым қалған жанмын. Бір нәрсені жазып әкеліп көз алдыма тосады. Бақсам, бұлары: «Атуға үкім шығарылды» дегендері екен. Не керек, ақыры менен ештеңе өнбейтінін түсінген шығар, бір күні қасыма кісі қосты да: «Мына кісіні Құмсайға жеткізіп сал!» деп тапсырма берді.

«Халық жауы» атанып, Темірдің түрмесінде бес-алты ай жатқан сол Рысбай Алматов қарт ғұмырында ұзап шыққан жолын, әңгіме орайында Шұбарқұдық базарында болғанын мақтан етіп отыратын шаруа еді. Ал Шұбарқұдық пен Құмсай арасы 110 шақырым ғана жер екен. Ауыл қазағы үшін бұл қашықтық, әрине, жердің түбі болып елестеуі заңды да! Міне, отыздың ойранында тек қана ауылдың көзі ашық, көкірегі ояу жандары құрбан болған да, қара танымайтын сауатсыз, зердесіз жандары аман қалған. Шын мәнінде бұл елді тарихи зердеден, өнегеден, салт-санадан біржола айырудың қара ниетті жоспарын жүзеге асыру шарасындай оқиға еді.

1928-29 жылдардың асыра сілтеуін, мешін-тауықтың ашаршылығын, одан кейін сталинизмнің халықтың қалаулы ұлқыздарын қынадай қырған нәубетін кездерімен көрген, зардап шеккен ардагерлер арамызда қазір де бар. Ел зердесі қашан да ұстамды әрі мейлінше ұзақ. Біріне-бірі жалғасып жатқан жазалаулардың еңбекші елге тигізген зияны шаш етекпен. Бұл ойрандар, әсіресе дикан, малшы қауымның шаңырағын шайқалтып, шаруасын құрдымға жіберген, соның кесірі әлі күнге еліміздің дамуына зор кедергі болып келе жатқаны шындық емес пе? Әрбір жазалау соңынан елдің еңбеккерлік салтына үлкен нұқсан келгеніне Ойыл өңірінде болған мына бір оқиға анық дәлел. Жоғарыда есімі аталған Сабыр Тілегенов қарт: «1929 жылы күзде Көкжар жәрмеңкесі күшпен таратылып, жәрмеңкеге қатысқан кейбір белгілі адамдар жауапқа тартылған-ды. Қаланың ортасындағы мешіт пен шіркеудің қарқарасына арқан салынып құлатылып, мешіттің айы, шіркеудің кресі

аяққа тапталған. Бұл қаралы күні Көкжардың халқы басына қара салып қайғырды. Қызыл қыштан салынған және жабуына бірде-бір сүйем ағаш қолданылмай, тек қана қышпен көмкерілген мешітті құлату өздеріне қауіпті болғандықтан, мұнарасы мен айы жерге түскесін, белсенділер жөніне кетті. Бірақ шіркеу тек қана ағаштан қиюлас-тырып салынғандықтан, оны бір ет пісірім уақытта талқан-дап, ішіндегі құнды заттарын қолының сұғы барлар иеленіп алды. Бұл жергілікті халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын, аяқ асты етудің басы екен. «Зиянкес» деген атақпен ұстау осы кезде басталды ғой. 1931 жылғы жазда Келтесай аталатын ауылдың сорына орай, шоттап салған егіндері тым бітік шықты. Бүкіл Ойыл өресіне Қопар есімді диқанның атағы тарап, бұл астық іздеген уәкілдерді қызыл көрген қарғадай еткен. Шоттап салған жердің өнімі қалай бітік шыққанда да қанша пұт болсын. Күзге салым ауылдың адамдары аз ғана астығын бөлісіп, үйі мен сарайларындағы қамбаларына құйып алған. Ал ауданнан шыққан уәкілдер әлгі бала-шағаның ризығы боп отырған аз ғана дәнді тартып алып өлшеп, арбаға тией бастайды. Онымен қоймай, әлгілер жақын маңға ат шаптырып арақ-шарап алдыртып, тәңірдің тал түсінде сұлу қыз-келіншегі бар үйлердің үлкендеріне қару кезеніп, қуып шығады да, зорлайды. Осының бәрін көзімен көріп, зығырданы қайнаған намысты шаруа Қопар (қайратты болғандықтан ел қойған лақап ат) түнге қарай мас уәкілдер ұйқыға кеткенде, оларды ұрып өлтіріп, өліктерін ескі маямен бірге өртеп жібереді. Бұл оқиға кейін ауданға естіліп, Аманғали Айжарыков деген милиционер бастаған бірнеше қарулы адам бұл ауылдың жетпістен астам адамын жетпіс-сексен шақырым жердегі аудан орталығына жаяу айдап апарып, Ойыл өзенінің жарқабағына тізіп қойып, сот үкімінсіз, «революция атынан!» деген ұранмен ел көзінше атып тастайды. Елуінші жылдары партком секретары болып, алпысыншы жылдары «ардагер» аталып пенсияға шыққан әлгі Аманғали Айжарыков әр кездесу сайын мектеп оқушыларына: «Пәлендей контрды өз қолыммен атып өлтірдім» деп мақтанумен келгені де шындық. Бейбіт кезде өз халқына жаудан жаман қару кезеніп, арын таптағандардың әлгі аудан орталығындағы азамат соғысы кезінде құрбан болғандармен бірге жерленіп, шынайы революционерлер есімін қорлау сияқты болғанын халық әлі ұмытқан жоқ»,— деп тебірене әңгімелейді. Міне, осының өзінен-ақ сталинизмнің халықты қандай қайғылы халге ұшыратқанын көзге елестету қиын емес.



Қазір елімізде асыра сілтеу мен жеке басқа табыну кезінде құрбан болғандарға арнап Ескерткіш қою мәселесі көтеріліп, оған керекті қаржы да жиналып жатыр. Бірақ бұл шара атсыз-атақсыз құрып кеткен, қайда жерленгені де белгісіз қасиетті азаматтардың бәрінің есімін жазып қалдыруға мүмкіндік бере алмайтынын ескермеске тағы болмайды. Ұлы Отан соғысында опат болғандардың есімдері жазылған Ескерткіш кітабы жау уақытша басып алған облыстардың көбісінде бар екенін білеміз. Қазір сол Ескерткіш кітаптардағы есімдерді және соғыс құрбандарының белгісіздерін де анықтап, Ескерткіш кітабын баспадан басып шығару керек дейтін талап та сөз етілуде. Мұндай шараны жиырмасыншы, отызыншы, қырықыншы және елуінші жылдары сталинизмнің тағылық заңына душар болған құрбандарға да қолданса, ұсталған азаматтардың туған, құрбан болған жылдарын, өмір-баянынан қысқаша мәлімет беріп, суретін басса, бұл жазықсыз құрбандарға қойылған шын мәніндегі ескерткіш болмас па еді? Әрине, мыңдаған жазықсыз құрбандардың бәріне бірдей колхоз, мектеп немесе көше атын беру қиын. Алайда сол өзі туып өскен өлкеге, ауданға атағы белгілі болған, кезінде социализмді құруға қалтқысыз қызмет еткен коммунистерге, оның ішінде, жоғарыда сөз етілгендей, аудандық партия комитетінің бірінші секретары болған Нұрлыбек Әбдікәрімов пен аудандық Совет председателі Іскендір Жантасовқа Ойылдағы көшелердің атын беруді ойластыруға әбден болады. Сол сияқты басқа да жергілікті коммунистерді, ел құрмет тұтқан адамдарды есте қалдыру шараларын ойластырған дұрыс сияқты. Мұндай қамқорлық республикамыздың барлық түпкірінде қолға алынар күн болса, ол бір жағынан халқымыздың жазықсыз құрбандыққа ұшыраған қалаулы ұлдарының атын ұрпақ сана-сында біржола қалдырумен бірге, сталинизмге күйрете соққы берілуінің, ақырында шындық пен әділеттің түбінде салтанат құрмай тынбайтындығының айқын мысалы да болары даусыз.

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА

#### ҰМЫТЫЛМАС ҚАСІРЕТ

Мәриям мен Серғали Орынборға көшіп келгенде, Адам аударандық партия комитетінің бірінші секретары Үмбет Жаманов екен. «О, айналайын арық қызым»— деп бұларды

куанышпен қарсы алды. Алматыда рабфактың директоры болғанда, төрт жыл бойы ол кісінің тәлім-тәрбиесін көрген. Енді мына танымайтын жерде көзіне мүлдем жылы ұшырап, кәдімгі туысындай арқа сүйеді. Үш баласы бар, Зүбира апайдың қабағы әрқашан жадыраңқы, тұңғыш қыздары Роза (қазір Совет Одағының халық артисі) екі үйдің арасында жүгіріп, бір-бірлерімен жақын араласып кетті. Серғали — аудандық НКВД бастығының орынбасары, езі аудандық газеттің белім меңгерушісі боп орналасты. Газеттің редакторы Гали Айбасов, атқару комитетінің председателі Айтқали Есенғалиев, басқа да үлкенді-кішілі қызметтес дос-жарандар көбейіп, бірден қатқабат жұмысқа араласты. Әнші, күйшілердің басын қосып, өлең, лекция оқиды, культбригаданы басқарған Мәриямның жанына тыным жоқ. Пьеса дайындап, әрі сонда ойнайды. «Шұғаның белгісін» қойып, өзі Шұғаның жеңгесі боп ойнағанда, Серғали көрермен спектакль аяқталғаннан кейін: «Мәриям, о нәшеліктің әйелі, бұрын үлкен сахналарда ойнаған кісі ғой, жұрт тамсанады екен»—деп, шегі қататын.

Келесі 1935 жылы Серғали Домбаров ауданына қызмет ауыстырып, Жамановтардың семьясы да Орынбор қаласына көшті. Үмбет ағай облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары болып тағайындалыпты. Жаңа ауданда да сол үйреншікті дәстүр, жергілікті тұрғындармен шүйіркелесіп, кітапхана меңгерушісі Мәриям қоғамдық жұмысқа алғашқы сәттен-ақ белсене араласты. Халықтың өнерге деген құлшынысы керемет, ән-күй, жыр десе елеңдеп-ақ тұрады. Тек ұйымдастыра біл, ар жағын өздері-ақ үйіртіп әкетеді. Қазақстанның 15 жылдық мерекесіне қарсы кең программа жасалып, «Еңлік-Кебек» пьесасын қоятын болды. Режиссері — Мәриям, әрі мұнда да Еңліктің жеңгесі. Сөйтіп дайындалып жүргенде, пьеса қойылуға екі-үш күн қалғанда, қойшының роліндегі жігіт үштікүйлі жоқ. Әрі-бері іздестірген Мәриям оның үйленіп кеткенін естіді. Бұларға жөнін айтпай алысқа сапар шеккен. Не істеу керек? Әбден сасқан Мәриям аудандық партия комитетінің екінші секретары Мәкім Ахметовқа жетті жүгіріп. Ол да абдырап: «Енді қайттық, Мәриям, кімді білесің?» деп жатыр.

— Мәкім аға, бір кісі бар, егер келіссе, нағыз қойшы боп шыға келер еді,— Қысылғаннан айтып қалса да, іштей «келісе қояр ма екен» деп күдіктене берді. Серғалидің әншілігі, күйшілігі өзіне ғана белгілі. Кез келген аспаптын құлағында ойнайды, Кебектің де, Жапалдың да сөздерін жатқа біледі. Екеуара отырғанда нақышына келтіре талай

орындаған. Алматыдан аттанарда Ахмет Жұбанов оған «Ақсақ құланның» алты түрін тартқызып: «Бара жатқан жерлерің ғажап, Кіші жүз шетінен күйші. Мәриям, айна- лайын, жолдасың екеуің маған көмектесіңдер, игі жұмысқа басымды байладым. Талантты адамдардың аты-женін хабарласаңдар жеткілікті, үкіметтің көмегімен алды- рамыз»,— деген.

Ахан, міне, содан бері талай хат жазды, бұлар да оның тілегі бойынша ауыл-ауылды аралап, әнші, күйші іздейді. Жуырда ғана жетінші ауылға Сүйіншәл деген Қартқа барып қайтқан. Қызық, күй тартарда сыртқы киімдерін шешеді де екі жеңін түріп тастайды. Көйлек-дамбалшаң жайғасып отырады да әуелі күйдің тарихын айтады. Өзі апыл-ғұпыл соны қағазға түсіріп, Серғалидың көзі домбырада, күйшінің қимыл-қозғалысын бағады. Сүйіншәл атайдың үйінен екеуі таңғажайып әсермен оралған: — «Ақсақ құланның» алты түрін тартқаным таңғалған Ахаң мына кісіні тыңдаса қайтер еді,— деген Серғали келе жатып,— баяғыда «Ақсақ құланды» алпыс тарамға бөліп тартқанбыз дегенін естідің бе ақсақалдың? Үйге кештетіп қайтса да домбыраны біразға шейін тыңқыл- датып қатты толқыған. Серғалидың өнерге жақындығын, әрине, мұндағылар білмейді. Толып жатқан күй табағын патефонға қойып, қолы сәл босаса домбырасын алып, қосылып отырғаны. Жолдасының осындай өнеріне сенген- діктен де Мәкім ағайдың «кім ол?» дегеніне, «Серғали» деп қысқа қайырған. Артынша бірақ абдырап: «Мен айтты дей көрмеңіз»,— деді.

Ахметов дереу телефонға қолын созды: «Серғазы үзілісте маған кіріп шықшы». Кешке қарай Мәриям түк білмейтіндей сыңай танытқан. «Не былықтырып жүрсің? Райком жағамнан алып жатыр. Мұратыңа жетсең, қойшы боп ойнайын»,— дегенде ғана қуана жымыған. Еншілерінде екі-ақ күн, халық жан-жақтан жиналып, ойын-сауықты тамашалауға асық. Мәриямда маза жоқ, көпшіліктің сені- мінен шығамыз ба деген күдік мол. Қойшыға лайық киім іздеп, еңгезердей бір шалдың жырым-жырым бөркін, басқа да киімдерін сұрап алды. Екі киіз үйді қатар тігіп, сахна жасады. «Еңлік — Кебекті» қатарынан үш күн қойды, халықтың құрметінде шек жоқ. Жалаң аяқ, жыртық бөрік, өзі кара, қолында таяқ, әнін шырқап барады аңыра- тып. Серғалидың сондағы түрі- ай! Әлде бос байланды, әлде байқаусызда өзі тартып қалды ма, әлден уақытта бауы ағытылып, кең дамбал төмен сыпырылғанда, астынан аудандық НКВД бастығының көк шалбары сыптай боп

шыға келді. Серғали шымылдықтың сыртына зып берген. Содан біразға шейін «сен әдейі жасағансың ғой» деп Мәриямға өкпелеп журді.

Қызыққа толы тірлік зымырап өтіп жатты. Алматыда Бибаған: «Сықақ, жұмбақ демендер, жіберіңдер» деп хат жазса, Ахмет Жұбанов рақметін жаудырып, ел арасында өнерпаздардың адресін сұраудан жалықпайды. Мәриямның тікелей Бейімбет Майлиннің көмегімен жарыққа шыққан «Жеңешем өлеңдері» жинағы да жас шаңыраққа қуаныш әкелді. Қолдарында сексендегі қайын атасы, қайнылары, балалары, тату-тәтті кешкен тірлігіне риза еді Мәриям. Ел аузындағы түрлі аңыз, қиссаға құлағы түрік, орайын тауып қағазға түсіреді, бақытты дәуреннің жүрегін өректігіп, сезімін селт еткізген тұстары өлең шумағына айналады. Аспан ашық, заман тыныш. Беу шіркін, сол бір шаттық күндер-ай, жас келіншек, жас ақынның. Қас-қабағынан түсінген сүйікті жары қасында. Хатпен жолдаған дүниелерін асыға күтіп, газет-журналға жария- лаған Бейімбет, Сәкен ағалары асқар тауындай.

— Сәбит, сен білесің бе, Балғожа тұқымынан екен ғой Мәриям,— деген Сәкен алғаш рет мұның қолын ұстап тұрып,— оның бер жағында Ыбырайды бүкіл орыс қауымы біледі.— Мұқановқа бұрылып сөзін одан әрі жалғастыр- ған.— Неге осы біздің маңдайымызға біткен ақын қызда- рымыз арық болады, әрең ілініп тұрады, бұл баланы жақсылап бағу керек, біз Шолпанды дұрыстап баға алмай айырылып қалдық. Дарынды тұқымнан шыққан бала екен, Сәбит көз қырларыңды салып жүріңдер. Біз әлі ақынбыз десек те Алтынсариннің өресіне жеткен жоқпыз,— деп Ыбырайдың өлеңдерін оқып кетті.

Шетінен дана осындай азаматтар қатарының сәні бұзылар-ау, бейқұт мына мамыражай жағдайлары күрт өзгерер-ау деген ой тіпті де қаперіне кірмеген. 1937 жылдың орта тұсында жер-жерден әр қилы хабарлар тарай бастады. «Орынбордан Жамановты ұстап әкетіпті» деген сыбыс та жетті. Июнь айынан кейін әрі түсініксіз, әрі қорқынышты бір кезең белең алды. Әннің, күйдің ауылы алыстап, енді Серғалидың қабағы түнеріңкі, қызметтен шаршап қайта- тынды шығарды. «Әр ұлттың екілі өз еліне барсын деп Ежов указание беріпті» деген алып-қашпа сөздің соңынан бұларға телеграмма да келді, «Қазақстанға қайтарылсын» деп. Кәдімгідей іргелі үйге айналған, мал, жан, құс, аяқ асты жиналу қажет, берекелері қашты. Ең керекті дүние- мүлікті багажға тиіп, қартты уақытша Қостанайға ағайын- дарына аттандырды. Құстарын, ұсақ-түйек бұйымды

көршілеріне таратып, өздері Алматыға аттанды. Министрдің қабылдауынан Серғали көңілсіз оралды.

— Үш күннің ішінде Ақтөбеге жетуіміз керек, мені Табын ауданына тағайындапты, НКВД-ға. Доңыз тауында басмашылармен соғысып едім, жері қолайсыз,— деді Мәриямға.— Әлде бағымыз, әлде сорымыз. Басқа ауданға жіберсеңдер қайтеді дегенімде, «міне, бұйрық, ал да кет» деді. Сол түні Серғали көз ілмеді, таң атқанша уһілеп ұйықтамады. Әлі бағаждары да келіп үлгермеген, қағазын ағайындарына тастап, тағы да жол шекті. Ақтөбеде қызмет істейтін Сұлтан Дайыровтың үйіне түсті. Үй иесі Ырғыз ауданында науқан шаруасымен жүр десті. «Шұғыл Табынға жет» деген бұйрықпен Серғалилар дереу қайтадан машинаға отырды. Темір селосына қонып, әбден мазасы қашқан бала-шағасымен жетті-ау әйтеуір Табынға. Өзбекше салынған үйге кеп қонды. Бұрынғы бастығы Ағзамов деген өзбек екен. Ол да еліне қайтуға дайындық камында, телеграмма алыпты. Ауданды таныстыру мақсатында Серғалиды Ағзамов ел аралауға ертіп әкетті. Жарты ай жүрді екеуі. Кенеттен опыр-топыр әбігерге ұшыратқан нендей жайт — себеп-салдарын түгендейтін мұрша да, уақыт та жоқ. Мәриям әбден шаршаған. Айналасы ай жарымда ерсілі-қарсылы көшуден-ақ діңкесі құрығандай. Баяғыдай емес, Серғалиды сирек кореді, ертелі-кеш ат үстінде.

Табыннан тұтқындалғандарға орын жоқ, Темірге апарып жапқан, енді онда да ине шаншар тесік қалмай, облыстық НКВД-дан телеграмма келді Серғалиға: «Істерін тез қара да Ақтөбенің түрмесіне жібер халық жауларын». Енді ол Темірге кетті. Жиырма шақты күннен соң Ағзамовқа телеграмма соғыпты: «Менің әйелімді, бала-ларымды жібер, осы жерден бағажды алып кетсін». Серғалидың өңі боп-боз, жүдеу.

— Не болды, ауырдың ба?— деген Мәриямның сауалына басын шайқап жауап қатты.

— Бізде ұйқы да, күлкі де жоқ. Түрменің ауласына шейін лық толы, айнала темір қоршап, күзет қоямыз. Сен алаңдайды ғой деп алдырттым.

Бір-екі күннен кейін балаларымен Мәриям Ақтөбеге келді. Жол бойы аңғарғаны — халықтың қас-қабағы түнеріпкі, зіл батпан ауырлық еңселерін езіп үлгерген. Алматыдан бағаждары келіп, соны алып қайтуға жиналған. «Бері шығып қалмасын, отчетпен Ақтөбеге барамын» деген хабар беріпті Серғали. Айтқанындай Ағзамовпен есеп беруге келді. Жиналыстары екі-үш күнге созылды.

Сұлтан Дайыровтың үйінде бәрі. Баяндамасын жазып, есебін өткізген түні Серғали қатты ауырды. Соқырішек екен, дәрігер шақырып, шұғыл көмек жасады. Ертеңіне Мәриям екі баламен есік алдында отырған, түнімен қиналған Серғали дем алсын деп терезелердің қақпасын жауып қойған. Өрі маса, шыбын көп. Түс мезгілінен ауса да бөлмелерді қараңғылап тастаған. Кішкентай Атымтай мен Нұржамал ойнап жүр. Көшенің арғы бетінде келе жатқан екі полковник бері таман бұрылды.

— Бермұхамедов осында тұра ма? Өзі қайда қазір?

— Түнде приступ ұстап ауырып жатыр.

— Оятуға бола ма?— деп олар үйге беттеді. Соңдарынан ерген Мәриямға «Сіз тоқтай тұрыңыз» деп кідіртті. «Мен терезелерді... қараңғы ғой» дегенінше, біреуі өзі барып ашты қақпаны. Екіншісі — таныс, Коля. Иықтары салбырап, бұған тура қарамайды. Бөлменің іші, жап-жарық болып шыға келгенде де Серғали оянбады. Бет-аузын тер жуып, қорылдап ұйықтап жатыр. Бас жағында нағаны, жастығының астынан пистолетінің қабуры көрінеді. Танымайтыны нағанды қабымен сақтықпен ала бергенде, Коля теріс қарап кетті.

— Серғали, Серғали түрегел,— деді Мәриям ақырын ғана. Кеудесін көтерер-көтерместен оның қолына қағаз ұсынған полковник пистолетті аударып-төңкере шұқылады:

— Қаруыңыз тап-таза екен.— Өн бойын билей женелген дірілді әрең басқан Мәриям күйеуінің түрінен шошынды, өлік сықылды түсі.

— Не істеп қойыппын, келгеніме бір ай да толған жоқ,— деді бойын тіктеп.

— Абыржымаңыз, түк те емес, тексереміз, мүмкін қателесіп...— дейді Серғалидың қаруын сыпырып алғаны.

— Пәтер сіздікі ме?

— Мен сізге айттым ғой әлгінде, Дайыровтың үйі деп,— Коля ызалана сөйледі серігіне.

Серғали киінді де «бір стакан сүт берші» деді. Мәриям ұсынған ыдысқа полковник күдіктене қарады:

— Бұл не?

— Бұл сүт.— Серғали сүтті ішіп стаканды қайтадан әйеліне берді. Мәриямның есі кіресілі-шығасылы. Жігіттердің сөзі алыстан талып жеткендей. Серғалидың ізін басқан.— Мына кісі саған аулаға шықпасын өзіміз жүрейік дейді. Орнында қақшып қанша тұрғанын білмейді, ашық есіктен үшеуінің жәй әншейін әңгімелескендей сыңаймен алыстағанын ғана байқады. Сырт көзге олар жайбара-

кат, енді өзі де сондарынан ақырын ерді. Екі полковниктің ортасында, НКВД-ның ауласына жеткенде, Серғали артыша бұрылды. Жанарлар түйісіп үлгермеді, есік сарт бекітілді. Сағат алты жарым, 28 август, 1937 жыл.

Түнімен балаларын алма-кезек құшақтап жылаған Мәриям ертеңіне есік қағылғанда таныс белгіден үшып кете жаздады.

— Босатты ма?

— Кайдан босатады, артыма карасайшы.— Аанадай тұста екі милиционер тұр екен, Мәриямның аузы құрғап, демі тұншықты.— Есіңнен айрылма, беріктік жағын білуші едің ғой. Бүгін 73 поезбен Орынборға әкетпек. Мыпа екі жігітті баяғыда өзім орналастырғанмын қызметке, адамға жақсылығың осындайда екен. Он мүйнетке саған алып келді. Жігіттерге залалым тимесін. Сабын, орамал, тіс жуа- тын щетка, порошок, киіндіріп екі баланы да әкелерсің.

Бәрі де қас-қағымда өтті. Ұлы Атымтайды басынан аяғына дейін шөпідетіп сүйіп жатыр. Үшеуі станцияға кетті. Балаларды көтеріп Дайыровтың әйелі Құлмайра екеуі де жетті артынша. Вокзал маңы қаптаған қара құрттай. Әлгіндегі жігіттердің біреуінің қалы барын аңғар- ған. Мәриям соған жақындады. Ол да бұған қарап, есікті нұсқады емеурінмен. Жан ашуынан ба, есікті жұлқа тартып ішке енді. Серғали жалт бұрылды:

— Коля жуып-шая сөйледі. Телефон шылдыр қаққанда бұған «шыға тұр» деді. Оралған түйіншекті Коляның алдына қойған:— Бәрібір тексересіңдер ғой, міне.— Серғали бұған кейігендей қабағын түйді.

Сыртта ерсілі-қарсылы ағылған жұрт. Мәриямның көздері есікте. Бір уақытта есікті серпіп тастап Серғали шықты.

— Сенің көз жасың шығар, анау поезд екі сағатқа кешігіп жатыр. Жігіттерге рақмет, жігіттерге рақмет!— Бәрі теміржол станциясының асханасына беттеді. Серғали фуражжасын алып сұртті.— Мәриям, лимонад ішейікші. Бұл бір стакан, бір бөтелкені -ұстап келгенде бетіне таңырқай үнілді.— Әлі бір тәулік болған жоқ, сен неге абдырайсың. Менен сенің жүгің ауыр, Мәриям.

Сөйтті де өзі екі-үш шыны лимонад, төрт стаканды әкеліп столға қойды.— Бұдан кейін бір дастарқанның басында отырамыз ба, су болса да бір дастарқанның басынан дәм татайықшы.

Айнала сыбыр-күбір: «Сталин мұны білмейді. Ежовтың ұраны дейді екі жүз миллион адамы бар Россияны қайдағы бейшара грузинге билетіп қоямыз ба деген».

— Бұл мұртқа келген пәле ғой,— деді Серғали тұн- жырап.  
— Мұртың құрысын!  
— Мәриям қателесесің, біз құрысақ, бір семья ғана қасірет шегеді, ал мұрт құрыса бүкіл нацмен құриды. Сен олай қателеспе.

Екі әйел ағыл-тегіл жылап, жалын ата күрсінеді. Уақыт мұншалық тез өтер ме, өзегі өртенген Мәриям күйеуінің білегіне қарады.

— Сағатың қайда?

— Коляға бердім, қалтамда жетпіс сом ақша жүр екев, кейін саған апар деп сағатпен.

Қайран, поезды кешіктірген сол күнгі екі сағат!.. Екі ғасырға татитындай екен әр сәті, әр мүйнеті...

— Ақтығыма, адамшылығыма, адалдығыма жетсе, алты айда оралармын, алты ай өтсе, күдерінді үз, қазір тексеріп жатқан жоқ, уақыттың аздығынан шығар... Мені қойшы, азаматпын ғой, мыналар бейшара боп қалмаса жарар еді.— Ұлы мен қызына қарады.— Бірінді-біріңе тапсырдым. Мәриям, бір қора боқты өзіңе тастап кетіп барамын. Егер оралмасам, өзіңнің бақытсыздығыңнан көр... Тіпті мәңгі оралмасам да мені тосатыныңа сенемін!

— Ал, жиналайық!— Серғалиға бір кісі жақындап әлдене дегендей болды.

— Сендер осы жерде қалыңдар.

— Атып жіберсе де барамын.— Мәриямның көз алды тұманданды.

— Мына кісіні тыңдаңдар.^ Шарбақтан барып қараңдар. Әй, Мәриям, әжем байғұс айдың 9, 19, 29-ында жолға шығартпаушы еді.

— Көңіліңе алмашы, оқымаған адам айта береді-дағы.

Шарбақтың сыртынан карап тұр. Өне, Серғали қолын бұлғады. Бетінде қалы бар жігіт вагонға көтерілді. Мәриямның жүрегі мұздап кетті. 9-вагон.

— Атымтай, саған машина әкелемін, велосипед әкеле- мін, самолет әкелемін.— Поезд тағы 15 минут тоқтап тұрды. Серғали тағы да қолын бұлғады бұларға. Екі баланы көтерген екі әйел жылжи жөнелген 9-шы вагонға зарыға қарады. Серғалидың созылған қолдары әуеге сіңіп жоғалды.

— Папам маған қашан велосипед әкеледі?— Атымтай бертінге шейін қайталайтын осы сұрағын. Отыз бір жасында екінші рет мәңгілік жесір қалғанына Мәриям күні бүгінге шейін сене алмайды. Серғали екі қолын әлі бұлғап бара жатқандай. Арысы, азаматы, айбыны!

Қара орманы өртенді, өзегін күйік шалды. Айналасы



іріген айрандай. Сұмдықтың көкесі 29 августан кейін басталды.

Тоналған жүктерінің қалған-құтқанын Сұлтан үйінің сарайына үйіп, балаларын ертіп, Табынға тартты. Дос-жаранға көрінуге бет жоқ, бірінен-бірі үріккен. Кешегі жақының сәлемдесуге де қорқады. Ағзамовтар әлі көш-пепті.

— Есеп карточкамды райкомнан біліп беріңізші,— деп өтінді Мәриям одан. Мұнда да аласапыран, ауданның басшыларын шетінен әкетіп үлгерген.

— Екінші секретарь Тайлыбаев, әйтпесе бөлімнен анықтасаңшы, өзіңнің жолыққаның жөн шығар,— деді Ағзамов.

Бөлімдегілер «секретарьға кіріңіз» дегесін, еш алаңсыз есікті ашқан. Төрдегі дөңкиген кісі қабағын шытты.

— Неге рұқсат сұрамайсыз? Кімсіз?

— Кешіріңіз, ешкім жоқ деген соң...— Мәриям жөнін айта бастағанда анау айғай салды.

— Бермұқамедовтың қатыны ма едің? Арамдардың құйрығы бір-ақ тұтам деген, әне, солай, әкел партбилетті, өзің взнос төлеп пе едің?

— Үш айға алдын ала төлегенмін.

— Ә, қуын қарай гөр, біледі, ә... Әкел бермен, жеп қояды дейсің бе?

Бөтен ой жоқ, Мәриям билетін көрсетті. Тайлыбаев жалмажан шкафтың суырмасына салып жіберді.— Жетеді сендер сықылды сайқалдар партбилетпен ойнап болды.— Қайыс белбеуін ұстап, орнынан кетерілді.

— Қателеспеңіз өйтіп, мені партия қатарына қабыл-даған сіз емессіз, бюроның бір-екі адамын шақырыңыз...— Жағынан тартып жібергенде, Мәриям құлап түсті. Есіктен әлгі өзіне «секретарьға кіріңіз» деген бөлімдегі шалды шырамытты. Мәриямға тұра ұмтылған секретарьдың қолын ұстай алды.

— Ұят болады! Дабыр-дұбырды естіп, толық сары әйел де қарсы беттеді. «Неге келдіңдер, шығындар»— деп Тайлыбаев дес берер емес.

— Не, тағы жынданып жатырмысың?— деген әйелдің даусынан қуаттанған Мәриям есін тез жиды.

— Біз жау болсақ, сіз де жаусыз. Біздің басымызға туған күн сіздің басыңызға да туады. Бізді қандай зарлатсаң, өзіңнің қатын-балаң да сондай зарласын!

— Сені ме, сені дәл қазір қаматайын!— Секретарь телефонға жармасып, әйел қолынан қағады. Мәриямға

әлсін-әлсін тұра ұмтылады. Шал мен әйел орталарында шырпыр.

Секретарьдың кабинетінен қалай шыққанын білмейді. дүние астаң-кестең, билетімен қоса бүкіл үміті, сенімі өшкендей. Енді кімге мұңын шақпақ, кімді пана тұтып, кімге арқа сүйеймін?

— Ол жынды, ақуа, күніміз соған қалып жатыр,— деп өзінше жұбатқан Ағзамов бұларды түнде почтаның машинасымен Темірге қайтарды. Екі баласымен кабинаға отырғызуға көмектесті Мәриямға. Жүз шақырымдай жүріп, кезекті бекеттен асқанда, машина бұзылып, біраз кідірді. Күн ыстық, балалар шөлден қыңқылдай берген соң, жаяу аяңдаған. Арқасында —Атымтай, етегінде — Нұржамал, жоғарыда әрлі-берлі ұшқан дуадақтардан қорқады балалар. Келе жатқанда машинаның үстінде, желдің өтінде салқын тиіп еді, енді шөлге шыдар емес қай-қайсы да. Ұдайы үйіне қонып жүретін Ғалиакбар Нұрғалиевтың семьясы әдеттегідей құрақша қарсы алғанымен, «қырсығмыз тие ме» деп Мәриям қашан Ақтөбеге жеткенше асықты. Нұрғалиевтардың семьясы сусын, тамағын беріп, поезға шығарып салды. Екі баламен қысылып-қымтырыла сыйысты вагонға. Ауыл шаруашылығының көрмесіне Москваға бара жатқан өзбек делегациясының құрамы екен көршілері, төменгі қатарға орын ауыстырды бұларға. Сұлтан Дайыров үйінде екен, Мәриямды құшақтап, жылап қарсы алды.

— Ешқайда қаңғырма, бірге тұра беріңдер,—■ деді. Ол кезде Ақтөбе шағын ғана, орталықта — фонтан, суды бәрі соған кезекке тұрып алады. Күн сайын Күлмайра екеуі күйендемен шелектеп су тасиды. Қалайда пәтерге шығудың амалын іздестіріп жүрген. Сол фонтанның қасында бірде хабарландыруға назар аударды. Дереву үйге ұшсын, шелектерін шайқалтып, «Некрасов көшесі, 60 үй» деп іштей қайталап келеді. Ағайынды грузиндер екен қожайындары. Екі бөлмесін бір жылға 800 сомға беруге келісті.

— Кімнің бар?

— Сексенде — атам, екі — балам.

— Міне, бізге осындай кісілер керек, ал күйеуіңіз ше? —

— Ол Москвада оқуда, өзіміз осында тұрайық,— деп келдік.— Мәриям еріксіз өтірік айтуға мәжбүр. Қалған- құтқан дүниені, кілем, патефон, 200-ден астам күй табақ- тарын, киімдерін сатып, әйтеуір пәтердің ақысын төледі. Қанша дегенмен, жеке үй, өлмегенге өлі балық, бөлек

шыққанда Серғали үйінде отырғандай сезінді. Сұлтан-ның үйінде Әли және Рәзия Тұржановтардың семьясымен танысқан. Әли — Қобда аудандық почтаның бастығы. Рәзия — аудандық комсомол комитетінің бірінші секрета-ры. Мәриямдар пәтерге кешіп жатқанда, Сұлтанның үйіне үш баласымен Рәзия келді. Әлидің қарындасы Жәмила да осында, техникумда оқиды. Сұлтанмен тұратын. Сөйтсе Әлиді тұтқындап, дүние-мүлкін кәмпес-келеп, келіншегі үш қызымен, ең кішісі емшекте — осында жеткен. Енді Дайыровтарға да қауіп төнетіндей. Мәриям пәтерлерінің қарсысында — тауық қамайтын қора, іші аппақ. Қожайынмен келісіп, соны тазалап, Рәзияны көші-ріп әкелді. Өкпе ауруына шалдыққан Рәзия күйеуіне тамақ апарады. Мәриям қасынан қалмайды, күні ертең өзі де Серғалиды іздеп бармақ, «түрменің жай-жапсарын, тәртібін біліп алайын» дейді іштей. 1937 жылдың декабрінде сайлауға қарсы Әлимен кездестіретін болды. Түрменің ар жағынан Әлиді алып келді, баяғы сұлулықтың ізі де жоқ, түрі адам танығысыз, беті алапес. Арада үш-төрт сырғауыл, кісі көп, дауыс ажырату қиын. Әли үш рет айқайлағанымен Рәзия есінен танып құлады. Мәриям оны сүйей берген. Қасындағылар Әлиді кері әкетті. Рәзияға су сеуіп, есін жиған сәтте Әлиді қайтадан бері жақындатты, жанында — күзетші. Аңдаусызда Әлидің лақтырған қағазын Мәриям қалтасына салды.

— Не болды, Әли-ау, не болды,— деп Рәзия зар қағуда, Әлдене деп үлгерместен кездесу де аяқталды. Жер бауыр-лап жылаған Рәзияны әрең жұбатып, үйде екеуі әлгі қағазды ашты. Әли милиционерден жууға беріп жіберетін шалбарының ышқырын сөгуді өтініпті. Айтқанындай, бір елі ышқырдың астарын свгіп жібергенде әбден умаждалған жұп-жұмсақ 17 бөлек қағаз шықты: «Тоғыз күнге дейін өтірік айтар жайым жоқ деп жауап бермедім. Табын ауданында НКВД-да істеген, өзі сері, өзі әнші досым жауап алды. Сақылдап қайнаған ыстық суды бетіме шашып оты-рып жауап алды. Екі көзімді жұмып, бетім күйсе күйсін деп тырп етпедім. «Нағыз жау екенсің» деп досым тепкілеп-тепкілеп кетіп қалды. Келесі күні бір орыс келді. Екі сағат мыжыды. «Атып жіберсең де айтарым жоқ» дедім. «Туалетке шыққым келеді» дегенімде, басқа бір есікке кіргізген. Әкеп отырғызғанда төменнен ток соқты. Дүниеде адамның ғауретінен ток соққаннан қиығы жоқ екен. Содан кейін есімді білмеймін, не әкеліп оқытса да қолымды қоя бердім... Соры қайнаған әйелдер күні-түні вокзалды аңдыды. Әли «қапы қалмаңдар, бүгін бе, әлде 12

декабрьде ме, этапқа мінгізеді, осы маңды күзетіндер» деп әлгі милиционерден қағаз беріпті. Бар тәтті-дәмділерін екі арадағы милиционерге тосып жатыр, обалы нешік, ол да жүгіріп-ақ жүр. Күн өткен сайын Рәзияның сырқаты меңдеп барады. Көк мұз, ақ қарда дірдек қаққан әйелдер. Составты толтыруға адамның саны жетпейді деп, поезды тағы кідіртіп жатыр. Қақаған қыстың кешінде Рәзия екеуі станцияға тағы келді. Ортадағы биік мінбеден тізім бойын- ша оқыш, түрмеден шыққандар төрт адамнан екі қатарға сапқа тұруда. Құжынаған халық. Екі жақтан ит ұстап, ақ тон кигендер. Түнгі бірден таң атқанша тізім оқылды. «Отырыңдар» деген бұйрық естілді. Бәрі бүк түсіп, бір қатары ортаға бөлініп шықты. Тұтқындардың екі жағынан мылтық атылғанда бұлар шу етті. Лезде айналаны әскер қаптады. Сөйтсе, құлақтарын бітеп ештеме естімеулері үшін атылған екен. Дәл со жерде атып тастайды деп еңіреген әйелдер әлі де естерін жияр емес. 9-шы қызыл вагонға мінді. Әли, таныс дәрігер, таныс адвокат, өңкей сайдың тасындай жігіттер. Бірақ поезд орнынан тапжылмады. «Тағы да адам толмай қапты» десті. Ұзын состав мелшиген қалпы, адамдардың абдырап, сасқанымен титтей шаруасы жоқ. Т аныс милиционер тағы да хабар жеткізді: ертең түс кезінде әкетпек. Бәрінің атынан ортадан арыз жазыпты. Соны Москваға, Сталинге жеткізу керек. Поезд жылдамдығын күшейтіп, дүрсілдеп жүре бастағанда, тере- зеден ақ шүберек лақтырмақ, соны қалайда ұстасын біреуі.

Әйелдер қайтадан күзетке шықты. Үскірік аяз, тажал жел. Паровоз ышқына шыңғырды. Дөңгелектер сарт-сұрт, жер-көкті басына көтерді. Үстіндегі қара дақасын шешіп тастаған Рәзия құстай ұшсын, түйілген шүберекті қысып үлгерді-ау көкірегіне. Ит жетектеген, ақ тон кигендер Рәзияны тепкілеп, кеудесіндегіні тартып алды. Қара дақаға жүгіріп жеткен Мәриям қорыққанынан қалшыып қатты да қалды. Ақ тондар әрі қарай кетті, Рәзия жатқан жерінен қозғалмады. Дақасын сүйретіп Рәзияға жақындаған. Бет- аузы көгерген, әппақ қардың үсті қызыл-ала түкірген қан, Рәзия әлсіз ыңырсыды. Киіндіріп, үйге қайтты. Жұт жеті ағайындылығын дәлелдеді, 1938 жылдың декабрінде Әлидің үш бірдей қызы шетінеп, Рәзия төсек тартып, 22 марта көз жұмды. Дүниесін қаттап, Әлидің қарындасы бұ кезде техникумнан шығарып жіберген Жәмилаға тапсы- рылды. Рәзияны арулап, үш қызының жанына жерледі, басына белгі орнатты. Кейін сол белгі арқылы бала- шағасының бейітін тапқан Әли Мәриямға тебірене хат жазған. Ақталып шыққанымен 1940 жылы Қостанайдың

почтасында жұмыс істеп жүріп қайтыс болды. Мәриямның көз алдында осылайша бір үйлі бес жан тектен-текке қырылды.

Отын, су, тамақ қажет, қолдағының бәрі сатылды... «Ағамды алдыр, балаларға қарасын» деп тапсырған Серғали кетерде, алыстағы ауылдарынан қайын атасын шақыртқан. Күннен-күнге қиындау соқты. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің бас редакторы Меңетай Жақсылықовқа барған.

— Мені корректорлыққа алсаң қайтеді?

— Айналайын, Мәриям-ай, мен де қыл үстінде тұрмын ғой,— деп жауап қатқан ол. Артынша бір ай өтпей оны да партиядан шығарып, қызметінен босатты. Облыстық тұтынушылар одағы председателінің орынбасары Айжан Токмағамбетова екеуін қатар шығарды партиядан. Бір күні түнде есік қағылды. Айжан екен:

— Мәриям, бүгін Меңетай да, мен де сендердің тобына кіріп отырмыз. Қажығали (інісі) екеуің кезекке тұрып, билет алып, елеусіздеу бізді шығарып салмасаңдар, қама- ламыз,— деді.

Түнімен билеттің кезегін тосып, оларды поезға отыр- ғызып жібердік. Мәриямның бармаған мекемесі, баспаған табалдырығы қалмады Ақтөбеде. Ешқайсы жұмысқа қабыл- дамайды. «Опасыз, сатқын, халық жауы» деп айдап шығады. Бірде қаладағы «скупочный пунктке» бөркіне, пальтосына шейін өткізген. Сондай бір жолы кезекте партбилетін тартып алған Тайлыбаевты жолықтырды. Өзін арашалаған әйел де қасында, ерлі-зайыпты екен.

— Сіз осы Бермұхамедовтың әйелі емессіз бе?

— Солмын.

— Бәсе, со шығар деп ойлап едім.— Әйелі оны жеңінен тартып кеп қалды. Екі түк қып ораған дүниелері бар.

— Бұ жерге біз сықылды жаулар келеді ғой, сіз не ғып мұнда жүрсіз?—деді Мәриям. Тайлыбаевтың әйелі «Неге қарайсың, не бетіңмен сөйлейсің, сыбағанды алдың ба» деп жер-жебіріне жете сөйлеп жатыр. Кейін естіді, Тайлыбаевты да ұстап әкеткенін. Соның әйелінің адамшы- лығына әлі күнге риза.

1938 жылдың майында арыз жазып, Алматыға парт-контрольге жіберген. «Пәлен уақытта келіп хабарласыңыз» деген жауапты алысымен, балаларды атасына қалдырып, жолға шықты. Әйтеуір үйдің иелері тыныш, бұлардың жағдайын анық білгендерімен беттеріне баспайды, көмек- тесіп, кейде тіпті отынын жарып береді. Бұл да демеу жарым кеңілге, Алматыға келісімен қағаздағы телефон

брийнша хабарласқан. «Сіздің ісіңіз Зерновецте» деді ар жақтан. «Эттеген-ай» деп өкінді Мәриям. Күні кеше Ақ- төбеде де сол тексерген мұның жағдайын. Енді осында келіпті қызметі жоғарылап. Кезегі жетіп, алдын ала келі- сілген мерзім де келді, (қазіргі театр-көркем сурет инсти- тутының үйі). Әй-шәй жоқ, Зерновец хабарлама жасады:

— Байының алжыған әкесін де бағып отыр, әрине, халық жауы, бірақ бұл байының теріс пікірін айтады деймі- сің, әрине онымен байланысы бар... Бұны тыңдасаң, байынан гуманный жан жоқ, бірақ жау болған жағын айтпайды.— Басқалар біраз сұрақ қойды. Партконтрольдің бастығы қалай күн көріп жатқандарын тәптіштей ежіктеп, ойланып қалды.

— Сізге почта арқылы хабарланады арызыңыздың нәтижесі,— деді.— Қызметке орналасуға көмектесеміз, ал партиялық мәселеніз күйеуіңізге тергеу біткеннен кейін шешіледі.

Қазақстан Жазушылар одағында да сол аласапыран. Қолынан жетектеп әкелген Би-ағаң, Сәкен жоқ. Сәбит ағайдың үйіне барып, жағдайын бүкпесіз түсіндірді.

— Былжыраған байғұс-ай, ажырасып кеттім деп айта салмаймысың. Ал енді ағымнан өлейін деп отырсың ғой. Бәрін айтып арыз жаз, жиналыста қараймыз. Ол кезде М. Қаратаев председатель:— Ойпырм-ай, не боп барады бұ дүние? Мәке, енді көппен көрген ұлы той, көппен көріп жатырсыз ғой, мұнда да тыныштық жоқ. Үлкендеріміз кетіп жатыр, естіген шығарсыз.

— Тезірек бір шарасын қарастырыңызшы. Барымды сатып, сауынып келдім.

Жиналысқа мұны кіргізген жоқ. Діқан Әбілев «күт» деп кіріп кеткен. Әлден уақытта бұны шақырды. Бөлменің іші адамға толы. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов. Сәбит Мұқанов, Қалмақан Әбдіқадыров... Қаратаев мұның арызын оқып тұр. Мәриямның жүрегі дір-дір, жаутаң қағады төңірегіндегілерге. Жарыссөз басталды. Сәбең: «Жау да жау, жау емес те жау, қатын да, бала да жау, осы жағы қа- лай өзі? 21 жасынан жесір, енді көзін ашқанда мына жағ- дайға ұшырады». Жақан Сыздықов: «Жігіттер, ойланайық, қазақтың жап-жас әйелі жау дегенге кім нанады» деді. Павел Кузнецов тіпті ашына сөйледі: «Қалай ғана оңы куғындау мүмкін. Оған рақмет жаудыру керек, Алматыға алдырту керек, қызмет берілсін осында».

Жыламаудың амалымен Мәриям әрең отыр.

— Менде бір ғана ұсыныс бар, танымайтын жерде сонша топты баламен, кәрі шалды бағу оңай емес. Арамыз-

дағы жалғыз әйел, литфондыдан 300 сом көмек берейік, семьясын көшіріп әкелсін,— деді Қаратаев. Бәрі қолын көтерді.

Ендігі мақсаты — қалай да Серғалиға жолығу. Ақтөбе- дегі балаларды ертіп Орынборға кетті. Станцияның басында татар әйелмен танысып, мән-жайын айтты.

— Көшенің арғы бетінде НКВД, бергі бетінде апайым тұрады, соған орналастырайын,— деді ол. Атымтайды жетектеп, кешке НКВД-ға келді. Баяғыдай сапырылысқан емес, тып-тыныш. Тергеуші Сиклин болатын, оны да әкетіпті, аға тергеуші Токоревке кірді.

— Кімсің? Ә, Бермұхамедов па? Ол он жылға сотталды, без переписной правы, лагерьге жіберілген, адресі айтыл- майды.

Түк ұқпаған Мәриям Серғалидың Сейітқалиев дейтін досының үйіне соқты. Оның өзі де, келіншегі де қамауда, кәрі анасы астыңғы қабаттың аядай сенегін паналап отыр екен; Аз күнде сырласына айналған татар әйелінің ақылымен ертеңіне прокуратураға келді.

Есік алдындағы милиционер жібермейді,— мен ша- қырту бойынша келдім,— деді Мәриям. Милиционер телефонның құлағын бұрай бастағанда шошып кетті, қазір қуып жібереді-ау деп. Ар жақтан сөйлесіп жатса керек, күзетші телефонның құлағын қоя салды.

— Жә, шақырса, өтіңіз.

Коридорда жан жоқ. Бөлменің ішінде күмбір-күмбір дауыс. Мәриям әжептәуір тосты.

— Сіз кімге,— деді бері шыққан бейтаныс.

— Прокуратураға.— Баланы жетектей сүрініп-қабына енді. Даладай екен іші, қаршығадай кісі «жақынданыз, отырыңыз» деп ымдады:

— Не, балаңыз ауру ма? Қандай жұмыспен келдіңіз?

Мәриямның жүрегі енді ғана орныққандай, қалай бері өткенін сұрап ұрсады-ау деп зәресі ұшқан. Тыңдап болға- сын, бір кнопканы басып, әскери киімді кісі кірді: «Бізде қанша Бермұхамедов болды?» Мәриямнан оның қашан, қайда тұрғанын анықтап, әлгі әскери кісі шығып, қайта оралды. Қолында жұп-жұқа папка, арасында тілдей екі қағаз.

— Осужден без переписки на 10 лет.

— Қай лагерьге?

— Мұны біз айта алмаймыз? Вот так.

Алматыға июль айында көшті. Құрбысы Тәшіккенің (Бөрібаевтың жұбайы) кісіге толы үйіне бұлар қосылып,

екі жақтап пәтер іздеді. Баяғы уәде бойынша Жазушылар одағына келді.

— Әлгі сізді кел деп шақырған кісі кетіп қалды ғой,— деді Дикан.

— Сөзді қой, Дикан, мен халық жауы емеспін, үй сыпырушы ғып алсаң да ризашылық.— Бір күні Дикан қолына қағаз жазып, радио комитеттің бастығына жіберді. Амантаев деген кісі:

— Жолдасың қайда?— деді бірден.

— Кеткен... 1937 жылы.

— Енді неменеге келіп отырсыз?

— Нанға жететіндей...

— Осы сіздер, қызықсыздар, осы қазақтар-ақ...

— Бүкіл қазақты сөкпеңіз, жақсы кеттім.— Мәриям әбден қажығанда жақсылықты Тәшіңке, Ләзиза Серғазина құрбыларынан, ағайындарынан көрді. «Әбекене барып жұмыс сұрасаңшы»,— деуін қоймады Ләзиза. Әбу Сәрсен-баев — «Мектеп» баспасының директоры.

— Маған жұмыс бер, Әбеке, нанға ақша болатындай...  
Корректорлықты қисаңыз...

— Сіздер ойлайсыздар, корректорлық оңай жұмыс деп. Корректор — баспаның күре тамыры ғой, бір ғарып қате кетсе, өзіңіздің қоңырауыңыз бар, өзіңізге ауыр болады ғой. Сізді баспа ала алмайды, түсінетін адамсыз ғой,— деп шығарып салды Әбекең.

Күнімен қызмет іздейді, оның үстіне пәтерден-пәтерге кеше әбден шаршады. Таң атқанша пештің қызуымен қызылшаны пісіріп, бәрі тойып соны жейді. Пәтердің ақшасын туысқандары төлейді, бірақ қиындық пен қорлыққа шыдаудың да шегі бар ғой. Қыстың қыраулы күнінде тағы да далада қалды. Үйдің иесі ұйғырдың соқыр шалы болатын, төбелескіш 12—13 жасар ұлы бірде ақша бермедің деп терезені теуіп сындырды. Әкесі бұларға ұрсып, әйнек көзін Мәриямға қарай лақтырғанда балалар бір уыс, аядай бөлме азынап қоя берді. Ағыл-тегіл жылаған Мәриям Тәшіңкеге мұңын шағып, «бұдан да түрмесіне жауып тастағаны жақсы» деп басқа үй іздеуге шыққан. Бұның алдында ғана атасынан айырылған. Трам-вайға сүйретіліп, ажалы жеткен қадірлі қайын атаны ұлын жоқтатпай, жөн-жоралғысынан жығылмай, ақтық сапарына аттандырған. Әбден шарасы таусылған Мәриям мынадай ит тірліктен гөрі тұтқындалған дұрыс шығар деп ойлады. Пәтеріне кіруге зауқы жоқ, кешке қарай ілби басып келе жатқан. Қапелімде қайдан табылсын басқа пәтер. Не қызмет жоқ, не жөнді жай жоқ, етегінен тартқылаған



жетімектер. «Қайдасың шындық, бармысың мына жарық Дүниеде, әлде далбаса ма бәрі?!»

Өзіндей пәтер жалдаған Қосжан деген жігіт қарсы жолықты. Әйелімен тұратын — ұйғыр шалдың ар жағын- дағы жапсарлас бөлмесінде.

— Баяғыда айттым, маған ти деп, бала тауып берсең болды.— Мәриям теріс айналды. Осы да пәле боп жабысты, есік қағып, мазасын ұрлап қыс бойы.— Не маған бірдеңе айтуға келдің бе?— Сонда ғана Мәриям пәтерінің астан- кестең қаңырағанын көрді. Ештеңеге түсінер емес,— Екі есекке жүгінді артып, Бәрібаевтың әйелі көшіріп әкетті бала-шағаңды,— деді Қосжан.— Ал сен ғой ақыры маған тимедің, ә? Ойлан, көңілім баяғыдай.

Бұл көше-көшені аралап жүргенде Тәшіңке өз үйіне апарып үлгеріпті байғұс балапандарын. Үш семья боп тұрып жатқан Тәшіңкенің үйіне енді бұлар қосылды. Мәриям газет-журнал редакциялары, баспалар, фабрика, ательеге қайсысына барса да жұмысқа қабылдамады. Серғалидан хабар жоқ. Артынып- тартынып үш рет Орын- борға сапар шеккенімен, сол баяғы жауап.

1939 жылы Қазақстан Жазушыларының II съезіне дайындық жүріп жатты. Москвадан Л. Соболев келді. Съезд басталмас бұрын толық етіп жазылған арызын Соболевке көрсетті. Әбділда Тәжібаев оған Мәриямның жағдайын алдын ала түсіндіріп айтқан еді. Кешікпей Мәриям Одақтың кітапханасына орналасты. Соболев съезде «Жамбылдың бөлімін құру керек» деп кейіннен Одақтың жанынан халық ақындары бөлімі құрылды да, Иса меңгерушісі, Мәриям көмекшісі болды. Ұлы Отан соғысы басталғанда Иса, Қажымұқандар бригадамен ел аралап, әскерге қаржы жинаумен айналысып, Мәриям осы бөлімді басқарып қалды.

1942 жылдың қысы. Балаларды жуындырып, сабақ- тарын текееріп, түнгі 3—4-ке дейін жұмыс істейді. Енді ғана төсекке жайғасқан, есік дүрс-дүрс. Керші Мансуровтардың «Ирма» деген иті қоса абалайды.

— Ашыңыз, өзіміз.— Қарсы есіктен Шәкір ағай да шығыпты,— Мәриям ашыңыз, қорықпаңыз.— Суық ызғар ішке лап еткендей, төрт кісі кірді, екеуі әскери киінген, екеуінде темір жолдың формасы. Үпір-шүпір бастарын қылкитып балалар оянды.

— Мәриям Хакімжанова сіз бе?— деді қолындағы қағазға қарап біреуі.— Бүгін поездға қашан, қай уақытта шықтыңыз? Пимасы, телегрейкасы бар неше кісіні қарсы

алдыңыз? Тез мойындаңыз. Майданнан қашқан сатқын- дарды кайда жасырдыңыз?

— Ешқайда бүгін шыққан жоқпын. Мекемеден анықтаңыздар.----- Көрпенің астынан Зүбәйда мен Нұржамал еңіреп қоя берді. Шәймерден, Атымтай, Сапарғалилар үн шығармады. Үйдің ішін түгелдей ақтарып, қора-шатырға дейін тексерілді. Столдағы бума-бума қағаздарды салып алды. Майданнан келген үшбұрыш хаттар. Арасында Мәншүктің де бір хаты кетті, бөлімінің адресін жазыпты, ұрысқа кірдім дегені жоқ, сол апатайының жағдайын, бұрынғыдай қатысып тұрасыз ба?» деп сұрайды қайта- қайта.

Соғыс аяқталғанша үйіне осылай үш рет тінту жүргі- зілді. «Ешкімге айтыңыз, әйтпесе жауапқа тартамыз» деп әр тексерген сайын қол қойдырып алады. 1956 жылға дейін және бір жәйт дүркін-дүркін қайталанды. Кенеттен телефонға шақырылады. Ар жағынан «тек иә деңіз, артық сөйлемеңіз, қазір пәленше деген көшенің бұрылысына машина барады, сіз соған мініңіз» дейді ақырын ғана әлдекім. Мәриямда зәре қалмайды. Еш сыр берместен сыртқа шығады, машинаға отырады. Сұп-сұр бөлме, стол- дың үстінде төрт наған, ар жағында төрт кісі, бергі шетінде біреу, өзі босаға жақтағы орындықта.

— Күйеуіңіз кім, қашан қосылдыңыз, қандай еді, ұрды ма, соқты ма сізді, қорлады ма?..— Жағалай отырған төртеуінің әрқайсысы екі сағаттан бірінің сұрағанын қайталап шыққанша сегіз сағат өтеді. «Сіздер менен он- дайды сұрамаңыздар, айттым ғой...»— дейді Мәриям. Олар — төртеу, бұл — жалғыз. Олардың сұрақ қойғаны екіншісін, әйтпесе үшіншісін тоспай шыға жөнеледі, ал Мәриям әрқайсысына әлгі жауабын қайталайды. Талай рет есеңгіреп шыққан. Тірі пендеге білдірмейді, әр келген сайын қолхат тапсырады. 1957 жылдың басында бәріне нүкте қойылды. Серғалидың жазықсыз жазаланғаны анықталды.

Жиырма жылға созылған азап осылай аяқталған. Аяқталды деуге дәтің де бармайды. Нақақтан күйген бОздақтың жары кешкен, балалары кешкен қасірет, сірә де ұмытылар ма?! 1952 жылы университетті үздік бітірген Нұржамалды «екі тілге бірдей, балаңды аудармашылыққа баулы, ғылымға икемі бар, аспирантурада оқыт, Мәриям» деп Мұхтар Әуезов игі тілегін білдірген. «Халық жауының қызы» деген лақап құтқармады пәледен. Тағы да сол Ләзиза құрбысы араласып, «Социалистік Қазақстан» газетіне әдеби қызметкер боп орналастырды. Төрт-бес

айда жақсы қырынан көрініп, комсомол комитетінің секретарлығына ұсынылған сәтте, бас редактор Ғұмар Аққұлов «кімнің қызы?» деп сұрайды.

— Мәриям апайдың қызы.

— Онда несіне ұсынасыңдар, халық жауының қызы емес пе?

Сол жолы қатты ренжіген Мәриям «жұдырықтай қыз- дан неге қорықтың?» деп Ғұмарға телефон шалған.

— О, апай, жағдай солай ғой, ЦК-ның органы ғой,— деп ақталды бас редактор. Нұржамалды газеттің бөлім жұмысынан типографияға ауыстырды.

Қиын-қыстау сәттері Мәриям апай талай адамның шапағатын көрді. Тағдыр оған небір ғажап жандармен сыр- лас, мұндас болуды жазды. Мейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Иса Байзақов, Ахмет Жұбанов, Абдолла Жұмағалиев, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков, Күләш Бәйсейітова, Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова — жалғаса берер осынау аяулы есімдер мен екі арадағы байланысы талай кітаптың жүгін арқалайды. Тәшбүбі Бәрібаева, Ләззат Ластаева, Айманкүл апалардың қам- қорлығы өз алдына әңгіме. Шежіре, оқиғаға бай Хакім- жанова тағдыры бүгінгі және ертеңгі ұрпақ арасындағы алтын көпірдей, ал мен осынау жүзінен мейірім шашқан ақ шашты ана арқылы ондаған, жүздеген өмірмен таныс сияқтымын, көкейде жатталған сыр қаншама, мәңгі өшпестей сақталған сурет қаншама?! Дәл қазір соның екі көрінісін айтпауға өрекіпген жүрек шыдатар емес.

Ертегідей бақытты шақтың кенеттен тас-талқаны шығып, Сәкенді алып кеткенде, Гүлбаһрамның сүйенгені үш жасар Аян еді. Уақытша қиындық шығар, Сәкен ора- лар деп жүргенінде, өзіндей бүкіл әйелдердің документ- тері кенеттен жинап алынды. Жағдай шиеленісе берді, өзі танитын өнер қайраткерлерінің көпшілігі қуғындалып, енді азғантай үміт те өшкендей. Паспортына шейін әкет- кесін Гүлбаһрамның көңіліне күдік кірді.— О, сұмдық, бала-шағаны аямайтындай, бұ не пәле? Егер өзін де лагерьге айдаса, бір жапырақ Аянның күні не болмақ? Гүлбаһрам қайнысының үйіне кештете келген, ешкімнің назарына шалынбауға тырысып.

— Не бетіңмен жүрсің?— деді жарыса қайнысы мен абысыны.

— Екі үйдің бірі деп келгенім ғой,— Гүлбаһрам мейлінше жалбақтауға тырысты. Жалын ата күрсінгенін де аңғармады, мыналардың жүрегін қалай жібітпек?

Документтерімді алып қойды, әйелдерін де қамайды деген сыбыс бар, лайым өтірік боп шықсын! Ал рас болса, мынау Аян — Сәкеннің жалғыз көзі ғой, сенің балаларың-ның арасына қосып кетейін. Өзімді алып кетпесе, әрине, қалдырмаймын, Сәкеннің артындағы тұяғы, көзінің қара- сындай көр-е...

Қайнысының айғай салған дауысы сөзін аяқтатпады;

— Байың да құры, балаң да құры, өзің де құры, сендердің қырсығың енді маған тиейін деп тұр.

Гүлбаһрамның өңі қуқылданып, кішкентай ұлына жау- таң- жаутаң қарағаннан басқаға дәрмені жетпеді. Аянды жетектеп, әрең дегенде үйден шықты. Өлі де жамандыққа дауаламайды қиялы. Кім білсін, әншейін өсек шығар. Әйел- дерді айдамайтын шығар? О, құдірет егер бар болсаң, мына нәрестені сақтай гөр, Сәкеннің үмітін үзе көрме, о, құдірет, Сәкеннің үмітін үзе көрме! Құдірет бірақ құлақ аспады мұның жалбарынғанына. Улап-шулаған қыз- келіншектерді вагонға тиегенде бұл да Аянды бауырына қысып, бұрышқа тығылған. Өлдекімдер әлдекімдерді шығарып салғандай, поездың қатарында сүрініп-қабыңып жүгіргендер мұрттай ұшып, құлап жатты. Дүние теңселіп кетті, аспан айналып жерге түсті. Неткен итжанды десең- ші бұл пенде сорлы. Жол үстінде қызуы көтерілген Аянға көрсетер көмек жоқ, бір-біріне сүйеніп қалғыған аяқ- қолдарын жазуға орын жетпейді, сыртта қыс, іште қапы- рық. Ұлын кеудесіне басып бәйек болғанымен, қарғыс атқан қу дүние, не көзі, не құлағы жоқ, бедірейген қу құдай, Гүлбаһрамның соңғы сенімін, соңғы арманын қыркып түсірді. Өлген баланы екі күндей қымтап, әрі тықты, бері тықты, қарасынға бір жетсек, қалайда өз қолым- нан арулап жер қойнына аманат етсем деп тіледі енді. Шамасы Ақмола мен Көкшетаудың арасы болуы керек. Вагонға сауылдап солдаттар кіріп келгенде, Гүлбаһрам жанын қоярға жер таппады. Баласының сүйегін омырауына қысып алған, солдаттардың біреуі оны жұлқылай жөнелді. Омырауы үзіліп бара жатты, дүние қаңырап бос қалды. Аяның сүйегі көз алдында әлденеше бүктетілгендей, айналасы опыр-топыр, қапелінде не істеп, не қойғанын аңғарған жоқ. Өлгі солдаттың аяғын құшақтай жығылды.

— Садағаң кетейінде, жалғыз баламды қолыммен қояйыншы, сосын мейлі, атасың ба, дарға асасың ба, итжеккенге айдайсың ба, рұқсат етші жалғыз ботамды... Өлдекім өңменінем итеріп тастады. Тұла бойы өртеніп жүре берді. Гүлбаһрамның, баланың күйігі кашан соңғы демі үзілгенше өзегінде кетті.

Бейімбет Майлиннің ортаға лақтырылған қағаз, кітаптарының қайсыбірін парақтағандарға Күнжамал кекесінмен тіл қатты:

— Не, сауаттарыңды ашуға келдіңдер ме?

Үйдің іші дауылдан кейінгі ормандай. Тексерілмеген зат қалмады. Көзіне қан толып кеткен Күнжамал әлден уақытта қолына түскенді лақтырып, аяғына іліккенді теуіп, сындыра бастады. Үш жыл, қызы үш айлық, емшекте, бәрін жан-жаққа балалар үйіне таратып жіберген, өзін «лагерьге әкелгенде» «мамандығың қандай?» деп сұрады.— Қойшының қызымын,— деген Күнжамал. Ішіне сыймаған қасіретті шығару үшін ең далада жалғыз өзі қой бағуға сұранған. Іші жанып барады, аңыратып таңертеңнен кешке дейін жоқтайды-ай кеп, қойдың соңында. Желге, қарға, жауынға, боранға мұңын шағып, зарлағанымен, Бейімбет- тен де, балаларынан да ешқандай хабар жетер емес. Сонда да үмітін үзбейді, шерін тарқатып адамдардың тарапынан таппағанын ұшы-қиырсыз даладан іздеп шарқ ұрады, жанталасады. Бұл жоқтау дегеннің рухыңды көте- рер қасиеті болады екен-ау. Күнжамал жеңгейдің кәдім- гідей іші босап, қылтанақ шеп, қисайған бұта, адасып ұшқан жапыраққа шейін зарын бөліскендей елестейтін. Содан ғана бойы аздап жеңілетін.

Осынау екі сурет — Гүлбаһрам мен Күнжамал аналар- дың басынан кешкен азаптың екі ғана көрінісі ешқашан есімнен шықпайды. Қап-қара қасіреттен сарғайған сағы- нышқа жалғасқан аналар тағдыры отыз жетінші жылы нақақтан күйген асыл азамат — совет, партия қайраткер- лері, ақын-жазушылардың жары кешкен қиын тағдырдың, ұлы трагедияның өзегі екенін енді-енді сезінгендейміз, Кейінгілер, біздер сол трагедияның ешқашан қайталанбауы үшін де оны білуге тиіспіз. Мәриям апайдан сол кезең- нің кейбір жәйттерін қопара сұрап, еріксіз жүрегін жаралағанымыз да сондықтан шығар.

Мең Мәриям апайдың жан баласына титтей ауыртпа- лығын артпауға тырысатынына, ешкімге реңжмейтініне, ешкімді кінәламайтынына таңғаламын.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ — АҒАРТУШЫ, ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ  
ҚАЙРАТКЕРІ

Қазақтың ұлттық тіл білімі деп аталатын ғылым саласының іргетасын қалаушы ғалым, еңбегі ерекше ағартушы- педагог, қазақ халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас Совет үкіметінің басшы орындарында жауапты қызметтер атқарған қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 15 январьда Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-інші аулында Сарытүбек деген жерде дүниеге келген. Әкесі — кара- пайым шаруа адамы Байтұрсын Шошақов — арғын Үмбетей батырдың немересі Шошақтың төрт ұлы болған: Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данияр. Бұлар жаратылысынан қажырлы, намысқор адамдар болған. Сондықтан болар, Байтұрсын жергілікті әкімдердің әділетсіз істеріне қарсы шығады, тіпті уезд басындағы ел билеушілердің зорлық- зомбылығына көнбейтіндігін көрсетеді. Сол үшін «кәрі ояз» Яковлев Шошақ аулына келіп, ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды ұстамақ болады, сол сәтте ауылда болмай шыққан Ақтас тауып бермедіндер деп елге ойран салады, әйел- балаға дейін сабап, бастарына қамшы үйіреді. Ояз бен оның отрядының бұл бассыздығына шыдай алмаған Байтұрсын Яковлевтің өзін атынан аударып алып, қамшының астына алады, отрядын ауылдан қуып шығады. Алайда көп ұзамай, қайтадан отряд келіп, ауылды өртеп, мал- мүлкін талап, бала-шағаны шулатып, еркектерді ұрып- соғып, ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды, Ерғазыны ұстап алып кетеді, оларды Торғай түрмесіне әкеліп жабады. Тұтқындарды Қазаннан келген Окруткі әскери сот сот- тайды. Ақтас пен Байтұрсынды 15 жылға Сібірге қаторгіге кеседі. Шошақтың үшінші ұлы Ерғазы төрт айға тұтқында отыру жазасын алады. Бұл — 1886 жыл болатын, ол кезде Ахмет 13 жасар еді.

Осыдан 23 жыл кейін 1909 жылы Семей түрмесінде, патша режимінің қанауында отырып, анасына өлеңмен жазған хатында:

<sup>1</sup> Кейбір мәліметтерде А. Байтұрсыновтың туған жылы бірде 1870, бірде 1872 ж. деп көрсетіледі. Өзінің көзі тірісінде жарияланған өмір-баяндық очеркте туған жылы 1873 ж. деп берілген және ғалымның 50 жылдық юбилейінің 1923 жылы аталуына қарағанда А. Байтұрсыновтың туған жылы 1873 деген дұрыс болар.

Ок тиіп, он үшімде ой түсірген  
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.  
Алданып тамағымна оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бәрі харам,—

деп, өзінің әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрескен платформасының түп тамырын танытады.

Ақтас пен Байтұрсынның балаларын Шошақтың үшінші баласы Ерғазы қамқорлығына алады: Ақтастың ұлы Аспандияр мен Байтұрсынның ұлы Ахметке Торғайдағы екі сыныфтық (кластық) орыс-қазақ училищесін бітірт- кізеді. Оған дейін Ахмет ауыл молдасынан мұсылманша хат танып, сауатын ашады. Училищені 1891 жылы бітірген Ахмет әрі қарай оқуды көздеп, бір кездегі Ломо- носов сияқты қалашыларға еріп, жаяу-жалпылап, Орын- борға келеді, ондағы төрт жылдық мұғалімдер мектебі деген оқу орнына түседі.

Әкесі мен ағасы айдауда (олар елге 17 жылдан кейін оралады), қамқоршы ағасы Ерғазы қайтыс болған кезеңде оқыған Орынбор жылдарында Ахмет көп жоқшылық, кем-тарлық көреді, әйтсе де ол 1895 жылы бұл мектепті де тамамдап, өзінің еңбек жолын бастайды. 1923 жылы Сәкен Сейфуллин жазғандай «өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде... уез, губернатор, соттардың... тілмашы болып, арларын сатып ұлықтық іздеп жүргенде», А. Байтұрсынов оқудан шығысымен сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін ең қажет, ең игілікті іс — ағартушылық жұмысына кіріседі. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептер мен екі кластық училищелерде бала оқытады.

А. Байтұрсынов демократтық-ағартушылық бағытты өзінің азаматтық міндеті мен ұстаған жолының негізі деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,  
Дегенмен кара я қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, канаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,  
Коймастан құлағына ызындаса,—

деп, білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан, сол марғаулықтан маса болып ызындап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды.

Кезінде Байтұрсыновтың өмірін баяндаушылардың

мәліметіне және өз қолымен жазған шағын өмірбаянына қарағанда, үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдығында ол Қарқаралыда қызмет еткен. Мұнда ол патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы революциялық қозғалысқа белсене қатысады, сол үшін А. Байтұрсыновты 1909 жылы

1 июльде Семей губерниялық жандармерия басқармасы ұстап, әуелі Қарқаралы түрмесіне, кейін Семей түрмесіне қамайды. Түрмеде ешбір жауапсыз — тексерусіз 8 ай бойы отырады да, 1910 жылдың 21 февралінде екі жылға туған жері топырағынан кетуге ұйғарылады. Сол кезеңде Қазақ өлкесіне кірмейтін Орынборға 1910 жылдың 9 мартында келіп, Ұлы Октябрь революциясына дейін сонда тұрады. Әрине, мұнда ол қарап отырмайды. Халыққа қызмет ету, отаршылдық саясатына қарсы күресу сияқты өзінің алдына қойған мақсатымен қазақ қоғамының рухани- мәдени даму тарихында елеулі орын алған істерге кіріседі. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының инициативасымен, елден қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару ұйғарылады. Газеттің редакторлығына А. Байтұрсыновты қалайды. Сөйтіп, бұл органның редакторы болып, А. Байтұрсынов 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін қызмет атқарады.

«Қазақ» газеті осы күнге дейін ұлтшыл-буржуазия- шыл орган деп саналып келе жатқандығы мәлім. Бес жылдай (газет 1918 жылға дейін шығып тұрған) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін өте үлкен тиражбен (8000 дана) шығып тұрған газет ең алдымен қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-элеуметтік дамуы үшін күрес- кен және ең негізгісі — қазақ қоғамы мүдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға елеуметтік үн бере білген орган болды. Тұңғыш жарияланған нөмірінде өзінің көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыты жөнінде былай деп жазды: «Бұл газетаның мақсұты — жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшы- лық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакім- дердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государствен- ная дума һәм Государственный совет жұмыстары тура- сында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу; күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу: оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету; адам



һәм мал дәрігерлігі жайынан жазу» («Қазақ», № 1, 1913, 2 февраль).

Патша үкіметінің Россия империясы қол астындағы халықтарға қатысты саясатына, әкімшілік тәртіптеріне қарсы пікір айтып, шындықты көрсеткені үшін жергілікті үкімет орындары тарапынан газетке бірнеше рет штраф салынады, редакторы түрмеге жабылады. Әрине, бұл тегін емес. «Қазақ» газеті бұл күнде мұқият зерттеуді қажет етеді. Осы кезге дейін оның бетіндегі материалдар толық зерттеліп, бұлардың сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін мәнді-мәнсізі, ұстаған бағыт-бағдары айқын ажыра- тылған жоқ.

Ахмет Байтұрсынов 1917 жылдың соңында газеттен кетіп, осы кезден бастап 1919 жылдың мартына дейін «Алаш» партиясының жұмысына араласады, оның басшы идеологтерінің бірі болады. «Алаш»— 1917 жылдың орта тұсында ұйымдасып, 1920 жылдың орта шенінде тараған ұйым болатын. Ұлттық-ұсақбуржуазиялық идеологияны негізге алған бұл партияның алғашқы кезеңдегі платформасы ұлттық даму, ұлттық тең праволылық үшін күрес болса, бұл идея сол теңдікке оқу-білім арқылы, халықтың мәдениетін көтеру арқылы жетуге болады деп танып, осы майданда ширек ғасырдай аянбай тер төгіп, еңбек етіп келе жатқан Байтұрсыновты елеңдетпей тұра алмады. Жалғыз Байтұрсынов емес, сол тұстағы көзі ашық, саналы қазақ зиялыларының көпшілігінің «Алаш» партиясына топтасуының субъективтікпен қатар объективтік мотивтерін дұрыс тауып, оны қоғамның даму заңдылықтарымен ұштастырып тану (таныту) керек сияқты.

А. Байтұрсынов «Алаш» партиясын қолдады, осы партия құрған «Алашорда» үкіметінің мүшесі болды. «Алашқа» қызмет ете жүріп, ол өзге партиялардың да көздейтін мақсаттарына үніледі, оны қазақ халқы үшін қайсысының программасы қолайлы деген ой толғандырады. «Алаш» партиясының Октябрь революциясынан кейінгі ұстаған автономшыл-ұлтшыл платформасы қазақ қоғамының әрі қарайғы дамуына қол емес екенін түсінеді. Сондықтан ол 1919 жылдың март айынан бастап өз қалауымен совет өкіметі жағына шығады да, бірден жауапты мемлекеттік істерге араласады. Оның мұндай шешімге келіп, совет өкіметіне адал қызмет етіп кетуіне Әліби Жангелдин де үлкен себепкер болған. Бұлардың 1918—1919 жылдары идеологиялық қарсыластар болып келгені мәлім. Тіпті Ә. Жангелдин Байтұрсыновты қамау керек дегенге шейін барған. А. Байтұрсынов та қарап қалмаған. Баспасөз бетін-

Де Әліби Жангелдинге, оның істері мен идеяларына қарсы пікірлер білдірген. Сөйте тура, А. Байтұрсыновтың үлкен білімді, саналы әрі қазақ жұртшылығына беделі зор адам екенін жақсы таныған Ә. Жангелдин оның совет жағына шығу ниетін бірден қабылдайды, тіпті Қазақ өлкесін басқаратын мемлекеттік органның құрамына енгіздіреді. Ол бұлай еді. 1919 жылдың 24 июнінде РСФСР Халық Комиссарлар Советінің қаулысы шығады. Ол қаулы Қыр-ғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитет құру және оның председателі мен мүшелерін тағайындау туралы болатын. Бұл Комитеттің председателі болып С. С. Пестковский, мүшелері болып Сейітқали Мең-дешев, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамедияр Тұнғаншин, В. Л. Лукашев, Әліби Жангелдин тағайындалады. Қаулыға В. И. Ленин қол қояды. Сөйтіп, А. Байтұрсынов совет үкіметі тұсындағы мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін В. И. Лениннің мандатымен бас-тайды. Комитеттің шаруасымен В. И. Лениннің алдында болып, жүзбежүз сөйлеседі. Қазақ өлкесінің саяси және экономикалық жай-жапсарын баяндайды, ағартушылық жұмыстарындағы қиыншылықтарды айтады. Владимир Ильич председатель С. С. Пестковский екеуін жақсы қабылдап, сөздерін тыңдайды, өлкені басқару жөнінде бір-неше нұсқаулар жасау керектігін, оларды қазақ тіліне аударып және граммофон пластинкаларына жазып халық арасына тарату қажеттігін айтады (қара: В. И. Ленин о Казахстане. Алма-Ата, 1982, 313-бет).

А. Байтұрсыновтың мұндай іске араласуына және бір фактор үлкен себепкер болды. Ол — «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің бұрынғы басшылары мен мүшелеріне Совет үкіметінің 1919 жылғы 4 апрельде жариялаған амнистиясы. Бұл амнистия В. И. Ленин өлгенше, одан кейін де екі-үш жылдай күшінде болып, қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдерінің совет мекемелері мен басшы органдарында адал қызмет етулеріне мүмкіндік берді. Тіпті А. Байтұрсынов сияқты қайраткерлердің большевиктер партиясы қатарына кіруіне жол ашты.

А. Байтұрсынов осы амнистиядан дәл бір жыл кейін, 1920 жылдың 4 апрельде РКП-ның Орынбор Комитетінің атына Россия Коммунистік партиясы қатарына алуды өтінішпен арыз береді. Арыз иесі осы партияға адал қызмет етемін деген қысқа қайырылатын өтінішті ғана айтып қоймайды, бес пункт етіп, Коммунист партиясының сол тұстағы программасының қазақ халқын езгіден, әлеуметтік-

экономикалық дамуда артта қалушылықтан, қараңғылықтан азат етудегі маңызын, ролін дәлелдейді, РКП програм-масы мен В. И. Лениннің ұлт саясатының Россияны мекендеген шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мүдделерін қорғайтындығын көрсетеді. Осы программаны жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсауға ниеттенгендігін айтып, мүшелікке қабылдауды сұрайды. Бұл — тек жеке адамның өмір жолы мен тағдырыша қатысты әрекет емес, үлкен саяси мәні бар оқиға болды. А. Байтұрсыновтың бұл арызы толық текстімен Қырғыз (Қазақ) Өлкелік Әскери-революциялық комитетінің органы — «Известия Киргизского края» атты апталық газетте (1920 жылдың 16 апреліндегі санында) жарияланды. Осы нөмірде В. М.-т. деп қол қойған адамның «Ахмет Байтұрсынов жолдастың арызы» атты көлемді мақаласы басылды. Мақалада бұл актінің зор саяси мәні бар екендігін, яғни идеологиялық оппозицияның ірі уәкілі болған адамның ұлттық либерализмнен халықаралық коммунизмге келуі — Коммунистік партияның үлкен табысы екендігі айтылған.

Бірақ А. Байтұрсынов партия қатарында ұзақ болмаған. Оның нақты себептерін ашып көрсететін документтер жоқ. Мұны А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толған юбилейімен құттықтап жазған мақаласында Сәкен Сейфуллин былайша түсіндіреді: «А. Байтұрсынов коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтаған жоқ, коммунистерше жалпы байларға оқ атып, жалпы кедейлердің таяғын соққан жоқ... Қанша ұлты үшін Коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң өзі айтқандай, «қызыл» бола алмады».

1920 жылдардың басында А. Байтұрсынов ағартушылық, ғылымдық қызметтерімен қоса, әрі қарай мемлекеттік басқару-ұйымдастыру жұмыстарын атқара береді: 1922—1925 жылдары ол Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссияның председателі, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті председателі болды. Советтердің Бүкілроссиялық 7-съезі мен 8-съезіне дейін ВЦИК-тің мүшесі және Советтердің Бүкілқазақстандық I-съезіне дейін Кирвоенкомның мүшесі болып қызмет атқарды. Советтердің Бүкілқазақстандық 1-съезінен 2-съезіне дейінгі аралықта (1920—1921 ж.) Қазақ АССР-ының Оқу-ағарту комиссары және КазЦИК-тің мүшесі, сонымен қатар 1921—1922 жылдары Өлкелік

Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталық- тың председателі болды. Оның ең соңғы қызмет істеген жері Қазақ университеті деп аталған қазіргі Абай атындағы педагогикалық институт болды. Ол мұнда 1928 жылдың октябрінен 1929 жылдың июліне дейін профессор болып, негізінен әдебиеттану пәнінен лекция оқыды.

20-ншы жылдардың соң кезіндегі Қазақстан Компартиясының Бірінші секретары Ф. И. Голощекин 1919 жылғы ВЦИК-тің ^аулысына және В. И. Лениннің «көшпелі халық- тардың малын тартып алып, кедейлерге бөліп беруге асықпау керек» деген ескертпесіне қарамастан, 1928 жыл- дың күзінде Қазақстанда мал-мүлік конфискациясын жүргізіп, әрі қарай астық дайындауды тездету мақсаты деп «Голощекиннің қызыл керуені» деген науқанды іске асыр- ғаны, сөйтіп, қазақ елін мейлінше тонап, ашаршылыққа ұшыратқаны белгілі. «Кіші Октябрь» деп атаған осы саясатының теріс болғанын сезген Голощекин өзіне наразылық, қарсылық болатынын сезіп, жергілікті қайрат- керлер мен интеллигенция арасында репрессияны бастайды. Әсіресе революцияға дейін қалыптасқан қазақ интеллигент- теріне шүйіліп, олардың 30-ға жуығын қамауға алады. Солардың бірі — Ахмет Байтұрсынов 1929 жылдың 2 июнінде ұсталып, өзі Архангельск облысына жер аудары- лады. Осы жерде айта кетелік, А. Байтұрсыновтың жұбайы Александра атты орыс әйелі болады. Өзі тұрған пәтер иесінің қолында жүрген жетім қыз (тіпті фамилиясы белгісіз) А. Байтұрсынов түрмеде жатқанда тамақ тасып, кір-қоңын жуып, қызмет көрсетеді. Адамгершілігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адал көңілді аттап кетуді ар санап, түрмеден шыққан соң, сол жетім қызға үйленеді. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызу қиын іс болғандықтан, Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп, некеге отырады. Бұлардың өз балалары болмайды, Ахметтің туған інілері — Қали, Кәкіш, Мәкендердің екі ұл, екі қызын бауырларына салады. Олар: Шолпан, Кәтез, Аумат, Қази- хан. Бұлардан қазір көзі тірісі Шолпан Ахметқызы Байтұрсынова-Байсалова. Ол кісі үш жасынан Ахмет пен Бадрисафаның қолында өскен.

Дүниежүзілік Қызыл Креске М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың жолдаған өтінішімен А. Байтұрсынов 1934 жылы мерзімінен бұрын ссылқадан босанып, Алматыға, туған елінің астанасына қайтып оралады. Бірақ ешқандай дұрыс жұмысқа орналаса алмайды, ешқандай жауапты немесе ғылыми жұмыстарға араластырылмайды.

Көп ұзамай 1936—1937 жылдардың зобалаңы басталып, НКВД органдары А. Байтұрсыновты 1937 жылдың 8 октяб- рінде екінші рет ұстап, көзін жояды.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны мен еңбек жолын қысқаша осылайша білдіре отырып, оның ағартушылық, ғалымдық, творчестволық қызметімен таныстыралық. Жоғарыда айтылды, А. Байтұрсынов өзінің еңбек жолын ағартушылықтан бастайды. 1895 жылдан 1909 жылдарға дейін 13—14 жыл бойы ауылдық, болыстық мектептер мен екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады. Оның ішінде 1896 жылдан 1907 жылдарға дейін Қарқаралыда әуелде екі кластық орыс-қазақ мектебінде, кейін қалалық училищеде сабақ берген. Бұл жылдарда А. Байтұрсынов алдымен қазақ тілінің фонетикалық (дыбыстық) жүйесін зерттеуге кіріседі. Бұл екі әрекеттің екеуіне де, яғни қазақ балаларының сауатын ашатын «Әліпби» мен ана тілін үйрететін «Тіл құралды» жазу мақсаты ең алдымен графиканы жөндеп алуды қажет етті.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9—10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты үлкен мақала жазып, онда қазақ дыбыста-

рын білдірмейтін <sup>^</sup> сияқты) араб таң-

баларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба ( 9 ) қою қажеттігін дәлелдейді. Осы мақалада «дыбыс, әріп, дәйекші, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, қағида» деген қазақша лингвистикалық терминдерді тұңғыш рет кездестіреміз. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-нші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген көлемді мақала жариялап, онда кейбір дауысты дыбыс- тарды (у, ұ, о, и, ы) таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады. Сөйтіп, әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) қазақ жазуы үшін араб алфавитіндегі жуан

<sup>^</sup> дыбыстарының таңбаларын алмау, 2) қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, у дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу, 3) к, г дыбыстарынан басқа дауыссыз ды- быстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі ә, і, ұ дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавит

сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сай келетіндігі бай- қалды.

А. Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни дыбыс үндестігі заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сөйтіп, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындап, тануы ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынған жаңа жазуы («Жаңа емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтерге қарағанда, 1915 жылдың бір өзінде бұл емлемен 15-тей кітап шығарылды. Сондай-ақ А. Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастағандығы айтылады.

Араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикалық табиғатына лайықтап қазақтың ұлттық графикасы (жазуы) ретінде реформалау ісін 1910-ншы жылдардан (оқыту тәжірибесінде, сірә, одан да бұрын, осы ғасырдың басынан бастап) бастаған Байтұрсынов оны әрі қарай да қырнай түседі, полиграфиялық жағынан қолайлық-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда қазақ-қырғыз білімдерлерінің тұңғыш съезінде ресми түрде қабылданады. Бұл — өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жан-дануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А. Байтұрсыновтың бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары үлгі етіп тұтып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады.

Ғалым ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен бұл еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын қорғап, бұл жазу қазақтың мәдени талаптарын әбден өтей алады деген көзқарасын латын алфавитіне көшу жайында әңгіме басталғанда барынша дәлелдеп, латынға көшуге қарсы пікірде болғаны түсінікті. 1929 және 1937 жылдардағы репрессиялар кезінде Байтұрсыновтың бұл пікірін «ұлтшылдық, пантюркистік, антисоветтік» деп бағалатқан осы әрекетті (яғни латынға көшуге қарсылықты) бүгінгі жас буынға және жалпы қалың көпшілікке түсініктірек болу үшін кеңірек әңгімелейік.

СССР-ді мекендеген аз улттардың өздерінің сан ғасыр-лардан бері қолданып келген жазуларын тастап, латынға көшу керек деген мәселе 1926 жылдан бурынырақ бастал-ған-ды. Мерзімді баспасөз беттерінде, жиын-жиналыстарда алдын ала пікір айту, пікір таластырулар жүргізілді. Ақырында 1926 жылы 26 февральдан 6 мартқа дейін Баку қаласында Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезд өткізіліп, онда күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері және олардың әлеу-меттік мәні, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту методикасы т. б. көптеген көкейкесті мәселелер қойылды. Солардың ішінде ең үлкені де, талас-тартысы көбірек болғаны да — СССР-ді мекендеген түркі халықтарының барлығының тегіс латын алфавитіне көшуі жайындағы мәселе болды. Бул съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Біләл Сүлеев, Нәзір Тереқұловтар делегат болып қатысты. Қазақстаннан съезд президиумына А. Байтұрсынов сайланды, сондай-ақ ол съезде жұмыс істеген бірнеше комиссияның құрамына енді. Съезд түркі халықтарының бұрыннан қолданып отырған алфавиттерін тастап, латынға көшу жөніндегі пікір таласында екі топ бөлініп шықты. Бірі — бұрыннан пайдаланып келген әрі нақтылы ұлт тіліне лайықталып, реформаланған, ресми қабылданған араб не орыс графикасын (мысалы, сол кезде якуттар қолданып отырған) латыншаға ауыстырудың еііқандай не саяси-идеологиялық не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңба-сын езгерту сан ғасырлық жазба дүниеден, жазба дәстүрден қол үзу қаупін тудырады дегенді айтты. Екінші тобы — араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін европа мәде^ниетіне жақындастыра түседі дегендерді дәлел етті. Алғаш-қы пікірдегілердің бірі — А. Байтұрсынов болды.

А. Байтұрсынов — қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада. Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің өзінде (ол «ауыл мектебі» деп аталды) шәкірттер сауатын орыс тілінде ашатын, қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған ғрафикасы жоқ болатын, сондықтан әр мұғалім ез ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдала-

натын. А. Байтұрсынов пен өзге де бір топ қазақ интеллигенциясы уәкілдері болып, 1905 жылы 26 июньде Россия Империялық Министрлер Советінің Председателі атына («Кіндік үкіметке») петиция жазады. Мұнда бір пункт етіп қойған талаптары: «қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» деген болатын.

Осы талаптың жүзеге асуы үшін А. Байтұрсынов қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазады. Оны «Оқу құралы» деген атпен 1912 жылы Орынборда басып шығарады. Бұған дейінгі қазақ балаларына ұсынылып келген «Букварь» немесе «Самоучитель» дегендер «жазуға үйрететұғын кінеге» ретінде қазақ балаларының сауатын орыс тілінде, орыс графикасымен ашуға арналған болатын. Мысалы, 1892 жылы Қазанда басылған «Букварь для киргизов» деген құралға А. Е. Алекторов: «Буквы русские, фразы, тексты на чисто киргизском языке» (үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарының орта тұсына дейінгі «қырғыз» деп аталған тұстарда әңгіме қазақ туралы екенін әрдайым ескертіп отыру қажет болмас) деп анықтама береді. Демек, А. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» — тұңғыш әліппеміз. Ол кейін де бірнеше рет басылған. Біздің жинаған әзіргі мәліметтерімізге қарағанда, еліміздің кітапханаларының арнаулы фондасында 1914, 1916, 1924, 1925 жылғы басылымдары сақтаулы. 1925 жылғы Орынбор басылымы 7-нші деп көрсетілген.

А. Байтұрсынов 1926 жылы «Әліп-бидің» жаңа түрін жазып ұсынады, бұл осы күнгідей суреттермен берілген әліппе кітабы болатын, кітапты «Жаңа әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда—Ташкент баспалары бірігіп шығарған. 1927 жылдың өзінде оның 2-нші, ал 1928 жылы 3-басылымы Қызылордада шығады. Бұл «Әліп-би» «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішінде» (Қызылорда, 1926) былайша бағаланады: «Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді сүгірттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліп-би» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліп-би» әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа «Әліп-би» бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық. Бұл «Әліп-би» мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекет Білім Кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл,



заманға лайық. «Әліп-би» көңілдегідей болып шыққан («Білім кеңесі»).

А. Байтұрсынов тек мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің де сауаттарын ашуға арналған «Әліп-би» жазған, ол 1924 ж. Орынборда, 1926 ж. Семейде басылды.

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттанды- ратын «Оқу-құралын» жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған I-бөлімі «Тіл-құрал» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көреді. Ол әрі қарай бірнеше рет басылған, 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-нші деп көрсетілген. «Тіл-құралдың» қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан, оның 1927 жылғы басылымы 6-нші деп көрсетіл- ген. Синтаксиске арналған III бөлімі де бірнеше басылым көрген. Оның 6-ншы басылымы 1928 жылы Қызылорда Ташкенттегі «Казгосиздаттан» шыққан.

«Тіл-құрал»— қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Кітабының «Сөз басында»: «Тіл құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл — қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын бол- маған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын» дейді.

Қазақ тілін талдап-тануда Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек: ол — термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген «зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т. т. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А. Байтұрсыновтікі. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді.

Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек тіл білімі саласы емес, әдебиеттану саласы- ның да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан, қонымды атаулар болған. Сондықтан әдебиеттанудағы Байтұрсынов ұсынған терминдердің басым көпшілігі күні бүгінге дейін қолданылып отыр. Ғылымның тек бұл екі саласы емес, жалпы мәдениетке, халық тарихына қатысты әлеуметтік терминдердің көпші- лігі ғалым қаламынан туып, қазір авторының кім екендігі

, ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткенін айту керек. Бұл салаларда оның термин жасаудағы ұстаған негізгі принципі — ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды. Кезінде А. Байтұрсыновты жау етіп танытуға күш салғандардың оған тағатын идеологиялық айыптарының бірі «А. Байтұрсынов терминдер жасауда туристік бағыт ұстады, яғни қазақ тіліне орыс сөздері мен интернационалдық терминдерді жолатпауға тырысты» деген пікір болатын. Бұл да әрбір іс-әрекеттің байыбына бармай, яғни себебін іздемей берілген солақай баға. Егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарай, сол кезеңдегі жағдайға қарай тану керектігін мойындасақ, А. Байтұрсыновтың термин жасаудағы «қазақшылығының» дәлелі бар екендігін айтамыз, яғни бұл ретте ұстаған принциптері мен бағытын дұрыс деп санаймыз. Ол принцип жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз қорына иек арту. Сол кезең үшін бұл принциптің ұтымды, қолайлылығы жаппай сауатын енді ашып, бұрын естіп-білмеген ғылым салаларының ұғымдарын енді игеруге кіріскен қазақ оқушысы мен оқырманына сол ұғымдарды мейлінше түсінікті етіп жеткізу мақсатының көзделгендігінде. Жасанды болса да қазақ сөздері оқушының тез жаттығып, есінде жақсы сақтауына әрі сол сөздің мағынасына қарап, терминдік семантикасын өзі аңғарып, игеріп кетуіне мүмкіндік береді. Саналы ғалым осыны білген. Термин жасауда ана тіліміздің сөздік қазынасын мейлінше пайдалану — сол кезең түгіл, бүгінгі күнде де, яғни дүние жүзі білім-ғылымына жанасып, орыс тілін жақсы меңгеріп, сол арқылы интернационалдық лексика қорына бара алатын қазіргі кезде де өнімді, басты принциптердің бірі екендігі белгілі. Демек, бұл тұста да А. Байтұрсыновтың қызметі мен ұстаған бағытын ақтап беретін дәлелдер бар дейміз.

Сонымен қатар А. Байтұрсынов интернационалдық терминдерден мүлде бас тартпағанын да айту керек. Мысалы, 1912 жылдың өзінде «Айқаптың» беттеріндегі мақалаларында «грамматика, фонетика, морфология» деген халықаралық сөздерді қолданған, әрі қарайғы жазғандарында көптеген интернационалдық терминдерді орыс тіліндегі қабылданған түрінде пайдаланғаны байқалады.

Тағы бір қатты ескеретін нәрсе — қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиялық тұлға-тәсілдерінің бірсыпырасын. А. Байтұрсыновтың жаңаша талдап, дұрыс көрсетуі. Орыс лингвистикалық мектебінен сусындап, негізін содан алған-

мен, қазақ тілі грамматикасын тануда ол көгі ретте тілдің типологиялық ерекшелігін ескеру принципін ұстаған. Қазақ тіл білімінің басталар тұсындағы ізденістері мен табыс-тарын, жетістіктері мен кемшіліктерін дұрыс тауып, мұқият зерттеу — алда тұрған міндеттеріміздің бірі. Өзірге кезіміз әбден жеткен бір ақиқат ол — ана тіліміз-дегі ғылым саласы үстіміздегі ғасырдың 10-ншы жылдары-нан басталғандығы және оның іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов екендігі. Олай дейтін себебіміз мынада. Н. И. Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда басылған «Материалы к изучению киргизского наречия» деген кітабы қазақ тілінің грамматикалық жүйесін танытқан тұңғыш еңбек болды. Бұл «Материалдар» орыс тілінде жазылды, онда қазақша лингвистикалық терминдер жасалған жоқ. Бұл жұмыс атынан-ақ көрініп тұрғандай, оқулық та емес, жүйелі түрде баяндалған грамматика құралы да емес, ол шығыс тілдерін, оның ішінде өзге түркі тілдерін зерттеушілерге арналған еңбек болатын. Оның өзінде де бұл «Материалдар» қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен (автордың жазуынша, татар тілінен) ерекшеленетін тұлғаларын көрсету мақсатымен жазылған-ды. Автор бұл еңбегім білім алған қазақ жастарының ана тілін зерттеп, дамытуды өз қолдарына алуларына мұрындық болар деп үміттенеді. Бұл үмітін жарты ғасырдан соң бірінші болып ақтаған — Ахмет Байтұрсынов болды.

П. М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика қазақ-киргизского языка» деген атпен I бөлімі (фонетика және этимология) 1894 жылы, II бөлімі (синтаксис) 1897 жылы шыққан құнды еңбегі — қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ғылыми негізде жүйелі түрде баяндаған тұңғыш зерттеу екендігі мәлім. Бірақ бұл да түркі тілдерін зерттеушілерге арналған, орыс тілінде жазылған ғылыми сипатты еңбек болды. Сондықтан мұнда да қазақ тіл білімінің ұлттық терминологиясы жасалмады. Бұл ғылыми жұмыс та ана тіліндегі қазақ лингвистикасының басы болып таныла алмайды. Міне, А. Байтұрсыновтың қазақ тіл білімі тарихындағы орны мен еңбегі осындай.

Ғалымның тіл үйретуде жасаған еңбегі мұнымен де шектелмейді. Ол қолданбалы грамматика дегенді жазған. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді екі кітап етіп 1928 жылы Қызылордада жарыққа шығарды.

А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту методикасының іргетасын қалаушы болып және саналады. Ол — қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Ол бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927 —

1928 жылдарға шейін бірнеше мақала жариялаған. 13—14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінде түйген методикалық нұсқауларын 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен кітапша етіп шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліп- пені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетеді. 1921 жылы Ташкентте шағын көлемді тағы бір методикалық құралды шығарды.

Сөйтіп, тұңғыш қазақ лингвисті езінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл- құралды» жазған; үшінші — тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазған, төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған. Міне, бұлар А. Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектері.

А. Байтұрсыновтың жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да айрықша зор болды. Өткен ғасырдың II жартысында-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жарыққа шығару дәстүрі отандық филологияда бел алған игілікті қажет іс болды. Бұл дәстүрді әр халық интеллигенциясының озат өкілдері жақсы қабыл алып, өздері де ат салысқан- дары мәлім. А. Байтұрсынов та 1895 жылы «Тургайская газетаның» бетінде «Киргизские приметы и пословицы» деген атпен материалдар жариялайды. 1923 жылы «Ер Сайын» жырын Москвада жарыққа шығарады, оған «Алғы сөз» жазып, түсініктемелер береді. А. Байтұрсынов ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыруды және жалпы насихат- тауды маңызды іс деп санаған. 1926 ж. «23 жоқтау» атты жинақ түзіп, оны Москвадан шығарады. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері (автордың термині бойынша «ел аузындағы тіл»). Ғалымның ауыз әдебиеті мұраларын халық қазынасы, халықтың рухани байлығының сарқылмас көзі деп тануына оның өнердің осы түрін және музыка өнерін сүйе білгендігі де себепкер болған. А. Байтұрсынов — музыкадан хабары бар, жақсы домбырашы (пианинода да ойнай білген) болған адам. Қазақтың музыка өнерін тұңғыш зерттеп, әлемге танытушы атақты А. Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» деген 1925 жылы Орынборда шыққан кітабында Ахмет Байтұрсыновтың өз жұртының әндерін жақсы білетіндігін және ол әндерді

тамаиға орындайтындығын әрі шебер домбырашы болғанын жазады. Ол қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тұрмыс-салтын жетік білгендіктен, Торғай, Ақтөбе, Бөкей ордасы, Қарқаралы өңірлерінің әндерін жазуда өзіне көп көмектескенін, тіпті екі тамаша күйді Байтұрсыновтың өзі орындап жаздырғанын айтады (А. Затаевич. 1000 песен'казахского народа. Оренбург, 1925, 338-бет).

А. Байтұрсыновтың тіл мен әдебиет қана емес, этно-графия, тарих мәселелерімен де шұғылданғанын айту керек. М. Әуезовтің жазуына қарағанда, ол 1923 жылы «Мәдениет тарихы» атты кітабын жазып бітірген мұнда сөз жоқ, автор қазақ халқының азаматтық, мәдени, рухани өмірін әңгімелеуге тиіс (М. Әуезов. Ахаңның елу жылдық тойы.— «Ақ жол» газеті, 1923, 4 февраль, 270-саны).

Ал таза әдебиетке қатысты ой-пікірлерін білдіруінің басы деп оның «Қазақ» гезетінің 1913 жылғы 39, 40, 41 нөмірлерінде жарияланған. «Қазақтың бас ақыны» деген үлкен мақаласын атауға болады. Бұл — ұлы Абайдың творчествосы туралы арнайы жазылған алғашқы еңбек-тердің бірінен саналады. Бұл мақалада: «Қазақтың бас ақыны — Абай. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған.

А. Байтұрсыновтың тіл мен әдебиет қана емес, этнография, тарих мәселелерімен де шұғылданғанын айту керек. М. Әуезовтің жазуына қарағанда, ол 1923 жылы «Мәдениет тарихы» атты кітабын жазып бітірген мұнда, сөз жоқ, автор қазақ халқының азаматтық, мәдени, рухани өмірін әңгімелеуге тиіс (М. Әуезов. Ахаңның елу жылдық тойы.— «Ақ жол» газеті, 1923, 4 февраль, 270-саны).

Ал таза әдебиетке қатысты ой-пікірлерін білдіруінің басы деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39, 40, 41 нөмірлерінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» деген үлкен мақаласын атауға болады. Бұл—ұлы Абайдың творчествосы туралы арнайы жазылған алғашқы еңбек-тердің бірінен саналады. Бұл мақалада: «Қазақтың бас ақыны — Абай. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп Абайды аса зор бағалаған автор әрі қарай ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін, поэтикасын сөз етеді. Абайдың «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деп басталатын өлеңінің тексін тұтас келтіріп, ақынның Поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын танытады. Мақаласын: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан

былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» деп аяқтайды.

А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі (284 бет)— әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы және бүгінгі әдебиеттану саласының басы, негізі деу керек. Әрине, қазіргі кездегі ғылым дәрежесімен өлшегенде, бұл құрал әдебиеттанудың бүкіл теориялық мәселелерін түгел қамты- мағанмен, осы саладан қазақ оқырманына ұсынылған ең алғашқы таным-білім, оның құндылығы да осында. Мұнда да автор көптеген мәселелерді өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады.

Ахмет Байтұрсынов — ақын, мықты ақын. Оны профессионал ақын деуден гөрі ірі қоғам қайраткері және ғалым деп тану дұрысырақ деп 1927 жылы Смағұл Садуақасов жазған болатын, дегенмен Байтұрсыновтың қазақ поэзиясындағы орны да ерекше екенін айту керек. Біздің байқауымызша, оны ақындыққа да алып келген — өзінің халыққа қызмет ету, қалың көпшілікті еңбекке, мәдениетке шақыру, сауаттарын ашып, дүниені таныту сияқты мақсаттары тәрізді. Оның өлеңдері «Қырық мысал», «Маса», «Үзік» деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылдар- ға дейін бірнеше рет жарияланған. Ол жинақтардың басылған жерлері Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Орал қалалары.

«Қырық мысал» орыстың атақты мысалшысы И. Кры- ловтан аударылған және соның ізімен, идеясымен жазыл- ған өлеңдер. Ол жөнінде ақын замандастарына арнаған бастау сөзінде:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Әзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат азға деген, жоқда сабыр,  
Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым,—

деп өзі айтып береді. А. Байтұрсыновтың әдеби шығарма- ның дәл осы жанрын таңдауында және нағыз халықтық Крыловты алуында үлкен мән бар. Мысал жанры — қазақ халқына да жақын, таныс дүние, ғибрат айтып, дұрыстыққа, жақсылыққа шақырудың ең бір түсінікті амалы. Мұнда әрбір мысалдың соңғы шумақтары алдыңғы айтылғаннан шығатын ой түйіні, ақыл-насихат болып бітеді де, ол қазақтың жалпақ тілімен жеткізіледі. Айталық, «Қасқыр мен тырна» деген мысалда сүйекке қақалып, өлгелі тұрған жерінен қасқырды құтқарған тырнаға алғыс айтудың орнына тап беріп жеп қоюға даяр болғанын суреттеп келіп:

Қыссасы қасқыр, тырна болды тамам,  
Мінездес қасқырменен кейбір адам,  
Басына бәле түсіп қысығанда,  
Жалынып, жалпаяды келіп саған.  
Құтқарып ол бәледен жіберген соң,  
Болмайды оған кісі сенен жаман.  
Жоқ болған отқа күйіп мүлкіндей-ақ  
Қайырың зайғы кетер еткен оған...—

деп ғибрат айтады.

Ал «Масаға» енген өлеңдер болса, олар да осы мақсатта: қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық кәсіпке марғау-лық — осылардың бәрі, автордың бейнелеуінде, қазақты шағуға дайын тұрған жылан, өлең иесі «аяқтары ұзын, сары маса» болып, бызыңдап ұйықтап жатқан халқын оятпақшы:

Мысалы, казак малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды бәле делік аңдып баққан.  
Бәленің түрін көрген мен сары маса  
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан.

«Маса» жинағындағы ақын өлеңдері — оның азаматтық идеяларының, арман-мақсатының толғауы. Мұндағы өлеңдер поэтикасы жағынан да жоғары мәдениетті нағыз жазба әдебиеттің үлгісі. Ал идеялық мазмұны жағынан, «Қырық мысалды» Мұхтар Әуезов «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген, төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағаласа, «Маса» қазақ оқушысына естілген екінші елшілік ұран болды» деп баға берді.

А. Байтұрсынов жоғары білімді маман кадрларды даярлау ісінде де айтарлықтай еңбек сіңірген: ол 1922—1923 жылдар мен 1928—1929 жылдардың ішінде Ташкент-тегі Қазақтың халық ағарту институтында және Алматы-дағы Қазақ университетінде (қазіргі Абай атындағы ҚазПИ-де) студенттерге қазақ тілі мен әдебиетінен лекция оқыған.

Ахмет Байтұрсыновтың осындай ұлан-ғайыр еңбегі өз тұсында, репрессияларға дейін айрықша аталды. 1923 жылы қазақ қоғамы бұрын-соңды естіп-көрмеген соны оқығаны басынан кешірді. Ол А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толғанын атап өту еді. Әрине, тап тартысы деп аталған идеологиялық күрес әлі қызу жүріп жатқан бұл кезеңде Байтұрсыновтардың қарсыластары да аз емес еді. Соған қарамастан кәз көргендердің айтуларына қарағанда аталған юбилейді Орынборда да қазақ мәдениетінің сол кездегі және бір орталығы Ташкентте де өткізіледі (енді

бірқатар мәліметтерге қарағанда қарсыластар Орынборда юбилейді болдыртпай тастайды). Осы тұстағы қазақ баспа- сөзі түгелге жуық бұл мерекені атап өтті. Түркістан республикасы Орталық Атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің органы —«Ақ жол» газеті өзінің 1923 жылғы 4 февральдағы санында «Ахаңның юбилейі туралы» деген мақаланы редакция атынан берді. Осы нөмірде «Ахаңның 50 жылдық тойы» деген атпен Мұхтар Әуезовтің көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда автор: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Масаның» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болды» деп асқан бір көрегендік сөз айтты. Қазақ Советтік Атқару комитеті мен облыстық партия комитетінің органы —«Еңбекші қазақ» (осы күнгі «Социалистік Қазақстан») Сәкен Сейфуллиннің (Манап Шамил деген бүркеншік атпен) «Ахмет Байтұрсы- нов 50-ге толды» деген мақаласы жарияланды. Мұнда ав- тор: «Ахаң байлардың құлдығында шіріген шаруалардың айқайшысы емес, олардың қолшоқпары емес, бірақ адал жүрек, байын, кедейін айырмай, қазақты сүйетін таза ұлтшыл. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» деп шын көңілден құттықтай- тынын білдіреді.

Газет мақалаларымен қатар «Труды Общества изучения Киргизского края» атты жинақта оның өмірі мен қызметін, тіл зерттеудегі еңбегі мен табыстарын жақсы баяндаған М. Дулатов пен Е. Омаровтың мақалалары қалың жұртшы- лыққа ұсынылды. Бұл кітаптар күні бүгінге дейін еліміздің ірі кітапханаларында ашық фондта сақталып келеді. Баспа- сөз бен жинақтарда жарияланған бұл материалдардың барлығында да А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту, ғылым, өдебиет, мәдениет майданындағы орны ерекше екендігі, көп ретте тыңнан жол салған кеш бастар болғандығы және қазақ қауымына беделі күшті, абыройы биік болып келе жатқандығы айтылады.

А. Байтұрсыновтың тіл білімі мен қазақ филологиясы саласындағы еңбегі репрессиялардан кейінгі кезеңдердің озінде де кейде ашық, кейде тұспалдап жоғары бағаланып келді. Академик- жазушы Ғабит Мүсрепов: «Осы ғасырдың басында тұңғыш әліппеміз жасалды» деп, 1979 жылы («Социалистік Қазақстан», 18 декабрь, 1979) жазғанда,



ол айтып отырғаны А. Байтұрсыновтың еңбегі еді. Есімі дүние жүзіне мәлім аса беделді түрколог, академик А. Н. Кононов Октябрь революциясына дейінгі отандық түркологтердің биобиблиографиялық сөздігін (көрсеткішін) жасағанда, Ахмет Байтұрсыновты отандық түркологтердің қатарында көрсетеді де, оны «жетілдірілген қазақ алфавитін жасаушы, қазақ тілінің фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін зерттеп, оқулықтарын түзуші, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын зерттеуші» деп танытады (Био- библиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. М., 1974, 115-бет). Демек, Совет Одағына, тіпті бүкіл дүние жүзіне тараған бұл құнды көрсеткішті пайдаланушылар Ахмет Байтұрсыновты революцияға дейінгі Россия түркологтерінің бірі деп біледі және бұл кітап шыққаннан бергі 15 жылғы уақыттың ішінде ондағы осы мәлімет пен таным-бағаны ешкім жоққа шығарған жоқ.


Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соныдан із салған жанашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914—1915 жылдардан 1927—1928 жылдарға дейін пайдаланып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың «Әліппімен» ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл-құралы» арқылы оқып үйренді.

Екіншіден, А. Байтұрсынов — араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-ншы жылдарынан бастап 20-ншы жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арнап, осы күндерде өзіміз шығаратын «Біздің Отан» атты газетіміз де Байтұрсынов реформалаған араб жазуын пайдаланады, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.


Үшіншіден, А. Байтұрсынов — қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі.

Төртіншіден, А. Байтұрсынов — қазақ халқына, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.


Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ — демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді




Мұхтар Әуезов оқыған Семей қаласындағы мұғалімдік семинария үйі-  
нің сол кездегі суреті



Заречная слободка (қазіргі Жаңа Семей) қаласындағы қала, чаның қар-  
нісі



Назір Төрешұлов



Сұлтанбек Қожанов

Қошке Кеменгеров




Санжар Аспандияров






Глияс Молдажанов





Смағұл Сәдуақасов



Күдайберген Жұбанов



өкілі, бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновты осылай танимыз және бұл танымға оның саясат пен идеология майданының белгілі кезеңдеріндегі қайшылықтары жөн жаңсақ басқан қадамдарын ескере отырып келіп отырмыз. Бұл таным — бүгінгі күнгі демократия мен әділеттіліктің жемісі. Бұл — халыққа сіңірген адал еңбектің тарихта өшпейтіндігінің айғағы.

Өте ұзақ уақыт 50—60 жылдар бойы А. Байтұрсыновтың есімі «кылмыскер» ретінде сотталған адам деп аталып келді. 1988 жылдың 4 ноябрінде Қазақ ССР-інің Жоғарғы Соты Ахмет Байтұрсыновты ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ағарту туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді.

Ендігі міндет — Ахмет Байтұрсыновтың ұшан теңіз сан қырлы еңбегін қалың жұртшылыққа кеңінен таныстыру. Біз бұл жағын мақалада А. Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі жайынан 50—60 жылдан бері айтылмай келген, ұмыт бола бастаған алғашқы мәліметтерді ғана ұсынып отырмыз, оның өзінде де әзірге қолға түскен материалдарды ғана пайдаландық, ал әлі тауып, танысып үлгермеген, әсіресе А. Байтұрсыновтың өз қаламынан шыққан дүниелер қаншама! Ғалымның тіл біліміндегі еңбектері мен көзқарастарын өз алдына жеке талдап таныту кезекте тұр. Сондай-ақ әдебиетті танытушы ғалым ретіндегі ізденістерін арнайы зерттеп, олардың сол кезең үшін мән-маңызын ашу да кезегін күтеді.

' Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

#### КӨЗҚАРАС ЭВОЛЮЦИЯСЫ

«Тарихқа сіңірілген еңбектер тарихи қайраткерлердің қазіргі талаптармен салыстырғанда не бермегеніне қарай емес, өздерінен бұрынғылармен салыстырғанда жаңа не бергеніне қарай бағаланады».

*(В. И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы, 5-басылым, 2-том, 178-бет).*

Ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, да-рынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов өз кезі үшін көрнекті қоғам қайраткері де болған-тын. 1928 жылы Алматыда жаңадан ашылып жатқан Қазақ университетіне (қазіргі ҚазГТИ) профессорлық қызметке шақырылып,

Қызылордадан көшіп келгенде ол өмірбаянына былай деп жазды:

«1919 жылдың мартында Совет өкіметі жағына шығып, Москваға кеттім. 1919 жылғы 24 июльде РСФСР Халық Комиссарлар Советі мен Қазақ Әскери-революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындады.

7-Бүкілроссиялық Советтер съезінен 8-Бүкілроссиялық Советтер съезіне дейін ВЦИК-тің мүшесі, I-Бүкілқазақ Советтер съезіне дейін Казвоенревкомның мүшесі болдым.

1920 жылғы 4 апрельден 1926 жылдың соңына дейін большевиктер партиясында болдым, Советтердің I- Бүкілқазақтық съезінен 2-Бүкілқазақтық съезіне дейін ҚАССР Ағарту халық комиссары лауазымында істеп, Каз ЦИК мүшесі болдым, Советтердің 2-Бүкілқазақтық съезінен 3-Бүкілқазақтық съезіне дейін КазЦИК-тің мүшесі, сондай-ақ өлке Казпаркомпротсы жанындағы Академиялық орталықтың председателі болдым. 1923 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақ ғылыми-әдебиет кеңесінің председателі және Академиялық орталықтың мүшесі болып келемін».

Осы сараң деректерден-ақ Байтұрсыновтың Қазақ республикасының шаңырағын көтеріскен мемлекет қайраткері екенін аңғару қиын емес. Түсінуді, мұқият талдау, айқын көз жеткізуді тілейтін жайт оның советтік қоғамды құру ісіне атсалысуға келу жолы. Ал бұл жолда — баршамыздың санамызға халыққа дұшпандықтың ұйым- дасқан түрі ретінде сіңген «Алашорда» атты қалтылдақ өткел жатыр. Байтұрсынов сонау күмәнді қозғалыста әлгі қылкөпірді салушылардың көсемі болыпты деседі. Ресми тарихтан да, белгілі әдеби-мемуарлық шығарма- лардан да құлаққа құйылып, көкіректе жатталып қалған мағлұматтар бойынша, «Алаш» дегеніміз — ұлтшыл, қазақтың басына қайтадан хандықты орнатқысы келген, Қазақстанды Россиядан бөліп әкетуді мақсат еткен партия. Ендеше- ақыл- парасатының биіктігімен танылған, халқы- ның ар-ожданы атанған Аханның сондай кертартпа ұйымының дем берушілерінің бірі болғаны қайран қал- дырмай қоймайды. Тағы бір қайран қалатының — ол жоғарыда келтірілген өмірбаянында қызметінің сол бір кезеңі жөнінде ешбір бүкпесіз: «1917 жылдың соңынан 1919 жылға дейін Алашорда ұйымында істедім»,— деп жазады...

Осы бір ауыз сараң сөйлемнің астарына үңілмес бұрын Ахмет Байтұрсынұлының одан бұрынғы өткен жолына шағын шолу жасайық.

«Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы № 5 ауыл қазағыншы баласымын,— деп бастаған университет оқытушысы өзінің өмірбаянын — 1886 жылдан 1891 жылға дейін екі класты Торғай орыс-қазақ училищесінде оқыдым. 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбор орыс-қазақ мектебінде оқыдым, 1895 жылдан бастап Торғайдың әр жерінде, әртүрлі бастауыш училищелерде — ауылдық мектептерде екі класты мектептерде істедім». (Қосымша бір дерек: Торғай облысының 1897 жылғы адрес-календарында Ахмет Байтұрсынұвының Ақтөбе уезі Ақтөбе болысының № 2 ауылындағы Арынғазы мектебінде мұғалім екендігі көрсетілген).

«1909 жылы, Қарқаралы екі класты училище меңгерушісі боп жүрген кезімде, Семей губерниялық жандарм басқармасының бастығы үкіметке қарсы насихатпен айналысты деген айыптау бойынша тұтқындалып, Қарқаралыдан Семей түрмесіне айдады». (Сәбит Мұқанов «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» атты кітабында «Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жандармада қызмет қылатын адам «патшаға қарсы» деп көрсетіп, Ахметті... абақтыға» жапқызғанын жазған).

«Түрмеде сотсыз, тергеусіз 1909 жылдың июлінен 1910 жылғы 21 февральге дейін отырғызды да, қазақ облысында тұруыма 2 жылға тыйым салып, үш күннің ішінде Семейді тастап кетуге міндеттеп, түрмеден шығарды. Тұруға Орынбор қаласын таңдадым да, Семейден 23 февральда шығып, Орынборға 1910 жылғы 9 мартта келдім». (Ахаңның белсенді ғылыми-ағартушылық, журналистік қызметі осы тұстан бастап айрықша жанданады).

1913 жылы «Қазақ газетінің ашылуын ұйымдастырдым, оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым, сондай-ақ Қарқаралы приставының почта абыройын төгетін мағлұматтарды баспасөзге шығарды деп айыптауына байланысты ісім сотқа берілді.

1917 жылдың соңына дейін редактор боп істедім».

Бұдан ары Ахаңның «Алашорда» ұйымындағы қызметі басталады... «Алашорда» тарихының 30-жылдардан кейін зерттелмегенін қазіргі таңда тарихшылардың өзі мойындап жүр. Ал «халықтар әкесі» мен оның жер-жердегі сенімді уәзірлері ол жылдарда кейінгі ұрпаққа объективті шежіре қалдыруды көздей қоймаған-тың. Тек қана күстаналау, тұқырту тұрғысында баяндалып жүрген сол күрделі де қайғылы, әрі маңызды кезеңнің себеп-салдарын әділ ашып

беру — тиісті ғылыми мекемелер үлесінде, біздің қарастырмағымыз — рухани өмірімізге қайта оралған халық ұлының жеке басына, көзқарасына қатысы бар кейбір деректер ғана.

Монархияның құлауын ел бостандыққа жеткендей көңілмен қарсы алды. Революция әперген азаттықты баянды ету ұранымен әр аймақ өз съезін өткізіп жатты. Сондай серпіліс ахуалындағы Торғай облысы қазақтарының 1917 жылғы 2—8 апрельде болған съезін «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол сөзінде ел өміріне ірі өзгеріс туғызған сол сәтте бірігудің аса қажеттігін, жаңа қоғамдық құрылыс пен жеңіп алынған бостандықты нығайту үшін үкіметті қолдап, жер-жерде реттілік пен тыныштық сақтау керектігін атап айтып, жиналысты құттықтады. Делегаттар оны съезд председателі етіп сайлады. Осы съезд құлатылған өкіметтің өкілі деп, Торғай облысының әскери губернаторы Эверсманға сенімсіздік көрсетті, сұранса да сөз бермей, залдан шығарып жіберді. Осы съезде Орынбор орта оқу орындарының бірер оқытушысы мен Торғай облыстық басқармасының тілмәшіне жергілікті жандарм басқармасында агент болды деген айып тағылды. Тілмәштің қызмет бабын пайдаланып ірі пара алып тұрғандығы да айтылып, бәрі де қоғамға жат адамдар ретінде съезд қаулысымен жиналыстан аласталды. Осы съезде бірқатар бұрынғы патша чиновниктерінің қазақтарды тыл жұмыстарына алуда қолданған жазалау шаралары мен басқа да қылмыстары ашып айтылып, оларды сотқа беру жөнінде шешім қабылданды. Осы съезде күллі қазақ халқының мұң-мұқтажын анықтап, ортақ іске жұмылдыру мақсатымен жалпы-қазақ съезін шақыруды қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру бюросы құрылды. Оның құрамына Ахмет Байтұрсынов та кірді.

Көзделген съезд сол жылы 21 — 28 июльде өтті. Онда Ахаң председателдің орынбасары болды. Съезд 12-мәселе етіп қазақ саяси партиясы жөнінде мәселе қарады. Қарарда қазақ ішінде жеке саяси партияның болғаны дұрыс екені атап айтылып, партияның демократиялық федеративтік-парламенттік республикаға негізделетіні көрсетілді де, оның программасын жасау Петроградта өтетін мұсылман съезіне сайланған делегаттарға тапсырылды.

А. Байтұрсынов редактор боп істейтін «Қазақ» газеті 1917 жылғы 5 октябрьде жеке саяси партия программасын жасау жөніндегі съезд тапсырмасының әлі орындалмағанын хабарлай отырып, құрылтай жиналысына делегаттар сайлау

жұмыстарына әр саяси партия өз кандидаттарының тізімін даярлап жатқандықтан, жер-жердегі қазақ комитеттері партияның атын «Алаш» деп атап; науқанға ат салыса беру керектігін жариялады. Ұзамай Құрылтай жиналысына сайлау жүргізу жөніндегі Торғай округтік комиссиясы социалист-революционерлер, социал-демократиялық жұмысшылар және қазақтың «Алаш» партияларының кандидаттық тізімдерін тіркеді. Соңғы тізімге Ахаң да кірген.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 ноябрьде шыққан санына, ақыры, партия программасы жарияланды. Соңына программаны жасаған алты адам қол қойыпты, ішінде Ахмет Байтұрсынұлы бар. Програма он тармаққа бөлінген. Бірінші параграфта — Россияның демократиялық федеративті республика болуға тиістігі, сайлау правосы тегіне, діни иланымына, жынысына қарамай, баршаға бірдей берілу керектігі, депутаттарды тікелей, тең және жасырын дауыспен сайлау қажеттігі айтылса, екінші және одан кейінгі басқа параграфтарда болашақ қазақ автономиясының жөн-жобасы баяндалған. (Қазақ автономиясы дала облыстарынан қосылып, басқа халықтармен қатар Россия федерациясына кіреді... Басқару, сот орган-дарында істейтін адамдардың адал және халыққа пайдалы болуына партия қол жеткізуге тырысады... Басқармалар мен милицияда істейтіндер жөніндегі мәселені халық шешеді... Партия халық үшін дәулет пен мәдениет жасауға ұмтылады... Партия кедейлерді — жолдас, қанаушы-ларды — жау деп санайды және солай атайды... Дін мемлекеттен бөлінуге тиіс... Сот алдымен айыптау, тергеу жұмыстарын жүргізбей тұрып тұтқындай алмайды, соттай алмайды. Судьялар жергілікті тілді білу керек, ұлттық құрамы әртүрлі жерлерде сот сол жерде көпшілік боп есептелетін тұрғындар тілінде жүргізілуге тиіс... Салық әркімнің байлығының дәрежесіне және дүние-мүлкінің жағдайына қарап алыну керек: дәулетті — көбірек, кедей — азырақ төлейді... Халыққа білім беру — баршаға ортақ, барлық оқу орындарында тегін оқытылады. Бастауыш мектептерде сабақ ана тілінде жүргізілуге тиіс... Барлық мұғалімдер мен профессорлар сайланып отырады... Жұмысшы заңдары жұмысшы мүддесін көздесуге тиіс... Халықты қорғау үшін қазіргіден өзге негізде ұйымдастырылған әскер болуға керек... Құрылтай жиналысында жер заңын жасағанда бірінші кезекте туземдіктер мүддесі ойласырылуы қажетті). Осы жөн-жобадан зайыр аңғара-

рымыз — оны жасаушылардың бірі болған Ахаң — қате- лессе де, көзжұмбай ұлтшылдықтан аман екен...

Автономия жариялау мәселесі 1917 жылғы 5-13 декабрьде өткен екінші жалпы қазақ съезінде талқыланғаны мәлім. Сонда делегаттардың көпшілігі автономияны теэ- детіп жариялап жіберу туралы ұсынысқа қарсы дауыс берді. Бұл көпшіліктің ойы бойынша — ең алдымен, дала облыстарының қазақтан басқа халықтарының қазақ автономиясына көзқарасын анықтау қажет- тін, осылардың жуан ортасында Ахмет Байтұрсынов тұрды.

Съезд 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрды. 15 мүшесін сол жолы сайлап, 10 орынды қазақ арасында емір сүріп жүрген орыс және басқа халықтардың өкілдеріне қалдырылды... А. Байтұрсы- нов халық кеңесінің құрамына ұсынылған жоқ, ол оқулық- тар жазу жөніндегі комиссияға сайланды. Өмірбаянында: «1917 жылдың соңынан... Алашорда ұйымында істедім» дегенде ол осы съезден кейін жаңа мазмұнмен басталған қызметін айтса керек. Алайда дүбірлі он сегізінші жыл ол таңдаған бағыттың сергелдені көп екенін, халықтың мұның жыртамыз деген ұйымның халықтан оқшауланып бара жатқанын көрсетті. 1918 жылдың көктемінде халық кеңесінің мүшелері бастаған делегация Москваға барып қайтты, сол тұста «Алашорданың» басшылары Орынбордан төте желі арқылы В. И. Ленинмен сөйлесті. Совет өкіметі- нің қазақтарға автономия беру жобасын жасайтыны, бірақ оның жергілікті жұмысшы, шаруа депутаттары Советтерінің негізінде жарияланатыны айқындалды. Ал «Алашорда» қайраткерлері жергілікті Советтермен тіл табыса алмаған, себебі олар таптық көзқарастың мәнін түсіну дәрежесіне жеткен жоқ еді, сондықтан да олар орыс буржуазиясының құшағына біржола құлағандай-тын. Алайда «бөлінбейтін, біртұтас Россия» идеологтары Уфа, Самарада өткен Құрылтай жиналыстарында «қуатты мемлекеттерін» бұратаналарға автономия берем деп пышырата алмайтындықтарын мәлімдесе, Сібір үкіметінің басшысы әйгілі адмирал А. В. Колчак 1918 жылдың күзінде арнайы указымен «Алашорданы» таратып жіберді. Мұндай жағдайды көріп-біле тұра Ахаң сынды ойлы адам өзінің адасқанын ұқпауы, тыным таппай дұрыс жолды іздемеуі мүмкін емес-ті...

Ахмет Байтұрсынұлы Совет өкіметі жағына өзі шығып қана қойған жоқ, халқына шын ниетімен қызмет етуге ден қойған бұрынғы үзеңгілестерінің де тарихи тура бағыт- қа түсуіне жәрдемдесті, Қазақ революциялық комитетінің

1919 жылғы 15 сентябрьде өткен мәжілісінде оған, Совет өкіметі жағына қарату мақсатымен, «Алашорданың» батыс бөлімшесімен келіссөз жүргізу тапсырылды. Түрккомиссияның Түркістан майданы мен Бірінші армия Әскери-революциялық советтерінің қатысуымен өткен Казревкомның 1919 жылғы 27 октябрьдегі мәжілісінде А. Байтұрсыннов ақтарға қызмет етіп жүрген қазақтарды Совет өкіметі жағына тартудың шарттарын түйіндеп айтты... Декабрьдің соңына қарай «Алашорда» батыс бөлімшесінің әскери ақтарға қарсы соғыс ашып, Елек корпусын талқандады, ақгвардияшылардың штабын ірі әскери шендермен қоса тұтқындап, қару-жарақ қоймасын қолға түсірді, сөйтіп, күнәсін қанмен жуу арқылы совет өкіметінің қоластына өтті.

Советтердің 7-Бүкілроссиялық съезінде ВЦИК мүшесі болып сайланғаннан кейін Ахмет Байтұрсыннов Казревком председателі С. Пестковскиймен бірге тағы да Владимир Ильичпен кездесті. Ленин қазақтар арасында түсінікті тілде пәрменді үгіт-насихат жүргізудің маңызына тоқтала келе, нақты кеңестер берді, дәулеттілердің малын жарлыларға алып беруге асықпау керектігін айтты. Көсемнің осы ақылының күш беруінен болар, кейін, «Кіші Октябрь» науқаны көтерілгенде, А. Байтұрсыннов конфискацияны жұтқа балады...

«Алашорда» қозғалысына қатысқан ниеті түзу азаматтарды Совет өкіметі жағына шығару аяқталған соң, ВЦИК-тің кешірім туралы белгілі декретіне бір жыл толғанда, қазақ халқын қандай жолдың бағытқа бастарына анық көзі жеткен Ахмет Байтұрсынұлы большевиктер партиясы қатарына өтуге өтініш берді...

Сайфи ҚҰДАШ

### **ҚАЗАҚ АҚЫНЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ**

Соңғы кездері Қазақстанның жұртшылық пікірінде қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың творчествосы мен саяси бейнесі жөнінде бір-біріне қарама-қарсы әртүрлі көзқарас қалыптасыпты. 1929—37 жылдары М. Жұмабаев екі рет тұтқынға алынады. 1960 жылы ол қайта ақталады.

1968 жылдың ноябрінде қазақ университетінде жиналыс өтеді, оған қатысушылар республиканың тиісті ұйымдары-

нан М. Жұмабаевтың екі томдығын басып шығаруын сұрайды. Бірақ М. Жұмабаев шонжар бай семьясынан шықпандықтан да, өзі ұлтшыл, күйрек символист, мистик ақын болғандықтан да, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұл жиналысты қате деп тапқаны мәлім болды. Осынау бағаның шарпуы белгілі дәрежеде маған да тиді, өйткені «Жастық шақтың ізімен» атты кітабымда (Москва, 1968) мен Мағжан есімін екі жерде атап өткенмін (бірінші рет— 1909—10 жылдары оның Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқуына байланысты болса, екінші рет — 1912 жылы Қазанда оның «Шолпан» атты өлеңдер жинағының шығуына орай).

Сонымен бір жағынан алсақ, М. Жұмабаев ақталған, демек қалың жұртшылық заңды түрде оның творчествосына деген ынта-ықыласын қайта жаңғыртқысы келеді, ал, екінші жағынан қарасақ — бұл ақтау әлі шала-шарпы, саяси ақтау емес, азаматтық ақтау ғана болып шығады. (Ал менің ұғуымша, бұл екі түсінікті ажырату аса қиын).

Сіздің жұмыс басты екеніңізді біле тұра, бірақ біздің партия басшыларының әдебиет тағдырына дәстүрлі түрде әманда назар аударып келе жатқанын көңілге демеу ете отырып, (өйткені әдебиет жалпы партиялық істің бір бөлегі ғой) осы бір, бәлкім, ұзағырақ хатты жазуға бел байладым, бұл хатымда мен жоғарыда айтылған мәселе жөніндегі ойларымды ортаға салмақпын. Бір өтініш — сіз бұл хатты «жазушылық іске» көлденеңнен ықпал жасағысы келеді екен деп бағалай көрмеңіз. Ондай ойым жоқ. Іс түйіні — М. Жұмабаевтың тағдыры мен творчествосының қияметтей қиындығында, күрделілігіне, бәлкім, қазіргі жас буын тек кітаптар арқылы ғана білетін көптеген оқиғалардың куәсі болған, мен секілді 75 жастағы кісінің, жазушының ой-толғаныстарын білу сізге де артық болмас. Бұған қосып айтарым — Қазақстан менің екінші Отаным: мен «өз университеттерімді» сонда өткергенмін. Сол себепті де қазақ әдебиеті және оны жасаған, ал бүгін оны өркендетіп келе жатқан адамдар маған аса қымбат.

\* \* \*

Мағжан Жұмабаев жазушы ретінде де, сол сияқты оның көзқарасы да 1905 жылғы революциядан кейінгі кезеңде қалыптасты. Ол кезде қазақтың енді етек алып келе жатқан ұлттық-революциялық қозғалысы толқынымен бірге және оның буржуазиялық-демократиялық мәдениетінің өсуі жағдайында, қазақ интеллигенттерінің тұтас бір



ұрпағының қалыптасу процесі жүріп жатты. Мәдениеттің, әдебиет пен ағарту ісі қайраткерлерінің осы тобының әлеуметтік құрамы, саяси көзқарасы аса күрделі еді. Олардың көзқарасындағы тиянақты да анық бір нәрсе: ынтызар көңілмен өз халқына азаттық, бақыт және мәдениет тіледі. Алайда осынау «азаттық» мәнісін түсінуде, өз халқын ұлттық-отарлық және әлеуметтік езгіден, қараңғылықтан, сауатсыздық пен надандықтан құтқару жолындағы күрес тәсілінде айқындық та, дәйекті таптық көзқарас та болмады. Осынау ортадан бір жағынан, Лениндік жолға бірден немесе жүре келе біртіндеп түскен қайраткерлердің шыққанына бүгінгі таңда таңдануға да болмайды, қазақ халқы оларды орынды мақтаныш тұтады; екінші тұрғыдан қарағанда, буржуазиялық ұлтшылдар қосынына қосылып, ақтық демі біткенше Совет өкіметіне жат платформада қалған адамдар да болған. Октябрь революциясы өзінің анық та дәл ұрандары мен принциптері арқылы бұрынғы аморфты және әлеуметтік күштердің ара жігін ашып, қарама-қарсы қойды. Күні кеше ғана өздерінің ағартушылық іс-әрекетінде ынтымақтас болып келген ұлт интеллигенциясының өкілдері бөлініп, баррикаданың әр-әр жағына шығып алысты; жерлестер мен ауылдастар, ағайынтұыстар мен ескі жолдас-жоралар күрес-тартыста екі дай болып кетісті. Ал сол кездегі ұлттық интеллигенцияның көптеген өкілдері социалистік танымға айнымастай болып біржолата жеткенше күмән-күдік пен солқылдақтық, кателіктердің тікенді тар жолынан өтті. Ендеше біз аса ірі жазушылар мен басқа да қайраткерлерді саяси және азаматтық тұрғыдан бағалау тәрізді өте жауапты, мінәйі істерге кіріскен кезде, революция мен азамат соғысы дәуіріндегі, Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы адамдар қызметін талдап қарағанымызда, осындай күрделі де қиын жайттарды ең басты шарт есебінде есте сақтауымыз керек. Бұл арада біз бәріміз қайтыс болған немесе қаза тапқан боздақтар алдында ғана жауапты емеспіз, тарих соты алдында да жауаптымыз.

Қазір бұл жайтты жұрттың бәрі түгелдей немесе түгелге жуық түсінетін тәрізді. «Түгелге жуық» деп отырған себебім, бізде кейде әдеби фактілер мен әдебиет қайраткерлерін сөз еткенде, «пролетарлық мәдениет» («пролет-культ») пен Пролетар жазушылардың Россиялық бірлестігінің (РАПП) қайғылы уақыты рұхында бағалаушылық әлі де кездесіп қалады.

Мен, Жұмабаевты өлең сөздің мүлде өзгеше, асқан шеберлерінің бірі деп есептеп келдім және есептеймін

де осы тұрғыдан қарағанда ол Абайдың лайықты мирас- қоры. Ал, бірақ оның творчествосында өзі қалыптасқан, өмір сүріп, еңбек еткен, сосын қайғылы қазаға ұшыраған дәу- ірдің күрделілігі, қиындығы мейлінше анық көрінді. Оның көзқарасындағы қисынсыз қайшылықтар мен позициясын- дағы ұлтшылдық сарындар, ақынның саяси көзқарасы қа- лыптасуының қияметтей қиын жолы — міне осыдан. М. Жұмабаев творчествосын тек бір тұрғыдан сыңаржақ баға- лау — оны революциялық күрескер деңгейіне дейін кетеру немесе оған қарама-қарсы — Совет өкіметі мен қазақ хал- қының жауы дәрежесіне дейін құлдырату бірінші жайтте өзіміздің мәдени мұрамызға барып тұрған жауапсыз ниги- листікпен қарау болып шығады. Егер біз ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі нақты тарихи жағдайларды бұлдыр елес деп жинап қойып, «Пролеткульт» пен РАПП-тың біркездегі белсенді қайраткерлері сияқты, ұлт мәдениеті тарихының фактілері мен оқиғаларын пайымдау ісінде тұр- пайы социологизмнің ойсыз шолақ жақтаушысы болып қала берсек қана, жоғарыдағыдай ұшқары бағалаушылық орын алуы мүмкін, Мен осы екі жайттың екеуіне де тоқтап өтпекшімін.

\* \* \*

1920—30 жылдар біздің әдебиетіміз тарихындағы әлі толық түсініп бітпеген, аса күрделі кезең. Әдебиетті ол кезде РАПП рухы толық билеп-төстеп тұрды немесе оған аса қатты ықпал жасады. РАПП басшылығы «Пролеткульт- тен» негізгі бір идеяны — «кез келген ұлт әдебиетінің рево- люцияға дейінгі мұрасы буржуазиялық мұра болып табы- лады, өйткені оны буржуазиялық ортадан шыққан жазу- шылар жасаған», деген идеяны мирас етіп алған еді. Бұл концепцияға орай, пролетарлық әдебиетті тек пролетарлар әулетінен шыққан жазушылар ғана жасай алады.

ҚазААП-шылардың (Қазақстан пролетар жазушылары- ның ассоциациясы) өз мақсаттары мен ұрандары болды. Олар, мысалы, Абайды ұмытуға, өртеуге шақырды. Б. Май- лин секілді, бір кездегі ұлтшылдық қатеге ұшыраған жазу- шылар үстінен тұнжырап қара бұлт төне бастады. Олар «жолбикелер» қатарына қойылды; бұл сөз ол кездері тап қазіргідей уытсыз сөз болмайтын.

Алайда 1920—30 жылдар шебінде Абай, Б. Майлин, М. Жұмабаев және басқа көптеген жазушыларды бұрт

жуазиялық қаламгерлер қатарына қосқаны, ал сол кездерде сау-са.іамат жүрген ақындарды «жолбикелер», т.б. деп есеп-тегені бүгінгі күні ешкімді де таң қалдырмаса керек. Уақыт солай болған, оған не шара, бірақ ақырында партияның инициативасы және басшылығымен соңғы он жылда мәдени мұраға қамқорлық рухында, күллі асылымызды қайта қарап, бағалау ісі жүзеге асырылды. Бірақ бір ғажабы, сол бір жылдары қалыптасқан бағаларды (мәселенки, М. Жұмабаев жөнінде) кейбір кісілер бүгін де қайталап жүр, ал бұдан да өткен бір сұмдық, сол бағалар қоғамы жұртшылықтың ресми пікіріне айналып барады.

Сол бағалардың бүгінгі күн жағдайында мүлде қисын-сыз болып көрінетінін дәлелдеу үшін, совет әдебиетінің көптеген қайраткерлеріне сол бір жылдары берілген сипат-тамаларға тоқталайық. «Литературная энциклопедия» (ЛЭ) мен сол жылдардағы бірсыпыра ресми баспасөзді қолы-мызға алсақ болды, татар әдебиетінің классигі, халықтар бостандығы мен туысқандығының жыршысы Ғабдолла То-қайдың «ұсақ буржуазияшыл және либерал-ұлтшыл ақын» («Лит. газета, 1933, №16), Ұлы Абайдың «енді туып келе жатқан қазақ буржуазиясының идеологы» (ЛЭ, I-т. 1929), ал атакты Анна Ахматованың «дворяндар ақыны» (ЛЭ, I-т. 1929) екенін т. б. білеміз. Сол кездің баспасөзі беттерінен талай «жаңалықтарды ашуға» болады. Мәселен, С. Мұқанов

1920 жылдары «Ұлтшылдық сыпаттағы бірқатар қателіктер жасағанын» (Л.Э. УП-т. 1934), оқымысты-коммунист, жазу-шы, алғашқы еңбеккерлерінің бірі Ғалымжан Ибрагимовтың бүкіл шығармаларына «Татар ұлтшылдығының саяси оп-портунизмі... өзек болып өтетінін» («Октябрь» журналы №6—7, 1931), С. Есениннің әдеби ұстаздарының бірі Н. Клюев «орыс кулактары поэзияның атасы және сектант» (ЛЭ, Ұ-т. 1931) деген сияқты пікірлерді және басқаларын кездестіресіз.

Осы тәрізді бағалаулар, ең бастысы, ағ қойып-айдар тағу стилі және кісіні таңбалауға деген «мода» ол заманда қазақ баспасөзі бетінде де етек алды. «ЛЭ» беттеріндегі «Қазақ әдебиеті» мақаласының авторы Ғ. Тоғжанов: «Қазақ буржуазиялық әдебиетінің көшбасшысы Абай Құнанбаев болып табылады. Оның ісін Байтұрсынов, Дулатов, Құдай-бергенов, О. Қарашев жалғастырып келеді. Сол кездегі жастар арасынан, олардың ізін басып, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Дөнентаев, Ахмет Мәметов, Өтетілеуов, Сәкен Сей-фуллин, Б. Майлин сияқты ақындар және басқалары шықты... Олардың творчествосындағы негізгі сарын — дара-

шылдық, ұлтшылдық пен ісламшылдық» (ЛЭ, У-т, 1931) — деп жазады.

КГ7СС XX съезі мен Орталық Комитет жария еткен ізгі принциптер нәтижесінде бұл қателер түзетілді. Ғ. Тоқай мен Абай, Ғ. Ибрагимов пен Ш. Бабич, С. Сейфуллин мен Б. Майлин тағы басқалары әдебиет тарихынан лайықты орындарын алды. Алайда М. Жұмабаев жөнінде, әсіресе, оның творчествосы жөнінде баяғы, осыдан 40 жыл бұрынғы баға әлі де күшінде. Осы дұрыс па, әділдік пе? Меніңше — жоқ.

Осынау баға берілген уақыттың жай-жапсарын еске түсірелік. «Пролеткульт» пен РАПП-қа байланысты, біздің әдебиетіміз бен әдеби сынымызда орын алған жақсылы-жаманды жайттердің бәрі бүгінгі таңда анық та түсінікті тәрізді. Бірақ 1920—30 жылдары жағдай мүлде басқаша еді. «Пролеткульт» пен РАПП дер шағында буржуазиялық идеологияға қарсы күресте белгілі роль атқарды. Дегенмен олар өзінің іс-әрекеттерінде саяси қателер мен идеологиялық бұрмалаушылыққа жол берді. Әлбетте осынау қателіктер мен бұрмаушылықтардың тап күресі жағдайында, қалың интеллигенция, әсіресе, ұлттық интеллигенция арасында пролетарлық идеологияның сіңіп қалыптасуы, бекуі сияқты аса қиын жағдайда жіберілгенін жақсы білеміз. Алайда мұның бәрі бізді со бір қателіктер мен адасулардың мәнісін терең талдап түсіну және беру міндетінен босата алмайды.

«Пролеткульт» идеологтері пролетариат мәдениетін класикалық мұрадан айырып алу ұранын, біздің революцияға дейінгі мәдениетіміздің демократиялық дәстүрлерін қиғи-листікпен — дым білместікпен жоққа шығару ұранын жария етті. Сол кездері туып уағыздалған пролетарлық мәдениетті тек пролетариаттың өзі ғана жасауы керек деген ұғымның түп-төркіні, міне сонда жатыр. Осы бір идеяның түр-түсін сәл ғана өзгертіп, РАПП-шылдар «пролетар теңінен» шықпаған талантты жазушыларды социалистік мәдениеттен аластамақ болды. Оларды «жолбикелер» тобына үйіріп тастап, кейбіреулерін «солақай», енді біреулерін «оңқай жолбикелер» деп жіктеп-жіліктеген РАПП-шылдар, шын мәнінде жазушылар арасында топшылдық пен жауығушылық, дөрекі әкімшілдік секілді сорақы қылықтардың орын алуына жағдай жасады. РАПП-шылдардың, орыс және совет әдебиетінің М. Горький мен В. Маяковский сияқты абыройлы-ақ жүзді алыптарына дейін шабуыл жасанды. Сөйтіп «әдебиетті кім жасауы керек?» деген мәселеде РАПП іс жүзінде «Пролеткультпен» ынтымақтасып кетті.

Мұндағы ең зиянды нәрсе — РАПП-тың позициясы

тәжірибелі әдебиетшілердің аға буыны мен жастар арасында жасанды бір шыңырау туғызды. Жастар арасында білімі аз, тіпті шала сауатты, бірақ революцияға шексіз берілген жандар аз емес-ті, РАПГІ-тың желбуаз ұрандарына құдай-дай сенген жастар, көркемдік және тұрпайы идеялық дәре- жесі жас совет әдебиетіне нұқсан келтіретін «пролетарлық» туындылар жасады. Әдеби өмір ағымында айқындала баста- ған солақайшыл бөспелік нышандарды күнілгері көрген ВКП (Б) Орталық Комитеті 1925 жылдың өзінде-ақ «Пар- тияның көркем әдебиеттегі саясаты» атты қаулы қабылдаған болатын. Орталық Комитет бұл қаулыда жоғары идеялы шығармалар жазу қажеттігін, керкемдік шеберлікті арттыра түсу және жазушылар әлемінде достық-жарастық жағдайын тудыру міндетін айрықша атап өтті. Бұл қаулы өзінің ізгі ролін атқарды, бірақ елімізде тап күресі өршіп тұрғанда әдебиет майданындағы жағдайдың шиеленісе түскені анық факті болып қала берді.

Бір өкінішті жері, тіпті кемеліне келіп толысқан биік деңгейін, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезінде бүкіл әлем мойындаған орыс әдебиетінің өзін осындай бұрмалау- шылықтар мен шат- шелекей іс-әрекет аздырып-тоздырып, ол ұлт республикаларына да көше бастады, ал олардың көпшілігінде нағыз әдебиет әлі құралып та бітпеген еді. Ал революцияға дейін өнеркәсібі болмашы ғана дамып, ұлттық пролетариат шын мәнінде болмаған Қазақстанда (Баш- құртстанда да сол сияқты) тарихи жағдаятқа сәйкес, тіпті пролетарлық жазушылардың болуы да мүмкін емес еді. Жұмысшылар ортасынан шыққан (тым болмаса оны кәміл білетін) жазушылар, Қазақстанда, Қырғызстан мен Баш- құртстанда т.б. жерлерде, тіпті Октябрь революциясынан кейін қанша уақыт өтсе де, болған жоқ, жасырып қайтеміз, өкінішке орай, олар қазірдің өзінде де онша көп емес. Олар қазір неге аз, бұл мүлде басқа, тегі, оңай мәселе болмасқа керек; Әсілі, тоқсан сөздің тобықтай түйіні, мәселе қазақ- тарды, башқырларды т.б. өнеркәсіп индустриясына тарту, баулу ісінің ауқымы мен аумағын сыпатына байланысты болуға тиіс. Бірақ бұл жағдайды тарихи тұрғыдан дәлелт деуге болады: Ол ең алдымен осынау көшпелі және жарты- лай кешпелі халықтардың езінің қоғамдық дамуы барысын- да ХХ ғасырдың бас кезінде патриархалдық-феодалдық қауымнан шылбыр үзіп • шыға алмаған мүшкіл халінде болса керек.

Алайда РАПП-шылдар (бұл арада Қазақстан АПП- шылдары), Қазақстан тарихи жағдайының айырмашылық- тарына қарамастан, орыс әдебиетінде үйреншікті болып

кеткен, жазушылардың әлеуметтік бейнесін бағалау әдісін ұлт әдебиетіне әкеліп қолдана берді. Ал жергілікті жерде мұндай бағалау жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай көбінесе дөрекі, социологиялық мәніне келсек, тұрпайы болды. Жас ұлт әдебиеттері топырағына егілген бұл баға- лар сұмдық зиянды болып шықты. Өлі де топшысы қатып үлгірмеген ұлт әдебиеті ҚазАГТП-тың жаныққан әкімдері- нің қолымен аяусыз талқандалды. Міне, тап сол кездері ҚазАПП-шылдар, қазақ әдебиетінің негізін салған Абайды және оның барша ізбасарларын, сол сияқты екі революция арасындағы ешқашанда ұмытылмайтын ауыр жылдарда әдебиетке қосылған жазушыларды түгелдей буржуазия жандайшаптары, «буржуазиялық ұлтшылдар» деп жария- лап, осынау баға жетпес байлықты қазақ мәдениетінен біржолата аластап тастауғй тырысты. Осындай аласапыран жағдайда қазақ жазушылары арасында РАПП рухындағы талас-тартыс пен топшылдық-жікшілдік пайда болды. Бұған келіп дертті бақастық пен әртүрлі «фулық» топтардың қанға сіңген дәстүрлі егесі келіп қосылды. Ол кезде осы бір бақастық пен қысастық әдебиетшілердің өзара қарым-қаты- насына ғана әсер етіп қоймай, тіпті мемлекеттік істерді шешуде де көрініп калып жүрді. Бұл жәнінде өзінің «Есею жылдары» естеліктерінде (Алматы, 1964, 99—100-б.)

С. Мұқанов, «мендешовшілер» мен «сейфуллиншілердің» егесі жөнінде келістіріп айтып берді. Хал-ахуал міне осын- дай болып тұрғанда, ҚазАПП-тың кейбір басшылары М. Жұмабаевтың ізіне түсіп, қыр соңынан қалмай, оны қасарыса қудалайды, ұлтшыл деп айыптап, оған қарсы жастарды айдап салады.

Қанша қайғылы жайт болса да, іні келгенде мойындай- тын бір нәрсе, сол жылдарды «пролетарлық емес» және «пролетарлық» жазушылар арасындағы, сол сияқты, әде- биетке екі революция арасында келген, аға буын жазушы- лары мен әдебиетке Октябрьден кейін келген жас буын арасындағы қолдан жасалған қайшылық, көп жағдайда білімді, тәжірибелі әдебиетшілер мен «станоктан», «соқадан» шығып, әдебиетке бірден араласып кеткенін мақтан тұтатын, жеткілікті мәдени қоры жоқ, сауаты аз жастар арасындағы қайшылықпен сәйкес келіп жататын. Бұның жағдайды шиеленістіре түскенін айтпасақ та болады. Ғ. Мүсірепов «Біздің Би-аға» атты естелігінде: «көмір төңірегінде, мыс майда- нында бірер жыл болғандар — пролетариат жазушысы біз дейді. Бірақ жазып келістіргендері жоқтың қасы... Бұлардың туп нысаналары әлі баяғы «пролеткульт» деп бейнелеп

берді. Сонда олар өздерінің «жолбикелер» жазған оқулықтар мен кітаптардан білім алғанын ескермеген ғой.

Бірақ ол кездері сауатсыздықтың өзін артықшылық деп санап, әдеби тәжірибе мен білімді «буржуазиялық белгі» деп, осы «платформа» негізінде күреске шыққан кісілер де болған. Саяси демагогияны жылпостықпен пай-далана білген кісілердің, тұрпайы социологизмнің ықпалы сәт санап күшейе түскен сол бір дәуірде, күрес-тартыста бел алып жеңіл отырғанын кәміл түсінеміз ал, М. Әуезов, Б. Майлин, М. Жұмабаев секілді жазушылар, оларға жауап ретінде, талант-тәжірибесі мен қазақ халқының социалистік болашағына абыройлы қызмет ету үшін өздерінің лениндік көзқарасын қалыптастыра түсу жолындағы адал ісінен басқа ештеңені де қарсы қоя алмас еді.

Мұның қалай аяқталғанын біз жақсы білеміз. Тек соңғы он жыл ішіне қазақ халқы мен мәдениетіне сіңірген еңбегі ешқашанда ұмытылмайтын көптеген кісілердің ізгі есімдері мен абырой-беделі жарыққа шығарылды. Ал онша көп ойланбай, «ұлтшыл», «феодал», «байдың құйыршығы» деген атты жұртқа оңды-солды таға берген, ҚазАПП-тың баяғы белсенділері мен «қайраткерлері» қайда? Олардың талантты туындылары қайда? Қазақ әдебиетін несімен байытты олар? Солардың арасында есімін халық мақтан тұтатын кісілер көп пе? Меніңше, бұл сұрауларға мақұлдап жауап беру тек қазақ әдебиеті тарихшыларына ғана емес, олардың басқа республикалардағы әріптестеріне де өте қиын іс болатын шығар.

<\*

Иә, енді қазір партиямыздың Лениндік саясаты арқа-сында әдебиетте бәрі де түгел немесе түгел дерлік реттелді. Абай да, Ғ. Тоқай мен Т. Ибрагимов те және басқа да толып жатқан кісілер совет әдебиеті тарихынан өздеріне лайық құрметті орындарын алды. Ал баяғы 1934 жылдың өзінде-ақ Б. Майлин ҚазАПП-шылдар туралы былай деп күйіне жазған еді: «Сыншы атаулы көп жылдарға дейін мен туралы аузын ашпай келді де, отызыншы жылы бірден тарпа бас салды. Екпіндері қатаң, өкшелері қисық келді. Менің шығармаларымды сынағанда... өз басымның өткен-дегі кейбір қателіктеріне байланыстыра сынады, оңымды төріске айналдырмақ болды... Бұдан 15—20 жыл бұрын жазғандарым болса, соны сүйреп әкеп ортаға салу басталды. Бұл ҚазАПП-тың қырсығының үдеп тұрған кезі еді». (Соц. Қаз. 12 июнь, 1934 ж.) Ол кезде ҚазАПП-шылдар, тап күресінің туын жамылып алып, талантты жазушылардың ХХ-ғасырдың алғашқы жартысында жасаған қателерін кешіре білмеді (Бәлкім, кешіргісі де келмеген шығар), олар

жазушының халық пен мәдениет алдындағы сіңірген еңбегі мен қате-кемшілігін безбендеп, ақылға салып, бағалай алмады, оны тіпті білмеді де. Енді қазір М. Жұмабаев та тап сондай көзқарастың құрбаны болған жоқ па екен? — деген сауал туады, сол көзқарастың көлеңкесі кейде әртүрлі себептермен тіпті бүгінгі күнге дейін сақталып, көрініп қалып жүр. Жоғарыда мен ұлттық мәдениеттер тарихындағы фактілер мен оқиғаларға, адамдарға баға бергенде біз баяғыда ұмыта бастаған тұрпайы социоло-гизмді жақтаушылар әлі де бар екенін айтқанмын.

\* \* \*

Енді мен соны бір «жаңалық ашайын» деп отырған жоқпын, қазақ жазушыларының тұтас бір ұрпағы өсіп жетілген, еңбек еткен нақты тарихи жағдайға біраз тоқталмақпын және осы тұрғыдан қарап, М. Жұмабаевтың тұлғасына (өмірбаяны фактілерін ескере отырып) баға бермекпін. Меніңше, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан мен Башқұртстан сияқты республикаларда тұратын замандас-тарымыз өнеркәсіп пен ғылыми-техникалық құрылыстағы орасан зор табыстар әсерімен кейде өткен дәуірдің шын суреттерін ұмытып қалатын тәрізді. Бұл-бұл ма, соңғы жылдардағы ғылыми әдебиетте, осынау халықтар революцияға дейін де онша артта қалмап еді, олар буржуазиялық ұлт болып қалыптасып еді, олардың мәдениеті мен білімі едәуір биік дәрежеде болатын деген қағиданы дәлелдеуге тырысқан тенденция пайда болды. Мұндай құбылыс, әрине, осы халықтардың социализм жағдайында экономикалық және мәдени дамуының қарқынын бағалайтын бұрынғы критерийлерінің бәрін ауыстырып қана қоймай оларды бұл-діріп бұзады да. Бұл дұрыс па, бұрыс па, оны тарихшы ғалымдар айта жатар. Менің тек көзім жететін бір-ақ нәрсе, біз талдайтын кездің хронологиялық ауқымын қанша кеңейтсек, сол дәрежеде біздің бағамыз да әрі дұрыс, әрі дәл бола бермек. Қазақстан мен Башқұртстан тағдырлары туралы толғансақ, жеке жылдар мен кезеңдер оқиғаларына байланып қалмай, ондаған жүздеген жылдар биігінен қорытынды жасап, баға беру керек.

Егер қазақ халқының тарихи тағдырына осы тұрғыдан қарасақ, XVII—XIX ғасырларда оның еншісіне тиген үлес — патриархалды-феодалдық тұрмыс, көшпенділердің негізгі бұқарасының сауатсыздығы мен надандығы болғанын, қазақ бай-манаптарының өктемдігі мен қанаушылығы болғанын жоққа шығара алмаймыз. XIX ғасырдың



екінші жартысы мен аяқ кезінде қоғамның осынау дәстүрлі құрылымына буржуазиялық қатынастар келіп қабаттасады да, қазақ қауымының әлеуметтік құрамын бұрынғыдан бетер жіктеп, айыра түседі. Жоқ, менің ойымша, XIX—XX ғасырлар сорабында қазақ — сол сияқты башқұрт қоғамының да әлеуметтік-экономикалық дамуының дәреже-деңгейін жасанды түрде көтермеләуге ешбір дәлелді негіз жоқ, оларда тілге тиек етіп айтарлықтай ұлттық өнеркәсіп те, өнеркәсіптік буржуазия мен пролетариат та болмаған. Бұлардан гөрі ру-рудың, әлеуметтік сатының биігіндегі дәстүрлі ақсүйектері, байлар мен молдалары көбірек болған. Бұл — сол заманда осынау ортадан шыққандардың ғана оқуға, білім алуға мүмкіндігі болды деген сөз. Әлбетте, жаңа туып келе жатқан ұлттық буржуазияның құрамы күрделі еді, ал бірақ демократиялық, дәлірек айтсақ, революциялық-демократиялық пиғылдағы жандар интеллигенцияның сол қанатындағы — шеттерінен уақ буржуазия ортасынан шыққандар (байлар мен молдалар балалары) болатын. Олардың саяси идеалдары айдай анық болмаса да, большевиктер бастаған орыс пролетариаты программасындағы мақсаттардан тым алыс жатса да, олар дәуір ықпалымен, Россиядағы революциялық оқиғалар ықпалымен күрес жолына түсті. Бірақ осыны бірден айыптаудан гөрі түсіндірген жөн емес пе? Ұлттық интеллигенцияның жас өркені революциялық дәуірге қолына Маркстің «Капиталын» емес, негізінен «Құранды» алып қадам басқаны үшін тарихи жағдай болмаса, басқа бірлеулерді айыптауға бола ма?

Олардың көңіл күйі де шаруа бұқарасының мүддесіне орайлас келіп жататын, халықтың өзі де сол бұқарадан құралған еді. Ұлттық интеллигенцияның революциялық-демократиялық бөлігінің социализм идеясына іздену арқылы қателіктерге ұрынып, жаңсақ басып, жаңылыс түсу арқылы бұралаң жолмен келгенінің тарихи себептері міне осындай.

Өзінің көптеген замандастары сияқты, М. Жұмабаев та сол дәуірдің перзенті. Ол сияқты кісілер көп болған: оның тағдырын, мәселенки, башқұрт ақыны Шайхзада Бабичтің тағдырымен салыстыруға болады. Бабич — молданың баласы, Жұмабаев — бай-болыстың баласы. Екеуі де Уфаның «Ғалия» медресесінде оқыған (Айтпақшы, мұнда сол кезеңнің Ғ. Ибрагимов, Б. Майлин сияқты көптеген көрнекті қайраткерлері оқыған). Бабич — Тоқайдың шәкірті болған. Жұмабаев — ұлы Абайдың шәкірті, өздерінің революциядан бұрынғы өлеңдерінде олар Отаны мен туған

халқына деген сүйіспеншілігін жырлап қана қоймайды, сонымен бірге олардың жырларында ұлттық қысымға қарсылық, дінге елтуден құтылу, мәдениет пен білімге ұмтылу, бас бостандығын дәріптеу сарыны бар. Осынау ақындардың ақындық ұмтылыстарын төтенше бір тосын жайт деп қарауға болмайды, олардың қаламына ілінген нәрселер түгелдей 1910 жылдардағы бүкіл ұлттық-демократиялық интеллигенцияның көңіл күйін білдіретін.

Февраль революциясынан кейін, азаттық қозғалысы ағынына араласып кеткен Бабич те, Жұмабаев та күмілжуді білмей, бірден бостандық ұранын жақтап шығады да, әлі ұлт болып құралып үлгірмеген қазақ және башқұрт халықтарының ұлттық санасын ояту ісіне белсене ат салысады. Әсілі, ол кезде Жұмабаев пен Бабичтің творчествосы ғана емес, күллі ұстанған позицияның рухы осындай болған. Кейінірек олардың сол жылдары жазған өлеңдері ұлтшылдық деп танылды. Егер осы өлеңдердің, Россияда социалистік революцияға әзірлік қайнап жатқан, пролетариат езін-ін революциялық мақсат-міндетін ой-санасымен айқын ұғып жатқан кезде жазылғанын еске алсақ, ол шынында да солай болған. Бұл бұл ма, тіпті М. Жұмабаев пен Ш. Бабичтің өлеңдері, тегі, Башқұртстанда революцияға қарсы валидов қозғалысын, Қазақстанда? — алаш-орда қозғалысын тудырып, дамытуда кесірлі, ұлтшылдық роль атқаруға үлестерін қосқаны мәлім. Бірақ, осылай десек те, жартылдй көшпелі шаруашылық стадиясынан әлі қол үзіп үлгірмеген халықтар арасынан шыққан М. Жұмабаев та, сол сияқты Ш. Бабич те қазақтар мен башқырлардың социалистік жолмен даму мүмкіндіктері бар екенін түсініп білді ме екен? Олар мұны кейін барып түсінді ғой; ал оған дейін саяси метаморфозаның күллі ауыртпалығын бастарынан өткерді, сөйтіп, қайғылы қателерге ұрынбай тұра алмады.

Сол жылдардың қателіктерін айыптауға болады және айыптау да керек. Бірақ бұл арада М. Жұмабаевты өзінің замандастарымен бірге, бір қатарға — қазақ және тіпті орыс замандастарымен де бір қатарға қою керек. Сонда ғана жазушылар арасынан қателескен және бірінші болып қателескен жалғыз М. Жұмабаев қана емес екеніне көзіміз жетер еді. Совет мәдениеті тарихын зерттеуші С. Федюкин, творчестволық интеллигенцияның ішінен «Октябрь революциясын сөзсіз, қуана қарсы алғандар саңы, әлі де болса, солқылдап алаңдағандар, оған жалпы қарсы болғандар санынан әлдеқайда аз тұғын... Тек азамат соғысы басталғанын, қалың халықтың не үшін күресіп жатқаны өздеріне

анықталғаннан кейін барып қана, интеллигенцияның көптеген өкілдерінің позициясы белгілі бола бастады»— деп әбден дұрыс жазды (С. А. Федюкин. Көркем интеллигенция Совет өкіметінің алғашқы жылдарында.— «История СССР», № 1, 10—11-б.) Осы секілді жағдай тек әлеуметтік-экономикалық мешеулік пен таптық қайшылықтар бүркемеленіп, онша анық көрінбегендіктен де асқынып тереңдей түскен хал, ұлт республикаларында да бар еді. Ө дегеннен советтер жағына біржола шыққан В. Маяковский, Ғ. Ибрагимов, М. Гафури, С. Сейфуллин сияқтылар саны аз еді. Революцияны түсінбей, солқылдақтық, күйректік пен торығушылық кезеңдерінің азапты жолынан өткендер мен советке мүлде жібімегендер саны тым көп болды. Мәселенки, И. Бунин мен Л. Андреев, Ф. Соллогуб мұның айқын айғағы. Тіпті М. Горькийдің өзінің қателіктері мен толқулары, оның шын мәнісінде таптық қайшылықтарды жұмсарту идеясын мақұлдайтын «демократия бірлігі» болатын. Таптық қайшылық ғасырлар бойы жалпыхалықтық үйлесім қағидасының патриархалдық жергігімен құндақталып келген, ұлттық ортада ескен М. Жұмабаевтың осындай қателіктеріне қайран Қалуға, ең бастысы оған ымырсыз қатыгездікпен қарауға бола ма? М. Жұмабаевтың қателерін тәй-тәй басқан бала-ның құлап қалуымен ғана теңеуге болады.

В. И. Ленин қызметі — әдебиет пен өнер қайраткерлері кезқарасының саяси эволюциясын терең түсініп, оның мұқияты тәрбиелеу ісінің тамаша үлгісі болып табылады. Владимир Ильичтің шексіз шыдамдылықпен, сыпайы сырбаздықпен М. Горькийге жасаған ықпалы кепке мәлім. В. И. Лениннің бұрынғы эсер, оңшыл эсерлердің советке қарсы бүлігіне белсене қатысқан жазушы И. Вольныйге көзқарасы үлгі-енеге боларлық. Советтер жағына шыққан И. Вольный, В. И. Лениннің мұқият зер салып, демеп-жебеуінің арқасында революция идеалдары жолындағы белсенді күрескерге айналды (Лениндік жинақ, XXIV-т. 175-б.). Осы тұрғыдан қарасақ, В. И. Лениннің эсерлер партиясы әскери ұйымының мүшесі, эсерлер бүлігіне қатысушы ГТ. Прошьянға берген бағасының да әсері күшті. П. Прошьянның бүкіл революциялық қызметін бағалай келіп, ұлы кесем ол кісі туралы некрологінде былай деп жазыпты: «Бірақ не дегенмен де Прошьян 1918 жылдың июлінен бастап Совет өкіметін әлсірету үшін істегенінен гөрі, 1918 жылдың июліне дейін Совет өкіметін нығайту үшін кебірек іс істей алды» (ТШЖ 36 т. 499—500-б.).

Мен М. Жұмабаев емірі мен қызметінің жарық та көлеңкелі жақтарын салыстырып отырып, оған жалпы баға

беру жөнінде бірер сөз айтқым келеді. Мағжан Жұмабаев өмірінің екі ке зеңі бар: Біріншісі — оның алашордашыл болған кезі, екіншісі — совет мәдениетіне қызмет істеген кезі. Ақын өмірінің осынау екі кезеңін салыстырып салмақ- тасақ, меніңше, М. Жұмабаевтың қазақ мәдениетіне қосқан үлесі оның қателерінен әлдеқайда қомақты. Оның «Комму- нистік партияның манифестін», «Маркс пен Ленин» атты кітапты, В. И. Лениннің «Париж коммунасы», «Тоғызыншы январь» атты шығармаларын бірінші болып аударғанын еске алайықшы. Қазақ халқы алдындағы оның осы еңбегін ұмытуға болмас. Ол туған халқының оқу-ағарту ісіне де көп көмегін тигізді: қазақ мектептеріне арнап, бірнеше оқулықтар жазды; 1924 жылы ол ана тіліне М. Горькийді («Сұңқар туралы жыр» атымен шыққан), Мамин-Сибиряк, В. Иванов және басқа орыс жазушылары шығармаларын аударған. Егер М. Жұмабаевтың азамат соғысынан кейінгі кезеңде идеялық және көркемдік жағынан мінсіз (кейбір ғана өлеңдерін алып тастасақ) болып табылатын, поэтикалық мұрасын есептемеген күннің өзінде, ақын жасаған ізгі істер оның атын еске сақтап, қастерлеп жүруге та- тырлық.

— Ау, М. Жұмабаевтың ұлтшылдық қателерін қайда қоямыз? — деп сауал қоюшылар да табылар. Менің жоғары- да жазғанымның бәрі — соның жауабы. Бірақ Қазақстан- ның тарихи жағдайы мен ондағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың ерекшелігін дәйекті дәлел деп білмейтін кісілерге, мен, кейбір параллель мысал келтірейін. Мәселен, әлгіде айтқан И. Вольный, эсер ретінде Совет өкіметіне қарсы күреске белсене қатысқан кісі, бірақ өкімет оны кешірді де, ол оған адал қызмет етті. Бірақ И. Вольный онша белгілі тұлға емес, Ол қазақ халқы үшін — М. Жұмабаев, башқұрлар үшін — Ш. Бабич тәрізді тұлға бола алмайды. Совет өкіметі И. Вольныйды кешірсе, М. Жұмабаевты одан бетер кешіруге тиіс. Ал Ленин бұл принцип туралы сол жылдардың өзінде келелі сөз айтқан: — Буржуазиялық интеллигенттердің түзелмейтін қасарыспаларын тайдырып тастап, солқылдақтарын қайта тәрбиелеп, өзіне бағындыра, олардың басым кепшілігін біртіндеп өз жағына шығара отырып, пролетариат жеңіп шығады. (ТШЖ XXIX т. 392-6). Ал М. Жұмабаевтың 1920—30 жылдары Совет өкіметі жағында болғанына дау айтатын кісі табыла қояр ма екен. Фактілер айдан анық. Мен олардың бірқатарын көрсете кетейін.



Адам ретінде, ақын ретінде М. Жұмабаев қандай болған? Ол ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын. Оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар, бұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғыық тереңінде. М. Горькийдің С. Есенин туралы: ол... адамнан гөрі, табиғат тек поэзия үшін жаратқан органға ұқсайтын...— деген аталы сөзін (М. Горький әдебиет туралы. М., 1953. 251-6.). М. Жұмабаевқа да арнай айтуға болады. Өзінің қайталан- байтын ерекшелігімен М. Жұмабаев поэзиясы А. Ахматова, Б. Пастернак, А. Блок творчествосын еске салады, ол А. Блокты оқып-үйренген, оған кейде еліктеген де. Тіпті М. Жұмабаевты суқаны сүймейтін кісілердің өзі оның күді- ретті поэтикалық талантын мойындаған. «...Буржуазияшыл- ұлтшыл жазушылар ішіндегі ең кесек тұлға Мағжан Жұма- баев болатын»— деп жазды олар (Қазақ совет әдебиетінің очерктері, М. 1960, 26-6.).

Өзінің аса ауыр өмірі әбден сарқылғанша М. Жұмабаев жансебілденіп еңбек еткен. Бәлкім, ол өзінің қайрат-жігері мен таланты жететін мөдшерден істі кемірек тындырған шығар, бірақ бұған оның өзі ғана кінәлі емес. Совет ©кіметі орнағаннан кейін оның біраз мүдіргені рас, онда да қысқа уақыт қана. Көп ұзамай ол Москвадағы Орталық Шығыс баспасында редактор болып істейді. Сосын ол жоғары әдебиет институтында оқиды, тіпті профессорлар- дың біреуі оны «Қазақ Пушкині» деп те атайды. Сол жылдары ол қазақ мектебіне арнап, оқулықтар жазу,

В. И. Ленин шығармаларын, орыс жазушыларын аудару ісімен айналысады. Осының бәрі оның өз көзқарасындағы қайшылықтар мен солқылдақтықтан біртіндеп арылуына, маркстік-лениндік идеяларды терең де берік игеріп алуына жол ашады. Өкінішке орай, осынау игі өзгеріс ҚазАПП басшылары назарынан тыс қалады. Тіпті оның 1927 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Еңбекші Қазақта» жарияланған «Тоқсанның тобы» атты өлеңінің өзін «жарамсақтық», «айла-тәсіл» деп қабылдады. Ал ақын жүрек тереңінен алып, ағынан жарылып айтқан бұл өлеңдерінде былай дейді: «Бұрын, күллі халықтар үсті- нен жарқырай күн шыққанда мен қателесіппін. Бірақ мен онда Отаныма қызмет істеп жүріп қателестім. Мен Алашор- даның съезіне барған да, қатысқан да жоқпын. Осындағы кейбіреулер секілді мен Алаш басшыларының шылауында жүрген жоқпын. Алаш партиясының қазаққа қажет емес екенін енді ғана ой-санаммен білдім. Мен қазақ халқының

тағдырын тек Коммунистік партияның ғана дұрыс шешеті- нін енді ғана өз көзіммен көріп түсіндім. Егер Коммунистік партияны халықтың 90 проценті қолдаса, Алашты он-ақ проценті қолдайды. Мен 90-ды қорғаймын, өйткені жан- тәніммен Совет өкіметіне қызмет етемін» (Өлеңнің мағы- насы осы). Бұл ақынның жан сыры емес пе? Бірақ оған сенбеді, неге? Мұны анық айту қиын, бірақ менің ойымша, кейбіреулердің жеке басының араздығы, өшпенділік, тап тартысы принциптерін дұрыс түсінбеу сияқты себептер де әсер еткен тәрізді. Не керек, әйтеуір, 1929 жылы ол тұтқынға алынады; Мағжан өзінің содан он жыл бұрын жасаған қателері және адал да жемісті еңбегімен түзеген қателері үшін айыпты болып шығады.

Он жылға кесілген ақын Карелия лагерлері мен орман- дарында ауыр күн кешеді. Онда ол адал еңбек етеді, әуелі мұғалім, сосын бірнеше лагердің біріккен санитарлық бөлі- мінде істеді. Мағжанның әйелі Зылиха-ханым күйеуіне талай рет барған. Әр барған сайын ол Ленинградқа, жер аударылған профессордың, медицина ғылымының докторы әйелінің үйіне тоқтайды екен. Ол профессор (өкінішті жері — оның аты есіме түспей қойды) лагерде Мағжанмен бірге болған, санитарлық қызмет жағын басқарған. Ол Мағжанды қарауына қызметке орналастырады. Соның ық- палымен, нақты көмегімен ол медицинаны оқып, үйрене бастайды. Профессордың әйелі оған қажетті әдебиет пен кітаптарды жеткізіп береді. Сойтіп, нағыз ізгі жанды адам- дар озбырлық пен сойқандықтың қорқынышты кезінің өзін- де лагердің қатал режимінен қорықпай, қанатымен су сепкен қарлығаштай, тұтқындағы кісілерге көмектескен...'

Ленинград профессорының кеңесімен, оның әйелі мен Зылиха-ханым күйеулерінің хаттарын алып, Москвада М. Горькийдің қабылдауында болмаққа бел байлайды. Мағ- жан ұлы жазушыға оның өзі ана тіліне аударған шығарма- ларын жібереді. Ал әлгі хаттарда — кінәсіз кісілер траге- диясы. Бір өкінішті жері, сол кезде М. Горький Москвада жоқ болып шығады. Күйеулерінің хаттарын олар Горькийге деп, оның секретарына тапсырады. Әйел байғұстар енді не істейміз деп ұзақ толғанады. Сосын әлгі хаттардың көшірмесін алып, аты әйгілі Ромен Ролланға бармақ болады. Бұл мұндықтар оның үлкен гуманист, интернационалист жазушы екенін, сол кезде әйелімен Москвада тұрып жат- қанын білетін. Роллан бұларды жылы шыраймен қабылдап, шай ішкізіп, екеуінің әңгімесін шын.ықыласымен тыңдайды, ал оның әйелі орыс екен, бұлардың әңгімесін қолма-қол французшалап, ал күйеуінің сөзін орысша айтып отырады.

Р. Роллан қазақ жазушысы мен орыс профессорының қасіретті тағдырларына соншалық жаны ашып, оларға кө- мектесетінін, Горькиймен сөйлесетінін айтып, уәде береді. Сөйтіп, екі әйел жүрегінде үміт оты ұшқындап, Ленинградқа қайтады. Хош, сонымен, 1935 жылы М. Горькийдің коме- гімен М. Жұмабаев босанып шығады. Ақын Петропавл қаласына қайтып келеді, әуелгі кездері оған дос пейіл білдіріп, С. Сейфуллин көмектесіп тұрады (Әрине, матери- алдық жағынан да). Мұнда М. Жұмабаев техникумда оқытушы болып істейді. Осы арада ол Қазақстан жазушы- лар ұйымы басшыларының бірі С. Мұқановпен кездеседі. Онымен әңгімелескеннен кейін совет жазушылар одағына қабылдау жөнінде арыз жазады. Өз арызында ол: «Совет әдебиетіне адал жүректен қызмет етемін» деп атап көрсе- теді. Бұған жауап ретінде С. Мұқанов: Сізді Совет жазушы- лары одағына қабылдау мәселесі жаңа кітабыңыз шыққан- нан кейін барып қаралады деген сыпайы ғана шығарып салма хат жазады. Рас, ол хатта М. Жұмабаевтың твор- честволық жұмыс істеуіне жағдай жасалады, деген уәде де бар еді.

М. Жұмабаевтың одан кейінгі тағдырын көмескі, бұлдыр және біртүрлі түсініксіз аяқталады. Көп ұзамай Жұмабаев- тың ескі кінәлерін бетіне басып, оны әшкерелеп, айыптау басталады. Оны «сенімсіз» деп тауып, техникумнан шыға- рып жібереді. Ол мектепке қызметке орналасады, бірақ көп ұзамай «алашордашыл» ақынды одан да қуалайды. Ол Алматыға, творчестволық ұйымдарға жақын жерге көшіп бармақшы болады, сөйтіп онда өлкетану музейіне қызметке орналасады. Бірақ бұл жерде онша тұрақтамайды: жаңа жұмысқа үйренбей жатып, оны қайтадан жұмыстан алас- тайды. Алматыдан қызметке орналаса алмайтынын білген Мағжан Алматы ауданының бір колхозына медициналық пункт меңгерушісі болып барады. Бірақ «сенімсіз» деген хабар о жаққа да жетеді, сөйтіп ол бұл жұмысынан да айрылады. Осы сүргіннің бәрі бір-бір жарым жыл ішінде болады. Бұл енді әлдекімнің жауыз қысастығына ұқсас емес пе? Ұқсас болғанда қандай! Бірақ өзінің осындай мүшкіл халіне, алатопалаң болып жатқан жанының жай- күйіне қарамастан, «Тоқсанның тобы», «Жамбылға», «Қала- мыма» өлеңдерін жазады. Өзінің өмір жолын біржолата саралап таңдап алған ержүрек адам ғана қиын жағдайда тап осындай шығармалар тудырады. Осы өлеңдері қайда? Олар Қазақстан Жазушылар одағының басшыларына беріл- ген болатын, бірақ бұл өлеңдер Одақ қойнынан қайта шықпайды. 1935 жылы Мағжанды қолдаймыз деп уәде

берген жомарт өкілден де қайран болмайды. ҚазАПП мұрагерлері тарапынан жасалған қуғын-сүргін мен қорлау- зорлаудың асқынып кеткені сондай, М. Жұмабаев өзіне өзі қолсалмақ болады, тек әйтеуір кездейсоқ тірі қалады. Арада біраз уақыт өткесін, 1937 жылдың 30 декабрінде оны қайтадан қамауға салады. Әйелінің айтуына қарағанда, қамалудан бұрын ақын НКВД-ға қайта-қайта шақырылады, Мағжан ұйқысыз түндерді ауыр ойлармен өткізеді, телефон арқылы бұрынғы алашордашыл, кейін аса ірі жазушы болған кісімен сөйлеспек болады. Үйінен біржолата кетіп бара жатып, тұтқындалған М. Жұмабаев есік алдына жете бергенде ауру әйеліне: «Мен қоштаспаймын. Тіпті құдайдың өзі де бір күнға бола пәндесін екі рет айыптамайды. Совет өкіметі мен қазақ халқына қарсы ешбір қылмыс жасамағанымды өзің де білесің. Бірақ мен қайта оралмай- тын болсам, онда «бөлтіріктің бөріні» жеп қойғанын түсі- нерсің. Мұны есіңнен шығарма»,— дейді ол. Содан бастап М. Жұмабаев мәңгі ғайып болады. Қанша айтқанмен, ол жастық шағының қатесі үшін екі рет құбандыққа шалынады, ал шынында да сол қателер үшін тарих та, ол да бірдей кінәлі болатын. «Бөрінің» тағдыры осындай. «Бөлтірік ше?» Ол кім болса, ол болсын — бәрі бір. Ол кейін, жүре келе, М. Жұмабаевты бұрынғыдан бетер қанша қаралағысы келсе де, бұл оқиғадағы бізге айдай анық бір нәрсе: Мағжанның екінші рет тұтқындалуына себеп болған дәйекті дәлелдің бірі — қазақ жазушылары арасында ақынға деген сенімсіздік пен бақастықтың болғаны.

Ілгеріде бір қазақ жазушысымен әңгімелескенімде, ол кісі маған: «Сол бір жылдарда кімді кім? деген сұрау тұрды. Олардың біреулері — ұтты, екіншілері — ұтылды» деді жайбарақат. Осынау безбүйрек сөздің шындығы бол- ған күннің өзінде, мен 75-ке келген жасыма, біраз өмір тәжірибеме қарамастан, сол бір оқиғаларды жайбарақат қабылдай алмаймын. М. Жұмабаев толық: азамат ретінде де, ақын ретінде де құлантаза ақталуға тиіс, нағыз әділет сонда ғана салтанат құрады.

\* \* \*

Сөзімнің соңында, енді қазір бойымда қалған азды-көпті күш-жігерімді, көкейімде жүрген творчестволық ойларымды (кез келген жазушы сияқты, ондай ой менде де бар) іс жүзіне асыруға пайдаланбай, қолға қалам алып, осы хатты жаздыруға түрткі болған шұғыл себептерді түсіндіруге тырысайын.



Ен алдымен, мені бұл іске итермелеген дос-жаран қазақ- тарым: ұдайы жаңарып отыратын өмір шіркіннің даму барысының өзі үздіксіз хат жазысып хабарласып тұратын әріптестерінің көңіл күйі мен ой-пікірлері, олармен дида- ласып, сөйлесу, сырласу — бәр- бәрі жиналып келіп, М. Жұ- мабаевтың тағдыры мен творчествосын бағалау ісінде мен өзімнің жалғыз емес екенімді білдім.

М. Жұмабаев жөнінде мен 1964 жылы бірінші рет мар- құм профессор Есмағамбет Смайыловтың пікірін есіттім. Оның ойынша, Ж. Жұмабаев — Абай мен қазіргі қазақ совет поэзиясының арасындағы поэтикалық көпір. Мұндай жоғары бағаны оған тіпті ілгеріде Ғ. Ибрагимов берген, ол өзінің классикалық романы «Қазақ қызына» эпиграф етіп, Жұмабаевтың «Айға» (1911 ж.) деген өлеңінің мына- дай тамаша жолдарын алған еді:

Кен дала көресің ғой ана жатқан.  
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.  
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,  
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Профессор Мағжан шығармаларын қайта шығаруға бө- гет болып отырған екі себепті атаған. Бірінші себеп — М. Жұмабаевтың қазір мүлде қолайсыз жағдайда тап болған бақас дұшпандары. Бұрын олар ақынды әшкерелеген, ал енді қазір жол айырығында тұр: не бір кезде жіберген асыра сілтеушіліктерін адал ниетпен жөндейді, не «прин- циптілік, тиянақтылық» көрсетіп, ақынға берілген ескі бағадан айнымайды. Кейбір аса ықпалды кісілер екінші жолды қалап алып, өздерінің абырой-беделін сақтаймыз — деген алдамшы сезімді, жалпы қазақ әдебиетінің абырой- беделінен жоғары қояды.

Мұның екінші себебі, профессор айтқандайын, жазу- шылардың әртүрлі топтары творчестволық мәселелерден аулақ жатқан пиғылға беріледі де, М. Жұмабаев творчество- сын бағалауға келгенде, бір- біріне мүлде қарама-қарсы көзқарасты жақтайды. Мен мұны топшылдық дер едім. Әрине, бұл кісіге шаншудай қадалатын сөз, бірақ осы тәрізді бір бәленің қазақ жазушыларының арасынан орын алғаны, орын алып отырғаны рас. Рушылдық талас-тартыс, дәстүрлі бақастық бел алған кездері дау-дамай мен күрес- егеске кез келген мәселе, тіпті жеке жазушылардың тағдыр-талайы да желеу болуы ғажап емес. Мағжан басында да сондай бір оқиға болған. Меніңше, көпшіліктен тұратын бір топ — Мағжан творчествосын қайта тудырып, қазақ әдебиеті тарихының олқы жерін толтырғысы келеді,

екінші топ — ескі позицияны қорғайды. Менің қынжыла- тыным, несін жасырайын, таң қалатын бір жерім — сол позицияны Сәбит Мұқанов та қолдайды. Дегенмен Мұқа- новтың позициясын дәйекті деп айтуға аузың бармайды. Өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабында ол ақын Жұмабаевты жоғары бағалайды. «Абай — ақылдың ақыны — деп жазады Мұқанов, ал Мағжан — ақынның ақыны. Мағжан ақын ретінде Абайдан күштірек. Біз Мағжаннан үйренуіміз керек». Осыдан бірнеше жыл бұрын Қостанайда кездескенімізде, С. Мұқанов менімен татар ақыны Хасан Туфанды Мағжан өлеңдерін кере- меттей жатқа білетінімен қайран қалдырды. Ол Мағжан шығармаларын жоғары бағалайтынын тағы да білдірді. Алайда Мағжан өлеңдерін шығаруға, ол меніңше, қарсы шыққан секілді, ал менің хат арқылы жіберген сауалыма тым күңгірт сүйкей салды, аллегориялық жауап қайтарды (М. Жұмабаевтың қазір жоқтаушы қойшысы жоқ деген мағынада). Егер мен С. Мұқановтың хатын дұрыс түсінсем, сол аллегорияның мәні — бүгінгі таңда М. Жұмабаевтың мұрасын қорғап шығатын қайратты да ықпалды қамқор- шылары жоқ дегенге саяды. Бірақ мен ескі досым С. Мұқа- новтың аллегориясын теріс түсіндім ғой деген үміттемін. Меніңше, С. Мұқанов қазақ әдебиеті мұраларының, соның ішінде өзі жақсы көретін ақын М. Жұмабаевтың да абырой- лы қорғаушысы тәрізді.

Әрбір жазушы сияқты, менің де жұртпен жазысқан хат-хабарым ұшан-теңіз. «Жастық шақтың ізімен» атты кітабым шыққаннан кейін, мен Қазақстаннан: Алматы мен Қарағандыдан, Семей мен Қостанайдан ондаған хаттар алдым. Жазушылар мен сыншылар, қарапайым оқырмандар жазған екен. Көптеген хаттарда М. Жұмабаев поэзиясы туралы пікір айтылыпты. Маған жазған кісілердің бірде- біреуі Мағжан творчествосына қарсы сөз айтпайды. Қайта, жазушы тағдыры мен творчестволық жолының аса қиын, күрделі болғанын ескере отырып, олар Жұмабаев поэзия- сының байлығы мен кемелдене толысқан поэзия екенін, арада өткен ұзақ жылдарға карамастан, өлеңдерінің әлі де мөлдір таза екенін сөз етеді, ақын туындыларының қазақ табиғаты мен халық тұрмысының көзге ыстық, көңіл- ге таныс суреттеріне шүпілдеп толып тұрғанына таң қалы- сады. Сонымен бірге Мағжанның көптеген өлеңдерінің өміршең мұраттарды дәріптейтінін, қазақ әйелдерін азат етуге, бостандық-теңдікті жырлауға шақыратын жолдары- ның ғажайып тегеурінді күшін атап өтеді.

Бұл хаттарды қайталап айту қажет бола қоймас. Деген-

мен осынау хаттар, менің қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көптеген қайраткерлерімен кездесіп сөйлескенімде айтылған ойлар сияқты. М. Жұмабаев ақындық творчествосын қазақ және бүкіл совет әдебиетіне қайтару ісі — көп-көп адамдардың талап-тілегі мен көкейтесті ойы екеніне анық дәлел.

\* \* \*

Менің қолыма қалам алуыма себеп болған тағы бір себеп бар. Әдебиет тағдырлары туралы толғана жүргенде, мен, көбіне-көп мәдени мұра мәселесіне келгенде, қанша айтқанмен, әртүрлі халықтарда біраз айырмашылықтар болатынына көзім жетті. Халықтың мәдени мұрасы неғұрлым бай болған сайын, ол оған соғұрлым мұқият қарап, қамқорлық жасайды екен және мәдениет қазынасын халқадарынша байытқан ұл-қыздарына ынта-ықыласпен қарап бағалайды екен. Бұған керісінше, мәдени мұра аздау, қораш-тау болған сайын, оған деген қатынас та бір түрлі бейқамдау болатын тәрізді, тіпті жаңадан туып келе жатқан әдебиеттің бастауында тұрған кісілердің өзі де оңай ұмытылып қала беретіндей көрінеді. Бәлкім, мен қателесіп те отырған шығармын, бірақ мынадай бір мысал келтірейін. Орыс әдебиетінің қаншама бай екенін дәлелдеудің қажеті бола қоймас. Ал соңғы жылдары ол көптеген жазушылар атын қайта тірілтті, олардың бірқатары тіпті М. Жұмабаев секілді белгілі де болмаған. Әдебиет энциклопедиясының соңғы басылымын парақтап шықсақ болды, оны бірден байқайсың. Аты елге мәшһүр жазушыларды айтпағанның өзінде, бұрын ұмыт болған Клычков, Вольный есімдері онан орын алып, лайықты сыпаттама берілген. Ал күллі мұрасы, кемітіп айтсам кешіріңіз, бір өркешті атанға ғана жүк боларлық қазақ әдебиеті М. Жұмабаевтың тамаша поэзиясынан сырт айналады. Сондағы бір ғана себеп — ақынның ұлт-шылдық қатесі көрінеді.

Ал, бірақ ұлы орыс әдебиетіндегі біздің кейбір қаламдас туыстарымыз қателескен жоқ па? 1917 жылы, қазақ әдебиетінің саяси жағынан мүлде дайындығы жоқ, М. Жұмабаев тәрізді тайқұнаны түгіл, орыс әдебиетінің аса тәжірибелі арғымақтарының өзі жолдарынан жаңылып қалған жоқ па? Көптеген орыс жазушылары Советтік Отанын тастап, шетелге кетіп қалмады ма? Олардың ішінде Бунин, Куприн, Иванов, Бальмонт және басқаларының есімдері бар емес пе еді? Тіпті олардың қатарында белгілі уақыт А. Толстой да болып қайтпады ма? Қазір олардың бәрінің

творчествосы мен өмірінің иір-иір жолы мен қиындықтары ескеріліп, дұрыс баға берілді. Бәрі де орыс әдебиеті тарихынан лайықты орнын алды және олардың ешқайсысын ешкім сол тарихтан сызып тастайын деп жатқан жоқ. Бұл тіпті мүмкін емес те. Ендеше, қазақ әдебиетін жүдетіп, одан М. Жұмабаев творчествосын неге шығарып тастамаймыз? Ол Д. Мережковский мен З. Гиппиус секілді, шетелге қашып кетіп, Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізген жоқ қой. Қай- та ол, жоғарыда айтқанымыздай, өз қатесінен бас тартып, совет өкіметіне шын көңілден берілгені жөнінде талай рет айтқан. Ендеше, оның творчествосына неге тыйым салынады? Бұл біздің әдеби мұраға қамқорлықпен қарағанымыз ба, қалай?

Мен сияқты көп жасап, көпті көрген кісіге, әсілі, Мағ- жанға тап осылай қарап, оның творчествосын дұрыс бағала- маудың бір себебін ашық айтуға болатын шығар, ол себеп — қазақ жазушылары арасында әлі күнге дейін орын алып келе жатқан бақастық пен «рулық» қайшылықтар салқыны. Өкінішті жері — бұл тек интуиция ғана емес. Бұл жөнінде маған қазақ жазушыларының өзі ашықтан- ашық жазады. «Қазақ жазушылары арасында етек алған топшылдық сар- қыншағы М. Жұмабаевтың әдеби мұрасының тағдырын шешуге мүмкіндік бермей келеді» (1968) —деп жазады, Мағжанды өзінің әдеби ұстаздарының бірі деп білетін белгілі қазақ жазушысы. Мұндай мысалдарды тізе берген- нен пайда жоқ.

Бірақ тап осындай жолмен Мағжанды ұмытуға бола ма? Әрине болмайды. Мағжан өлеңдері әлі тірі, кейбіреулер ол өлеңдердің иесі кім екенін білмей, оларды халық өлеңі дейді, енді біреулер олардың авторын білсе де, іштей біліп жүре береді. Менің өзім, қазақ жазушылары, республика партия ұйымының көмегімен, өз әдебиеті тарихының өткен бір кезеңінің қияметтей қиындығын дұрыс бағалау мүм- кіндіктерін тауып, оның аясына халықтың ең талантты перзенттерінің бірін қайтарады ғой деген үміттемін және оған кәміл сенемін де.

\* \* \*

Сөзімді жинақтай келіп, енді Қазақ Мемлекеттік Уни- верситетінде өткен жиналыс жөнінде бірер сөз айтқым келеді. Осынау жиналысты және оған қатысушыларды айыптай салу үшін асығуға бола ма екен? Жиналысқа қатысқан сегіз кафедраның өкілдері шынымен-ақ М. Жұ- мабаевтың «ұлтшылдығын» ұнатып қалып па? (Айтпақшы,

жиналысқа СССР Жазушылар одағының секретары Л. С. Соболев те қатысқан ғой). Сегіз кафедра оқытушыларын шеттерінен саяси қырғылықты жоғалтты, ұлтшылдыққа бой ұрды деп айыптауда шынымен-ақ ақылға қонатын қисын бар ма? Одан да Қазақстан Жазушылар одағында сабырлы салмақпен тағы бір рет мәселені жан-жақты қарап, жақтаушылар мен даттаушылардың ара жігін ашып, безбендеп, дұрыс шешім қабылдаған жөн емес пе еді? Ең алдымен, М. Жұмабаев жөнінде қасығөйлер айтып жүрген пікірлер дұрыс па, ақылға қона ма — соны мұқият- тап зерттеген дұрыс шығар?

Бір кезде дұшпандары Мағжанды орыс халқын жек көреді деп те айыптаған. Мұның бір түсініксіз жері — орыс халқының озық миссиясын, орыс тілі мен орыс әдебиетін оқып үйрену қажеттігін басқалардан көп бұрын түсінген кісінің айыпталуы. Ол жас күнінен-ақ Абай өсиеттеріне ден қойған. «Орыстар күллі әлемді көреді — егер сен олар- дың тілің білсең — бар әлемге сенің көзің де ашылады» (Абай Құнанбаев. Таңдамалы. А. 1945,286-б.).

Орыс халқының бай мәдени қазынасын игеру үшін М. Жұмабаев, Уфадағы «Ғалия» медресесіндегі оқуын тас- тап, Омбыға кетеді де, ондағы мұғалімдер семинариясына барып түседі. В. И. Ленинді, М. Горький мен М. Лермонтов- ты т.б. ана тіліне бірінші болып М. Жұмабаев аударады. Ал егер Мағжан творчествосында орысқа қарсы дұшпандық сарын болса, онда ол Романовтарға, патша өкіметіне, отар- лық езгіге қарсы сарын. Бірақ бұл сарын халық тағдырына мүлде жақын, міне осы сарыннан шығып, ол ақырында интернационалдық көзқарасқа келген. Орыс халқының ұлы өкілдері •— Пушкинмен, Лермонтовпен, Кольцовпен, Горькиймен және олардың творчествосымен М. Жұмабаев сыр- лас дос болған, оларға — ұстаздарына арнап өлеңдер жазған.

\* \* \*

Жоғарыда айтылған сөздерден шығатын қорытынды анық. Соңғы он жылда Совет әдебиеті мен туысқан рес- публикалар әдебиеті орынсыз ұмыт болған жазушылар есімі мен олардың творчествосын тірілтіп, халық игілігіне айналдырады. Олар әдебиетімізге ХІХ-ХХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі көрнекті қайраткерлерді қайта әкелді. Ғ. Тоқай, Ф. Амирхан, Дэрмэнд, С. Рамиев татар әдебиетінен лайықты орнын алды (Тек С. Мұқанов қана осы уақытқа дейін, не екені түсініксіз, Ғ. Тоқай мен

С. Рамиевті буржуазияшыл-ұлтшыл ақын деп есептейді.

С. Мұқанов, Таңдамалы, 1960. Алматы, 81-б.). Башқыр әдебиеті Фитрат пен Абдулла Гадир есімін қайта қосты. Орыс әдебиеті ондаған жазушылар есімін қайта жаңғыртты.

Олардың арасында біркезде елеулі қате жіберген қай- раткерлер бар. И. Брагинский, мәселен, Фитрат туралы былай деп жазады: «Оның революцияға дейінгі творчество- сының халыққа қарсы пантүркілік сипатының айдан анық екені сондай, оны жоққа шығару тарихты бұрмалау болып табылар еді». («СССР тарихы» 6 т., 1965,92-б.). Бірақ оның бүкіл қызметі қорытып, бөгде элементтерді алып тастасақ, онда ол халық мәдениетін байыта түседі. Қазір барша жазушылар творчествосы мұқият оқылып, зерттелуде.

М. Жұмабаевтың ұлтшылдық сарында жазылған бір- неше елеусіз өлеңдері, бүгінгі таңда социалистік мәдениеттің асқар биігіне көтерілген, өзінің өткен мәдени мұрасын айлай сақтап, дұрыс бағалай алатын дәрежеге жеткен ізгі жүректі дарқан халыққа откел бермес бөгет бола ала ма? А. Сурков, А. Ахматова қайтыс болғаннан кейін шыққан мақаласында «Нағыз ақындар өлмейді!» деп жаз- ған еді. Озінің өмір-тағдырымен, творчествосымен А. Ах- матоваға өте жақын М. Жұмабаев, байырғы да интим өлеңдерімен нағыз ақын болып табылады. Шығармалары шыға ма, шықпай ма — бәрібір. Мағжан бұрын да ұмытыл- маған, болашақта да ұмытылмайды. Бірақ қазақ халқының, жастардың оның бай да құнарлы творчествосын партияның өз қолынан алғаны абзал.

Сөз түйініне келсек, М. Жұмабаев ақталған. Бірақ осы ақталуы толық болмағаны ма? Егер толық болмаса, оған не бөгет болып отыр? Ақынның «Қызыл жалау», «Тоқ- санның тобы», «Жамбылға», «Тоқсан тоғыз», «Қаламыма» және басқа өлеңдері оның әдебиетке қайта оралуына дәй- екті дәлел емес пе? 1937 жылы «Қаламыма» деген өлеңінде ол:

Осы бетім-ақ ниетім, елге ере алсам,  
Гүденген емірге үндес жыр бере алсам.  
Социалды Отанды қанмен қорғап,  
Керек болса кезінде жан бере алсам,—

деп жазды тебіреніп.

Осы өлеңінде Мағжан біздің алдымызға келіп бұрынғы қателері мен адасқан кездері үшін кешірім сұрап, Соци- листік Отанына шын берілгенін ағынан жарылып айтқан ақын ретінде көрінеді. Ол дос-жарандары мен әріптестері, халқы мейірбан көңілмен қабылдар деген үмітпен, оған таза жанымен, арымен, ақ пейілімен қол созады. Қазақ

халқының осынау талантты ақынының творчествосы қазақ әдебиетінен тыс қалғаны дұрыс па? Кейбір әдебиетшілердің ойлап жүргеніндей-ақ, М. Жұмабаев творчествосын қалпына келтіру тегі алашорда ұлтшылдығын ақтау деген сөз емес. Меніңше, бұл мәселенің айқындығы сондай, оны дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас деп ойлаймын...

*Бауырластық сәлеммен Сайфи  
КҮДАШ, Башқұрстан халық,  
жазушысы  
1968 ж.*

Бейсембай БАЙҒАБЫЛОВ

#### ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚАЛАМҒЕР

Туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бай мерейіне туған санаулы да, аяулы перзенттеріміздің бірі — Жүсіпбек Аймауытов.

Жүсіпбек Аймауытов 1888<sup>1</sup> жылы бұрынғы Семей облысы, Кереку уезі, Қызылтау болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданына қарасты Қызылтау өңірінде) кедей шаруа семьясында дүниеге келген. Жүсіпбектің балалық шағы туған ауылында өтеді. Ол өз ауылында тіл сындырып, ескіше оқып хат таниды. Жүсіпбек 1907 жылы Баянауылдағы орыс мектебіне түсіп, бір жылдай оқиды, бірақ әрі қарай оқуына қаражат тапшылығы кедергі болып, оқуын тоқтата тұрады. Тек 1911 жылы Кереку қаласында жаңадан ашылған 2 класстық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, 1914 жылы ойдағыдай аяқтап, сол жылы яғни 1914—1915 жылғы оқу жылында Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясының даярлық класына оқуға түседі. Жүсіпбек семинарияда өте жақсы оқып, ұстаздарының ықылас назарында болады. Ол оқудан босаған жазғы демалыстарында қырға шығып жалданып бала оқытып, келер оқу жылына қаражат жинап қайтып отырған. Осылайша қаражат тапшылығын көре жүріп, Жүсіпбек аталған Семинарияны 1918—1919 оқу жылында толық курсы (5 класс) бітіріп, бастауыш училищелерге оқытушы деген куәлік алып, бітіріп шығады.

<sup>1</sup> Ж. Аймауытовтың туған жылы архив деректерінде әр түрлі көрсетілген. Біз негізгі документтерге сүйендік.

Жүсіпбек семинарияда оқып жүрген кезінде-ақ қоғамдық жазушылық қызметтермен айналыса бастаған. Семей қаласында болып тұрған ойын-сауық, әдебиет кештеріне үзбей белсене қатысып, бірде домбыра тартып ән салса, бірде клубтарда қойылып тұратын спектакльдердегі рольдерде ойнаған, тіпті өз жанынан шағын пьесалар жазып, сауық кештерін де қойған екен. Сол кездегі баспасыз деректеріне жүгінер болсақ Семей қаласында 1917 жылы 17 қабыр күні оқушы жастардың әдебиет кеші болып, онда Жүсіпбектің «Ескі тәртіппен бала оқыту» атты бір перделі комедиясы мен «Рабиға» атты бір перделі драмасы қойылған. Осы екі пьеса қойылымында атақты әнші Әміре Қашаубаев, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов рольдерде ойнап, жұртшылық қошаметіне бөленіпті.

Семинарист Жүсіпбек сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия қалаларында қазақ тілінде шығып тұрған газет-журнал жұмыстарына араласып, өзінің алғашқы тырнақалды әңгіме, елендерін, ойлы мақалаларын жазып жариялап тұрды.

1917 жылғы февраль буржуазиялық революциясын Ж. Аймауытов та өзінің мыңдаған отандастары қатарлы шын мәніндегі бостандық төңкерісі деп қабылдады. Патшаның тақтан құлауына қуана отырып: «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Үмтыл, жастар!» деген мақала жариялады. («Сарыарқа» газеті, 1917 жыл, 19 июнь).

Ол бұл мақаласында қазақ жастарына: «... Жасыратын қылық жоқ бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық» деп түсінік беріп, алдағы күндерде бостандық, теңдіктен пайдалану, бұл салада қандай жұмыстар істелу керектігін кеңінен баяндайды. Жоғарыда аталған февраль буржуазиялық революциясының шын мәнін жете түсінбеген жас жазушы 1917—1919 жылдар «Алаш» партиясының құрамында болды.

Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылы Семей қаласында шыға бастаған «Абай» журналының әдеби жұмысына араласып, кейде оның жауапты шығарушысы бола жүріп, журнал бетінде біраз туындыларын жариялап, жазушылық талантын шыңдай түсті. Жүсіпбектің «Абай» 1918, № 1; «Абайдан соңғы ақындар» (Абай, 1918, № 5), Мұхтар Әуезовпен бірігіп жазған мақалалары, «Бетімау!» «Құдағи ғой» атты әңгімесі (Абай, 1918, № 4), «Көшу» атты олеңі («Абай», 1918, № 12) т.б. шығармалары жарияланды. Жазушының бұл алғашқы жиындылары сол дәуірдің өзекті



мәселелері турасында ой тербеген, жауап іздестірген автордың арман-мақсаттарын, туған халқына адал қызмет істеуге деген құлшынысын анық аңғартады.

Әдеби творчестволық қызмет пен педагогтік қызметті қатар атқарып жүрген Ж. Аймауытовқа қазақ даласындағы Ұлы Октябрь революциясының тарихи жеңісі зор өзгеріс әкелді, шын бостандық пен теңдіктің не екенін ұқтырды. «Алаш» партиясы заңды түрде таратылғаннан кейін ол бүтіндей совет жағына шығып, ынталы түрде қоғамдық-саяси, әдеби-творчестволық және жемісті педагогикалық қызметін бастады. Ол 1919—1920 жылдарда Семей қаласында ашылған мұғалімдер курсына оқытушы болып істеді. Осында 1920 жылы январьда РКП(б) қатарына өтті. 1922 жылы РКП(б) қатарынан шығып қалды. 1920 жылы Қазақстан Советтерінің құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Халық ағарту комиссариатының коллегиясына мүше, Халық ағарту комиссиясының орынбасары және Республика Баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің редколлегия мүшесі болып сайланады. Бұл қызметте аз уақыт істеген Жүсіпбек 1921 жылы Семей губерниялық Халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып тағайындалады. Іскер, жұмысқа қабілетті Ж. Аймауытов бұл қызметте де зор абыройға ие болады. «Қазақ тілі» газетінің шығуына бес жыл толуын той ретінде атап өткен газет алқасы «Қазақ тілінің еңбеккерлері» атты көлемді мақаласында Ж. Аймауытовтың газетке сіңірген ерен еңбегін жоғары бағалап: «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек езінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы (үш-төрт жазушыларымыздың алдыңғыларынан.) Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі — Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь). Ол 1922 жылы Семейдегі губерналық Халық ағарту институтына оқытушы болып тағайындалады. Осы кезде яғни 1922 жылы Торғай уезі қазақтары алапат ашаршылыққа душар болып жатқанды. Елі үшін еңіреп туған Жүсіпбек қол қусырып, газет хабарларын оқып отыра алмайды. Семей қаласында сол кезде қызметте болған біраз қазақ зиялылары — Міржәкып Дулатов, Әбікей Сатпаев, Жүсіпбек Аймауытов аштарға жәрдем қолын созып, халықтан азық-түлікке мал жинауды ұйымдастырады. Олар КИРЦИК-тің рұқсатымен Семей губерниясынан аштарға жәрдем үшін екі ай бойы мал

жинаиды. Жиналған малды Торғай уезшц ашыққан қазақ- тарына жеткізу Жүсіпбекке тапсырылып, жиналған 2668 сиыр, 1831 жылқы, 264 түйені шағын бақташы топпен Торғай еліне айдап кетеді. Жол бойы көптеген қиыншылық- тарды жеңе отырып, түпкілікті мақсатына жетіп, біраз халықты аштықтың шеңгелінен құтқарғандай болады. Жү- сіпбектің, осы елеулі іске ат салысқан азаматтар еңбегі кезінде баспасөз арқылы кеңінен жарияланып, халық алғы- сын алған еді. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармады. Кейбір сасықтар мен пасықтар: «Жүсіпбек жиналған малды өзі пайдаланып кетті, дұрыс үлестірмеді» деп заң орындарына домалақ арызды қарша боратты: ақыры РСФСР Жоғарғы еотының Қазақ бөлімі оның үстінен қылмысты іс қозады. 1924 жылдың 22 май күні басталған сот ісі. 1925 жылы 3 октябрь күні Жүсіпбектен соңғы рет жауап алады. Сот ісі тек 1926 жылдың жазында зорға бітті. Ақ ниет, адал еңбегінің осынша әуре-сараңға душар еткеніне қатты күйін- ген Жүсіпбек соңғы сөзін былайша: «...Мен өз бетіммен ешкімге мал үлестіргем жоқ. Өйткені Торғай елінің бай- кедейін білмеймін, кемесиесіне кірсем де, аштарға жәрдем көрсетсем де, жаным ашығандықтан, аяғандықтан жақсы ниетпен істедім. Пайда, мақтан есімде болған жоқ. Садық деген молданың үйінде болып, бізге бір тоқты сойғанда, отыз-қырық аштар келіп, өтініштерін айтып, жығылып кетіп, талып кетіп, есеңгіреп отырғанда алдымдағы ет тама- ғымнан өтпеді. Аштарды шақырып алып, бәріне үлестірттім, тағы сондай ауыр әсер берген аштар болды. Сондай аш елді көргенде, бұрынғы істегендерім анық болған соң, тоқ елдің жегені арам екен деген ойлар келді.

**Заң тарапынан қарағанда, мүмкін менің қаталарым бар шығар. Азаматтық, адамшылық жүзінен қаралса, бір ктсі аштарға жан салып, қызмет көрсетсе, мендей-ақ көрсетер деп шүкіршілік етемін. Мүмкін менің еткен еңбегім себепті ондаған, жүздеген аштар ажалдан қалған болар, қалмады деп Торғай елі айта алмас.**

**Еңбегім — салауат, ниетім — арам; жүрегім — қара, қазаққа зиянды адам болып табылсам, бұ да бір уақыт шығар, жазаға мойнымды ұсынамын, аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімнің заңына көнемін,»— деп толғады.**

**Ж. Аймауытгон жоғарыдағы Торғай сапарынан оралған- нан кейін, Қарқаралы қаласындағы бірінші басқышты мек- тептің менгерушісі болып тағайындалып ұстаздық етіп, 1923 жылға дейін қызмет істеді. Ал 1923—1924 жылдары Орынбор қаласындығы Қазақ оқу-ағарту институтында оқы- тушы болып істесе, 1924—1925 жылдар көлемінде Ташкент-**

тегі Қазақ оқу-ағарту институтында оқытушы және «Ақ- жол» газетінде қызметкер болып істейді. 1925—1926 жыл- дары Орынборға қайта қоныс аударып, ондағы әскери мектепте ұстаздық етті. 1926 жылдың соңына қарай Шым- кент қаласындағы педтехникумның директоры болып қыз- мет атқарған. Архивтік деректерде әзірге бұл қызметтен қашан босатылғандығы туралы мәлімет жоқ. Бұл педтехни- кум Ж. Аймауытовтың соңғы жұмыс орны екені анық. Ол 1929 жылы жалған жаламен репрессияға ұшырап, 1931 жылы мерт болды.

Жүсіпбектің семьясы туралы архив деректерінің бірінде үй ішінің бес жаннан тұратындығы ғана көрсетілген. Жазу- шының семьясы мен ұрпақтарының тағдырын анықтап білу, іздестіру — келер күндердің ісі.

Әдеби творчестволық қызметін әр түрлі қоғамдық, педагогикалық қызметпен тамаша үйлестіре білген Ж. Ай- мауытов он шақты жылдың творчестволық өмірінде қала- дан-қалаға көшіп- қонып, әр түрлі жауапты әрі кеделі қызметтер атқара жүріп, ат жалы, атан қомында — қуғын- сүргінді бастан кешіре жүріп, әдебиеттің әр жанрында қалам тартып, өндірте жазып, ғылым саласында да зерделі зерттеулер жасаған қаламы қарымды, ойы ұшқыр жазушы болды.

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасып, қаз тұруына сүбелі үлес қосқан талантты жазушы қазақ әдебиетіндегі бұрыннан бар тамаша эпикалық дәстүрді шын мәніндегі реалистік дәстүрмен әдемі сабақтастыра отырып, ірі-ірі шығармаларымен туған әдебиетімізді жоғары сатыға көтер- ді. Солардың ішінде 1926 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шыққан «Қартқожа» романы — ерек- ше көңіл аударатын шығарма. «Қартқожа» романы — XX ғасыр басындағы саяси өзгерістер мен халықтың тұрмыс- тіршілігін кеңінен суреттеген нағыз реалистік көркем ту- ынды.

Жазушының екінші бір көлемді шығармасы — «Ақбі- лек» романы, кезінде 1927—1928 жылдары — «Әйел тең- дігі» журналының бірнеше санында жарық көрген. Роман- ның автор қолымен жазылған түпнұсқасы қазірде Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы тұр.

. «Ақбілек» романы Алтай тауын жайлаған қалың елдің Змірінен алынып жазылған. Романда Ақбілек атты қазақ қызының қиын да, қызықты тағдырын суреттеу арқылы қазақ даласындағы ақгвардияшылардың айуандық әрекет- тері әшкереленіп, Алтай өңіріне Совет өкіметінің орнауы, ел тұрмысы суреттелген.

Жазушының бұлардан басқа да прозалық шығармалары бар. Олар «Күнекейдің жазығы», «Томарбай мен қатыны», «Жаңабайдың жанындағы трагедия», «Елес», «Боранды болжағыш әулие», «Қара бақсы» т.б. әңгімелері. Жазушы әңгімелері — ел тұрмысын, заман тынысын дәл танып, шынайы суреттеп, көркем бейнелей алған құнды дүниелер. Олар кезінде мерзімді баспасөз бетінде жиі жарияланып тұрған.

Жазушы творчествосының бір саласы — драматургиялық шығармалары болып табылады. Сонау ертеректе семинария қабырғасынан бастау алған бұл өнерден ол өмір бойы қол үзген жоқ. Оның драматургиялық шығармалары кезінде театр, клуб сахналарында жиі қойылып тұрған, тіпті кейбіреуі кезінде бәйге де алған. 1926 жылы қазақтың ұлт театрының репертуарын жандандыру мақсатымен Білім ордасының жариялаған бәйгесіне түскен 32 пьесаның ішінен Ж. Аймауытовтың «Шернияз» атты пьесасы — Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Қарагөз» пьесасынан кейінгі жүлделі екінші орынға ие болыпты. Сол тұста сегіз қырлы өнерпаз Жүсіпбекті ұлт театрына жұмысқа шақырып, баспасөз бетінде хабар жариялаған екен: «Ұлт театрының жұмысын жандандыру қамы үшін Орынбордағы — Қазақстан Орталық кеңес комитеті атындағы әскерлік мектептің оқытушысы — Аймауытов Жүсіпбек шақырылып отыр».

Жүсіпбек — бұрын театр кітаптарын, басқа кітаптарды жазып жүрген азын-аулақ әдебиет қайраткерлерінің бірі («Еңбекші қазақ», 1926 ж. 20 ғинуар, № 15) Қазақ өнерінің дамуына жан-тәнімен аянбай еңбек еткен драматургтың қазірде белгілі пьесаларының саны оннан астам: «Ескі тәртіппен бала оқыту», «Рабиға», «Жәбір болыс», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны», «Шернияз», «Қанафия — Шарбану» және аударма пьесалары — «Тас мейман», «Сараң сері», «Октябрь» т.б. Бұлардың кейбіреуі әр жылдары кітап болып басылып та шыққан. Жүсіпбек Аймауытов театр өнеріне драмалық шығармалар ұсынып қоюмен шектелмей, үздік пьесаларды сахнаға қоюшы тамаша режиссер да болыпты. Бұл жөнінде қазақ мәдениетін көп білетін марқұм Әшірбек Бектасов ақсақал өзінің белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаровқа қазақ мәдениеті мен әдебиеті турасында 1964 жылы жазған ұзақ хатында Жүсіпбек Аймауытовқа арнайы тоқталып: «...Аймауытов Жүсіпбектің 1926 жылы Семейдің қатты аязы күндері көп қиыншылықпен театрдың сахнасында Мұхтардың «Қарагөзін» көрсеткені... Марқұм Аймауытов қойған Мұхтар-

дың «Қарагөзін» дәл сондай етіп, ешкім де қоймас. Алматы- да қойылған «Қарагөз» Жүсіпбектің «Қарагөзінің» ширегінен де келмейді. Осы екі «Қарагөздің» екеуін де бірдей көрген көзі тірі азғантай адамның бірі менмін. Ойын біткен соң, Шымкенттен әдейі «Қарагөзді» қоюға келген Жүсіпбекті ол замандағы Луначарский атындағы қазақ театр клубының төріне шығарып қойып, шапалақтаған алақандарының даусы менің осы күнге дейін құлағымда сияқты болады да тұрады...» деп толғайды. Әшірбек ақсақал өз хатында ғазиз інісі Ілияс Омаровтан Жүсіпбекті ақтау керектігін, оған қол ұшын беруді өтініп: «...Ол кісіні М. Горький 1924—1925 жылдары қазақ әдебиетінің биік шыңы да депті...» деп үміт арта, жігер бере жазыпты...»

Жүсіпбек Аймауытовтың қаламгершілік қуатын молынан танытқан жемісті еңбектерінің бірі — аударма өнері. Заман талабы, оқырман сұранысына орай, туған әдебиетке үлгі-өрнек іздей жүріп, Жүсіпбек арғысы дүниежүзілік, бергісі орыс әдебиетінен тамаша аудармалар жасады. Ол аударған Мопассан әңгімелері, Рабиндрант Тагордың «Дәмелі» («Тамилла») романы, Кондрат Беркович, Джек Лондон, А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, М. Горький т. б. әйгілі жазушылардың шығармалары қазақ әдебиеті тарихындағы аударма өнерінің жарқын белестері болып саналары ақиқат.

Алғашқы творчестволық қадамын өлеңнен бастаған Жүсіпбек соңына біраз поэзиялық туындылар қалдырды. Оның поэзиялық мұрасы төл туындылары мен аудармалардан тұрады. Жүсіпбек өлеңдері әр жылдарда газет-журналдар, түрлі жыр жинақтарында басылғаны болмаса, жиналып, жеке кітап болып шыққан емес. Ертеректе жарық көрген «Көшу», «Үршық», «Жәмила», «Ах-ха-ха — хау», «Тұңғиық, түпсіз астында» т.б. өлеңдері елеп, ескеруге тұратын құнды туындылар. Жүсіпбектің пролетариат көсемі В. И. Лениннің қазасына шығарған жоқтау өлеңі — қазақ ленинианасында өзіндік орнын алатын қайталанбас өрнегі бар жыр. Ол дүниежүзі пролетариатының гимні «Интернационалды» бірінші болып ана тілімізге аударды.

Жазушының публицистикалық шығармалары өзінің сан-сала тақырыпты қамтумен, өткірлігімен, ғылымилығымен, молдығымен ерекшеленеді.

Жүсіпбек Аймауытов сан-сала жазушылық, педагогтік жұмыстарымен де шұғылданды. Оның советтік шығыс халықтары арасынан алғаш психология ғылымы саласында көлемді кітаптар жазып, бастырып шығаруы тек жазушы-ғалым мақтанышы ғана емес, бүкіл халқымыз мақтанарлық зор құбылыс, үлкен ғылыми олжа болып саналса керек.

Ғалымның 1926 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан «Психология» кітабы мен Москвада сол жылы Күншығыс елдерінің баспаханасынан жарық көрген «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты ғылыми кітабы талай ұрпақтың ғылыми сауатын ашып, теориялық һәм практикалық зор міндет атқарды. Ана тіліміздегі психология пәнінің терминдерін қалыптастыруда көшбасшылық, жетекшілік ролі, педагогика саласында да Жүсіпбек ерен білгірлік танытып, өз тәжірибесін ұтымды пайдаланып, «Тәрбиеге жетекші» (1924, (Зрынбор) оқулық кітабын, ғылыми мәнді мақалаларын жазды. Оның «Әдет заңы» («Сана» 1924, № 2—3), «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп» жур. 1925, № 2) т.б. мақалалары — күні бүгінге дейін ғылыми дәрежесі жоғары туындылар.

Өз дәуірінің зәру мәселелерінің бірі болып есептелген балалар әдебиетін жасауға да көп күш-жігер жұмсады. Архив деректеріне сүйенсек, 1927 жылы 5 март күні Қазақстан мемлекеттік баспасының кезекті мәжілісінде Ж. Аймауытовтың балаларға арнап жазған төрт бірдей суретті кітапшасы талқыланып, басылуға жолдама алыпты. Олар: «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз», «Жаман тымақ» ертегілері. Кітапшаларға берген жазбаша пікірінде Байтасұлы Абдолла: «Ертегі бір-біріне мазмұн жағынан байланысты болып, оқушылардың жасына, дүние тануына, сана-саңлауына сәйкес жазылған... Ертегілердің тілі әдемі. Сөздің бәрі үлкендікі емес, бірыңғай баланың сөзі» — деп өте жоғары бағалапты (ЦГА Каз. ССР, ф.р — 929, оп I, Д—20).

Жазушының қазақ әдебиеті тарихында атқарған елеулі еңбегінің бірі — әйгілі ақынымыз Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын жинастырып, кейінгі ұрпаққа мәңгілік мұра етіп табыстауы.

Талантының толысып, кемел шағына жеткен тұста, бойындағы барлық мүмкіндігін толық беріп үлгермей мерт болған аяулы қаламгер туралы ақиқат сөз айту, оның асыл мұраларын бүгінгі ұрпаққа таныстырып, табыстау — білетіндердің қай-қайсысының да парызы.

Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЕВ

### НАҚАҚТАН КЕТКЕН АЗАМАТ

Менің алдымда көп жылдар бойы іздестіріп, жақында ғана тиісті орындардан сұратып алған куәлік жатыр.

Бұл өмірден қыршын кеткен жазушы, әдебиетші Әлібек Қоңыратбаевтың 1929—1932 жылдары Қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіргендігі жөніндегі куәлігі.

Осыдан ширек ғасыр уақыттай бұрын белгілі ақын ағамыз Әбділда Тәжібаев өзінің досы Әлібек Қоңыратбаевқа арнаған толғауында:

Апырым-ау, жоғалттым ба осы адамды,  
Өзіммен бір туғандай дос адамды?  
Жалаудай жалт-жұлт ойнап тұр еді ғой,  
Қалайша көз алдымнан өше қалды...  
Мен оның ұмытқам жоқ ақ сәулесін,  
Сымбатын сұлулардың алған есін.  
Мен өзім ұйып жаным тыңдағанмын,  
Қулдіріп айтқан талай әңгімесін...  
Алдына жан шықпайтын жомарттықтан,  
Жүрегін аямайтын сүйген жұрттан,  
Тіктесе де тәңірімен де көзге айтатын,  
Такпайтын жауына да өсек сырттан.  
Ықпайтын я суықтан, я ыстықтан,  
Жеркеніш жаны да ұсақ пасықтықтан.  
От канат сорғалаған сұңқар еді,  
Ішінен қалың өрттің ұшып шыққан...  
Қайда енді сол бір достым, сүйенішім,  
Таба алмай таңдаулымды күйеді ішім.  
О, досым, жарқ етіп бір келсең еді  
Баурыңды баяғыша сүйеу үшін...—

деп жазған еді («Жұлдыз», 1967, № 6).

Міне, осы аз ғана жолдардан көп нәрсені аңғаруға болғандай. Өйткені Әлібек Қоңыратбаев өзінің барынша қысқа ғұмырына қарамастан әдебиет майданына айтарлықтай із қалдыра білген талантты әдебиетші, сындарлы сыншы еді. Ол 1931—1933 жылдар арасында Ілияс басқарған Қазақстан Жазушылар одағының секретары, 1934 жылғы советтік қазақ жазушыларының бірінші съезінің делегаты, басқарма мүшесі (1934—1937) болған. Жазушының кейінгі қызметі Қазиздатпен байланысты, сонда оқулықтар мен оқу құралдары бөлімін басқарған. 1937 жыл оқиғасының құрбаны болған Әлібек Қоңыратбаевтың көптеген оқулықтары мен оқу хрестоматиялары, әдеби-зерттеу мақалалары қазақ совет әдебиетіне қосылған сүбелі үлес еді...

Әлібек Қоңыратбаев (1907—1937) бүгінгі Қызылорда облысы, Шиелі ауданының «Коммунизм» колхозында (бұрынғы Сырдария облысы, Ақмешіт уезі, Шиелі болысына қарасты жетінші ауыл) туған. Әкесі темірші ұста болған кісі. 1913 жылы әкеден жетім қалып, Әлібек ауыл молдасын да, одан соң Шиелі балалар үйінде білім алады. 1918 жылы Түркістан республикасы құрылғанда, жас Әлібекті ағасы Қалжан Қоңыратбаев Ташкенттегі № 5 балалар үйіне тапсырады. «Дарул мұғалиммин» атты училищеде оқыған жылдары Ғани Мұратбаев сияқты комсомол қайраткерлерінің тәрбиесінде болады. 1920 жылы осы училище негізінде ашылған Қазақ-қырғыз халық ағарту институтының (Киринпрос) дайындық бөліміне түсіп, 1921—1922 жылдар арасында осы институттың екі курсы аяқтайды. Бірақ сол жылдардағы аштық зардабынан елге оралуға мәжбүр болады.

Киринпроста (бұл 1924 жылдан соң Казинпрос атанған) оқып жүрген жылдары Әлібек ағасы Әуелбек Қоңыратбаев екеуі профессор Ә. Диваев, Түркістан халық ағарту комиссиясының жанынан құрылған Киркомиссия мүшесі Қалжан Қоңыратбаев бастаған фольклор экспедицияларына үзбей қатысып, Сырдария, Жетісу губернияларының ауыз әдебиетін жинауға атсалысады.

1924—1928 жылдар арасында ауылда мұғалім болған Әлібек Алматыда жаңадан ашылған Қазақ педагогика институтына түсіп (1929—1932), оның толық курсы тіл-әдебиет мамандығы бойынша бітіріп шығады. Оның алғашқы мақалалары институтта оқып жүрген жылдары-ақ жарық көре бастайды. Солардың қатарына «Көпті сүйген бұқарашыл ақын» (неміс ақыны Лессинг туралы, («Жаңа әдебиет» 1928, № 12, 39—43 б.). «Күрделі тілекке жабық (жауап), рецензия, («Жаңа мектеп», 1931 № 5, 65—72 б.) «Абайдың әлеуметтік беті» («Қазақ әдебиеті», 29 ноябрь, 1934 жыл, № 30), «Қаскелең» поэмасы туралы» («Әдебиет майданы», 1934, № 1—2, 91—99 б.), «Сараң» пьесасының қазақ тіліне аударылуы жайында», «Жас қырандар» пьеса, (1935) сияқты тағы да басқа көптеген әдеби-зерттеу еңбектерін жатқызуға болар еді.

Қазақстан Жазушылар одағында, «Әдебиет майданы» мен «Қазақ әдебиеті» газет-журналдарының редакцияларында қызмет істеген жылдары Әлібек Қоңыратбаевтың әдебиеттегі реализм мәселелеріне, сондай-ақ ауыз әдебиеті мен шығыс поэзиясына арналған күрделі зерттеулері жарық көре бастайды.



Жазушының алғашқы зерттеулерінің бірі «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы 10-санында жарияланған «М. Горький қазақ әдебиетінде» (9 — 19 б) дейтін көлемді мақала. Пролетариат жазушысы М. Горькийдің қырық жылдығына орай жазылған бұл мақалада Әлібек Қоңыратбаев Европа әдебиетінен тәп-тәуір мағлұматы бар екенін танытып қана қоймай, Лениннің «Л. Толстой — орыс революциясының айнасы» деген еңбегіндегі диалектикалық әдіс («Толстой жолы—капитализм қанауын аяусыз сы-нау... екінші жағынан, дианалық үндеу») жайындағы қағидаларымен де жете таныстығын айқын көрсетеді. Бұдан әрі Горькийдің қазақ тіліне аударылған «Сабаз», «Сұм шымшық пен шыншыл тоқылдақ», «Бақ», «Дауылпаз жыры» атты шағын туындыларын, «Ана» романын, енді ғана қолға алына бастаған «Менің университетім», «Кісі есігінде» сияқты шығармаларын сөз етеді.

Жазушы Әлібек Қоңыратбаев бірнеше оқулықтар мен оқу хрестоматияларының да авторы. 1933 жылы Қазақстан оқу-ағарту министрі болып Т. Жүргенов келген соң, халық ағарту саласында біршама өзгерістердің болып өткені белгілі. Соның негізгі бір саласы орта мектеп оқушыларына арналған оқулықтар мен оқу құралдырын шұғыл түрде басып шығару ісі болатын. Оқу-ағарту саласындағы осы бір өрлеуден әдебиетші Әлібек Қоңыратбаев та шет тұра алмады. 1934 жылдан бастап Казиздатта әдебиет оқулықтары редакциясының меңгерушісі бола жүріп, ол М. Әуезов, М. Жолдыбаев, М. Қаратаев, А. Әлібаев сияқты қаламгерлермен бірігіп бірнеше кітаптар шығарады.

Соның бастысы — Молдағали Жолдыбаев, Мұхтар Әуезовтермен бірге жазатын «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» («Қазақстан» баспасы, 1933) атты орта мектептің 7-ші класына арналған оқу құралы. Кітаптың «Жазушылардан бірнеше сөз» деген қысқаша ғана алғы сөзінде авторлар мұндай оқулықтың ең алғаш рет жазылып отырғандығын, келешекте көп-шілік пікірін ескере отырып өңдей түсетіндерін атап көрсетеді.

Оқулық «Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті» (Бұқар жырау, Махамбет, Нысанбай, Пушкин, Лермонтов), «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» (Шортанбай, Некрасов, Мұрат ақын, Алтынсарин, Абай, Әбубәкір, Шәңгерей) және «Ұлтшылдық әдебиетінің бас кезі» (Омар Қарашұлы, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентайұлы) деген

үлкен-үлкен үш тараудан тұрады. Бұл қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеудің ең алғашқы үлгілері болатын.

Дәл осы оқулықтың жалғасы болып саналатын «XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жинағы» («Қазақ-стан» баспасы, 1934) атты хрестоматияны да жазған авторлар осы үшеуі болатын, Сейфуллин жауапты редакторы болған бұл хрестоматияға жоғарыда аталған ақын- жазушылардың шығармаларымен қатар, Шәкәрім Құдай- бердиев аудармасындағы А. Пушкиннің «Дубровскийі» толық күйінде кірген екен (15—33 б.)

Автордың келесі бір еңбегі М. Жолдыбаев, М. Қаратаевтармен бірігіп жазған «Әдебиет хрестоматиясы» («Қазақстан баспасы, 1934, 4 жылдық үшін, 2 бөлім). Жазушы Н. Манаев жауапты редакторы болған бұл хрестоматия кезінде 46000 тиражбен басылыпты.

Әл. Қоңыратбаев, А. Әліпбаевтардың «Әдебиет хрестоматиясы» (бастауыш мектептің 3-классына арналған. «Қазақстан» баспасы, 1936) жайында да тәуір лебіздер айтуға болар еді.

Бұл оқулықтар мен оқу хрестоматиялары өз кезеңі үшін үлкен роль атқарған. Оған сол жылдарғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған рецензиялар, түрлі пікірлер толық куә. Мысалы, «Ауыл мұғалімі» журналының 1935 жылғы 4—5 сандарында жарияланған (23—26 б.) Әмина Маметованың рецензиясында М. Жолдыбаев, Әл. Қоңыратбаев, М. Қаратаевтың «Әдебиет хрестоматиясына» жақсы баға берілген. Сол жылдарғы «Социалды Қазақстан» газетінің бетінде (20 май, 1936, № 114) жарияланған «Тарих жөніндегі теріс концепцияға қарсы» деген келесі мақалада (авторы — «Оқушы») М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Әл. Қоңыратбаевтардың оқулығы мен хрестоматиясына, М. Жолдыбаев, Әл. Қоңыратбаев, М. Қаратаевтардың 4-класқа арналған хрестоматиялық оқу құралдарына тәуір пікір білдіретін тенденциялық бағыттың нышаны да жоқ емес.

Жалпы алғанда, бұл оқу құралдары өз кезеңі үшін жап-жақсы қызмет еткен, республикамыздағы әдебиет оқулықтарын жасау ісіндегі алғашқы қадамдар болатын. Бұл жайында белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы профессор Т. Кәкішевтің: «Мектеп оқулығын жасаудың сәтті қадамы М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Әл. Қоңыратбаевтардың 1933 жылы жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» болып, мектептің тұрақты оқулығын жасаудың жақсы үлгісін көрсетті»,— деп жазғаны бар. («Дәуір сипаты», А., 1985, 106 б.)

Міне, жазушы Әлібек Қоңыратбаевтың күрмеуге келмей- тін қысқа ғұмырының ішінде жариялап кеткен әдеби-көркем шығармалары мен зерттеулерінің қысқаша нобайы осындай. Оның 1916 жыл оқиғасына жазған романы, басқа да әдеби- зерттеу еңбектері болған. Солардың кейбіреулері менің қолымда бар, көбі өзімен бірге алынып, жойылған. Қалам-гердің осындай азды-көпті еңбегі оның замандастарының назарынан тыс қалмай, Әл. Қоңыратбаев 1934 жылы болып өткен Қазақстан жазушыларының бірінші съезіне делегат болып, кандидаттар қатарына алынады («Қазақ әдебиеті»),

1934 жыл. 18 август, № 20). Ұзамай мүшелікке де өтеді. М. Горький қол қойған жазушылық билетін алу құрметіне ие болған аз ғана қазақ қаламгерлерінің алғашқы легінде осы Әлібек Қоңыратбаев та бар еді. Көргенінен көрері, бергенінен берері көп жазушы азамат өз творчествосының биігіне әлі де шығар еді. Өттен, шыға алмай кетті...

Бүгінде байқап отырсақ, 1937 жылдың 17 март күні қамауға алынып, 1 декабрьде Түркістан әскери округі әскери трибуналының қаулысымен кесілген Әлібек Қоңыратбаев бұл зобалаңға ең алғашқылардың қатарында ілігіпті. Гүлбаһрам апайдың сөзіне қарағанда, Сәкен Сейфуллинді 1938 жылдың 28 февраль күні, І. Құрамысов, С. Есқараев, Ж. Сәдуақасов, Т. Жүргенов сияқты халқымыздың аяулы азаматтарын март айының аяғына таман ату жазасына кесіпті (Ж. Бектұров. Сәкеннің соңғы сәттері. «Жалын», 1988, № 3, 8—9 б.).

Кәрі көз қариялардың айтуынша, Әл. Қоңыратбаевтың ұсталуының екі түрлі себебі болған сияқты. Оның бірі 1937 жылдан көп бұрын болған оқиға көрінеді. Жазушылар одағының Литфондында істейтін әлдебіреу үлкен қаржыны иемденіп, із-түссіз жоғалып кетіп, соған одақтың ұйымдас-тыру жағын басқаратын секретары Әлібек Қоңыратбаевты «кінәлі» деп табады екен. Бірақ кейін әлгі қашқын оралып, қаржыны өтеген көрінеді. Байқап отырсақ, оның Әлібекке үш қайнаса сорпасы қосылмайды екен.

Алайда Әл. Қоңыратбаевтың «халық жауы» ретінде ұсталуына тікелей себеп болған оқиға оның үйленуімен байланысты көрінеді. Қазақ ССР-інің халық ақыны Ә. Тәжібаев жақында ғана «Алматы ақшамы» газетінің бетінде: «Сол жылдың (1936—Т. Қ.) көктем айларының бірінде жас кездегі досым Әлібек Қоңыратбаев үйленген болатын. Тойын бір ұйғырдың үйінде... жасаған. Сол тойда мен жар-жар айтып, жас жұбайларды құттықтаған едім. Сол жылдың сентябрінде жазғы театрда болып жатқан комсо- молдар жиынында Өлкелік комсомол ұйымының белім

бастығы болған бір жігіт: «Сен сол тойда болдың ба?» деп сұрады. Болғанымды айттым. «Алашорданың қызының тойында болғаның үшін комсомол саған сенімсіздік жария-лайды» дегенді айтты әлгі жігіт»,— деп, сол жылдарғы оқиғалардың сырын ашып берген еді (19 ноябрь, 1988, № 116).

Иә, сол бір жылдарғы мерзімді баспасөзге назар салар болсақ, Әл. Қоңыратбаевтың қандай «қылмысы» үшін «халық жауы» атанғанын білуге болады. Мысалы, «Лениншіл жас» газетінің 1937 жылғы 29 июнь күнгі номерінде жарияланған «Тәжібаев және оның достары» деген жазушылар арасында болып өткен жиналыстың хабарламасында: «..Тәжібаев халық жаулары — Қоңыратбаев, Әлібаев, Уәлиахметовтармен дос болып келді. Бірақ сол жаулардың қылықтарын... езі айтатын кез болып еді» деген жолдар бар екен.

Бұдан әрі айыптаудың небір сорақы түрлерін оқимыз: «Қоңыратбаев халық жауы... қызына үйленгенде де Тәжібаевпен ақылдасып... үйленген. Тәжібаев Қоңыратбаевтың үйінде болған күндерінде халық жауы... әйелі бұлармен бірге, бір «дастарқанда» болған. Міне, бұл Тәжібаевтың тап дұшпандарымен қандай дәрежеде қарым-қатынас жасағандығын, дос болғандығын көрсететін факты»...

Жоғарыда бір белсенді сөге жамандайтын Рахым Уәлиахметов, Абат Әлібаевтар кезінде әдеби сын мен оқулық жазу ісіне белсене араласқан әдебиетшілер. Мысалы, Р. Уәлиахметовтың «Тәжібаевтің сынын көтеруіміз керек» («Қазақ әдебиеті» 23 июль, 1934) деген мақаласы осы кездегі партиялық әдебиет тұрғысынан жазылған әдеби-көркем сынның озық үлгісі болса, А. Әлібаев құрастырған «Қазақстан жазушылары» атты анықтамалық («Қазақстан» баспасы, 1934), балаларға арналған көптеген жинақтар ез кезеңі үшін үлкен мәні бар кітаптар еді.

Отызыншы жылдардағы әдебиет тарихын сез еткенде, Әлібек Қоңыратбаев, Абат Әлібаев, Құлмырза Өтепов сияқты өмірден ерте кеткен талантты әдебиетшілеріміздің қазақ совет әдебиетінің есіп-өркендеуіне қосқан сүбелі үлестерін назардан тыс қалдырмалық.

### АБЗАЛ ЕСІМ

Жарты ғасырдан астам тарих тозанының астында сарғайып жатқан асыл қазына — рухани мұрамыз қанша- ма? Олардың ішінде бүгінгі жас ұрпақ атын естімеген, жаңа шығып келе жатқанда әділетсіздіктің құрсауымен тоқтап қалған таланттар да, кезінде халқына танылған абзал жандар да бар. Өз заманының білімді азаматтарының бірі Қошмұхамбет (Қошке) Кемеңгеровті де әркім біле бермейді. Жазушы, драматург, журналист, педагог, тіл маманы, тарихшы, дәрігер Қошке 1896 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Омбының ауыл шаруашылық мектебін бітіріп, 20 жылы Қызылжарда қызыл мұғалімдер дайындайтын курста химия, биологиядан сабақ береді. 1921—24 жылдары Омбының дәрігерлік институтында оқиды. 1924—30 жылдарда Ташкентте СаГУ- дің жұмысшы факультетінде және жоғары әскери училище- де қазақ тілінен дәріс оқиды әрі сырттай аспирантурата түседі. 1930 жылы М. Әуезов екеуі бірге ұсталып, Алматы түрмесіне қамалады. Сол кезде абақтыдан жолдаған хатында:

Ашығып үш күн болды абақты үйде,  
Жатырмын дым сызбастан халсіз күйде.  
Осыдан олай-бұлай болып кетсем,  
Жеткізер кім сәлемді біздің үйге?

Ашығып үш күн болды кетті шама,  
Ауыр ой бойды билеп, жүрек жара.  
Осыдан олай-былай болып кетсем,  
Жеткізер кім сәлемді жан анама?

Ашығып үш күн болды, жаттым төзіп,  
Жатырмын жас өмірден күдер үзіп.  
Жан жарым, жандай көрген үш құлыным,  
Қаласың әлде кімге көзің сүзіп?

Қамадым еткелі жоқ терең жарға,  
Әділдік таба алмадым, амал бар ма?  
Осыдан олай-былай болып кетсем,  
Жеткізер кім сәлемді жолдастарға? —

дейді. Жылдарды арқалап жеткен хат-өлеңнен күнәсіз күйген қыршын азаматтың өмірден күдер үзіп, дәрменсіздік- тен ышқынған жан азабы, жүрегін жарып шыққан ащы зары естіледі. Тағдыр аз уақыт болса да, Қошкенің

мойнына салған қыл арқанды сәл босатып тыныс бергендей, бұл жолы ажалдың құрығынан құтылады. 1932 жылдан 1935 жылға дейін Украинаға Волуйки деген жерге айдалады. Енді үміт сәулесі елес беріп, қайтып келемін деген сеніммен балашағасын, сүйген жарын туған-туысқандарына, ел-жұртына тапсырып:

Жаздым сәлем Өндәрға,  
Тілегі бір жандарға.  
Гүлсім менен үш ботам Бір жылша  
конак ортанда.

Жаздым сәлем анама,  
Сағындым деп жылама.  
Ұрлық кылып, ат ұрлап  
Жатқаным жок

Көппен көрген ұлы той, Сағындым  
деп налыма,—

десе,

Ойласам адам — қайық, тұрмыс — теңіз,  
Тұрғанда бақыт құсы көңіл семіз.  
Қажыма қайратқа сал, сабырлық қыл.  
Қуаныш, іренішпен екеуі егіз,—

деп, сүйген жары мен анасын жұбатып, қуат бергендей алғашқыдай дағдарыс емес, көптің басына түскен ауырт-палық екеніне көзі жеткен. Қошқе ойлағанындай бір жыл емес, үш жылға жуық сыртта, туған жерінен алшақта жүреді. Бірақ бір сүйеніш — соңынан жары барып ауырт-палықты бөліседі. 1935 жылы еліне қайтып хеліп, 1937 жылы қамауға қайта алынғанға дейін Шарбақкөлде дәрігер болып істейді.

Сөйтіп, Қошкенің творчествосының жемісті жылдары 20 жылдар мен 30 жылдар аралығы ғана. Осыдан кейінгі жазықсыз жазаға ұшырап қасірет пен бейнетке душар еткен тағдыры оның қияға құлаш сермеген асыл арманына бұғалық салып, үміті кесілген жылдар. Қ. Кемеңгеров 1930 жылы түрмеден жазған хатында:

Жазығым жоқ инедей,  
Неден жала жабылған? —

дейді. Иә, Қошкенің бар «жазығы» — табиғат сайлаған талантын, талабы мен білімін туған халқының жолына бағыштағаны ғана. Оның айғағы — сан саланы қамтитын мұрасы. Көркем әңгімелері мен мақалалары, очерк, рецензиялары сол кезеңдегі газет-журналдарда жиі басылып тұрды. Драмалық туындылары «Алтын сақина» (1923), «Ескі оқу» (1927), «Күнәсіз күйгендер» (1930) жарық көрген. «Бостандық жемісі» (1930), «Қасқырлар мен қойлар» (1920) атты пьесалары көркем үйірмелерде қойылған. Тарих, тіл білімі саласында: «Қазақ тарихынан» (М., 1924), «Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925), «Қазақша-орысша тілмаш» (М., 1925), «Жағропалықтар үшін оқу құралы» (I—II кітап. 1928, 1929) атты бес кітап шығарған.

Кемеңгеровтің уақыттың көкейкесті мәселелеріне, тіл үйрету, тіл тазалығына арналған мақала, очерктері «Тіл-шілердің міндеті», «Қазақша-орысша тілмаш туралы түсініс», «Жат сөздер туралы», «Жат тіл оқыту әдісі», «Қотыр сөздер» 20 жылдары газет-журналдарда шыққан.

Сонымен қатар, шаруашылық жағдайы, ел басқару ісі, халықтың тұрмыс күйі, оқу, мәдениет саласын қамтитын «Қызмет адамының қонақасысы», «Мектеп қай тілде болу керек», «Ақжол» тілшілерінің конференциясындағы баяндама, «Жол әсері» т. б. мақала, жол жазба, баяндамалары кезінде басылып тұрған.

Көркем әдебиет саласында алғашқы қадамын аудармадан бастаған. 1915 жылы Қошке Пушкиннің «Пайғамбар», Н. Никитиннің «Сәске көлдің жағасында» өлеңдерін аударып, осы жылдары: «Жазғытұры», «Солған гүл», «Бақ іздеген» атты өзінің төл өлеңдерін де «Айқап» журналында жариялаған.

«Пайғамбар» аудармасы жөнінде ақын, ғалым С. Сейітов «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» (1985) дейтін зерттеуінде: «Тәржімәші 19 жастағы Қошке Кемеңгеров суреттеу құралын қалпынан айнытпай түсіруге тырысқан... Тәржімәнің тілі жатық, сөз кестесі әжептеуір» деп бағалайды. Әрине, бүгінгі талғам межесінен қарасақ, олқы түсері хақ, бірақ сол дәуірде Пушкинмен қазақ қауымын таныстыру талабының өзі айтуға тұралық десек, әрі Қошке-нің орыс классиктерінен сусындай нәр алған дайындығының айғағы.

«Бақ іздеген» өлеңінде («Айқап», 1915, № 12) шығыс ақындарының, Абайдың «Масғұт» поэмасының ықпал-әсері сезіледі. Байлық, мансап, махаббаттың жолында көп ізденіп әділетсіздікке душар болған жас жігіт күзетшісі жоқ есігі ашық ақ орда, алтын сарайға кездеседі. Бақыт —

еңбекте деген түйін жасайды. Өлеңнің өн бойында бейнелі көрініс пен терең мағына сабақтасып келеді. Жас ақынның ой жүйесінде өмірді көрген кексе адамға тән көрегенділік бар:

Басында тұрған шақта дәулет құсы,  
Болмайды сенен артық тәуір кісі.  
Қолыңнан кеткен күні мал менен бақ,  
Бұзылаар жан досыңның ашық түсі.

Қошкенің «Айқапта» басылған жоғарыда көрсетілген өлеңдерінен басқа жоқ. Қаламгердің көркем әдебиеттегі орнын 1965 жылы асығыс шығарылған кішкентай жинағы бойынша бағалау қиынат болар еді. Ол жинаққа кірмей қалған мақала-очерктерін есептемегеннің өзінде, журнал-дарда жарық көрген: «Қазақ әйелдері», («Әйел теңдігі», 1927, № 4), «Момынтай» («Лениншіл жас», 1925, № 3), «Жетім қыз («Жас қайрат» 1924, № 6), «Назика» (1928), «Дүрия» (1927), «Қанды толқын» әңгімелері («Еңбекші қазақ», 4.1.1926) — дәуірдің шындығын бейнелі тіл өрнегі- мен жеткізген реалистік туындылар. Мысалы, «Қазақ әйелдері» әңгімесінде: «Асқар белді, шалқар көлді, самал желді еркін ел сарыарқа сайран еді. Күнде той, күнде сауық мейрам еді. Бірақ әйелі күң еді, әйелдің көрген күні түн еді. Сол кездегі әйелдердің қанды тұрмысы, торлы тұрмысы, көшкен бұлттай, тоғытқан қойдай алдарыңнан өтеді» деген жолдарда қазақ әйелінің қайғылы, мұңлы өмірін бейнелі кестемен, сөз екпінімен әсерлі суреттеп: «Ақ қағазды бояған жүректің тұңғыш сырын, ауыр мұңын, асау қарқынын, бояу толқынын, қан төккен зарын, азап шеккен арын суық ақыл ұғынбайды, ыстық жүрек ұғынады» — дейді. Леклегімен тегіліп отырған мағыналы сөздер қуатын ұйқасып келетін әр сөйлемнің соңындағы қайталау әсерлендіре түседі.

«Ерлік жүректе» әңгімесінде де әйелдің малға сатылуға қарсылық білдіріп, құрбан болған қайғылы өмірін суреттесе, «Назика», «Дүрия» әңгімелеріне Совет заңына арқа сүйеп, өз бақыты үшін күрескен өжет қыздар тұлғасы өзек болған. Сөйтіп, жазушы өз дәуірінің аса қажетті мәселесін көтереді.

Кемеңгеровтің ден қойып жазған тақырыбының бірі — жетімдер тағдыры. «Жетім қыз» («Жас қайрат», 1924, № 6) әңгімесінде қаршадайынан анасынан жетім қалған қыздың аянышты, мүшкіл халін суреттей келіп: «Біз көрген жеке бақыттың, тоқтықтың құны жеті тиынға да тұрмайды — жалпы бақыт, ортақ өмір керек деген ой желісіне Дарабек байланды» деген публицистикалық сарын шығарма идеясы.



Жетімдердің тағдыры реалистік суреткерлерді әр қашан қатты толғантқан тақырып еді. М. Әуезовтің «Жетім» әңгі-месі де сол 20 жылдарда жазылған болатын.

Кемеңгеров «Момынтай» әңгімесінде («Лениншіл жас», 1925, № 3, 4, 5) осы тақырыпқа тағы айналып соғады. Әке-ден жетім қалған сәбидің 6 жастан қозы соңында, байдың таяғының астында өткен өмір жолын әр түрлі жағдайда шынайы бейнелеген. Шығарма соңында: «Момынтай қор тұрмыстан, қол-аяғын байлаған құлдықтан құтылды, жарық дүниеге шықты, азат болды, адамшылыққа қадам бас-ты» — деп жазушы көгеріңкі пафоспен Октябрь әкелген жаңалықтың жаршысы болып үн қосады. Екі әңгіменің бүгінгі жетімдік, жоқшылық көрмей өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні де, өткен тарихын, әдет-ғұрпын білуде танымдылық мәні де зор. «Момынтай» да, «Жетім қыз» да оқырман сезімін толқытып, санасын тол-ғайтын әсерлі шығармалар. Еліміздегі азамат соғысы кезін-дегі ақтардың қазақ ауылдарын қызыл қанға бояп көрсеткен зорлықтарын «Қанды толқын» («Еңбекші қазақ», 4.1.26) әңгімесінде шынайы суреттеген.

Кемеңгеров творчествосында елеулі орын алатын жанр — драматургия. Алғашқы көркем үйірмелерде қойыл-ған пьесалары: «Бостандық жемісі» (1919), «Қасқырлар мен қойлар» (1920). Қошкенің жерлесі Жүнісбек Жанғонақов-тың естелігінде «Қасқырлар мен қойлар» пьесасының Қы-зылжарда 1920 жылы жұртшылық алдында қойылғанын, онда Жүнісбек өзі урядник ролінде, Сәбит Мұқанов болыс-тың расеельныйы ролінде ойнағанын жазады. Жанғонақов-тың айтуынша, бұл пьеса 1916 жылғы патша жарлығы кезіндегі паракорлықты, зорлықты әшкерелейді. Бірақ өкі-нішке қарай, бұл екі пьеса көркемөнер үйірмесінде болмаса театр сахнасына шықпаған, текстері де табылмай отыр. Қошке өз пьесасы ғана еМес, студент кезінде 1920 жылдары М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» драмасын да студенттердің қатысуымен сахнаға шығарған. Қошкенің театр сахнасына шыққан тұңғыш пьесасы «Алтын сақина» 1923 жылы Орынборда басылған. Басты рольде — Сағынтайды ойнаған Қапан Бадыров пьесаны жұртшылық өте жақсы қабылдаға-нын өзінің мемуарында атап кетеді. 1926 жылы қазақтың ұлт театры ашылғанда сахнаға лайық туындылардан, Смағұл Садуақасов «Алғашқы тәжірибелер» атты мақала-сында («Еңбекші қазақ». 29.1.26), «Алтын сақина» мен «Еңлік-Кебекті» қатар атайды. «Алтын сақина» театрдың ресми ашылуында (10. 1. 26) қойылған.

Пьесаның оқиға қазығы — Қошкенің әңгімелерінде қоз-

ғаған тақырыбы — әйелдің аянышты тағдыры. Бұдан кейінгі драмалық курделі туындысы «Күнәсіз күйгендер» жайында сыншы Ғаббас Тоғжанов пен Ілияс Жансүгіровтің «Театр өнері» (1933) атты кітабында біраз пікір айтылған. Қапан Бадыров пьеса 1930 жылдың басында «Хан Кенемен» бір кезде сахнаға қойылған дейді. Бірақ бұл туынды да әзірге табылған жоқ.

Кемеңгеровтің әдеби мұрасы жайында осы күнге дейін пікір айтылмай келеді. Ал оның тіл білімі саласындағы еңбектерін тілші ғалымдар 80 жылдың бер жағында жазып жүр. Мысалы, «Жағропалықтар үшін оқу туралы» (I—II кітап) туралы филология ғылымының докторы Қ. Есенов-тың «Еленбай келген оқулық» атты мақаласы («Қазақстан мұғалімі» 1961, 26 июнь) жарияланды. Ғалым бұл екі кітапты «Қазақ тілі білімінің қалыптасып дамуына үлес қосқан» еңбек деп жоғары бағалап, «методист-ғалымдар мен мұғалімдерге пайдасы болар еді» дейді.

Осы құрал жайында филология ғылымдарының канди- даты Б. Хасенов «Қазақско-русское двуязычье» («Наука, 1987) деген еңбегінде 20—30 жылдарда екі тілді оқыту мәселесі қолға алынған кезде методикалық құралмен жаб- дықтауда Б. Аспандияров, Ш. Сарыбаев, С. Жиенбаев, Қ. Кемеңгеровтердің атқарған қызметін ерекше айтады. Осы екі ғалымның пікірі Қ. Кемеңгеровтің тіл білім саласын- дағы орнын айқындап, осыдан 60 жыл бұрын көтерген проблемасының бүгінгі таңда құнын жоймағанын дәлел- дейді.

Ана тіліміздің дамуы саласындағы көрнекті еңбек Қ. Кемеңгеровтің басқаруымен, құрамында: Бұралқиев, Байта- сов, Байғаскин, Баймақанов, Дәулетбеков, Темірбеков, Сәр- сенбаевтардың қатысуымен шыққан «Қазақша-орысша тіл- маш» (Москва, 1925).

Сөздіктің кіріспесінде авторлар алдында үлгі боларлық нұсқаның жоқтығын айта келіп, тіл мамандарының атқа- ратын жұмысын өздерінің қолға алуы уақыт талабынан туғандығын ескертеді: «Словарь может послужить не только для слушателей военных школ, но и для европейцев, служащих в Казреспублике, а также для лиц, изучающих казахский быт». Сөйтіп, Қ. Кемеңгеров қазақша-орысша сөздік шығарудың ұйытқысы болған. Кейін оқушылардан осы кітап туралы түскен хаттарға газет бетінде «Қазақша- орысша тілмаш туралы түсініс» («Еңбекші қазақ», 1926, 24. XI) деген мақала жазады. Оқырмандардың «Қазақша емес, жатық емес» деген сөздерін сарапқа салып дәлелдеп: «Қазақтың сөзінің жартысы араб, парсыдан. Олардың

қазақтың төл сөзі деп ойлайсыз ба?» деп ой саларлықтай жауап беріп, кейбір сөздердің мағынасын түсіндіруде М. Әуезов, Абай шығармаларына сілтейді. Сөздік тіл даму тарихындағы тұңғыш құрал болғандықтан ғана емес, маз- мұнымен де құнды рухани қазынамыздың қатарында Ке- меңгеровтің тіл біліміндегі аты аталған күрделі еңбектерінен басқа 20—30 жылдарда газет- журналдарда шыққан мақа- лалары да ана тіліміздің тазалығы мен тіл байлығына арналған.

«Жат тіл оқыту әдісі» («Жаңа мектеп», 1927, № 3—4) атты екінші бір мақаласында автор белгілі орыс ғалым- дарының тәжірибесіне сүйене отырып, шет тілді үйрету тәсілі жөнінде өз пікір-ұсынысын ортаға салады. Осы ма- қалада Қошке: «Жай тілді үйренуден бұрын өзіңнің ана тіліңе жүйрік болу керек» дейді. Өз басы осы биік талап деңгейінен табылған да. Ол туралы жерлестері: «Қошкемен алғаш кездесіп орысша сөйлескен адам, оны қазақшаға шорқақ шығар деп ойласа, қазақша сөйлескенде орысша білмейтін шығар деп ойлайтын, екі тілге соншалық жүйрік еді» дейді. Зайыбы Гүлсім Қошке араб, парсы тілдерін білген дейді... Араб-парсы тілін білгендігінің айғағы — қа- зақша-орысша сөздікке берген түсінігі мен мақалалары.

Кемеңгеров «Қотыр сөздер» («Жаңа мектеп», 1926, № 14, 15) мақаласында сөзді бұрмалап қолданушыларды сынап ауызекі айтылғанда кешірілгенмен, қотыр сөздердің баспа бетінде шығуына қарсы. Тіл мамандарының еңбектері теория болып қалмай іске асуын талап етеді. Автор тіл шұбарлаушылардың кемшіліктерін көрсете отырып, содан арылудың жолын нұсқайды. Осы мақаладағы ойын Нәзір Төреқұловтың «Жат сөздер туралы» (Москва, 1926) кітабы- на жазған көлемді мақаласына («Қызыл Қазақстан», 1926, № 11,14) әкеп сабақтастырады. Қошке жаңа дәуір әкелген шет сөздердің жазылу жобасында Төреқұловтың пікірін көп жағдайда қолдағанмен, келіспейтін жерлерін нақты деректермен дәлелдейді. Мақала соңындағы мына жолдар Қошке тұлғасының тағы бір қырын аша түседі. Нәзір туралы: «Үйірге түскен сәуірік айғыр үйіріндегі тай-тулақты қуып, үйіріне жақындаған бөтен жылқыны тістеп жуытпай- ды', Нәзірде де сәуіріктің мінезі бар. Біреуді тістемей, шанышпай, найзаламай сөз жазбайды. «Жат сөздер» жазып отырып, Міржақыптар мен Ишанәліні де қыстырып кетеді. Былтырғы жазған «Жаңа әліппесінде» де талай адам- дарға құлағын жымитып ұмтылған еді. Білім сөзінде мұндай мінез бізге ерсі көрінеді. Осы мінезін қойса, Нәзірдің жазуы нағыз білім сөзі болар еді» деп сыншы «ерсі мінезді»

кітаптың құндылығына нұқсан келтіретін үлкен кемшілік деп қарайды.

Қошкенің мәдениетті, сан-салалы білімінің тағы бір қырын ашатын еңбектері — «Қазақ тарихынан» (М., 1924) және «Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925) атты кітаптары. «Қазақ тарихынан» кітабында ол қазақ халқының Россияға қосылуынан бұрынғы тарихына жалпы шолу береді. Хандардың ел билеу саясаты, орыс мәдениетінің ықпалы, кәсіпшілік, ағартушылық, халықтың мінез-құлқы жайында жазады. Халқымыздың ардақты ұлдары: Шоқан, Ыбырай, Абай және XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылар туралы біраз мағлұмат берген. Абайды 20—30 жылдары вульгарлық социологизмнің әпербақандары «байшыл-феодал ақын» деп жатқанда, Қошке: «Алғаш ұлт әдебиетіне өрнек берген, әлеумет тұрмысын толық тексерген, идеалға сілтеген Абай болды» деп әділ баға беріп, осы пікірін Абайдың өлеңдерін талдай отырып дәлелдейді. «Қазақ тарихынан» кітабын сын елегінен өткізіп қараса, өткен тарихымыздан біраз ақпар беретін, ұлттық тарихымызды зерттеуде қажет туынды. Сыншы Ғаббас Тоғжанов кітаптың кіріспесінде бұл еңбектің қазақ тарихынан жазылған тұңғыш зерттеу екендігін айтады.

«Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925) кітабының алғы сөзінде:

«Езілген ұлттардың өткендегі һәм қазіргі халымен таныстырады. 36 ұлттың тарихы, шаруа-кәсіп жағдайларынан һәм мәдени істерінен қысқаша мағлұматтар берілген. Тұтасынан 36 ұлтты көгендегі қозыдай бір жерге тізіп, олардың жайы-күйімен таныстыратындығы — кітаптың із-десе табылғысыз қасиеті» дейді (4-6). Осы аталған жақсы белгілеріне қосарымыз, әр ұлттың санын, мал басын, шаруашылық жағдайының өткені мен 22 жылды салыстырып нақтылы деректермен көрсетеді, әр ұлттың жерінің сипаты, кен байлығы, қала мен ауыл тұрғындарының саны, тағы басқа «іздесе таптырмайтын» мағлұматтар кітаптың құндылығының дәлелі.

«Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар» екеуі де Қ. Кеменгеров білімінің, зерттеушілік талантының айғағы.

Туған халқының ыстығына күйіп, суығына тоңған адал перзенті Октябрь әкелген жаңа қоғамның әлеуметтік саласында үкімет пен партияның саясатын жүзеге асыруға белсене араласты. Бұл салада журналистік қырынан танылды.

Қошке «Сұрауларымыз, жауаптар, кеңес қызметкерлері

туралы» мақаласында («Ақжол», 1924, 9. XII) «Еңбекшінің қышыған жерін таба білу, мұның жоқтай білу, шаруасын күйлендірудің» жолдарын қарастырып, жеке сұрақтарға кең тоқтап, халықтың санасына жететіндей қарапайым түсінікті тілмен жауап береді. Енді осы орайдағы кейбір пікірлеріне тоқталайық. Қ. Кемеңгеров әлеуметтік жұмысқа кедейлер араласу үшін саяси сауатын ашып, хат танытуды басты шарт деп қарайды. «Кеңес қызметкерлерінің адамшылығы — ең негізгі шарт және білімі міндетті жұмысын атқарарлық дәрежеде болу керек».

Кеңес қызметкерлеріне рушылдық дерттен сақтандырып: «Ру таласын кеңес қызметкерлері қолданса, ру, сайлау таласы қанына сіңген қазақ мүлде әуейленіп кетеді» деп, халқының болашағына көз жүгіртеді. Қошкенің осы сөзі бүгінде де құнын жоймаған, әркімге ой салатын құнды пікір.

«Қолынан жақсылық та, жамандық та келетін өжет, байдан қаймықпайтын» жігіттерге мінездеме беріп: «үлгі-өнеге көрсе, тұрмыс шарты түзелсе, жамандығы мүлде қалып, іскер адам болып кететіні бар. Мұндайларды қызметке қатыстыру керек. Ал үлгі коргенмен, түзелмейтін адамды жолатпау керек» — деп кеңес жұмысына араласатындарға биік талап, қатты сын көзімен қарап іріктеуді ұсынады. Өмір шындығы Қошкенің осы сөздерінің ақиқаттығын дәлелдеді емес пе? «Шаш ал десе, бас алатын» белсенділердің салған сойқаны — кеңес жұмысына сол дұрыс іріктемеудің нәтижесі екені бұл күнде мәлім болып отыр.

«Мұқату үшін ылау міну қызметкерлердің санасыздығы», «адамшылық, әлеуметшілдік, саналық кірмей біздің кем-кетігіміз түзелмейді», «Болыстық исполком басында білікті, саналы, нұсқаушы адам губерниеден келсе» дейді. Ел жағдайымен санаспай ұрда жық тәсілімен елдің берекесін алыш, үкімет саясатын бұрмалап жүрген белсенділерді әшкерелейді. Қошке осылайша қалың жұртшылықпен газет бетінде сұхбаттасып, оларға ақыл-кеңес беріп отырған.

Кемеңгеров 1924 жылы Берлин университетінен келген профессор, доктор Макс Кучинскиймен бірге Семей уезінің біраз жерін аралайды. Сол сапарында істеген жұмысын, көргенін «Жол әсері», («Қазақ тілі», 15.8.1924) атты көлемді мақаласында жариялайды. Қазақ арасындағы ауру түрлерін, тазалық шарттары, қазақ елінің жалпы тұрмысымен танысу мақсатымен келген профессор аз уақыт аралап қайтқанда біздің халқымыз туралы: «Бұрын қазақпен кітап арқылы да таныстығым жоқ еді. Германияда ең маңызды

жағрапия Зейдл дегендікі. Сонда қазақ туралы екі-ақ сез бар. Қазақ көшпелі, мекені — киіз үй, баққаны — мал — деген. Енді байқап қарасам, қазақ туралы екі жол емес, әлденеше том кітап жазуға болады екен. Көшпелі тұр- мысқа қолайланған. Мәдениеттен қазақ құр алақан емес. Йсіресе үй ішіне арналған ою-кестелері ете шеберлікті көрсетеді. Мал баққан ел әнші келеді деген пікірді қазақ елі айқын дәлелдейді» дейді. Бұл сапарында Қошке профес- сордың қасында журналист жол басшы емес, дәрігер ре- тінде көп көмек көрсетеді. Ел адамдарының денсаулығын тексеріп, оларға ақыл- кеңес береді.

Сол кездегі көпшіліктің дәрігерге кез қарасы «Жол әсерінде» мына жолдардан керініс тапқан: «Біздің ауру қараймыз, тегін дәрі береміз дегенімізге сенімсіз қараған жерлер де болды. «Неғылған батпан құйрық, тегіннен тегін жатқан құйрық», қазақ қазақ болғалы тегін емдейміз деген бұларды кердік» деп. Бірақ тоқтаған жерлерімізде ауру қаратудан тартынған қазақ болған жоқ. Бір ауылда 2 күн болдық. 2—3 шақырымнан құлақтанып ізденіп келетін ауру- лар болды. Қанша ауруларды қарағанмен уақыттың азды- ғынан 10—15-тен аурулар қаралмай қалып отырды» дейді.

Ел ішіндегі әртүрлі ауруларға тоқталып, Қошке соның түпкі себебін ашып көрсетеді. Айталық, жұқпалы ауру сақтанбаудан, ревматизм халықтың көшпелі өмірінің, қысқы суықтың салдарынан десе, асқазан ауруының да ете жиі кездесетін себебінің бірі шамадан тыс көп жеу және майлы тамаққа құмар әрі етті дәл жатарда жеп асқазан жұмысын ауырлатады дейді. 20 жылдарда денсаулық туралы сауатты, көпшілікке түсінікті тілмен ақыл-кеңес беруде әрі маман дәрігер әрі журналистік өнерін жұмсайды. Губернелік дәр- герлік белімнің бұл саладағы дәрменсіздігін, немқұрайды қарайтындығын сынайды.

Кемеңгеров Макс Кучинскиймен бірге аралағанда кер- ген- білгендерін сарапқа салып:

«Ауру қазақтың ауқаттыларының арасында кедейлерге қарағанда кебірек» деп оның бірнеше себептерін көрсетеді. Соның бірі еңбексіздік, кедейлер секілді ауыр жұмыс, ыстық-суықта ысылмайды деген қорытынды жасайды. Енді аталған індеттерден құтылудың жолы қандай? Осы сұрақ- тарға да Қошке нақтылы жауап береді. «Елім дегенді, алашым-қазағым дегенді ермек, атақ үшін ұстамайтын қазақ оқығандары шама келгенше қырды тазалыққа үйрету керек» деп шын жанашырлықпен халқының адал перзенті, оқыған азаматтарға иек артып, үміт күтеді. Өзінің қолынан келген еңбегін аямайды. Бұл сапарында дәрігер болып

қана қалмай, уақыттың көкейтесті, күрделі мәселелері: «Кооперация», «Оқу жайы», «Салық жайы», «Отырықшылық жайы», «Өткен тұрмыстың белгілері» деп жеке-жеке арнайы тоқтап өз пікірін ортаға салады. Әкімшілік, милиция жайы да назарынан тыс қалмайды. Қошке, әсіресе «Оқу жайы» дегенде халықтың көшпелі тұрмыс жағдайында қандай жолдармен жұмыс жүргізуге болады. Жаз оқытып, қыста шала дүмбілез мұғалімдердің білімін толықтыру; қыста интернат ашу; кедей балаларын қазына есебіне кіргізу деп қиыншылықтан шығудың жолын нұсқайды.

Кемеңгеров ауылшаруашылығы мектебінде де оқып білім алғандықтан, мал шаруашылығында тұқымды асылдандыру мәселесін көтеріп: «Шаған болысында Арынғазы Аблайхан деген фельдшер сиырдың семента деген тұқымын өсіреді. Бірақ құты қашып кететіндей басқаға сементамын саппайды, ауыстырмайды деп естідім. Қазақ мал асылдандыру қаулыларын іске асыратын уақыт жетті» — дейді.

Ел аралағанда көрген жөнсіздік, жолсыздықтың бәрін тізіп, одан шығудың жолын да сілтейді. Халықтың рухани байлығы мол қазынасы ән-күй, оба-қорғандардың жойылып кетпеуіне көңіл аударады. «Жол әсері» мақаласының қорытындысында: «Жоғарыда ат үстінен қарастырылған денсаулық, оқу, кооператив, шаруа жайына қазақтың тіршілігі байлаулы. Қашанда ұлылы-кішілі жұмысты жат елдің үлгісімен қойып қарамай, қазақтың бойына шақтап, еміріне үйлестіру керек» — деп түйеді.

Кемеңгеров қандай тақырыпқа жазса да үлкен жауапкершілікпен қараған. Мысалы, сырт қарағанда пәлендей мәні жоқ сықылды көрінетін қонақасы деген мәселені газет бетінде әр кезде көтеріп отырған. «Елге шыққан өкілдерге қонақасы беруге тыйым салу» («Еңбекші қазақ», 7. 4. 1923), «Қызмет адамдарының қонақасы» («Еңбекші қазақ», 26. 12. 1926) атты мақалаларында шаруаның қолындағы бірлі-жарым қойға өкілдердің келуі «топалаң тигендей» зиян келтіреді деп қынжылады. Осының төңірегінде газет бетінде біраз айтыстар да болады. Қошкеге тән бір ерекше сипат жөнсіздік, жолсыздықты жазып қана шектелмей, шығудың жолын іздейді. «Елге шыққан өкілдерге қонақасы беруге тыйым салу» деген мақаласында да қой сойған үйге де, қойын жеген екілге де қатал шара қолдануды ұсынады. Қошке мұндай әдеттің шаруашылыққа зияндылығымен қатар дәрігер ретінде денсаулыққа, да зиян екенін түсіндіреді. Осының бәрі туған халқының бойындағы ін-

детті жойып, мәдениетті өскелең ел қатарына қосылсын деген азаматтық ізгі ниеттен туған іс-әрекеттер еді.

Кемеңгеров өзінің журналистік мақсатын жақсы түсінген, оның айғағы «Ақжол» газеті тілшілерінің I конференциясында «Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы» баяндамасы. «Ел жайын не артық, не кем кетпей, баспасөз жүзіне дұрыс түссе елдің жайына қарап іс қылып отырған үкімет адаспай қышыған жерді дәл басады» («Ақжол» тілшілерінің бірінші конференциясы. Түркістан, 1925. 3 б) деп жаңа қоғамды құруда тілшілердің үлкен күш екенін айтып, бағыт-бағдар сілтейді.

Қошкелі тілшінің назар аударатын мәселелері: ауыл салты, ел тіршілігі, елдегі өзгерістер, кооперация, сот, тергеуші, милиция, болыс, ауылнай, ячейка, қосшы ұйымдары, мектеп жайы, салық жұмысы, әйелдің қалыңмалға сатылмауы — бәрінің жазылып тұруы тілшілердің міндеті» — деп нақтылы атап көрсетеді. Бұдан басқа да сол жылдарда уақыт көтерген жаңа дәуір көтерген келелі мәселелердің ешқайсысы журналист назарынан тыс қалмау керек деп Қошкелі: «Бақсы-балгерлер бағасы ел кезінде бұрынғыдан қалай» деген мәселенің төркініне бойлау арқылы халықтың ой-санасындағы өзгерісті көрсетпек болады. Денсаулық мәселесін мал ауруымен байланысты қарауды ескертеді. Баяндамашы көтерген проблемалардың көпшілігі бүгін де құнын жойған жоқ. Мысалы, кооперация жайын алайық. Қошкелі тілшінің міндетін саралап атап көрсеткеннен кейін баяндамада тілші болу үшін керекті шарттарға тоқталады: 1) Елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек. 2) Ел тілшісі кедей таптан болады. Сыртымен тап тілшісі деп бадырайып тұрмау тиіс. 3) Мақсаты, тілегі айғайлап, аттан салмай-ақ, істің мәнісінен барып шығатын болу керек. Және баяндамашы тілшілерге тіл тазалығы, тіл байлығына мұқият болуды ескертіп, сөз қайталау, пікір қайталау, бөтен тіл қатынастырудан сақтандырады. Тілшіге қойылатын бірден-бір басты шарт адал болу, батыл болу, шындықты жазу екенін айта келіп, кейбір тілшілерді «Көзі көріп, қолы ұстаса да, көбінесе қорқып, қорғалап жаза алмайды» деп сынға алады.

20 жылдарда қызу айтыс-тартыс қоғамның әр саласында кең етек жайған десек, идеология майданында да осы көрініске кезігіміз. Қошкелі Кемеңгеровтің «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 1. 12. 1926) мақаласы С. Мұқановпен пікір таласы кедей ақындары мен ұлтшыл ақындар туралы.

Кемеңгеров сол кезеңде кедей әдебиетінің өріс жая қоймағанын айта келіп: «Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін



кеңейтер деп үміттенуге болады» дейді. Бірақ ондай өзгеріс аз уақыттың ішінде бола қоймайтынын көркем шығарманың үлкен еңбекпен келетіндігін айтып, түр мен мазмұнға бірдей талап қояды. «Сәбиттің үлкен уайымының бірі — ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті» деген пікіріне қарсы: «Өзі ұлтшыл болғанмен, бұқара, кедей тұрмысын жазатын болса, не айып-шамы бар? Жүсіпбектің пьесаларының, «Қартқожасынан» қандай кінәмшыл адам болғанмен ұлтшылдықтың иісін таба алмас. Мұхтардікі де осындай, — дейді.— Орыстың Тургенев, Достоевский, Фет, Пушкин, Толстойларды үстем таптан шықты демей дәріптеп отырғанын тілге тиек етіп, өз пікірін дәлелдейді: — Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын таңдап алып басып жатқанда, кең бұқарашылдық рухында жазылған кітаптардың басылғанына Сәбит неге ренжиді? Қазақ әдебиетінде тойып секіретін күн әлі туған жоқ»,— дейді. Міне, осы сипаттағы Сәбит екеуінің арасындағы айтыста сол дәуірдің біраз шындығы ашылады. Және бұл мақала Қошкенің жан-жақты терең де ауқымды білімінің тағы бір айғағы. Орыс әдебиетінің бұлағынан ерте сусындап нәр алған жазушының классикалық әдебиет ғана емес, 20 жылдардың басындағы атақты сыншылармен танысып, марксизм теориясымен қаруланған, диалектикалық ой жү- йесін көреміз: «Нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек».

... «Оян, қазақ» пен «Шолпан» шыққанда жазба әдебиет қандай күйде еді, отаршылдық қандай еді. Мұны Сәбит ескермейді. Орыстың әдебиеті жаңа басталған дәуірде Карамзин, Дмитриев, Державин сықылдыларды әулие аспан көрген. Осы күнде солардай жазушыларға, ақындарға орыс оқушылары пысықырып та қарамайды. «Оян, қазақ» алғашқы шыққанда Грибоедовтың «Горе от умасындай» болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты алашқа таратқан «Оян, қазақ» болатын. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған. Мағжанның ақын болғандығы «Шолпандағы» «Бұл- бұл» деген өлеңнен көрінген» — деп, орыс әдебиетімен салыстыру арқылы көкейге қонымды шындықты ашады.

Қошке көркемдік, ақындық туралы ой-пікірлерін де дәйекті теориямен шегелеп: «Сәбит кішкене үгіт, кішкене айғай керек дейді. Үгіт, айғай пайдалы шығар, бірақ онымен ақын, жазушы шығаруға болмайды» деген ойын Луначар- скийдің пікірімен дәлелдей келіп: «Ел кедейін жандандыру, саналандыру үшін кішкене үгіттен де көркем жазу тиімді» десе, әрі қарай осы ойын сабақтап: «Сәбиттің ойынша

акын тегінде, үйренумен, атақты жазушылардан үлгі алумен суретші болатын көрінеді. Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен танысып, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да Мағжан- дай болатын емеспін. Талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талантында кемістік болатын шығар»— дейді.

Кемеңгеров: «Талайлар ұлт деген сөзден қорқады. Ұлт автономиялары, республикалары ұлттық түрімен социализм қоғамына ақырын аяңмен жету екенін сезбейтіндер бар. Сондықтан ұлттық түрін қолданып, жазушыларды ұлтшыл деп аластай бастайтындар бар,— деп, ру тұрмысына, атқамі- нерлерге, жуандарға, молдаларға, кейбір байларға, отар- шылдарға, кеңсешілерге, қызмет адамдарының бұзықты- ғына, парасына қарсы еңбекшілердің еңбегін қорғап, әйел теңдігін жақтайды, қазақ ұлтының орыс ұлтымен тең хұқта болуы жүзеге асса екен» — дейді. «Осындай ұлтшылдардан шыққан жазушы коммунистің пікірін қуаттамаса да бағалай ма? Жоқ па? Мұндай жазушының жазғаны объективная ценность емес деп кім айтады?»— дейді. Осының бәрі ақиқат екеніне, ұлтшыл деп аласталған жазушылардың рухани мол қазынасы — олардың халқын деп шын жаны ашыған, ыстығына күйіп, суығына тоңған шын азаматтар екеніне өмірдің өзі көзімізді жеткізіп отыр емес пе?

Кемеңгеров «көркем әдебиеттің-құшағына түгел алатын» тақырыптардың он бір түрін атайды. Бәрі де заман тала- бына сай мәселелер. «Көркем әдебиет туралы» мақаласы — қорытынды пікірі Қошкенің ұстаған жолын, болмысын ашатын сөздермен: «Қазақ қалам қайраткерлері де жараны бетімен, таңбаны тексермей, ауруды сау қылмай, күншығыс- ты құлдықтан құтқарған Октябрь төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, қазіргі дәуірдегі тұрмысын көркем айнасына түсіру керек» ■—деп аяқтайды. Бұл арада біз екі жазушының талас пікіріне торелік айтудан аулақпыз.

Жазушының көлемді шығармасы — өз өмірінен жазған :қолжазбасы 1937 жылы екінші рет қамауға алынғанда жоғалған. Қошке ауыз әдебиеті нұсқаларын да жинап журналдарға басқызып тұрған. Ол отыз төрт жасынан қатыгез тағдырдың талқысына түсіп, шабытының шалқитын шағында мерт болды. Шындығында бұл шеберлікті игерудің, ізденудің кезеңі еді. Бергенінен берері мол Қошке табиға- тында өте сыпайы, ақ көңіл, қолынан келген көмегін ешкім- нен аямайтын дарқан жан болған. Жерлестері, туыстары өте мәдениетті кішіпейіл мінезін көп айтады. Елге демалысқа келгенде ауру-сырқауларды қарап, емдеп, ақыл-кеңесін беретін еді дейді. 1935 жылы Шарбақкөлге қайтып келгенде,

көпшілікке жақындамай бөлектеніп, оқшау жүреді екен. Сонда бір ауылдасы қасына келгенде: «Сіз маған жақын- дамаңыз, менің соңымда жүрген адам бар. Нақаттан күйіп кетерсіз» деп сақтандырады. Осының өзі оның адамгер- шілігін, үлкен жүрегін көрсетпей ме?

Халқымыз «Ат тұяғын тай басар» дейді, Қошкенің «үш ботам» деп зарлаған Зайра, Нартай, Сәулеланы өсіп, өркен жайды. Сәулесі дәрігер, Зайра, Нартай (Нарманбет) әке дәстүрін жалғастырған тіл мамандары — мұғалім, Нар- манбет мектеп директоры, өлең жазатын өнері де бар. Әкесінің ұсталып кеткеніне 40 жыл толуына арнап жазған өлең жолдарынан әкесіз өксіп өткен өмірін, жылдар бойы кеудесінде шер боп қатқан күйінішті көреміз.

Талайдың түбіне жеткен отыз жеті,  
Тарихтың қара түнек ол бір беті.  
Айырып жан жарынан, баласынан,  
Ерлерді арамыздан алып кетті.

Ол кезде жеті жасар бала едім,  
Ермегім ойын-сауық дала еді.  
Әкемнің жарқын жүзі ғайып болып,  
• Анаммен менде жылап қала бердім.

... Ауданға жолым түсіп барған сайын,  
Ауыр ой көлденеңдеп тұрар дайын.  
Жетінші август, жылында отыз жеті,  
Бұл қамаудан басталды қасірет-уайым.

Қошкенің зайыбы Гүлсім шешей ХХ партия съезінен кейін күйеуінің ақталған қағазын алып, 1965 жылы кішкен- тай жинағын шығаруға көп еңбек сіңірген. Ендігі арманы Қошкенің шығармаларын толық жариялап, әдебиетшілер тарапынан оған арналған жылы лебіз есіту еді. Бірақ ол арманына жете алмады. Бірақ аналық парызын орындап кетті. Балаларына түгел жоғарғы білім алуына жағдай жасады. Немерелері Ризабек, Гүлнәр да тіл мамандары. Ризабек Кемеңгеров атасының дәстүрін жалғастырып, ғылым жолын қуып, тіл-әдебиет методикасынан аспирант. Нарманбет өзінің немерелеріне араб әрпін үйретіп жүр. Кім біледі, бабаларының мұрасын зерттеп, жұртшылыққа танытатын, олардың орындалмаған арманын іске асыратын осылар болар.

### СЕГІЗ ҚЫРЛЫ БІР СЫРЛЫ

— Қайсы бірін айтайын, Құдайбергеннің жүріс-тұрысынан, ісінен, сөзінен парасат есіп тұрушы еді ғой. Кісілігі қандай еді. Кішілігі қандай еді,— дейді Қ. Жұбановтың зайыбы, бүгінде сексеннен асқан Раушан әжей өткен күндердің елесін еске түсіріп.— 1937 жылы Асқар деген кенже баламның туғанына алты күн толғанда Құдайбергенді «халық жауы» деп ұстап алып кетті. Құдайберген бұл кезде КазПИ-де профессор еді. КазЦИК-тің мүшесі болатын. Сал жылы, айналасы бір-екі айдың ішінде Құдайберген туралы газетке екі жалалы мақала шықты. Бірінші мақаланы жазған — бір үйде тұратын көршіміз, ал екіншісін жазған — Құдайбергеннің ең тәуір көретін шәкірттерінің бірі. Ұмытып қалмасам, соңғы мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 30 сентябрь күнгі нөміріне шықты-ау, деймін.

Күні бүгінге дейін көз алдымда, осы газеттегі мақаланы Құдайберген кешкілік шай үстінде отырып оқыды. Оқып шықты да, түсі қуқыл тартып: «Таза жігіт сияқты еді... Мынаған не көрінген?»— деді маған қарап. Мен не деуші едім... Әлден уақыттан кейін Құдайберген қолындағы газетті бір шетке лақтырып жіберді де: «Апыр-ай, бізге бұл не боп кетті?.. Бір-бірімізге күйе жағуды, бір-бірімізді қаралауды әдетке айналдырып алдық қой. Апыр-ай, бізге не боп барды?..» деп шекесін сығымдай ұстап, тұнжырап отырып қалды. Содан бір ай өтті ме, өтпеді ме, НКВД-ның екі қызметкері Құдайбергенді де үйден алып кетті...

\* \* \*

Ұлттық мәдениетіміздің үлкен жанашыры Қ. Жұбанов 1935 жылы 14 январьда «Лениншіл жас» газетіне жарияланған өзінің «Із — жас күш» атты мақаласында: «Ескіліктің сарқыншағын сүрлеп сақтап коммунизмге ала барғысы келіп жүргендер де, ескі мұраны солайымен өртеп жібергісі келетіндер де әлі жоқ емес. Мұның екеуі де біздің жаңа мәдениетімізді мандытпайтын жолдар» дей келеді де, әдебиетке, ғылымға келген жастардың халықтық мұраларға, мәдениетке ізгі ниетпен қарау керектігіне (әрине, бұндай пікір дәл сол кезеңде аса қажет, аса зәру еді!) тоқталып өтеді. Бұл ретте өзінің бір топ жастан зор үміт күтетінін айта келіп, соның ішінде Есмағамбет Ысмайылұлын ерекше бөліп атайды.

Араға екі жыл салып Е. Ысмайыловтың сол Қ. Жұбанов туралы «Социалистік Қазақстан» газетінің 30 сентябрь күнгі санына мақаласы жарияланады. Мақаланың аты — «Грамматикадағы анархия туралы». Енді осы көлемді мақаланы ықшамдап оқып көрелік: «Қазақ тілі, грамматика мәселесі көптен басынан таяқ кетпей келе жатқан мәселе. Буржуа-зияшы ұлтшылдар, зиянкестер бұл мәселеде талай-талай арамдық істер жүргізіп бақты. Ұлтшыл-фашист Жүргенов, Жантілеуовтер 1933—34 жылдары, сонан соң 1936 жылы майда болған мәдениет қызметшілерінің съезіне ездерінің зиянкестікпен жасаған проектісін, яғни Байтұрсыновтың араб әрпі кезіндегі «дәйекшісін» қолдау проектісін ұсынды. Әсіресе бұл проектіні қолдаған, оны «ғылыми» жағынан дәлелдеген Жұбанов жолдас болатын... Кейінгі практика Жұбанов жолдастың 1935 жылғы Жүргеновпен қосылған зиянды пікірінен қайтпағанын көрсетеді. Бұған Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасы» деген кітабы дәлел.

Алдымен сөйлем мүшелерін жіктеулерін алайық... Баяндауышты балаларға білдіру үшін мынадай мысалды алады: «Құжырайған шал ғой, не хабар біледі дейсің,— деді бір келіншек» (41-бет). Бұл мысал әрі жалпы көпке ортақ, Уничиный сөйлем емес, әрі өте ауыр сөйлем. Жалғау мен жұрнақты түсіндіргені де Байтұрсыновтікінен аумайды...

Тағы бір сорақылық: Жүргенов пен Жұбановтың құйрыштарының бірі — Жиенбаев деген бұл грамматиканың «талдаушы» деп, қосымша тағы бір зиянды кітап бастырып шығарды... Ұлтшыл-фашист Нұрсейітов болсын, Жұбанов болсын, қазақ тілінің орыс тілінен өзгешелігін мөлшерден тыс дәлелдейміз деп отырып, қазақ грамматикасының категорияларын, емле, термин принциптерін орыс тілінен мүлде алыстатуға тырысқаны қазір айдан ашық болып отыр. Жұбанов, Балақаевтар қай уақытта болсын Афанасьев, Шапошников, Шапиро грамматикасына қазақ грамматикасын қарсы қойып, дауласа кетеді. Ғасырлар бойы ғылымдық тәжірибеден өткен орыс грамматикасына жалпы тілге бірдей ережелері бізге де үлгі еді. Ал қазақ тілін осыған қарсы қоюдың өзі буржуазияшыл ұлтшылдықтың бір формасы емей ме?

Жұбанов грамматикасы мен Жиенбаевтың «талдаушының» ішінде алынған мысалдардың 70—80 проценті саяси зиянды сөздер екендігін, әсіресе екі мысалдың бірі

І. Жансүгіровтың өлеңдері мен сөздері екендігін және зйтпауға болмайды. Бұл грамматика қазақ тілінің мектепте оқылуға тиісті оқу кітабы емес, осы күнгі қолданып отыр-



ған емлемізге, үкімет қаулысына қайшы жазылған өте зиянды кітап...»

Бүгінгі ойлы оқырманға мақаланың қисынсыздығын ту- сіндіріп жатудың өзі, әрине, артық. Десек те, «білмекке құ- марлықтың» жетектеуімен, Қ Жұбановты; «Апыр-ай, бізге не боп барады бұл?...» дегізген осы түйткілді мақаланың ішінде аты аталған М. Балақаевпен және өзге де бірсыпыра ғалымдарымызбен жүздесіп, «мақаланың қателігі неде?» деген хрестоматиялық сұрақтың төңірегінде емес, «мақала неге жазылды?» деген «қиғаштау» мәселенің орайында әңгімелескен едік...

М. БАЛАҚАЕВ; Е. Ысмайыловтың тілші емес, әдебиетші екені өзіне мәлім. Атын атап, түсін түстеп қайтейін, Есма- ғамбеттің осы мақаланы жазуына сол кездері Қ. Жұбанов- тың беделін көре алмаған, «халық жауларын табуға» білек сыбана кіріскен бірер тілші-ғалымдарымыздың ықпалы бол- ды ғой деймін. Жіп те жіңішкерген жерінен үзіледі, 37 жылы сталиндік штамп, «айттым — бітті, кестім — үзілді» сынай- лы сталиндік стандартты көзқарастың үстіне өзіміздің әлеу- меттік сырқаттарымыз да үстеме болып жамылды...

Қ. Жұбанов ерекше дарын иесі еді. Жастарға деген қам- қорлығы — суалмайтын, тартылмайтын бұлақ іспетті еді. КазПИ-де профессор болып жүргенде студенттер арасынан талапты, зерделі жастарды танып-таңдап алып, олардың әрі қарай оқуларына барынша күш салатын. Қазіргі белгілі ға- лымдарымыздың бір тобы сол жылдары Қ. Жұбановтың жетектеуімен Ленинградқа, аспирантураға жіберілген бо- латын. Соның бірі мен едім.

Кезінде Қ~ Жұбанов ұлттық тіліміздің мерейі үшін көп айтысты. Әділ айтысты. Адал айтысты. Қазақтіл білімі сала- сында мәңгілік маңызын жоймайтын тұжырымдарын жанын салып қорғады. Шырылдап қорғады. Амал не?!

1938 жылы мені де «халық жауы Қ. Жұбановпен байла- нысың бар» деп партия қатарынан шығарды, жұмыстан бо- сатты. Осы жиналыста «халық жауымен неге жақын жүр- дің?» деген сұрақ та қойылды. «Қ. Жұбановтың халық жауы екенін білген жоқпын» деп жауап бердім. Иә, иә, дәл осылай жауап бердім. Осылай деуге мәжбүр болдым. Осылай деуге мәжбүр етті. Қате көзқарас, қате «қағида» ешуақытта үс,- темдік алмауы керек. Үстемдік алды екен, көкейіңдегі қым- бат ойыңның көзін бітеуге тырысады... «Бізге ұстаз болған- дықтан, Қ. Жұбановты ұнатқаным да рас еді...» дедім. Жи- налыста орысша сөйлегенмін. «Симпатизировать еткенім де рас еді» дедім. Ертеңіне «Социалистическая Алма-ата» (қа- зіргі «Вечерняя Алма-Ата») газетіне «Дело Балахаева»

дiген мақала басылды. Бұл мақалада: «...М. Балақаев партия жиналысында ұялмай-қызармай «кезiнде халық жауы Қ. Жұбановты ұнатқаным рас едi» дегенге дейiн барды» деп те жазылды...

Бiрсыпыра азаматтарымыздың бұған дейiнгi өзара түсi-нiспеушiлiгi, жұмыс бабындағы келiспеушiлiгi, пiкiр талас-тары, бас араздықтары 37 жылы өзгеше рең алып, өзгеше бiр сипатқа ұласып кетiп жатты. 37 жылы мен Казгосиздаттың бас редакторы едiм. Қызмет орайында талай авторлармен ренжiсуге, айтысып-тартысуға тура келдi. Сол жылдары жарияланған бiраз мақалаларда мен «халық жауы» болып жүрсем, ол — осы қызметiмнен тапқан «пайдам» ғой деп ойлаймын. Әлi есiмде, «жүйелей, нақтылай түсу керек» деп Есмағамбеттiң де бiр қолжазбасын қайтарып бергенiм бар...

**Р. Сыздыкова:** Бiзде ұлттық интеллегенциямыздың та-маша өкiлдерi туралы, олардың тағдыр-талайы туралы ар-наулы зерттеулер өте аз. Бiздiңше, осыған көңiл бөлу керек. Зерттеу керек. Интеллигенциямыздың тарихы — қоғамдық ой-санамыздың тарихы... Махамбеттiң «Азамат, сенi сақта-дым» деуiнде үлкен мән бар. Азаматтарымызды сақтай ал-маған 37 жылдың аласапыранын аттап та, айналып та өтуге болмайды. Бiрде Қ. Жұбановтың қатар өскен iнiсi Ахмет Жұбановпен жолыққанымда: «Бiздiң Құдайбергенге 37 жылы «ұлтшыл» дегенмен бiрге «жапонның тыңшысы» деген айып та тағылыпты ғой...» деп қамыға әңгiме айтқаны бар. Халыққа шыншыл тарих беруiмiз үшiн заманның шындығын толық, тұтас ашып көрсетуiмiз керек.

**Бiр ғалым:** «Мен қорқып қалған адаммын, қарағым. Әлi де қорқам. Көрген-бiлгенiмдi, көкейге түйгенiмдi айтайын. Бiрақ аты-жөнiмдi атамай-ақ қой» дегеннен кейiн пiкiр иесi-нiң өтiнiшiне құлақ аспауды орынсыз санадық: «37 жылғы сталиндiк репрессия халықтың арасында қорқыныш, үрей туғызды. Қорқу, үрку жүрген жерде қиянат та жүредi екен. Осы қорқудың салдарынан талай адамдар өзiнiң не iстеп, не қойғанын бiлмей де қалды. Оның үстiне «пәлен деген шпiон-ды ұстадық», «түген деген ұлтшыл-фашистердi ұясын тан-тық» деп жалған атақ-абыройға құныққан НКВД бiреудi ап-дап, бiреудi арбап дегендей, талайларды адастырды. Бұны — бiр де.

Екiншiден, заманына сай түрленiп шыға келетiн пысықтар пайда болды. Бұндай мансапшыл, шенқұмар чиновниктер жоғары жақтың оң қабағына iлiуге, көзге түсуге тырысты. Шындығы керек, бұлардың бiразының қызметi де өстi.

Бұндайлар да сол жылдары санасы сергек, ойы жүйрік азаматтарымыздың қырғынға ұшырауына «үлкен үлес қосты».

Үшіншіден, ұлттық нигилистердің күні туды. Шолақ ойлы, шала сауатты бұлар халқымыздың тарихын тап бір өз қолымен жасап алғандай «анауы жарамсыз, мынауы керексіз» деп, тұтас тарихты қырық жерден қикалап аяқ асты етті. Рәсуа етті. Ұлттық мәдениеттің жанашырларын тегіс (!) «ұлтшыл» қылып шығарды. Қайсы бірін айтарсың, ең жаманы — бұлар үлкен күшке айналды. Олардың қате пікірлері қағидаға айналды. Осындай оспадарлардың «тап жауларын, тап дұшпандарын әшкерелеген, халық жауының бет-пердесін сыпырған» құлаш-құлаш «ғылыми», «сыни» мақалалары — әлекедей жаланып отырған НКВД үйіін «таптырмайтын, бұлтартпайтын аса құнды материалдар» еді. «Жаман — заманның құлы болады, жақсы — заманның ұлы болады» деген сөз ып-ырас қой. Заманның құлы кө- \* бейіңкіреп кеткен кезең еді ғой ол... Тағы бір сорақысы — бұлар сол кездегі жөнсіздікті сезініп, үнсіз қалғандарға «олар неге халық жауларын әшкерелуге қатыспайды? Халық жауларының қылмысын неге жасырып отыр? Бұған төзуге болмайды» деп ұрандатты. Міне, осындай қорқытып-үркіту- дің дүмпуіне шыдас бере алмаған рухы жасық біраз адамдар лажсыздан замана науқанына «үн қосқан» еді.

Төртіншіден, етектен тартқан ежелгі күншілдік, жікшіл- дік бой көтерді. Біраз пысықтар заманның ыңғайын біреуден өш алуға, біреуге қысастық жасауға пайдаланды. Ол кездері біреуден өш алуға «алашордашыл», «ұлтшыл» деген екі сөздің өзі-ақ жеткілікті еді. Қастасына қара күйе жағу үшін НКВД-нің есігін күзетіп, табалдырығын тоздырғандар да біреу емес, екеу емес, едәуір болды. «Үдайы зарлы, мұңды әндер айтады. Өкіметтің өз өлеңін айтудан неге қашқақтай- ды?» деп бір әншіге жала жапқан есірікті де білем.

Осындай аласапыранда адасқандар да, аяғын жаңсақ басқандар да аз болған жоқ. Ауыр болса да ашығын айтайын ә дегенде адасқандардың ішінде Есмағамбет те болды. Есма- ғамбет те құқайды аз көрген жоқ. Өзіне де «ұлтшыл» деген айып тағылып, түрмеге де отырып шықты. «Қозы Көрпеш»... жырында айтылмаушы ма еді: «Өткен іске өкініп біз кетелі» Жоғарыдағы жаңсақ мақаладан Есмағамбеттің әдебиетта- нуымызға қосқан үлесі, сіңірген еңбегі аз деп ешкім айта алмайды. Айтуға тиісті емес. Енді мына қызықты қараңыз, Қ. Жұбанов пен Е. Ысмайыловтың еңбектерін зер сала оқып шықсаңыз, екеуінің пікірлес, ниеттес болғанын аңғарасыз. Әсіресе екеуінің халықтық мұраларға деген ізгі ниеттері



бір-бірімен үйлесіп, үндесіп жатады. Әлгіндегі «өкінді» деген сөзімді де осыдан шығарып айтып отырмын. Қалай өкін- бесін? Өкінді гой... Жалпы, өкіну, опыну — ар-ожданның ісі, ал мойындау... Әзиз Несиннің әзіл әңгімесінде айтылмаушы ма еді: «Жария түрде мойындау — ол енді ұлылардың үлесі, ал мені мен саған үнсіз мойындаудың езі — үлкен ерлік»,— деп. Ғалымымыздың бұл сөзін ара ағайын, Башқұртстан халық жазушысы Сәйфи Құдаштың естелігі де айқындай түскендей: «М. Жұмабаев жөнінде мен 1964 жылы бірінші рет марқұм профессор Есмағамбет Ысмайыловтың пікірін есіттім. Оның ойынша М. Жұмабаев — Абай мен қазіргі совет позициясының арасындағы поэтикалық көпір... Профессор Мағжан шығармаларын қайта шығаруға бөгет болып отырған екі себепті атаған. Бірінші себеп — М. Жұмабаевтың қазір мүлде қолайсыз жағдайға тап болған бақас дұшпандары. Бұрын олар ақынды әшкерелеген, ал енді қазір жол айырығында тұр: не бір кезде жіберген асыра сілтеушіліктерін адал ниетпен жөндейді, не «принциптілік, тиянақтылық» көрсетіп, ақынға берілген ескі бағадан айнымайды. Кейбір аса ықпалды кісілер екінші жолды қалап алып, өздерінің абырой-беделін сақтаймыз деген алдамшы сезімді жалпы қазақ әдебиетінің абырой-беделінен жоғары қояды. Мұның екінші себебі, профессор айтқандайын, жазушылардың әр түрлі топтары творчестволық мәселелерден аулақ жатқан пиғылға беріледі де, М. Жұмабаев творчествосын бағалауға келгенде, бір-біріне мүлде карама-қарсы көзқарасты жақтайды. Мен мұны топшылдық дер едім.» (Қазақ әдебиеті», № 52, 1988). С. Құдашқа Мағжанның тағдыры жөнінде уайым жей, күйзеле айтқан осы әңімесінің барысында профессор Е. Ысмайыловтың бір бүйірінде... профессор Қ. Жұбанов жатпады деп айтуға, әрине, ауыз бармайды.

Сол жылы, яки 37 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде «тілдің қамын ойлаған» Жолымбетов, Әлжанов, Әуесқанов сынды күшеншек сыншылардың Қ. Жұбановтың кітаптарынан сорақылық, «саяси қате тапқан» мақалалары жарық көреді. Мұндай «қоғамдық пікірлерді» көзден қақас қалдырмайтын НКВД көп ұзатпай Қ. Жұбановты да ұстайды...

\* \* \*

Қ. Жұбанов қандай ғалым еді, қандай азамат еді.

«О кезде КазПИ-дің барлық мамандықтарындағы орыс бөлімдерінде қазақ тілі жүретін. Қ. Жұбанов біздерді, қазақ студенттерін орыс группаларына бөліп, жатақханаларда,

институт аудиторияларында қазақ тілінен қосымша сабақ-тар өткізуді тапсыратын. Бұның екі жақты пайдасы бар деп тусіндіретін: әрі орыс жолдастарыңа қазақ тілін білуге көмектесесің, әрі озың орыс тілін үйренесің дейтін. Біз солай істедік те». (Ө. Ермаков. «Абзал жанды аяулы аға», «Оңтүс-тік Қазақстан» газеті, 1964, 10 декабрь).

«Қазақстанда емле, термин мәселелері реттелмеген ұлт-тар бар. Мәселен, ұйғыр, дүнген. Ұйғыр халқының республикалық мәдениет съезі емле, термин мәселелерін қарағанда осы профессордың (Қ. Жұбановты айтып отыр) аянбай ат салысқанын көрдік. Талай ғылыми түйіндерді шешіп берді. Ұйғыр халқы қандай риза болды десейші. Биыл ол ұйғыр халқының тіл маманын әзірлеуге де ат салысып жүр» (Ғали Орманов. «Профессор», «Социалистік Қазақстан» газеті, 1937, 21 март).

«Проф. Қ. Жұбановтың айрықша көңіл қойғаны — өлі түбірлер мен өлі жұрнақтар жайы. Сірә, өлі форматтарды іздестіріп табу оның тілдік құбылыстардың даму тарихын осы күнгі тірі тілдің өз ішінен іздеу сияқты әдісінен туса керек. Көз бен көр, жан мен жақ, ұят пен ұял, өгіз бен өкір тәрізді сөздерді, олардың соңғы дыбыстарын ажыратып-боршалаған және оның мәнін қазіргі поляк тюркологы Зай-ончковский мен қырғыз қаламдасымыз Б. Юнусалиевтен бұрын айтқан адам, біздіңше Қ. Жұбанов болар...

...Тіл зерттеушілері үшін Қ. Жұбановтың үлгі боларлық тағы бір қасиеті — оның полигот (көп тілді білген) болғандығы. Оның араб, парсы, неміс, ағылшын, француз, көне түркі тілдерін меңгергені, тіпті жапон тілін зерттей бастағаны белгілі. Немісше цитатаны ойша келтіруіне, неміс авторларына көбірек сілтеме жасауына қарағанда немісше еркін оқи алғаны байқалады» (Р. Сыздықова. «Ғалым-азамат». «Қазақстан», 1966).

Профессор Құдайберген Жұбанов қазақ тіл ғылымының барлық саласына (термин, емле, фонетика, морфология, этимология, синтаксис, ономастика, әдеби тіл мәселелері, тіл тарихы және т. б.) тегіс ат салысқан. Және осы саладағы еңбектері әлі күнге маңызын да, мәнін де жоғалтқан жоқ. Ғалымның артында қалдырған аманат-мұралары — әлсін-әлсін қайта оралып отыруды тілейтін және әр оралған сайын жаңара, жасара беретін өміршең дүниелер.

Қ. Жұбановтың ерекше бір қасиеті-нені зерттесе де қопара, қотара зерттейтіндігі. Әсіресе ғалымның тілдік материалдарды жалаң алып қарастырмай, оны сол кездегі тілге қатысы бар мәселелермен, саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдайлармен байланыстыра сабақтастыра отырып

қарастыруы, яғни тілді мәдениеттің өлшеуіші деп тануы, тілдің өркендеуін — дамуымыздың, өсуіміздің басты өлше- міне балауы, қазіргі тілші-ғалымдарымызға үлгі боларлық- тай. Бір өкінерлігі — ғалымның осындай еңбектерінің біразы әлі зерттеушілеріміздің назарынан тыс қалып келеді. Енді біз соның біріне тоқтала кетелік.

Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңы- зын жетік білумен қатар, патша үкіметінің отарлау саясаты- ның халықты қараңғылықта тумшалап ұстауға тырысып баққанын, қаскөй саясаттың халықтың қоғамдық ой-сана- сының табиғи жетілуіне көп зиян тигізгенін жете зерттеген Қ. Жұбанов 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне (20 но- ябрь, № 35) «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» атты мақа- ласын жариялайды. Ғалымның осы мақаладағы ой-қоры- тындылаулары өзінен жиырма жылдан астам уақыттан ке- йін жазылған академик А. Панкратовтың еңбектеріндегі тұжырымдармен егіз қозыдай ұқсас екенін көргенде, Қ. Жұ- бановтың тарихты терең білгеніне еріксіз тәнті боласыз. Енді мақаланы ықшамдап оқып көрелік: «Қазақты патша үкіметі билегеннен қазақ мәдениетіне қаншама зиян келге- нін зерттеген бізде адам жоқ. Бұл жөнінде сөз қылған адам не пайда келгенін немесе пайда «бермегенін ғана караумен жүр.

Рас, Ресейге қарамастан бұрын да қазақта шығандап кеткен мәдениет жоқ еді. Үстірт қараушы: «Өзі жоқ мәдени- еттің несін жоғалтасың» деуі мүмкін. Бірақ адам болған соң, қоғам болған соң, қандай да болса оның бір мәдениеті бол- мақ. Әңгіме — соның қандайын жоғалтуда.

Қазақ елін бір қылып, қонысын бірлестіріп, басын қосып, бір тілмен сөйлетіп, бір текті мәдениет құрғызған жағдай патша Ресейіне қараған дәуір емес. Бұл одан үш жүз жыл бұрын басталған болатын. Сол үш жүз жыл — қазақ мәде- ниетінің ішкі ой- шұқырын соншама тегістеген, мәдениет қалпы жағынан соншама бірлесгірген. Бұған танданбасқа болмайды. Басқасын қойып, бірлескен қоғамның ішкі қа- тынасының негізгі\* айнасы болатын тілді алсақ, қазақ тілін- дегідей бір өңкейлікті, бір қалыптылықты басқа тілдерден өте сирек ұшыратуға болады. Қазақ тілінде ешбір диалек- тілік жоқ. Осы күні ғана болар-болмас жарқыншақ барын сезіп жүрміз. Сонда да бұл сияқты тіл бірлігі маңайдағы тіл- дердің ешқайсысында жоқ. 4—5 миллиондай халық, қазақ жеріндегі ұшы- қиырсыз шалқыған кең даланы алып жатып тұрып, қалайша мұндай тіл тұтастығын жасай алды деген сұрау — танданбастай нәрсе емес. Мұнан 5—6 есе аз, жері

мүлкінен 20 есе шығын тілдердің ішкі айырмашылығы сонша күшті, қайбір диалектіліктері олар тілге қосудың өзі даулы болып қалады. Тілдегі мұндай тұтастық, бір ізділік тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді.

...Көшпелі мал шаруашылығы және жер-мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен араласуына, Ертістен көшіп, Сыр құлауына, Шудан көшіп, Жайық келуіне толық мүмкіндік беретін еді. Бір ру мен екінші ру ғана емес, ол кезде бір жүз бен екінші жүздің от-суы, әр малдың әр маусымдағы жайылымы қазақ елін қыдыртып, бірінің үстіне бірін құлата беруші еді... Осылардың нәтижесінде қазақ мәдениетінің, соның ішінде қазақ тілінің бірігуі, тұтасуы, өзінше өркендеуі пайда болды.

...Ресейге қарағаннан бері бұл жағдай жоғалды. Шет жаудан қорғау міндеті де, ішкі көпшілікті дегеніне көндіру міндеті де үкімет қолына көшті. Бұрын мал бағып, малы мен басын қорғауға қоғам болған қоғамдық санасы бар қазақ енді тек малшы болды. Өз малы мен өз басының қамынан басқа оған ойлайтын нәрсе қалған жоқ. Сөйтіп, азаматтық санасы кеміді. Ел қолына тигені — ауылнай, болыс қол асты. Сондықтан соңғы 40-50 жылда (1868 жылдан кейінгі уақытты айтып отыр) қазақтың үстем табының ісі де, ермегі де осы ауылнайлық пен болыстық болды. Жер пайдалану жолының жаңа түрі ауылда крепостнойлыққа ұқсас қатынас тудырды.

Қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр үй жерге арқандала бастады. Қатынас тоқтады. Әр жердегі қазақ әр түрлі жағдайда күнгеріс жасап, өзі бетімен кетуге, мәдениет бірлігін сөгуге айналды...»

Осындай тарихи жағдайлардың халықты берекесіздікке ұшыратқанын айта келіп, Қ. Жұбанов қазақ халқын мұндай мешеу халден құтқарған төңкеріс, яғни Ұлы Октябрь революциясы екенін байыппен жеткізеді. Ұлы төңкеріс әперген теңдік аясында ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық тіліміздің дамуы жайлы, олардың алдында тұрған міндеттер жайлы келелі, кеңесті сөз қозғайды. Бұл мақаланың дәл осы кезеңде жазылуы, яки «патша самодержавиясына қарсы күрес — орыс халқына қарсылық, патшаның отарлаушы әкімдері — шынайы достарымыз, жанашырымыз еді» дегенге саятын қисық тұжырымдардың орныға бастаған кезде жазылуы интернационалист, энциклопедист ғалымның ғалымға адал, тарихқа әділ, тілге жанашыр, ар-ожданының алдында таза екенінен хабар бергендей.

Бүгінгі күні алдымызда тұрған үлкен міндет — Қ. Жұбановтың барлық еңбектерінің толық жинағын шығару. Екінші бір міндет — Қ. Жұбановтың жоғалып кеткен зерттеулерін іздестіру. Мәселен, ғалымның «Қазақтардың малға айтатын одағайлары» деген атпен 1937 жылы баспаға өткізген еңбегі ұшты-күйлі жоғалған. 1936—37 жылдары профессор Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі жөнінен зерттеулер» деген жалпы атпен баспалардан ұзын саны 10 еңбегі жарық көруге тиісті екен. Соның тек екеуі ғана («Из истории по- рядка слов в казахском предложении», «Заметки о вспомо- гательных глаголах») жарық көрген. Қалғандарының тағдыры белгісіз. Қ. Жұбановтың ұлы, филология ғылымының кандидаты Есет Жұбановтың айтуынша, баспаның «Қ. Жұбановтың еңбектерін қабылдап алдық» деген қағаздары табылған. Бірақ белгісіз себептермен бұл еңбектер басылуға дайын тұрған жерінен жоғалып кеткен.

Қ. Жұбановтың жоғалған зерттеулерінің ішіндегі аса құндылары мыналар: «Қазақ тіл білімі мәселелері» деген кітабының қолжазбасы. «Фонетика» деп аталатын ғылыми грамматика курсының I томы, А. Самойловичпен бірігіп баспаға дайындаған «Қазақ тілінің академия сөздігінің» I-ші бөлімі.

Бәлкім, осы еңбектердің бәрі болмаса да біразы біреулердің қолында я түрлі архивтерде жатуы әбден ықтимал...

\* \*\*

Есет Жұбановтың архивінде шет-шеті жемірілген, сарғайған торкөз дәптер сақтаулы. Әкесінің әр жылдары қағазға түсірген кеңіл-күй елеңдері. Көңіл күй соқпалары...

Қапа боп, кайғы шекпе, кайран акам,  
Елдегі қатар-қурбы болсын аман.  
Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ,  
Тағдырдың зорлығыша бар ма шарам?

\* \* \*

Бір басты, екі аяқты болсаң адам,  
Кез келмек бірде жақсы, бірде жаман.  
Бұл күнде тозған — озып, толған — солып,  
Түсіп тұр басымызға қыңыр заман.

\* \* \*

Ойлама «су түбіне кетті енді» деп,  
«Қайтпайтын сағатына жетті енді» деп,  
Тәңірім өміріме саулық берсе,  
Жақсылық күн барына етпеймін шек...

## РЕВОЛЮЦИЯ САРБАЗЫ<sup>1</sup>

Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев 1860 жылы дүниеге келген. Арғы тегі Әбілқайыр ханнан тарайтын ақсүйектер әулетінен шыққан Бақытжан жасынан зерек болып өсті. Ол әуелі ауыл мектебінен сауат ашады. Кейін Орынбордағы азаматтық гимназияға түсіп, 1886 жылы сәтті бітіріп шығады.

Сол жылы білімге құштар жас жігіт гимназияны мүсе тұтпай Санкт-Петербургтегі императорлық университеттің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1890 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. Реті келгенде айта кетейік, Бақытжан Қаратаевпен сол университетте бірге оқыған Барлыбай Сыртанов, Жанша Сейдалиев сияқты көзі ашық, көкірегі ояу жігіттер де кейін халқының жоғын жоқтап, сойылын соғатын атпал азаматтар атанып, ел аузына ілігеді. Студент кезінде Бақытжан Қаратаев туған халқының тарихын зерттеп, мақалалар жаза бастайды. Студенттер қозғалысына белсене араласып, астыртын ұйымдарға қатысады. Бақытжан Қаратаевтың осындай оғаш қылықтарын сезіп қалған университет инспекторы оны әлденеше рет өзіне шақырып, бұдан былай астыртын жиналыстар мен студенттік қозғалыстарға енді қайтып қатынаспайтындығы жөнінде қолхат та алған көрінеді. Мұның бәрі дерлік оның студенттік іс қағазына тігулі.

Қайтсе де зерек жігіт өзінің терең білімімен университет профессорларының ішкі патына бөленген еді. Сондықтан да, ол университетті ойдағыдай бітіріп шығады. Оған әкімшілік сенатына шенеуніктік жұмысқа жолдама береді. Бірақ тарихтан мәлім, 1891 жылы патша үкіметі Қазақ өлкесін басқарудың жаңа Далалық ережесін даярлап жатыр еді, сондықтан олар үшін әкімшілік сенатында шенеунік қазақтың жүргені қауіпті болып көрінсе керек. Сөйтіп, жоғары білімді юрист қазақ Бақытжан Қаратаевты қазақ қоғамына араластырмау мақсатымен көз керіп, құлақ естімеген Ку-таис қаласына тергеушілік қызметке жұмсайды.

Ол Грузиядан туған жері Орал облысына 1897 жылы бір-ақ оралады.

Туған жерге оралып, елдің қиын халін көрген Бақытжан Қаратаев заң қорғаушы міндетін атқара жүріп, қазақтарды оқып-білім алуға үгіттеп, халықтың саяси көзін ашуға күш

<sup>1</sup> Материалды баспаға дайындаған қызы Салтанат Исмағұлова

салды. Сөйтіп, азғантай уақыттың ішінде оның есімі ағартушы, қамқоршы адам ретінде құрметпен атала бастады.

Туған халқын құлдық бұғаудан құтқару мақсатымен патша әкімшілігімен ымырасыз күрес жүргізу үшін ол саяси астыртын күштермен араласуды көздеді. Әр түрлі кінә тағылып, Орал қаласына жер аударылған саяси тұтқындар Савин, Кранихфельд және басқалармен тығыз байланыс жасап тұрды. Бұл жөнінде ол өзінің «Орал губерниясындағы революциялық қозғалыстың тарихына қосымша» деген еңбегінде әңгімеленген. Орайы келгенде айта кетейін, кезінде Ш. Шафиро деген тарихшы жаңағы аталған еңбекті архивке әзірлеу барысында жазған қысқа аннотациясында оның авторы Шириявцев деп көрсеткен. Бұл барып тұрған бұрмалаушылық. Біз білетін Алексей Шириявцев орта, жоғары білімді айтпағанда, бастауыш мектепке де оқымаған, қараңғы адам. Өмір бойы ұсталықпен айналысқан қарапайым жұмысшы. Ол большевиктік астыртын ұйымға белсене қатысқанымен, тарихпен айналысуға білімі жетпеген. Бәлкім, Оралда айдауда жүрген социал-демократтардан Шириявцевтің қолына кейбір деректер түскен де шығар, жоғарыда аталған еңбегін жазу үшін Бақытжан Қаратаев ескі танысынан сол деректерді алуы да мүмкін.

1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы жаңа басталған кезде Бақытжан Қаратаев кадет партиясының мүшесі еді. Алайда Орал қазақтарының атынан II Думаға депутат болып сайланған ол мұсылмандық фракцияның құрамына енеді. Мұны 1907 жылы Петербург пен Москвада басылып шыққан Дума мүшелерінің партиялық топқа бөлініп жасалған тізімі дәлелдейді. Демек Бақытжан Қаратаев сол 1907 жылы Татар социал-демократтарының органы «Урал» газетіне орыс жұмысшыларына бағыштап, патша самодержавиясы барлық езілуші халықтың қас жауы екендігін ашына айтып жазған мақаласы жарияланғаннан кейін, кадеттерге деген көзқарасын мүлдем өзгерткен. Олардан іргесін аулақ салып, аграрлық саясаттарын қолдамаған.

1905 жылы орыс революциясынан көп үйреніп, көп тоқыған Бақытжан Қаратаев I Дума басталғанға дейін де, одан кейін де аграрлық мәселемен Петербургке бірнеше қайтара барып, көшпенді және жартылай көшпенді қазақ шаруалары мен жарлыларын отырықшылыққа көшіру мәселесін ұсынып, отаршылдықпен жер қорын ұлғайта түсу саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол отырықшылыққа бейімделе бастаған қазақ ауылдарына мектеп ашып, білім ұрығын себу үшін де күш-жігерін аямады. Қазақтарды, ата кәсібі мал бағумен бірге, құнарлы жерлерге егін салумен айналысуға

үгіттеді. Жұртқа үлгі көрсету үшін өзі бас болып соқа мен жер жырттып, егін өсірді.

Мемлекеттік II Думада Бақытжан Қаратаев көрнекті юрист-аграрниктердің қатарында аграрлық комиссияның құрамына енді және осы Думаның аграрлық мәселені тал-қылаған планарлық мәжілісінде сөз сөйлеп, патша үкіметінің аграрлық саясатын қатты сынға алды.

«Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегінде В. И. Ленин шешендердің қатарында Б. Қаратаевтың да есімін атап, оның «ұлт өкілдері» атынан сөйлеген сөзінен мысалдар келтірген.

Өйткені Б. Қаратаев өз сөзінде патша үкіметінің аграрлық саясатын сынай келіп, қазақтың жер жағдайына байланысты маңызды дәлелдер келтіреді. Мысалы, ол II Думада сөйлеген сөзінде бұның бәрі: «Ішкі Россиядағы 130 000 помещиктердің жағдайын ойлағандықтан» '...және «солардың жанын сақтап қалу үшін жасалып отырған қулық екенін айта келіп: «...Орыстың қарапайым еңбекшілері мен интеллигенциясы бақытсыз қырғыз-қайсақтарды жәбірлеп жатқандарға қарсы шығып, қамқор қол ұштарын беретініне сенемін» деген еді. Интернационалист Б. Қаратаевтың осы тарихи тамаша сөзін біздің кейбір ғалымдарымыз бұрма-лап, басқа мағына беруге тырысады, одан қалған творчестволық мұраны жан-жақты асықпай зерттеуге келгенде құлықсыздық танытады. Осының салдарынан ірі қоғамдық қайраткердің революциялық-демократиялық, қоғамдық-саяси қызметі бұрмаланып келді.

Айтқан ой-пікірлерім дәлелді болу үшін ғалым Б. Сүлейменовтың 1963 жылы жарық көрген «Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX начала XX вв» деген монографиялық еңбегінің 112—113 беттерінде автор былай дейді: «В. И. Ленин подверг критике выступления некоторых представителей национальных минлиниств, в том числе депутата от Уральской области Б. Б. Каратаева». Міне, құрметті ғалымымыз Б. Сүлейменов одан әріге бармады. Тіпті ол Бақытжан Қаратаевтың сөзіндегі патша үкіметінің үлкен тірегі, дәлірек айтқанда 130 мың помещикті қатты сынға алғанын ескермеген.

Тарихтан белгілі жай, III Думаға қазақтардан бірде-бір депутат сайланған жоқ. Бірақ мұсылмандар фракциясының мүшелері оны аграрлық мәселе бойынша қабылданатын ереженің жобасын жасауға көмектесу үшін Петроградқа арнайы шақырды. Қазанда басылып шыққан «Депутаты I, II, III Думы» деген жинақта Б. Қаратаевтың суреті басылып, ол



III Думаның депутаты болмаса да, мүшелерден артық еңбек сіңірді деп түсініктеме берілген.

1908—1911 жылдар арасында Бақытжан Қаратаев ел аралап, үгіт-насихат жұмысымен айналысты. Отырықшы болудың мәні мен пайдасын айтып, кешпенді халықтың са-насын оятуға тырысты. Қазақстаннан шыққан жоғары білімді юристердің, дәрігерлердің, малдәрігерлерінің, мұғалімдердің барлығы 27 интеллекттің басын қосып, Орал қаласында кәсіподақтардың жасырын ұйымын құрып, басшылық етті. Ұйым мүшелері Бақытжан Қаратаевтың «Қазақстан» деген газет шығару туралы ұсынысын бірауыздан қолдады, елді аралап жазылуға үгіттеді, газеттің идеясын, кімнің жолын жоқтап, мұның мұндайтынын насихаттап, қаржы жинады. Сөйтіп, «Қазақстан» газетінің бірінші нөмері 1911 жылдың 16 марты күні Ордада қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Солшыл революционер-демократ ретінде Бақытжан Қаратаевтың халық алдындағы беделі жоғары еді. Ал социал-демократ большевиктер мен прогресшіл қазақ интеллигенциясы оның терең білімі мен халқы үшін ештеңеден тайынбайтын батылдығын жоғары бағалайтын.

1916 жылы қазақ даласының ашық аспанын қара бұлт қаптады. Елді үрей биледі. Міне, осындай ел басына күн туған алмағайып заманда Бақытжан Қаратаев баяғы университет қабырғасынан ажырамас досы көкшетаулық юрист Жанша Сейдалинмен бірге Петроградқа арнайы сапар шегіп

IV Мемлекеттік Думаның өкіліне қырғыздар туралы түсінік хатын тапсырды. Бұл хатта олар қазақтарды қара жұмысқа алу жөнінде 1916 жылы июнде шыққан әйгілі Жарлықты қайта қарауды талап етті. Жарлық шыққаннан бері жергілікті билеушілер мен әскері әкімшілік 19 бен 31 жастағыларды ғана емес, пара бергендердің айтуымен жасы 19-ға жетпеген бозбалалар мен 31-ден асып кеткендерді де қойдай көгендеп әкетіп жатқандарын ашына айта келіп, бұл Жарлық заңсыз деп батыл тұжырым жасайды. Сонымен бірге жергілікті билеушілер мен әскери әкімшілік ойына келгенін істеп, қарапайым халыққа зорлық-зомбылық көрсеткені, жаппай қамауға алып, тергеусіз соттап жатқаны туралы Мемлекеттік Думаға хабарлап, тиісті шара қолдануларын талап етеді.

Қазақтың екі үлкен азаматы Бақытжан Қаратаев пен Жанша Сейдалиннің бастарын қатерге тігіп, патша Жарлығының заңсыздығын дәлелдеп, қатаң сынға алуы ерлікпен пара-пар еді.

1917 жыл апрель айында Уақытша үкімет соғысты жалғастыра беру мәселесін талқылау үшін Россияда өмір сүретін барлық мұсылмандардың өкілдерін жинап мәжіліс өткізді. Мәжілісте Бақытжан Қаратаев Уақытша үкіметтің соғысқұмарлық саясатын сынап, «майдандағы солдаттардың барлығын үйлеріне қайтару керек» деген ұран тастады. Оралға қайтып оралған соң, ол социал-демократ большевиктердің мүшесі ретінде партия билетін алды.

Октябрь революциясының дүмпуі қазақ даласына да жеткен шақта Бақытжан Қаратаев Орал большевиктерінің көтерілістеріне белсене араласып, ел ішінде Октябрь идеясын насихаттап лекциялар оқып, халықтың саяси сауатын ашуға бар күш-жігерін жұмсады.

Ол 1918 жылдың январь мен февраль айларында, қақаған қыс ішінде Орал облысында алғашқы Совдептерді құру үшін алыс аудандарға сапар шекті. Облыстық Совдептің мүшелігіне сайланып, Юстиция комиссары міндетін атқарды.

Бірақ революция жаулары да қарап жатпады, сол жылдың 29 мартына қараған түні ақказактардың әскери «үкіметі» облыстық Совдепті құлатып, большевиктер мен комиссарларды тұтқынға алды.

Ақказактардың әскери үкіметі 15 апрель күні Бақытжан Қаратаевты үйінен тұтқынға алып, ату жазасына кесті. Алайда жазалаушы орган халық арасында өте беделді большевик Бақытжан Қаратаевты қолма-қол атып тастауға батылдары жетпей біркісілік камераға қамады.

Түрмеде Бақытжан Қаратаев басқа салғанға көніп, қол қусырып қарап отырмады. Кулаков, Горбачев, Графов және басқа большевиктермен бірге астыртын топ құрып, революциялық істерін одан әрі жалғастыра берді. Тұтқында отырған он айдың ішінде ол арнайы күнделік жазып, астыртын түрде әйелі Саржанның қолына жеткізіп отырды. Юрист ретінде кейбір саяси тұтқындарға шығарылған ауыр үкімді жеңілдетуге күш жұмсады.

Бақытжан Қаратаев пен басқа да тұтқын-большевиктерді 1919 жылдың 24 январь күні Чапаев дивизиясының Пляскунов пен Горбачев басқарған атты әскери бригадасы құтқарды.

Ол тұтқыннан босанған соң да жасы ұлғайғанын, денсаулығының нашарлағанын сылтау етпей, ел ішіндегі ұлы өзгерістерден шет қалмай революциялық істерге белсене араласты. Сол жылы 4-армияның революциялық әскери советінің ұйымдарымен Орал облыстық революциялық комитет құрылып, мүшелерінің бірі болып Бақытжан Қаратаев сайланды. Әрі ұлт мәселелері жөніндегі коллегияның мең-

герушілігіне тағайындалды. Ол ақсақалардан тазартылған аудандарда Совет өкіметін орнатуға белсене кірісті.

РСФСР Халық Комиссарлары Советі 1919 жылдың 24 июлінде Бақытжан Қаратаевты Қазақ өлкесін басқаратын әскери-революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындады. Мандатқа В. И. Ленин мен М. Фотиева қол қойған.

Өмірдің соңғы жылдарында Бақытжан Қаратаев Ақтөбе қаласында тұрып, бірыңғай творчесволық жұмысқа бет бұрды. Ел аралап көне құнды кітаптар, шежіре материалдар жинастарды. Соның нәтижесінде қазақ халқының шығу тарихын жоспарлап, 62 пункттен тұратын программа және кітап жазуға пайдаланатын түпнұсқалардың тізімін жасады.

Қарт большевиктің революциялық еңбектерін ескерт және денсаулығының нашарлығына байланысты Ақтөбе облыстық атқару комитетінің президиумы 1932 жылы 2 декабрьде Бақытжан Қаратаевқа айына 300 сом мөлшерінде арнайы пенсия тағайындады.

Жасының ұлғайғанына, денсаулығының нашарлығына қарамастан, Бақытжан Қаратаев ел басына түскен нәубет — 1932 жылғы аштыққа қарсы қолынан келген көмегін аямады.

Жалынды революционер, ғалым, тарихшы, журналист Бақытжан Қаратаев 1934 жылы 26 августе 74 жасқа қараған шағында дүние салды.

## АЙТЫЛМАЙ ЖҮРГЕН БАТЫРЛАР

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар бағында 28 батырдың бәрінің бірдей портреттері ілінбегеніне «Өркен» газетінің оқырмандары орынды назар аударыпты. Шынында, портреттер неге 28 емес? Тағы екі батырдың суреті қайда, олар кімдер? Қазіргі қайта құру мен жариялылық заманы мұндай сауалдарға ашық жауап беруді мүмкін етіп отыр. 1984 жылғы 5 сентябрьде «Социалистік Қазақстан» газеті «28 батыр» деген проблемалы мақала жариялап, бірқатар ұсыныстар қатарында батыр-панфиловшылар есімін өздерінің атымен аталатын бақ ішінде жаңғырту қажеттігін айтқан еді. 1985 жылдың көктемінде, Ұлы Жеңістің

40 жылдығы қарсаңында, Даңқ мемориалы жанындағы аллеяға тізіліп, батырлардың суреттері бар ескерткіш-тұғырлардың бой түзеуін республикалық партия газетінің пәрменді үн қатуының нәтижесі іспетті қабыл алғанбыз. Алайда 28 батыр аллеядан түгел орын алмады...

\* \* \*

Алдымен 28 гвардияшы-панфиловшылардың өшпес ерлігіне шағын шегініс жасайық... Неміс-фашист басқыншыларының Ұлы Отанымыздың астанасы — Москва түбінде талқандалуының басы ретінде танылған, жалпы, жеңімпаз Қызыл Армиямыздың азаттық жолындағы жеңісті жорықтарының тұңғыш қарлығашы, тіпті күзгіндар ұясының біржола күйреуін жаһанға жария еткен Жеңіс Күнінің жаршысы болған бұл ғаламат оқиға бүкіл дүние жүзіне мәшһүр. Өшпес ерлік орны — Дубосеково разьезінен жарты шақырым қыраттағы окоптар. Генерал-майор И. В. Панфилов басқаратын 316-атқыштар дивизиясының осында бекінген бір топ жауынгері 1941 жылдың 16 ноябрінде гитлершілердің лек-лек болған танк армадаларына қарсы бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген, адамзат тарихында еш уақытта ұшыраспаған сұрапыл ұрыс жүргізді.

316-атқыштар дивизиясы 1941 жылдың июль айында Алматыда жасақталып, октябрьде Москва түбіне келген. Волоколам бағытындағы қорғаныс шебінде дивизия қызыл әскерлері жанқиярлықпен шайқасты. Өрепкіген жаудың беті қайтарылды. Жанталаса тың күш жиған гитлершілер ақырғы шешуші шабуылдарына әзірленді. Астанамыздың солтүстік-батыс іргесін қорғаған дивизияның жауынгерлік даңқы жендеттердің ноябрьдің ортасында аласұра, еліре кіріскен екінші шабуылын тойтару кезінде мейлінше айбындана, асқақтай шықты. Дивизияға гвардиялық атақ берілді. Бұдан былай ол сегізінші гвардиялық атқыштар дивизиясы деп аталатын болды. Қызыл ту орденімен наградталды. Бұл

17 ноябрьде, яғни жауға Дубосековода тосқауыл құрған 28 қызыләскер өздерінің мәңгі өшпес қаһармандығын жасаған күннің ертеңіне болған еді. Күні ертең дивизияға құрметті гвардия атағы, ал сәл кейінірек сүйікті қолбасшыларының есімі берілетінін 28 батыр, әрине, білген жоқ. Олар өздерінің іс жүзінде гвардияшы етіп көрсетіп, Отан алдындағы парызын адал өтеді. Сол адалдықтарымен генерал-Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының ғана емес, бүкіл Совет Армиясының Ұлы Отан соғысындағы даңқты шежіресінің алғашқы жарқын бетін жазды.

Тағылымы мол коллективтік ерліктің негізгі сәттерін еске түсірейік. 28 гвардияшы-панфиловшылардың окоптарына қарай әуелі фашистердің бір ротадай автоматшылары ұмтылды. Гвардияшылар оларды баудай қырықты. Жетпістен астам жендетті жайратып салды. Тірі қалғандары кейін қашуға мәжбүр болды.

Аздан соң автоматшылар алдарына 20 танк салып қайта оралды. Қызу ұрыс болды. От-жалын төрт сағаттан астам лаулап тұрды. Гвардияшылар танкке қарсы ататын мыл-тықпен, пулеметпен оқ жаударды. Гранаттар мен жарылғыш сұйық құйылған шөлмектерді темір құрсанған та-жалдарға тура тигізіп, бірінен соң бірін жойып жатты. 14 танк істен шығарылды. Сау қалған сауытты машиналар кері жөңкілді. Тағы бір қысқа үзілістен соң неміс танктерінің жаңа легі көрінді. Бұл жолы сапта қалған 15 панфилов-шыға қарсы болат сауыт оранған 30 машина келе жатыр еді. Араларында бірнеше ауыр танк те бар болатын. Саяси жетекші В. Г. Клочков өзінің бүгінде бүкіл әйгілі сөзін осы сәтте айтты: «Россия кең байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда — Москва!»

Бұл совет жауынгерлерінің Отан туралы ұғымын, патриоттық сезімі мен борышын жиынтықтаған сөзі еді. Гвардияшылар фашистермен қасық қандары қалғанша шай-қасты. 50 танктің 18-ін өртеді. Ондаған офицерлер мен сол-даттарды жер қаптырды. Ержүрек панфиловшылар бір адым да шегінген жоқ. Олар қаза тапты, бірақ ата жауынан жеңіл-меді.

Міне, бәріміз мақтан тұтатын 28 гвардияшы-панфиловшы батырдың коллективтік қаһармандығын паш еткен оқиғаның қысқаша мазмұны осындай.

Совет халқы 28 батыр-гвардияшыларды мәңгі есте қалдыру шараларын сонау қатал соғыс жылдарының өзінде-ақ қолға алды. Біздің алдымызда «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 28 августе шыққан саны жатыр. Мұнда 28 панфиловшының танктермен шайқасының бір сәтін бейнелеген картинаның репродукциясы, Дубосеково разьезіндегі ерлік жасаған орынға тағзым етуге барған еңбекшілер, олардың Отан қорғаушылар рухына көрсеткен құрметі жайлы суреттеме, сондай-ақ Волоколамск БК /б/ П аудандық комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің шешімі жайлы хабар жарияланған. Онда 28 батырдың есімін селоға, мектепке, көшеге беру жөнінде РСФСР үкіметіне өтініш енгізу туралы қаулы алынғаны айтылған. Қазақстанда бұл орайда қаншалықты іс тындырылғаны баршамызға белгілі. Астанадағы қалалық бақ олардың атымен аталды. Солардың құрметіне бақтағы салтанатты, сәулетті Даңқ мемориалы тұрғызылды. Опера жазылды. Ақын-жазушылар мен журналистер қалам тербеді. Дегенмен бұл іс әлі де жеріне жеткізіле атқарылмаған тәрізді. Қолдағы барға тағы бір мәрте сын көзбен қарап, ұлы ерлік шежіресінің осынау қасиетті кезеңін барынша толық дәл, айқын етіп

жаңғырту аса абыройлы міндет болса керек. Ал тарихшылар мен журналистер үшін, барлық мазасыз жандар үшін іздер тұстар баршылық.

Ұлы Жеңістің 25 жылдығы қарсаңында шыққан «Совет Одағының Батырлары» атты екі томдық «Дубосеково» разъезі жанындағы ерлік» очеркімен ашылған. Очерк сонау 41 жылдың күзінде әскери тілші А. Кривицкий жинап, кейін тірі қалған панфиловшылар әңгімелерімен толықтырған деректерге негізделіпті. 1941 жылғы 16 ноябрьде болған сұрапыл айқас суретін көз алдына әкелетін бірден-бір деректі әңгіме дерлік. Әйтсе де бірегейі емес тәрізді. Біздің ойымызша, 28 батырдың ақтық айқасының әр сағат, минутына дейін үңіліп, әр ердің бейнесін жасау өз алдына, осынау даңқты взводтың танкгермен шайқасқа дейінгі жауынгерлік жолын да жаңғырту қажет сияқты. Взвод демекші, А. Кривицкийдің «Красная звезда» газетінде 1942 жылдың 22 январында жарияланған «Қаза тапқан 28 батыр туралы» очеркінде рота-ның саяси жетекшісі Клочков окопқа танк шабуылы алдында келді делінген. Олай болса — автоматшылармен болған ұрыста взводты кім басқарды? Оқиық. «Сержант Добробабин нысаналарды нақтылады. Немістер сейілге шыққан-дай бойларын жазып келе жатқан. Окоппен екі араны 150 метр ғана бөліп тұрды. Айнала бір түрлі бейтабиғилау тыныштыққа бөккен. Сержант қос саусақты ауызға салды-кет орысша өр, албырт азаматқа тән ысқырық шықты!» /Бұл жауға оқ жаудыруға берілген команда еді. 70 фашист жусап окоп алдында қалады, басқалары артқа шегінеді/. Демек, гвардеецтер взводының командирі Добробабин болғаны ма? Очеркте одан басқа командир есімі аталмайды. Алайда ноябрьдің орта кезіндегі қорғаныс шебін түсіндіре келіп, А. Кривицкий: «Сол қанатта теміржолды бауырға ала сержант Добробабиннің бөлімшесі орналасқан» деп жазады. Демек, ол бір бөлімшенің ғана командирі. «Дубосеково разъезі жанындағы ерлік» очеркінде «алматышық бұрынғы ұста Гавриил Митин винтовкадан оқ жаудыруда» деген жолдар бар. Ал 28 панфиловшыға Совет Одағының Батыры атағын берген СССР Жоғарғы Советінің Указында. Г. С. Митиннің аға сержант екені корсетілген. Очеркпен қатар басылған өмірбаяндық анықтамаға қарағанда, ол екінші взводтың бөлімше командирі. Яғни Дубосековода екі бөлімше-сержант И. Е. Добробабин мен аға сержант Г. С. Митиннің бөлімшелері тұрған секілді. Бұл екеуі Клочков саяси жетекші болған 4-ротаның құрамындағы бір взвод болса керек. Шынында, соңғы очеркте бекіністі екінші взвод қорғаны айтылады. Ондай жағдайда бұл 2-взводты басқарған кім?

Кейінгі очеркте көрсетілген: взвод командирі лейтенант А. В. Шишкин. Ендеше, ол ұрыс кезінде қайда болды? Осы очеркте атысты бастауға ысқырып белгі берген взвод командирінің көмекшісі екені айтылады. Фамилиясы ата- лынбайды. Егер А. Кривицкий очеркіндегі тұспен салыс- тырсақ — ысқырық иесінің сержант Добробабин екенін көреміз. Сонда ол әрі бөлімше командирі, әрі взвод коман- дирінің кезекшісі болғаны ма? Ықтимал. Тек шен жағынан қарағанда, ол міндетті аға сержант Митин атқаруға тиіс тә- різді. Қай жоба дұрыс?

28 гвардияшы-панфиловшының әрқайсысы туралы талай зерттеулер жазылса керек. Соған орай алда тұрған ізде- стіру жұмыстарында ескеруді, оқырмандарға мейлінше дәл мағлұмат беруді тілейтін жайттердің бірі — батыр- лардың аты-жөндерінің түрліше жазылуы. Масалға «Прав- да» газетінің 1942 жылғы 27 январьда берген бас мақаласын- да, сондай-ақ СССР Жоғарғы Советінің 1942 жылғы 21 июльде шыққан Указында Болотов деп жазылған қызыләс- кердің фамилиясы бұл күнде Белашов боп жүр. Бірқатар басқа батырлардың есімдері мен әкелерінің аттарында да түзетулер мен толықтырулар болғаны байқалады. Айталық, Есеболатов Нарсұтбайдың атына қазір Нарсұлтан деген екінші түрі қосарлана жазылады. Қосаевтың есімі Алықбай, Әлиакпар, Әліпбай БО өзгере келіп, қазір Әлікбай және Әлменбай деген қос нұсқаға тоқтаған. Алғашқы деректерде — А. Кривицкийдің әйгілі очеркі мен «Правда- ның» бас мақаласында — Даниил Александрович, батыр атағын берген Указда Асқар боп жүрген Қожабергеновтың есімі бұл күнде Әлиасқар боп жазылады. Әуелде Мұс- тафа деп жарияланған Сеңгірбаевтың аты кейін Мұсабек, Николай ретінде әйгіленген Москаленко артынан Иван Ва- сильевич атанды. Безродный, Васильев, Максимов, Митчен- колардың аты-жөндеріне де түзетулер мен толықтырулар енгізілген. Әринё, мұның бәрі соғыс кезіндегі қиыншы- лықтарға байланысты біртіндеп нақтыланған мәліметтер негізінде түзетілді, енді соларды ажыратып-түсіндірудің оқырманға өте қызық болары сөзсіз.

«Совет Одағының қазақстандық батырлары» кітабында 22 батыр жайлы өмірбаяндық анықтама бар. Оның 20-сы суретімен берілген. Митченко мен Қожабергеновтың суреті табылмаса керек. Шынтуайтқа келгенде, сәл ғана құнт жетпеген деу дұрыс. Өйткені соңғысының суреті «Соци- алистік Қазақстан» беттерінде 1942 жылы екі мәрте —

18 мартта және 22 июльде жарияланған. Газет тігінділері архивте сақтаулы тұр. Тиянақты іздеу жұмыстарын



жүргізген жағдайда барлық батырдың суретін де, басқа !дерегін де тауып алудың мүмкіндігі бар екені шүбә келтір- мейді. Рас, ол үшін батырларды әскерге шақырғанға дейін білгендер, дивизияда бірге болғандар, олардың қандай да болсын дерегімен хабардарлар, қалың көпшілік атсалысуға тиіс.

Социалистік ата-мекенімізде Ұлы Октябрь дәстүрлері- мен тәрбиеленгенін айдай әлемге паш еткен 28 батырға қан- дай ескерткіш қойсақ та артықтық етпейді. Журналистер олардың толық ерлік шежіресі мен өмірбаянын жасауды қолға алса, мүсіншілер мен сәулетшілер, бәлкім, 28 өр есімді олардың әрқайсысының кескін-келбетін тасқа қашап, бақ қақпасын көркейте түсуді ойластырар. Бізге мәлім деректер- ге қарағанда, республикадағы бір ауданның аты Гвардиялық деп өзгертілді. Туған жеріне Белашовтың мүсіні қойылған. Сенгірбаев пен Натаров есімдерімен шаруашылықтар атала- ды. Завод цехына Крючковтың, сегізжылдық мектеп пен бір көшеге Безродныйдың аты берілген. Астанада Клочков, Қо- саев, Шепетков, Шемякин, Митин, Бондаренко, Шадрин, Есболатов көшелері бар. Ал Даңқ мемориалы жанынан бой

> көтерген тұғырларға суреттері іліну арқылы Жиырма се- гіздің есімі түгелдей бір жаңғырса керек еді, бірақ...

Жұртшылықтан жасырылған қос жауынгер жөнінде сол кезде арнайы материалдар да жазылды, бірақ басылма- ды. Бұдан арғы әңгімемізді солармен танысып барып жал- ғастыралық...

#### АЛҚЫЗЫА БЕЛГІГЕ АДАЛДЫҚ

Ұлы Отан соғысы тарихына Дубосеково бекем енген. Совет жауынгерлерінің неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрестегі жаппай ерлігінің символы осы атаудан ке- рінетіндей. Аты аңызға айналған 28 гвардияшы-панфилов- шы бұл жерде бүкіл әлемді таңғалдырған коллективтік қаһармандығын жасады.

Жиырма сегіз батыр. Орыс, украин, қазақ, қырғыз, мор- два. Әр ұлттың бір ғана ортақ тілекпен иықтасқан ер ұл- дары. Ұлы Отанымыздың қасиетті астанасына ершелене ұмтылған қарақшылардың сауытты таялдарына кеуде- лерімен тосқауыл қойған патриоттар. Олардың жаһанға жайылған ерлігі біреу, ал сол ерлікке келген жолдары жиыр- ма сегіз тарау. Бір мақсат үдесіне тоғысқан жиырма сегіз адам, жиырма сегіз мінез, жиырма сегіз тағдыр. Қандай



өмір өткелдерінен өткен еді олар соғысқа дейін? Қайсысы қандай ғұмыр кешкен?

Мен алдымен танк жойғыштар бөлімшесінің командирі сержант Добробабиннің кескін-келбетін білуге құмарт- тым.

Оны көрген-білген ешкім табылмады. Арғы жағын айт- пасак та, әйгілі шайқаспен екі араның өзіне де қырық үш жылдай уақыт түсті ғой. Қолдан келер жалғыз мүмкіндік — архивке жүгіну еді. Шұқшия іздегенде қуған дерегің уа- қыт тереңінен шым-шымдап болса да қылаң бермей тұр- майды екен. Түрлі басылымдарда сақталған қилы материал- дармен танысқан сайын батыр гвардияшының азаматтық бейнесі біртіндеп айқындала түскендей болды...

#### НАЙЗАҒАЙ

Қырық бірінші жылдың көктемі. Қысқаша БЧК атанған Үлкен Шу каналының құрылысы қыза түскен. Канал қыр- ғыз қырқасы етегіндегі Шу алқабының келбетін түбегейлі өзгертуге тиіс ірі ирригациялық құрылыс болатын. Жаңа арнаға су толған соң қант қызылшасын өсірер алқап кеңей- мек, түрлі завод, фабрикалар бой көтермек. Аңғар болаша- ғын өз қолдарымен қалауға еңбекшілер құлшынулы-ды. Сондықтан да республика партия ұйымы үндеу тастасы- мен, халықтық құрылысқа бұқара үздіксіз ағылуда еді. Барлық қалалар мен ауылдардан өнеркәсіп орындары мен мекемелер, шаруашылықтар арна қазуға өз өкілдерін жібе- ріп тұрды. Құрылысқа мыңдаған адам келіп істеп жүр- ді. Бір қарағанда осынау құжынаған жанның арасынан әлдекімнің ерекшеленіп көзге түсуі қиын да тәрізді. Егер кейбіреулер дара шығып белсенуді қажетсіз деп есептесе, ел қатарлы елеусіз жүріп те екпінді еңбекке үлес қостым дей алатын сияқты. Бірақ сол қызу қарқынмен қазылып жатқан су арнасы бойында нағыз жасампаз еңбек үлгісін танытқан бір жігіт болды. Ол БЧК-ға Токмақ комсомолецтерінің алдыңғы легінде келген Иван Добробабин еді. Келе көзге түсті. Қажырлы еңбегімен де, бар ықыласымен ашық- жар- қын атқарған қоғамдық жұмысымен де.

— Бүгін Иван рекорд жасады. Бір өзі бес кісінің жұ- мысын істеді!— деп, канал құрылысының қызып тұр- ған кезінде ел талай мәрте дуылдасты.— Неткен қайратты жігіт! Озаттардың озатын шаңына ілестірмей кетті!

Күндік норма бойынша 8 текше метр жердің топырағын қазу керек-ті. Иван оның әрдайым екі жарым, үш есе асыра

орындайтын. Ал рекордты көрсеткіші 38,4 текше метр еді. Күрегі жалт-жұлт етіп, қатарындағылардан окшаулана алға шығып кететін.

Және бір ғажабы, ауыр кара жұмыс оны мүлдем қажыта алмаушы еді. Қол босаған сәтте каналдың жас құрылышы- ларын маңына үйіріп әкететін. Кешкі алау басында бәрінің басын қосып ән айтқызып жүріп, жастардың әп-әдемі хорын ұйымдастырды. Қыздар мен жігіттер хорды қолын жігер- лене сілтей басқарып тұрған осынау от жігіттен көздерін айырмай, революция кезі мен алғашқы бесжылдықтар әнде- рін талай кеш шалқыта шырқады.

Бұдан он бір жыл бұрын ол басқа бір алып құрылыста болған еді. Харьков трактор заводының іргесін қаласқан. Саналы ғұмыры енді басталып келе жатқан жеткіншек жаңа социалистік елімізде туған жасампаз еңбектің бел ортасы- нан шығып, бірінші бесжылдық романтикасымен суарылған- тын. Үлкендермен бірге жер қазып, тас қаласқан. Кара жұ- мысты қалай әндете жүріп атқарғандары, алыптың мекен- жайлары бірінен соң бірі бой түзегенде қайтіп шаттанғанда- ры қазір де Иванның көз алдында.

Ол құрылыстағы жастарды хорға тарта жүріп:

— Жұмысты жақсы істеу үшін әнді сүю керек,— деп қоятын.— Ән жігер береді. Әннің арқасында біз Харьков алыбын бір-ақ жылда іске қосқанбыз. Ол жақта жүргенде менің жасым қазіргі сендерден де кіші болатын.

— Иван Евстафьевич, завод салынып біткен соң не істедіңіз? Басқа алып құрылыстарға кеттіңіз бе?

Алау жарығы жүздерін нұрландырған жастар ән арасын- дағы үзілісте осылай сұрайтын да, оған құрметпен карап, құлақ тосатын.

— Сол жерде істедім,— деп ол қысқа қайырғысы кел- генде:

— Ваня, толығырақ айтсайшы, бізге орталықтағы жұ- мысшы табы өкілінің естелігін тыңдау қызық кой,— деген наразы үнмен тұтастары кеу-кеулесе, ересектер де:

— Иван, сен жас болғанмен жасамыс пролетарсың, айта бер,— деп құптай қостайтын.

Көпке үйірсек, жайдары жігіт өз өмірінің әр кезеңінен бірді- екілі қызық оқиғаны әңгімелеп тастайтын да тағы хор бастап кететін. Ал оның еске түсіретіндері негізінен әз көзі алдында өткен белестер еді.

Трактор заводы құрылысы оны жұмысшы табының ката- рына қосты. Оған Иван дән риза. Алайда салынып бітіп, жұ- мыс істей бастағанда, заводқа енді маман кадрлар қажет болды. Нағыз жұмысшы адам біліммен қарулану керек. Он-

сыз техника жасай алмайсың. Комсомол ықпалымен Иван фабрика- завод училищесіне оқуға кіреді. Осы ФЗУ-дағы уақыты керемет жаңалықтарды өзіне бірінен соң бірін аш- қан, танымы мол кезеңге айналды. Оқуды слесарь маманды- ғын алумен аяқтап, трактор құрастыратын конвейерде бір кісідей жұмысшы міндетін атқарды. Талай доңғалақты трак- торды өз қолымен жинады. Ал завод шынжыр табанды трактор шығаруды игере бастағанда ол Қызыл Армия ката- рына әскери борышын өтеуге шақырылған.

— Білемісіңдер, достарым, завод мен үшін анаммен бір- дей болды,— дейтін ол.— Қаз тұрып адам болуым сондағы тамаша жұмысшы қауымның арқасы. Тіпті мына Тоқмақта істеп жүрген қызметімнің негізі де сол ХТЗ-да қаланды ғой. Біз сонда, бір топ жастар, жұмыс істей жүріп фотография өнерін құмарта үйренген едік. Өздерің көріп жүрсіңдер, кәдеге асты.

Иван былтыр армиядан оралған соң Тоқмақ қалалық өнеркәсіп комбинатына фотография жетекшісі болып орна- ласқан. Кішіпейіл, еңбексүйгіш жан коллективке тез сіңісіп кетті. Аз мерзімде фотографияның жұмысын жолға қойды да, өндірістік жоспарды асыра орындап отыруды әдетке айналдырды. Қызметтестеріне мейлінше сергек, бауырмал қарым-қатынас жасай тұра, қатаң талап та қоя білетін. Өз басының бойкүйездікке ұрынуына титімдей жол бермейтін. Өр күні мазмұнды өтуші еді. Бос уақыты болмайтын. Және мойнына алған кез-келген шаруаны үлкен құлшыныспен орындайтын. Бірде комбинаттың техникалық мәжілісінде өндіріс мәселелерін іскерлікпен талқыласып отырса, келесі бір сәтте бұлшық еттерін ойнатып, стадионда жүретін. Ол әсіресе футболды құмартып ойнайтын. Шапшаң, шебер ша- буылшы ретінде лезде-ақ қаланың спорт әуесқойлары сүйіс- пеншілігіне бөленген. Қарсылас команданың қорғаушылары арасынан добын аяғына жапсырып алғандай ешкімге тигіз- бей, лып-лып өтіп бара жатқанын сүйсіне бақылап тұрған әлдекім:

— Мынауың құдды найзағай ғой! Қалай-қалай сумаң қағады?!— деп Ыегін тартқан.

Сол теңеу оған жанама боп тағылды. Және дәл әрі бекем таңылған екен. Қызметтегі, қоғамдық өмірдегі тынымсызды- ғын көріп жүргендер ризашылықпен: «Шынында — Найза- ғай!»— деп бас шұлғысатын.

Ол көп шаруа істеп үлгеріп жүретін. Үлкен міндетінің бірі — жаппай әскери дайындық сабақтарын жүргізу еді. Қалалық партия комитетінің бұл міндетті оған тапсыруында мән бар-тын. Өйткені Иван Қызыл Армия қатарында жүр-

генде үлкен әскери өнерді де табандылықпен оқып-үйренген-ді. Саяси жетекшінің көмекшісі болған. Ұзамай оған сержант атағы берілді. Артынша, отыз тоғызыншы жылдың жазында, Халкин-Гол өзені маңында болған жапон милитаристеріне қарсы соғысқа қатысты. Оқ-дәрі иісін нағыз қарулы қақтығыста иіскеп, жауынгерлік шайқас дәмін татты. Міне сондықтан оған осы жауапты іс жүктелген болатын. Ол өндіріс цехтарында еңбекшілерге әскери қызмет әліппесін оқытты. Алаңдарда қару-жарақпен жүріп-тұруға машықтандырып, ату тирлерінде нысанаға оқты дәл дарыту құпиясын үйретті. Қызыл Армияда бойына сіңген әскери машық арқасында уақытын тиімді пайдаланып, сала-сала қоғамдық парызын мүлтіксіз орындады.

БЧК құрылысы көтерілгенде ол комбинаттың жас жұмысшыларын ұйымдастырып, еңбек майданына қала комсомолецтерінің алдыңғы сапында аттанған. Енді міне, таңның атасынан күннің батысына дейін қолынан сүймені мен күрегін тастамай жүріп, өзінің негізгі мамандығы артатын міндет салмағын ойлады. Алыста қалған заводтың алыс жылдардағы құрылысы кезінде өзі қызыға қараған фотошежіресі көз алдына елестеді. Ондай міндетті осынау халықтық құрылыста өзінен басқа кім атқармақ? Сүйменін жердің тоңын айыра кірші-кірші ұрып тұрып та, босаған топырақты үлкен күрекпен жалдан асыра лақтарып жатып та ол осы ойға орала берді. Ақыры канал бойындағы халықты аралап жүрген қалалық партия комитетінің нұсқаушысы қасына келгенде жоспарын сездірді. Нұсқаушы оны ырза кейіпшен тыңдады. Бір айналып соғып, ұсыныстың қабыл алынғанын, қажет көмек көрсету қалалық комсомол комитетіне тапсырылғанын айтты. Сөйтіп, тағы бір шаруа басталып кетті. Арнайы бөлінген көлік — жүрдек ат жегілген қос дөңгелекті солқылдақ арбамен Тоқмақтан фотокамерасын әкеліп алды. Содан күніне, қолы қалт еткен сайын, арна қазушылар өмірінің әр сәтін, жұмыстарының нәтижелерін суретке түсіре берді.

Ақыры екі-үш күн түнемекке қалаға кетіп қалып жүріп, түсірген кадрлерін түгел қағазға шығарды. Фотографиясын да жиналып қалған бұрынғы суреттерінің ішінен өркендеп келе жатқан республика келбетін танытатындарын тандап алды. Сөйтіп, тамаша альбом жасады. Оны республика мұшелтойына арнады. Алдағы кезде Қырғыз ССР-іне 15 жыл толатын.

Альбом дала қосының төріне қойылды. Құрылысшылар ұзыннан ұзақ өшіретке тұрып, қызыға, таңдай қаға тамашалады оны. Оралып кеп Иванның қолын қысып жатты.

Өлгінде ғана кіріспе сөз сөйлеп, альбомды салтанатты түрде ел назарына ұсынған қалалық комсомол комитеті секретарына қарап:

— Шура, біз мына қабырғалардың бәріне зор көрме жасап қойсақ қайтеді?— деді.

Өжет жас қыз құлағын түре қалды.

— Қандай тақырыпқа?

— Айталық, азамат соғысы туралы...

Иванның көз алдына бала кезінен біраз естелік тұра- тұра қалды. Оның үлкен ағасы Данил басына буденовка киіп, беліне қылыш асынған, ақтарды түре қуысқан қызыл әскер болған-тын. Ваня ағайынды жетеудің кенжесі-ді. Әке- шешесінен бесіктен белі шықпай айырылып, көзін тырна- лап ашысымен, жеті жасынан кулактың бақташысы болған. Солай, балалық ойын көзден бұл-бұл ұшып жүргенде, маң- дайында қызыл жұлдызы жарқыраған Данил әскерден орал- ған да Ваняны қолына, өз тәрбиесіне алған. Қызыл атты әскер қаһармандығы жайлы ағасынан талай әңгіме естіген сонда. Естіп қана қоймай, құрбы-құрдастарының — өзіндей жалаңаяқтардың басын біріктіріп, «соғыс» ойынын ойнай- тын. Қолдан жасалған ойыншық қаруларымен жарақтанды- рып, балалардың «қызылдар» тобын соңына ертетін де, «ақ- тармен» тайсалмай шайқасатын. Ол өзін Ворошилов деп атаушы еді. Қызыләскерлердің азамат соғысындағы қаһар- мандығы жеткіншектердің есін алатын. Құштарлана елік- теуші еді алғашқы қызыл батырларға. Бұл қазіргі ұрпаққа да үлгі жайт қой.

— Әрине! Ал сіз көрмені қалай жасауға болар еді деп ойлайсыз? Материал табыла ма?— Комсомол секретары, шынашақтай қыз, табан астында отқа май құйғандай лапыл- дап қоя берді.— Қызық идея!— деді. Сол жерде-ақ тәптіш- теп, көрме ұйымдастыру мәселелерін ежіктеп кетті.

Жұмыс қыз-қыз қайнады.

Көрме әсем де әсерлі шықты. Еңбекшілердің көңілі кө- терінкі, бәрі «Найзағайға» шын жүректен алғыстарын жау- дыруда.

#### ЖҮРЕК ӘМІРІ

— Оля, демалыс күні біздің кішкене алтын қызымызды ертіп каналға келіп қайтсаң ғой,— деді қалаға бір соққанын- да Иван келіншегіне.— Онда менің көрмем мен альбомым клубтың көркі боп тұр деседі...

— Міндетті түрде барамыз, Ванюша,— деп Ольга қуана жауап қатты.— Бәлкім хорың концерт беріп те қалар...

Олар канал құрылысшылары клубына келді. Көрмені де, альбомды да сүйсіне тамашалады. Бірақ, Иван әйелі мен қызының қасында ұзақ бола алмады.

— Жұмысым қалып барады,— деп асықты ол.— Бүгін әлі күнделікті нормамды орындаған жоқпын. Бұл өте маңызды құрылыс, қарқынды баяулатуға болмайды. Бітсінші осы БЧК, сосын өздеріңмен ұзақты күн қыдырам. Уәде осы, келістік пе?

Қызын көкке көтеріп, қақпақылдап алды. Күлімдеген жары:

— Сенің өмірі қолың тимейді,— деп наз айтты.

— Жоқ, Оленька, мен уәде бердім екен, істеймін. Өлі үшеуіміз БЧК бойымен қайық теуіп, суға шомылуға талай келеміз, көресің. Барыңдар енді, менің қымбаттыларым...

Өзін темірдей тәртіпке үйреткен Иван уәдеге берік адам еді. Дегенмен бұл жолы серт үдесінен шығу оның маңдайында жазылмапты. Олар Үлкен Шу каналының арнасын толық қазып үлгермеді.

Соғыс өрті бұрқ ете түсті.

Қырғыз республикасының әскери комиссары генерал Панфилов Алматыға барып, Қазақстан мен Қырғызстан жігіттерінен дивизия жасақтауға кірісті. Иван да Тоқмақтан шақырылғандармен бірге осы дивизия құрамына қосылды.

— Қош, Оля! Алтын сәбиімізді аялап тәрбиеле тек!

— Жеңіспен орал, Ваня!

— Қош бол, папа!

— Жауды аяусыз соқ, Иван Евстафьевич, комбинат саған сенеді! Отанның адал ұлы бол!

Семьясымен, ағайын-туғандарымен, қызметтестерімен қысқа қоштасып, шұғыл жолға жиналды. Егілмей аттанды. Ол төтенше жағдайға өзін бүкіл саналы өмірі бойы дайындап келген. Ол Отан қорғауға әзір еді.

Атқыштар дивизиясы Қазақстан астанасы маңында бір айдай жаттықты. Август айының аяғында майданға бет алды.

Алматы вокзалында жауынгерлерді шығарып салушылар сендей соғылысады. Араларында кішкентай қызын жетектеп Тоқмақтан келген Ольга Фролова да бар.

Поезд қозғалуға санаулы-ақ минут қалған. Жауынгерлер вагондарына кіре бастады. Осы сәтте Иванның көзі қызының бұрымына түсті. Бұрымымен қоса өрілген алқызыл лентаға бір сәт тесіле қарады. Мейірлі қимылмен қызын өзіне тақалтып, бұрымдағы ұзын лентаны тарқатып алды. Бүктеп, гимнастеркасының төс қалтасына салып қойды. Сосын қызы

мен әйелін кезек-кезек қысып, құшырлана сүйді де вагон баспалдағына секіріп мінді.

Фашист басқыншыларына қарсы алғашқы шайқасын дивизия октябрьдің ортасында бастады. Жауынгерлердің бәрі ержүректікпен соғысты. Иван да өзінің бөлімшесімен сәтті ұрыстарды бастан өткерді. Бірде жарақаттанып та қалды, бірақ қатардан кеткен жоқ. Енді бірде соғыс өнерін жақсы меңгергендіктерін танытып, кішкене бөлімшенің қызыл-әскерлері дүшпанның күллі бір взводын жойып жіберді. Осылай олар неміс қарақшыларының қасиетті астанамызға жасаған алғашқы шабуылын тойтаруға атсалысты. Дивизия енді жаудың Москваны басып алу үшін жасаған тағы бір әрекетіне — бұл жолы соңғы жанталасына қарсы тұруға әзірленді.

Он алтыншы ноябрь. Таң атар-атпастан немістер біздің алғы шебімізді бомбалады. Тағы аз уақыттан соң самсатып танктерін жіберді. Ойлары — сол екпіндерімен Москва көшелеріне кіре қоймақ.

Жұлдызды шағы туғанда адамның жан-дүниесі айрықша нұрланып, болмыстың мәнін жарқыратып аша түссе керек. Қалай болғанда да, бұдан бұрынғы ұрыстарда жүрегінің тұсында сақтап келген алқызыл лентаны Иван сол күні қалтасынан шығарды. Ақырын бүктеуін жазды. Сөйтті де танк ататын мылтығы ПТР-дің ұзын оқпанына желбірете байлап қойды. Бұл оның дұшпанынан мерейін үстем ететін символы еді. Аздаған қиыршық қар жауды. Жайлап ызғырып жел есті. Иван мылтық дүмін иыққа нық тіреп, қаптап келе жатқан темір сауытты тажалдардың бірін нысанаға алды...

Дубосекова сұрапыл айқас өтіп жатқан шақта алыс Токмақтағы Добробабиннің үй-іші сол күннің қарсаңында ғана алынған қуанышты хат әсерімен жүрген-тін. Хат командованиеден еді. Онда жауынгерлік ерлік көрсеткені үшін Иванның наградаға ұсынылғаны айтылған-ды. Содан хабар үзілді. Келесі хат жау Москва түбінде талқандалған соң барып келді. Тек Иваннан емес, оның әскери басшыларынан. «Құрметті Ольга Филипповна!— делінген хатта.— Сіздің зайыбыңыз Иван Евстафьевич Добробабин социалистік Отанымыз үшін шайқаста қаһармандықпен қаза тапты. 1941 жылғы ноябрьде 28 гвардияшы-панфиловшы қатарында неміс-фашист бандиттерінің жиіркенішті қолынан жауынгерлік постында опат болған Сіздің күйеуіңіздің, біздің жауынгер жолдасымыздың мезгілсіз өліміне байланысты қайғыңызды, қымбатты Ольга Филипповна, біз сізбен бірге бөлісеміз. Иван Добробабиннің де, басқа жолдастардың да өлімі үшін біз фашист қарақшыларынан аяусыз кек аламыз. Бұл

жексұрындардың бірін қалдырмай құрту — біздің Отан алдындағы қасиетті борышымыз, біз, гвардияшылар, оны абыроймен орындаймыз. Н. атқыштар полкының соғыс ко-миссары, батальон комиссары Мұхамедияров».

Қаза қашанда марқұмның жақындарына ауыр тиеді. Ері майданда құрбан болған жар қайғысында шек жоқ, де-генмен біздің социалистік қоғамымыз әкелген ұлы өзгеріс-тің бір көрінісі сол — қаралы әйел шерменде болып отырып қалмайды. Дұшпан қосағынан айырғанда ашына ант ішіп, кектене білген әйелдер бейнесі қадым заманнан ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Мысалы, Улисінен айрылған Пенело-па табытқа шейін ошақ басынан шықпауға ант берді. Игорі-нен ажырып қалған Ярославна өзін көз жасымен суалтуға бейіл болды. «Өлгені Төлегеннің рас болса, құдайым Қыз-Жібекті неге алмайды?» деген ащы зар да көпке мәлім. Ал Ұлы Отан соғысы кезінде' әйел анты жаңа, әрі аса зор мәнге ие болды. Фашист-азғындардың кесірінен жесір қалған мыңдаған әйел қатуланып, сүйген жарынан айырғаны үшін сұм жаудан өш алуға серт етті. Тас-түйін боп шырыққан Ольга Филипповна Фролова да қызын қайнағасының бала-ларына қосады да өзі жұмыс істей жүріп, әскери мамандық-тар игеруге кіріседі. Аз мерзімде санитарлық жасақшы болығи алады. «Жыламау керек. Жауды талқандау үшін майданға жәрдем беру керек»,— дейді ол соғыста опат болған майдангерлердің жесірлеріне.— Мен Отан қорғау-шылардың жауынгерлік қатарына, күйеуімнің орнына тұруға дайындалудамын... Біздің бостандығымызға, совет әйелдерінің бақытты ана болуына қастандық жасаған гит-лершіл арамзаларға аяушылық болмайды!»

Батырдың адал жары осылай ант етті.

Тоқмақ қалалық өнеркәсіп комбинатының жұмысшыла-ры қан майданға өз іштерінен аттанып, өшпес ерлік жасаған қаһарман-патриоттың жарқын бейнесін еске алып тұрып, екпінді еңбектерімен жеңіс керігін қыздыра түсуге уәде бер-ді. Қаланың барлық комсомолецтері мен жастары орталары-нан шыққан батыр есімін мақтанышпен атап, оны әрдайым өнеге етуге серттесті. Осындағы мұғалімдер үйінде Доброба-биннің өмірі мен қызметін, Ұлы Отан соғысы майдандарын-дағы совет әскерінің жаппай ерлігін көрсететін көрме ұйымдастырылды.

Отан үшін жанын қиған Совет Одағының Батыры Иван Евстафьевич Добробабиннің мәңгі өлмес сапарға қадамы өстіп, сонау 1942 жылы, халық санасына бекем ұялаумен басталды. Алқызыл символға адалдықтың өтеуі, міне осы.



## 2. ҮШ ЕЛМЕН ТУЫСҚАН ЕР

Кішкене разьезд түбінде 28 қызыл жауынгер жасаған үлкен ерліктің қаламгерлер творчествосына ғаламат зор серпін бергені белгілі. Бір ғажабы, сол 28-дің ішінен ә деген- де-ақ ақын- жазушылар назарына ілігіп, біршама айшықты бедерленген аз тұлғалардың бірі Қожабергенов бейнесі еді.

Соғыс жылдары бір миллион дана тиражбен басылған «28 батыр-панфиловшы» атты жұқа кітапшаны ақырын па- рақтай бастаймыз. Александр Кривицкий оны Дубосеково- дағы әйгілі оқиға ізімен іле-шала жазған. Қожабергеновке қатысты жерлеріне қайта-қайта үңілеміз: «Гвардияшы Ко- жабергенов қазақ жауынгерлері ортасында:

— Ей, жарандар, менің сөзіме құлақ салыңдар,— дей- тін.— Біздің генерал — Чапаевтың сүйікті інісі. Мен мұны дәл білемін. Маған біздің саяси жетекшіміз Клочков айтқан. Чапаев Панфиловқа сырын ашыпты, бір өзі ондаған жауды қалай жоя алатынын үйретіпті. Ол құпиясын немістер ешқа- шан біле алмайды. Біздің генерал тамаша сардар ғой, жасай берсін. Оның қасында өмір сүру жеңіл-ақ, тіпті өлімің де қорқынышты емес.

Қожабергенов даусын созыңқырап сөйлейтін еді, әңгіме- сі құдды әнге айналып жатқандай әсер беретін.

Кітапшаның келесі бір беттерінен оны генерал Панфи- ловпен сөйлесіп тұрған жағдайда көреміз. Одан әрі Қожа- бергеновті 28 батырдың ақтық айқасы суреттелген беттерден кездестіреміз. Сол қысқа деректердің өзінен-ақ ержүрек солдат бейнесін көзге ап- айқын елестетесің.

Ұлы Жеңістің отыз жылдығына орай шыққан «Қаһар- ман» атты жинақты аударыстырып, Николай Тихоновтың осы кітапқа енгізілген «28 гвардияшылар туралы жырғына» көз жүгіртейік. Поэманың негізгі кейіпкерлерінің бірі — Қожабергенов. Міне, ол Натаровқа сыр шертіп тұр: «Иван, артта Москва, арқа сүйер. Біз серіппей тұманды кім серпеді? Одан әрі сүйікті Қазақстан, естіледі құлаққа сазы алыстан. Менің қыран көңілім жауды бүріп, сағынышым сол жаққа қарап ұшқан! Мен жүкшімін. Қалайды ұрысты кім? Бірақ маған екі өмір берілсе де, Отанға оны қиюға тиістімін». Қа^ руласымен сырласа келе ол фашистерге деген ашу- ызасын былай төгеді:

...Қайраы жерім қажыған-ау... \*  
Сазайынды тартарсың, құтырма, жау!  
Сан камалды кираттын, сан үйімді,  
Жұмағыма зұлматың зар үйірді.  
Сен танырсың Москва түбіндегі,  
Қожаберген баласы Даниилді!

Жырдың жан тебіренерлік жолдары жиырма сегіз ердің елу танкпен арпалысына арналған. «Дәл бұрынғы өмірге күштар қалпы, Түтегенде түк болмайды дұшпан нарқы, Қо- жабергенов Даниил алға ұмтылды, Бір топ гранатаны ұстап жалқы. Қарсы жүріп келеді қорықпастан, Шалғыдайын шалғынды орып тастар, Жүкші жігіт жауына кіжінеді, аж- даһа жолын кес-кестеп, «омыраулап ерлер де, күн де сөнді» дейді ақын.

Жиырма сегіз қаһарман баршамыздың мақтанышымыз- ға айналды. Оның ішінде төрт қазақтың болуы халқымыздың мерейін көтере түскені хақ. Сол төртеудің өзіміз қазір тілге тиек етіп отырған біреуі туралы жоғарыда келтірілген жол- дарды оқығанда бір сәт таңырқап қаласың: таза қазақы фа- милия алып жүрген орыс есімді бұл нендей жігіт? Шынту- айтқа келгенде, мұнда ауызды ашып, көзді жұматындай түк жоқ тәрізді. Ұлы орыс бауырларымен қанын да, жанын да араластырған ата- бабаларымыздың талайы тарихқа белгі- лі. Айталық, Наполеонмен соғысқа Ресей намысын қорғаған қазақ жігіттерінің ішінде полковник Яков Беляков секілді аты-жөндерін орысшалап алғандар да көп болды. Әйгілі ре- волюция сарбазы Әліби Жангелдиннің саналы қадамын Ни- колай Степанов деген орыс есімімен бастағанын кім білмей- ді? Тұтқиылдан тап берген фашист қарақшыларына қасқая қарсы тұрған Брест қаһармандарының арасында Иван Кузнецов деген қазақ болды. Жастайынан орыс семьясы асырап алған екен. Міне, енді гитлершілдердің күйреуінің басы болған Дубосеково шайқасында екі ұлтпен туысаты- нын аты- жөнінен-ақ сездіріп тұрған батыр шықты. Өмір жолына қарасақ, оның шынында да қос ұлтқа, тіпті үш ұлтқа тел ұл екеніне көзіміз жетеді.

Өткен ғасырдың аяғында Қожаберген атты жетім бала Лепсі уезіндегі бір кішкене станица атаманының есігінде жалшылықта жүреді. Атаман Қожабергенді шіркеуге апа- рып шоқындырып, Александр деген есім бергізеді. Кейінірек оны империяның Европалық бөлігінен қоныс аударғандар- мен бірге Жетісу жеріне келіп, өз үйіне қызметшілікке алынған украин қызына үйлендіреді. Міне, осы жас жалшы- лар семьясында 1910 жылы Даниил дүниеге келеді. Қожа- берген — Александр өзінің азан шақырып қойылған атын ұлының фамилиясы, шоқынғанда алған есімін баланың әкесінің аты етіп жазғызады. Осылай, бір адамның бірі Қазақша, бірі орысша қос есімі баласының аты-жөніне қо- сарлана кірді. Өскен соң Даниил орыс қызына үйленеді, сөйтіп, бойына бір өзі үш жұрттың — қазақ, украин, орыс халықтарының қанын да, жанын да жинақтайды.

Ол бойшаң, кең жауырынды, қара торы жігіт болатын. Шықшытты, қазақы бет-әлпет. Аралас неке перзенті екенін танытатын көгілжім табы бар қарасұр көздер. Көп сөйлегеннен көп істеуге бейім, тұйықтау, қарулы, тындырымды жұмысшы. Соғыс қарсаңында ол Алматы темекі фабрикасында жүк тасушы болып істейтін.

Қожабергеновтің балалық-шағы Жетісу өлкесіндегі қиындықтау кезге дөп келді. Әсіресе сол кезде оның әке-шешесі басынан кешкен түрлі тауқымет мектеп жайын ойлауға мүмкіндік бермеді. Даниил жастай қара жұмыс істеуге мәжбүр болды. Сауатын аша алмады. Бірақ көңілі таза еді, ол социалистік құрылыс майданында — колхоздарда да, қала кәсіпорындарында да адал терін төгіп, аянбай еңбек етті.

Соғыс кезіндегі газет беттерінде оның еңбек сүйгіштігін көрсететін нақты мысалдар көптеп сақталған. Қожабергенов темекі фабрикасының қалыпты ырғақпен жұмыс істеп тұруына қарапайым жүкші ретінде зор үлес қосып жүрді. Қажет болғанда бір өзі бес кісінің жұмысын істейтін-ді. Уақытпен санаспайтын. Жұмыстан бос сағаттарында да фабрикаға келіп, арбасын жөндеп, майлап, сақадай сай етіп қоятын. Ферментация заводынан тайланған темекі алуға барғанда, бөгде қол көмегін тосып телмірмей, жүкті арбаға бір өзі тиеуші еді. Кідіріссіз фабрикаға оралып, мұнда да толы арбаны жалғыз өзі түсіре беретін. Тай-тай шикізатты сорттаушы әйелдердің алдына үйіп тастайтын да қайтадан жолға шығатын. Ол осындай тиянақты, тындырымды жұмысшы болатын.

Қожабергенов соғысқа саяси жетекші Клочковтың байланысшысы боп кірді. Жақсы шайқасты. Тек жоғарыда аталған шығармаларға түзету ретінде қосып айтар жайт: он алтыншы ноябрь күнгі атақты ұрыс оның жауынгерлік өмірінің соңғы күні емес-ті. Ол ажалдан да күшті болып шықты...

Клавдия күйеуінің қайтпас сапарға кеткеніне көндіккендей еді. Ерлікпен қаза тапқан 28 гвардияшы туралы «Правда» газеті жазды. «Москва облысы гитлершіл айуандардан тазартылды» деп аталатын бас мақалада батырлардың тізімі берілді. Сонда он тоғызыншы болып ерінің аты-жөні жазылған: Даниил Александрович Қожабергенов! Қалай сенбессің. Сол тізімде өзімен бірге тігінші боп істейтін Татьяна Крючковадың да жолдасының аты-жөні жүр. Артынша Таяна екеуін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне шақырып, республика басшыларының бірі сөйлесті. Ұзамай өз атына Бүкілодақтық староста Михаил Иванович Калинин қол қойған арнайы хат келді. Аудандық партия комитетінің тансыруымен үй ішіне көмек керсетіп жүрген әйел темекі

фабрикасына Даниилдің есімін бергелі жатқанын айтты. Енді иланбасқа шара қалмаған. Тағы сәлден соң үш ұйықта- са түсіне кірмес оқиға болды. Жұмыстан кейін үйіне, бала- ларына асығып жеткені сол, есік сыртындағы почта жәшігінен ағараңдаған үшбұрышты хатқа көзі түсті. Жүрегі лүпілдеп, табалдырықтан аттай бере жарыққа ұмтылды. Хат Даниилден келген екен.

— Ол әріп танымайтын, сондықтан хатты ылғи қаруластарының біріне айтып жазғызушы еді, — деп еске алады бүгінде Клавдия Ивановна.— Осы хатты да өзі айтып жазғызып отырғанына, яғни оның тірі екеніне күдіктенбедім. Қолы бөтен болғанмен сөздері Даниилдікі екені анық-тын. Сонда да көмекке келіп жүрген кісінің ақылымен: «Сен шынымен Даниил болсаң, фотокарточканды сал»,— деп жазып жібердім. Кешіктірмей мына суретті жолдады...

Бір топ атты әскер жауынгерлері арасынан таныс жүзді көремін. Қырық екінші жылғы газеттер бетінен көп кезіктіріп, көзге үйреншікті болып қалған бейне.

Бұл сурет Қожабергеновтер семьясына айтып жеткізгі- ' сіз қуаныш әкелді. Сонымен бірге ол қағаз жүзіндегі жаңылтпаштардың да басы болған еді...

Қай кезде де тоғышарлық пайым жетегімен емір сүретін адамдар болған, бола да бермек. Ондайлар әдетте көлеңкесінен қорқады, олар үшін шындық та, әділдік те салыстырмалы ұғым ғана. Қожабергеновтің Дубосеково ұрысында тірі қалғаны, артынан жау тылында әрекет етіп жүрген қызыл атты әскер бөлімшесіне қосылғаны белгілі болғанда, жеке-леген штаб қызметкерлерінің үрейі ұшты. Түгелдей қазаға ұшырады деп жарияланған 28 панфиловшының біреуінің тірі табылуы — олардың санасындағы даңғаза патриотизм талабымен сыйыспайтын еді. Сол себепті олар жеделдетіп, 28 жауынгерді Совет Одағының Батыры атағына ұсынған документтеріне шұғыл түзету жолдады. Нәтижесінде Даниил деген есім Асқар болып өзгертілді.

Соғыстан оралған соң, Қожабергенов штабшылардың қателескенін дәлелдеуге тырысты. Жіберілген кемшілікті дұрыстауға болар деп ойлады ол. Мысалға, өзімен бір окопта соғысқан Белашовтың фамилиясы штаб қағаздарында Болотов боп жазылған да, Батыр атағын берген СССР Жоғарғы Советінің Указында солай, бөтен фамилия күйінде жазылып кеткен. Бірақ кейін шындық анықталып, Батырдың дұрыс фамилиясы Белашов екені мойындалды ғой. Ал мұның аты ғана бөлек, демек ақиқатқа жету қиын болмас. Әрі мұның дәлелі де жеткілікті. Дубосеково айқасынан аман қалған басқа да жауынгерлер бар. Шадрин, Шемякин, Ва-

сильев бәрі майданнан оралысымен шұрқыраса табысқан. Тірі куәлер. Олардан артық не керек?

Алайда мәселе ұзақ уақыт шешімін таппады. Шындықты бұрмалау оңай, қалпына келтіру қиын. Әсіресе кейбір штаб-шылар «шен-шекпен намысы» жан-тәндерімен жыртар болса... 1966 жылғы 20 апрельде «Комсомольская правда» газеті жариялаған материал бұлтартпас дәлелдерге негізделгендей болды. Қожаберженовке жауынгерлік награда — II дәрежелі Отан соғысы ордені берілді. Ардагер-панфиловшы ретінде жергілікті әскери комиссариаттың, өзі жұмыс істеген мекемелер коллективтерінің, жер-жердегі жас ұрпақтың ықыласы мен құрметіне бөленді. Мектеп оқушыларымен кездесулерге барды. Республикалық телевизия арқылы, Шемякин екеуі Дубосеково ұрысы жөнінде қызық естелік айтты. Дегенмен ол Совет Одағы Батырының Алтын Жұлдызын алып үлгермеді. 1976 жылы дүние салды.

Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында ұзақ жылдар бойы танылмай келген 28 панфиловшының бірі Даниил Қожаберженов есімін қалпына келтіру — бір абыройлы іс болар еді. Аға ұрпақтың жауынгерлік даңқына қылау түсірмей марапаттай білу — тәрбиелік мәні зор шаруа.

\* \* \*

Осы шағын екі очерктің алғашқысын басуға сол шақта цензура рұқсат етпеді. Ал екіншісін жария етуге редакторлардың тәуекелі жетпеген-тін. Әйтсе де әй-шәй жоқ тыйым салғанға көндіге алмай, себебін білуге тырысқанымыз бар. Ұзамай ол да белгілі болды: Добробабин Дубосеково шайқасында тірі қалыпты. Бұл хабар тағы да ізденіске жетеледі. Күндерде бір күні маған Ростов обласынан мынандай хат келді: «Цимлянск, 15 июль 84 жыл. Құрметті Б. Қойшыбаев жолдас, жақында маған адрес столынан Добробабин Е. И. мен Ольга Ф. жөнінде сұрастырған сіздің хатыңызды беріп жіберді. Мен Цимлянск қаласында тұрамын. Ольга Ф. ұзақ уақыт Фрунзе қаласында, ЦУМ-да жұмыс істеді, бәлкім қазір де сонда тұратын шығар. Мен бүгінде ол туралы ештеңе білмеймін. Мен Фрунзе қаласынан 316-атқыштар дивизиясына шақырылдым, сол дивизия құрамында Дубосеково мен басқа жерлерде де соғыстым. Қазір пенсиядамын. Сізге деген құрметпен И. Добробабин». Бұл хаттың мені қандай күйге бөлегенін түсінерсіздер деп ойлаймын. Цимлянскіге толып жатқан сауал артқан хаттар жолданды, мен оған соғыс кезінде өзі туралы жазылған газеттердің фотосуреттерін де салып жібердім. Бірақ батырым жауап қатпады.

Ақыры мен жергілікті партия ұйымынан жәрдем сұрауға мәжбүр болдым. Біздің республикада 28 батыр-панфиловшылардың әрқайсысының өмір жолын зерттеуді қолға алғандығымыз туралы айта келіп: «Сержант Добробабин И. Е. туралы да очерк жазылды, ол туралы деректер 1942 жыл газеттерінен алынды, біз, әрине, оны қаза тапқан деп есептейтінбіз. Кейін бізге батырдың тірі қалғаны және Цимлянскіде тұратыны белгілі болды. Алайда батырмен байланыс орнатудың сәті түсер емес. Бәлкім, ардагер журналистердің мазалай беруінен шаршаған шығар, сондықтан да біздің қуанышты хаттарымыз жауапсыз қалып жатқан болар. Біз соғыс ардагері Добробабин И. Е. жөнінде материал жинауға көмектесулеріңізді сұраймыз»,— дедім де, нақты өтініш-сұрақтар жібердім. Ұзамай мынандай жауап келді: «Құрметті Бейбіт Орынбекұлы! Цимлянскіде Ұлы Отан соғысына қатысушы Добробабин И. Е. шынында тұрады, ол соғыстан кейін 1942—43 жылдары немістерге қызмет еткені үшін жазасын өтеп қайтқан. Цимлянскіде ұзақ уақыт бойы тұрмыстық қызмет көрсету комбинатында фотограф болып істеді, қазіргі уақытта пенсияда жүр. Құрметпен А. Полуян. 30. 11. 84 ж.»

Міне, осылай боп шықты оның жағдайы. Дегенмен мен Добробабинге төмендегі хатты жолдауды мақұл көрдім:

«Құрметті Иван Евстафьевич!

Сізден қысқа әрі әзірге жалғыз ғана хат алғанымнан бері жарты жылға тарта уақыт өтіпті. Осы мерзім ішінде Сізге екі мәрте хат жаздым. Сіздің үндемеуіңіздің мәнісін маған біршама ұғындырарлықтай кейбір мәліметтерді жақында білдім.

Дубосековада шайқасқан сержант Добробабиннің тамақ дайындықтан өткен жауынгер болғанына және өзінің парызын адал отегеніне мен қылаудай да күдіктенбеймін. Мұндай ойға оның соғыстан бұрынғы, қоғамдық пайдалы істерге толы (ХТЗ, ФЗУ, Халкин-Гол, БЧК) өмірбаяны тірейді.

Шынымды айтсам, Сізді 1942-43 жылдары немістерге қызмет етті деген дерек 42-жыл газеттерінің бетінде жасалған қаһармандық бейнеңізбен ешбір сыйыспайды. Бұл, шамасы, тағдыр құбылмалылығы дегеннің нақ өзі шығар. Біздің парасат салтанат құрған қазіргі заманымызда оны түсінуге тырысу керек.

Сіз, біріншіден, жазаңызды өтедіңіз, сосын ұзақ адал еңбек еттіңіз, қазір пенсиядасыз. Екіншіден, сонау қызметтен соң (ол, сөз жоқ, мәжбүрлік салдары, алғашқы қолайлы сәт туғанда-ақ Сіз онымен ат-құйрығын үзістіңіз)

сіз Совет Армиясы қатарында фашистермен айқастыңыз — бұл деректі бір журналдан кездестіргенімді мен Сізге жаз- ғанмын.

Маған сенім артып, өзіңіз туралы әңгімелеуіңізді өтіне- мін. Түсініңіз, сонау қасиетті бекіністе шайқасқан помком- взвода — (взвод командирінің көмекшісі) — Сіз — бүгін арамызда өмір сүруде деген мағлұматтың өзі барша селқос- тықты шетке ысырып тастайды. Сіздің шайқас туралы, жауынгерлік жолдастарыңыз туралы естелігіңіз қызық. Сіздің Дубосеководан кейінгі тағдырыңыз, күллі бастан кешкен жайттеріңіз қызық. Мұның бәрі шындық үшін қажет.

Құрметпен Б. Қойшыбаев, СССР Жазушылар одағының мүшесі, 11/ХІІ —1984 ж.»

Бұдан төрт жылдай ілгеріде жіберіліп, тағы да жауап- сыз қалған осы хатқа қазіргідей ғаламат революциялық ке- зеңде мүлдем ықыластана қол қоярым шүбә келтірмес. Со- ғыс болған соң соғыстың тұтқыны да болары, тұтқынға түс- тің деп, фашистердің концлагерьлеріндегі ауыр азаптардан өтіп еліне жеткендерді тағы соттаудың соншалықты әділет- тілікке жата қоймайтыны қазір айтылып жатыр. Әскери тарихшылар істің ақ- қарасына жететін, Дубосеково шайқа- сының нақты көрінісін ашып беретін кез туды.

\* \* \*

«Оқырмандар әуестенген екі батыр туралы әзірге айтар сөз осы»,— деп аяқтаған едім «Өркеннің» 1988 жылғы 18 және 25 июль күндері шыққан сандарында газет оқушыла- рына айтқан әңгімемді. Ұзамай жұртшылық бұлардың бірі жөніндегі жаңа деректерге қанықты: 1988 жылғы 18 но- ябрьде «Правда» газеті «28 батыр-панфиловшылардың бірі Иван Добробабиннің тағдыры» атты көлемді материал жа- риялаған болатын. Мұнда тарих ғылымының докторы, про- фессор Г. Куманев сержант Добробабиннің Дубосеково шайқасынан кейінгі қиын тағдырын сөз етеді. Иә, Доброба- бин 1942—43 жылдары өзінің туған жерінде село полицаиы болыпты, бірақ ұдайы біздің адамдарға жәрдем беріп тұр- ған, оны талай куә растайды... 1944 жылдың мартынан соғыс біткенге дейін бөлімше командирі ретінде Совет Армиясы қатарында фашистермен шайқасты. ІІ дәрежелі Даңқ ор- денімен, бірнеше медальмен наградталды. Ал 1948 жылы «көрегендердің» көрсетуіне орай, «Отанға опасыздық жаса- ғаны үшін» 25 жылға сотталды. Жазасы — 28 панфиловшы- ның бірі екенін ескергендіктен ғана 15 жылға түсірілді.

Добробабин лагерден 7 жылдан соң, 1954 жылы босатылды, бірақ шешім жартыкеш жасалып, әскери наградалары, Батырлық атағы қайтарылмады...

«Аты аңызға айналған осы батырлардың бірі (қайран қаларлығы сол — күні бүгін тірі, өз арамызда өмір сүруде) ұмытылып, жала жабылған, кір жағылған, Атамекеніне адал қызметімен еңбек сіңіріп алған наградаларынан айрылған күйде жүргенде, Отанымыздың 28 батыр ұлына мәңгі ризашылығымыз туралы айтылатын біздің әніміз шындықпен жанаспай-ақ тұр әзірге»,—деп аяқталыпты «Травда» бетіндегі мақала. Бұл сөздерді жалғыз Иван Добробабинге ғана емес, Даниил Қожабергеновке де қатысты деп қабылдасақ қателеспейміз. Екеуінің де есімі 28 батыр-панфиловшы қатарында шын мәнінде толық қалпына келтіруге тиіс. Рас, «1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы» энциклопедиясында (1985 ж.) Дубосековадағы қорғаныста тірі қалған бес жауынгер ішінде Д. А. Қожабергенов есімі аталады: «4 сағатқа созылған ұрыс барысында кіші саяси жетекші

В. Г. Клочков-Диевтің басшылығымен жауынгерлер 18 жау танкін қаусатып, дұшпанды өткізбеді. Жауынгерлердің көпшілігі (соның ішінде Клочков-Диев те) қаһармандықпен қаза тапты, қалғандары (Д. Ф. Тимофеев, Г. У. Шадрин, Д. А. Қожубергенов — Қожабергенов және И. Р. Васильев) ауыр жараланды». (Аталған энциклопедия, 254-бет). Ал өлімнен де күшті боп шыққан алтыншы жауынгер — взвод командирінің көмекшісі сержант И. Е. Добробабин есімі ұмыт қалдырылған. Одан әрі: «Дубосеково түбіндегі шайқас тарихқа 28 панфиловшының ерлігі ретінде енді, оған қатысушылардың бәріне Совет Одағының Батыры атағы берілді (1942)»,— делініпті. Яғни Даниил Қожабергеновтің Батырлығы үн-түнсіз мойындала салған, іс жүзінде СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы Указына түзету (Асқарды — Даниилге) қашан енгізілді — ол арасы белгісіз.

Айтылмай жүрген батырлар жөніндегі ақиқатты ашып айтуға мүмкіндік берген жаңару кезеңінде олардың адал есімдері толығымен қайтарыларына күмән жоқ. Астанадағы Даңқ мемориалы жанында серуендеушілер ұзамай тұғырлардан Жиырма сегіз ер бейнесін түгел көретін болады.



ЕЛУ СЕГІЗДІҢ ОНЫ...

...Ол кезде «Бүркітті ұстап әкетіпті...» деген хабарды естіген жұрт аса даурыға қоймаған. Олай студің жөні де жої еді. Әркім тілін тістеп, аузына қақпақ қойды. Неге? Нелік-тен? Не үшін? Оны ешкім де білмеді, сұрамады да. Өйткені — уақыт солай. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» - деген заман. Мұның алдында ғана Марат Құдатаев, Қазы-Мұңғай / кен Әміров, Күнтөре Байзақов, Есенгелді Жақыпов деген студенттерді де алып кеткен болатын. Ендігі кезек Б. Ысқақовқа келген шығар...

«Тек кеше ғана Ұлы Отан соғысына қатысып, елін қорғап, қайтып келіп, енді әрі қарай оқуын жалғастырып, білімін көтеріп, ғылым жолын қуып, аспирантурада оқып жүрген жас жігіттің не жазығы бар еді?»— деген сұрақ әркімнің көмейінде тығылып тұрып қалды.

Онда ол Қазақ ССР Ғылым академиясының аспиранту-расында оқитын. Арасы бірнеше айдың ішінде аспиранттар мен студенттер қатары селдіреп қалды. Іле-шала оқытушылар да ұстала бастады. Мәселен, профессорлар Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, А. Қайыргелдиев, т. б. бірінен соң бірі ұсталып, қамалып жатты. Ал академик Қ. Сәтбаев, М. О. Әуезов, А. Жұбанов, С. Кеңесбаев, Х. Әділгереев т. б. репрессияға ұшырап, астанадан қуылды...

Бұл кешегі Ұлы Отан соғысының, оның алдындағы 1937—38 жылдардың қанды оқиғаларының елдің есінен әлі шыға қоймаған кез еді. «Апырай, сол қуғын-сүргіннің тағы да қайталанғаны ма? деп, әркім іштен тынған. Соғыстан кейін ел еңсесін жаңа-жаңа көтере бастаған шақта, үрей бұлты, қорқыныш салқыны елдің санасын тағы да тұмандай бастады.

Б. Ысқақов 1946 жылдың жазында Алматыға келіп, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетінің 3-курсына оқуға түседі. Университет ректораты оның бұған дейін екі жылдық институтты бітіргенін, әрі соғысқа қатысып, әскер қатарынан босанып келгенін ескеріп, қосымша емтихан тапсыртып, 3-курсқа қабылдады. Бұл соғыстан кейінгі кез ғой. Олардың курсында жиырмаға жуық қыз, ал жігіттерден бүгінгі белгілі жазушылар Ә. Нұршайықов, А. Байтанаев, М. Дүйсенов бар еді. Бұлардың үшеуі соғыста болып, әскерден босанып

келгендер болатын. Сол «қарт» студенттердің қатарына ол да келіп қосылды.

1948 жылы университетті ойдағыдай бітіріп шығып, сол жылдың күзінде университет доценттері Б. Кенжебаев, Е. Ысмайыловтардың кеңесімен Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына түскен болатын. Онда ол қазіргі белгілі ғалымдарымыз. С. Зиманов, В. А. Есенғалиева, М. Базарбаев, Ә. Нарымбетов, А. Л. Маловичко, Ш. Әміров, Н. Вечкутовалармен бірге оқиды. Екі жылдың ішінде" ел қатарлы кандидаттық минимумдарын өткізіп, «Қазақ балалар әдебиетінің даму жолдары» деген тақырыпқа диссертация да жазып жүрген еді. Енді міне... «Пәле-жала қайдан деме» деген осы.

Кезінде студенттер мен аспиранттардың халықтың басқа тобына (интеллигенцияны есептемегенде) жиі қудалауына не нәрсе себеп болған еді? Енді соған жауап бере кетейік. Өйткені Бүркіттің «ісін» түсіну үшін мұның үлкен мәні бар.

Біздіңше, жалпы адамның моральдық (адамгершілік), бейнесі (мінез-құлқы, ой-пиғылы) оның балалық шағында (бастауыш, орта мектептерде оқып жүрген кезінде) қалыптаспақ. Оның жақсы не жаман, адал не арам, жомарт не сараң, қарапайым немесе баққұмар, жалқау немесе еңбекқор, бір сөзбен айтқанда жақсы не жаман болып өсуі оның сол кездегі өмір тәжірибесіне және өзіне байланысты. Ал адамның қоғамдық ой-пікірі, саяси көзқарасы көбінесе оның студент кезінде қалыптасып, өсіп дамиды. Студент тек оқытушылардың оқыған лекцияларымен ғана қанағаттанушы қоймай, өздігінен оқуға, ізденуге де тиіс. Осы іздену үстінде ол көптеген кітаптар, газет-журналдар оқиды. Музейлерге барады, архивтерді ақтарады. Кейде тіпті тыйым салынған әдебиеттерге де тап болуы ғажап емес. Ал сол үшін, яғни өздігінен оқығаны, ізденгені, тіпті тыйым салынған кітаптарды оқығаны үшін студенттерді кінәлауға, жазалауға бола ма?..

Біздіңше, болмайды. Студент бәрін оқуға, бәрін білуге тиіс. Оның белгілі бір білім қоры болумен бірге өзіндік ой-пікірі, өмірге өзіндік көзқарасы, өз сөзі болуға тиіс. Олай болмаған күнде одан жақсы маман шықпайды және мұнсыз білім де болмайды, өндіріс те өспейді. Жалпы ой жарысынсыз, пікір таласынсыз, идеялар қақтығысынсыз ғылым да өспейді, қоғам да дамымайды. Соның үшін де ел ішінде «Айтыстан ақиқат туады» деген қағида кең өріс алған ғой. Ал жеке басқа табыну кезеңінде дәл осы бір ой жарысына, пікір таласына, идеялар қақтығысына қатал тыйым салынды. Мұның өзі көптеген студенттерді, аспиранттарды, ғылы-

ми-творчестволық интеллигенцияны, жалпы өз басымен ойлап, өз басымен жұмыс істейтін адамдарды қиын жағдайға душар етіп отырды. Мұның мысалы ретінде бірнеше факт келтірейік.

1948 жылы КазГУ-дің М. деген студентін аяқ астынан ұстап алып кетеді. Сөйтсе, ол С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты романын бір жерден түсіріп алып, жастығының астына тығып оқып жүреді екен. Мұны бір «жолдасы» көріп қойып, тиісті орынға хабарлай қояды. Сол студентті «тыйым салынған әдебиетті оқыдың, сақтадың» деп, соттап жібереді.

Осыған ұқсас тағы бір жағдай болды. К. деген жігіттің Ү. деген қызда көңілі болып, оған олеңмен хат жазбақ болады. Бірақ өзінің жазған өлеңдері өзіне ұнамай, бала кезінен есінде қалған бір ақынның махаббат, жастық жайлы өлеңін жазып жібереді. Жігіт ол олеңнің кімдікі екенін білмейді де. Әлгі қыз ол өлеңді өзінің бір танысына көрсетсе, ол: «Әй, мынау халық жауының өлеңі ғой. Мұны саған кім берді?» деп, қызға тап береді. Сонымен қыз байғұс өзін сүйген жігітті ұстап беруге мәжбүр болады. Өз махаббатын сүйгеніне өзіне белгісіз бір ақынның лирикалық өлеңдері арқылы білдіргені үшін әлгі жас жігіт кінәлі деп табылып, сотталып кете барады. Кейін білсе, ол ақын Мағжан Жұмабаевтың «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да» деп басталатын атақты өлеңі екен. Ал сол жас жігітті сол өлең үшін айыптаудың, әсіресе қылмысты жауапқа тартып, бас еркінен айырып, соттап жіберудің не орны бар еді? Бұл адам бойындағы асыл сезім мен сәулелі сенімді аяққа басып, таптағандық емес пе? Ол жылдары С. Есенин мен А. Блоктың өлеңдерін айтқаны үшін қаншама орыс жігіттері мен қыздары сотталып кетті десеңші!

\*•

Енді Б. Ысқақовтың өз басынан өткен кейбір жағдайларға тоқталып өтейік. Бір күні ол Ж. деген жолдасымен «Родина» кинотеатрына барып, «Алыстағы қалыңдық» деген фильмді көреді. Кинода кейбір өмір шындығының бұрмаланып көрсетілгенін айтқаны үшін әлгі «жолдасы» оған: «Ол совет киносын жамандады» деген айып тағады. Киноға күніне сан мыңдаған адам барады. Олардың әрқайсысы көрген фильмі жөнінде әртүрлі пікірлер айтады. Сонда солардың бәрін бірдей ұстап алып, жауапқа тарта беру керек пе? Екінші жолы сол жолдасы ойда жоқта мұның үйіне келе қалады. Ол келгенде, оған шай берейін десе, үйде нан болмай шығады. Сонсоң Бүркіт нан әкеле қойып деп дүкенге барса, нан әлі түсе қоймаған, ал кезекте тұрған адам көп екен. Бұл көргенін айтып келсе, әлгі «досы» кейін, тергеу

кезінде: «дүкенде нан жоқ, халық аш деп айтты» деп көрсе- тіп береді. Бұл — соғыстан кейінгі нанның тапшы кезі еді.

...Бұл март айы, сайлау қарсаңы болатын. Үш-төрт үгіт- ші (ішінде Б. Ысқақов та бар) Тастақтағы сайлау участогіне келеді. Келсе, сайлау участогі орналасқан клубтың үстіне қондырылған Сталиннің суретіне еріген қардың суы тиіп, оның бетіндегі (әсіресе шашы, қасы, мұртындағы) бояулар- ды ерітіп кетіпті. Мұны көрген Б. Ысқақов шыдай алмай:

— Бұл кісінің суретін көрінген жерге іле беруге болмай- ды ғой, көрдіңдер ме, әне бетін мүлде бұзып жіберіпті,— дейді. Міне, Б. Ысқақовтың осы сөзін әлгі үшеудің біреуі іліп алып: «Оның суретіне жақтырмаған пішін білдірді, оның суретін қорлады» деп жеткізеді. Япырым-ау, бұл сөзді ол көсем суретінің осындай жайсыз жағдайда тұрғанына жаны ауырғандықтан айтып еді ғой. Ал домалақ арыз иесінің де, тергеушінің де онымен жұмысы болмайды.

Сталин есіміне байланысты тағы бір оқиға болды. Бір күні әлгі «досы» мезгілсіз уақытта тағы да Б. Ысқақовтың үйіне келе қалады. Оған тамақ бермек болып, үстелге дастарқан жаяйын десе, жалғыз дастарқан жуылып жатыр екен. Сонсоң үстелдің үстіне газет жаюға тура келеді. Оны жолдасы көріп:

— Ананың бетінде Сталиннің суреті тұр ғой,— деді. Сонсоң Б. Ысқақов тағы бір-екі газетті алып қараса, оларда да көсемнің суреті бар болып шығады.

— Бұл кісінің суретінсіз газет жоқ. Жарайды, онда оның екінші бетін қаратып жаяйын,— деп, столға газеттің екінші бетін қаратып жаяды. Кейін әлгі қонақ болып отырған «до- сы» осы оқиғаның да өңін айналдырып айтып барады. Оның көрсетуінше — Б. Ысқақов көсемнің суретін сыйламаған, ұнатпаған, двмек, ол көсемнің өзін де, суретін де қорлаған болып шығады. Бір сұмдығы сол — ол өзінің бұл сөздерін растату үшін куәлікке Б. Ысқақовтың үй-ішін, жора-жол- дастарының да атын атап, оларды да куәлікке тартады. Б. Ысқақов өзінің үй-іші мен жолдастарын мазаламас үшін, олардың куәлікке шақырылуын күтпей-ақ, әлгі «кінәларын» мойындай салады.

Тағы бірде сол «досының» әйелі босанып, оны шілдеха- наға шақырады. Барса, жаңа туған жас нәрестеге «Екпінді» деп ат қойғалы жатыр екен. Ол бұл досына: «Жас балаға «Екпінді» деп ат қою — лайықсыз. Ол өскенде, бәлкім, екпінді болмас, жай қарапайым ғана адам болып шығар. Сонсоң мұндай ат балаға үлкен міндет жүктейді. Одан да оған «Еркін» деген ат қояйық. Айтуға жеңіл, әрі мазмұны да жақсы»— дейді. Кейін әлгі «досы» бұл сөзді мүлде бұрма-

лап: «Бізде еркіндік жоқ, сондықтан баланың атын «Еркін» қояйық деп айтты» деп жеткізеді.

Бірде белгілі орыс жазушысы. Д. Снегин Б. Ысқақовтың «Ленин мәңгі жасайды» деген өлеңін орыс тіліне аударып, «Казахстанская правда» газетіне бастырмақ болады. Бірақ редакциядағылар: «Өлеңнің соңына Сталин — Лениннің ісін алға апарушы» деген пікірді білдіретін бір-екі шумақ өлең қосу керек» дейді. Ал Б. Ысқақов оларға: Мен заказбен жү- мыс істейтін етікші емеспін. Бір жаздым, болды. Оның үсті- не, бұл өлең бұрын қазақ тілінде де, орыс тілінде де бір-екі рет жарияланған болатын. Ал бұрын жарияланған өлеңді заказбен қайта өзгертіп жазып бастырсам, оқырман қауым не ойлайды» дейді. Б. Ысқақовтың бұл қылығы редакция қызметкерлерінің кейбіреулеріне белгілі болады. Ал оны аңдап жүрген біреуі: «Б. Ысқақов көсемді мақтап өлең жазу- дан бас тартты» деп жеткізеді.

Тіпті бірде газет бетінде «Ұлы Сталин» деген сөздің «Ү» әрпінің төбесіндегі дәйекше-сызықшасы (умляуті) ұшып кетіп, газетте «Улы Сталин» болып басылып кетеді. Өлеңнің авторы, оны газетке дайындаған және сол күнгі кезекшінің мүлде басқа адамдар болуына қарамастан, кейін тергеуші- нің талабы бойынша, Б. Ысқақовқа берілген мінездемеде: «Ол газетте жүргенде өрескел саяси қате жіберді, «Ұлы Сталин» дегеннің орнына «Улы Сталин» деп жазды» деп жазды. Мінездеме редактордың өзі қол қоюға ұялып, орынбасарына қойдырыпты.

Мінездеме демекші, кейбір басшылар жайшылықта оны мақтап жүріп, қалай оның басына іс түсе қалғанда, солай жамандай бастайды. Олар үшін енді одан бұзық, одан қисық, одан жаман адам болмай шығады. Мұның шындыққа сай келмейтіні былай тұрсын, тіпті оның әрі ұят, әрі қиянат екенін де олар ескермейді. Олар үшін тек өз басы аман болса болды. Япырым-ау, оның жаман, оның жау екенін әлгі басшылар бұрын сезіп, біліп жүрсе, неге оны кезінде жү- мыстан шығарып жібермеген, немесе тиісті орындарға неге ұстап бермеген? Демек, олар мұның қылмысын біле тұра, жасырып келген болып шығады ғой. Бүркітті жамандап мінездеме берген бастықтардың өздері де, міне, осындай ыңғайсыз жағдайларға душар болды.

Р. Нарешев деген аспирант «істі» болғанда да, батбір, ға- лым, керемет деп мақтап, әрі мақтанып жүрген ағамыздың өзі де солай етті. Тек, Алматы шет тілдері институтының ди- ректоры Н. Агеев өзінің тергеуде отырған төрт студентіне: «Оқуда — озат, тұрмыста — тәртіпті, қоғамдық жұмыста — белсенді» деп мінездеме берді. Әрине, мұнысы шындыққа

сай келеді. Егер бұл студенттер оқып жүрген кезінде бұзық, тәртіпсіз, жаман, жау болса, директор оларды әлдеқашан институттан шығарып жіберген болар еді ғой. Демек, оның оз студенттеріне берген бұл мінездемесі дұрыс еді. Сондықтан бұл директор ұятқа қалған жоқ, қиянат та жасаған жоқ, заң алдында да, ар алдында да, тіпті тергеуде отырған өз студенттері алдында да ары таза адам болып қалды. Ал бұл тірлікте ар тазалығынан артық не нәрсе болуы мүмкін?

Міне осындай алып қашпа өсек-аяң сөздерге сенген орғанның адамдары Б. Ысқақовтың соңына шырақ алып түсе бастайды. Ақыры «Үкіметке қарсы үгіт жүргізіп жүр» деген күдікпен 1951 жылы 18 январьда оны жұмыс орнынан, қызмет істеп отырған жерінен тұтқынға алады. Әрине, түрменің табалдырығын бір аттап, темір тордың ар жағына бір түскен соң, оған бұдан да ауыр, бұдан да сорақы жалалар жабылып, айыптар тағылады. «Б. Ысқақов 1940—42 жылдары институтта оқып жүрген кезінде үкіметке қарсы ұлтшылдық ұйым құрды. Орта Азия мен Қазақстанды Совет Одағынан бөліп алып, Түркияның қолдауымен жеке ұлттық-буржуазиялық мемлекет құрмақ болды (сол кезде небәрі он жеті-он сегіз жастағы Бүркітті Түркияға не қылсын!). Осы қылмысты ойларын жүзеге асыру үшін үкіметке қарсы үгіт жүргізді, тыйым салынған әдебиеттерді оқыды, сақтады және таратты» деген аса ауыр айыптар тағылды.

Ал шындығына келсек, ол кезде институт жанында «Жас қалам» атты үйірме ғана жұмыс істеді. Бірақ ол үкіметке қарсы ұлтшылдық ұйым емес, тек қана әдеби үйірме еді. Тергеу орындары осы әдеби үйірмені кейін «ұлтшылдық ұйым» деп, ал оған қатысқан А. Нарешев, Б. Ысқақов, М. Теміровтарды «ұлтшыл болды» деп дәлелдеуге тырысып бақты. Ал тергеу орындарының «тыйым салынған әдебиет» деп отырғандары — атақты орыс саяхатшысы, географ-ғалым И. В. Мушкетовтың «Түркістан» (тарихи, географиялық және этнографиялық шолу. 1—2 том, СПб, 1886—1906), Мартыненконың «Алаш-Орда» (документтер жинағы, Қызыл Орда, 1927), С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», I-бөлім. Ұлтшылдық-байшылдық дәуірі. («Қазақстан» баспасы. 1932 жыл, Қызылорда) атты кітаптары болатын. Б. Ысқақов студент кезінде осы кітаптарды институт кітапханасынан алып, оқып жүрген ғой. Ал шындығында бұлар тыйым салынған әдебиеттер емес еді. Тергеушілерге бұл кітаптардың авторлары бимәлім, ал аттары «жаттау» болып көрінген соң, оларды «тыйым салынған әдебиеттердің қатарына қоса салған. Олар тіпті атақты совет жазушысы Н. Виртаның «Жалғыздық» («Одиночество»)

атты кітабын да «тыйым салынған әдебиеттер» қатарына қоспақ болды. Біріншіден, олар Н. Вирта дегеннің кім екенін білмейді, екіншіден, ол кезде олардың білімін, олардың істеп жатқан «істерінің» ақты-қарасын айырып, дұрыс- бұрысын тексеріп, түзеп жатқан кім бар? Тергеу орындары оның үстіне Б. Ысқақовтың ертеректе жазылған кейбір өлеңдерінің жекелеген сөздерін өзгертіп, мазмұнын бұр- малап, оған айып ретінде таққан.

Мұнда айта кететін бір жай: бұлардың ісінде бас бұл- тарттырмайтындай дәлел боларлық бірде-бір заттай айғақ, документ жоқ. Барлығы да тек «анау айтты», «мынау айтты», «ол былай деді», «бұл былай деді» деген құрғақ сөздерге құрылған.

Бірақ соған қарамастан, тергеу орны Б. Ысқақовты қыс- паққа алумен болды. Оның үстіне, тергеушілердің әрқай- сысы келіп, көзіңді бір-бір шұқып кетеді. Олар: «Есінде бол- сын, бұл үйге түскеннің-аман шыққаны жоқ, бұл үйден сен де тірі шықпайсың» деп қорқытады. Немесе Алексей Макси- мович Горькийдің: «Егер жау берілмесе, оны құртар болар» деген сөзін есіне салып, зәреңді алады. Одан қалса, алдай- ды, арбайды, адамдарды бір-біріне айдап салып, өшіктіреді, тіпті бопсалауға, арандатушылыққа дейін барады. Түнде ұйқы бермейді, күндіз аштан қатырады. Сөйтіп, өздері ал- дын ала дайындап қойған протоколға алдап, кейде зорлап қол қойдырады. Кейде протоколдың әр абзасының арасынан бір-екі жолдық ашық жер қалдырып, кейін сол жерге сен айтпаған сөздерді қосып жазып қояды. Мұны істі сотқа бе- рерде ғана бір-ақ білесің. Ал өз «ісімен» таныспаған немесе шала танысқан айыпкерлер оны мүлде білмейді де. Осын- дай айла-тәсілдермен бар қылмысты «мойнына алдырады». Сонсоң «өзі мойындап отыр» дейді де, істі сотқа тапсырады.

Рас, алдын ала тергеу кезінде өзіне жапқан жаланы, таққан айыпты мүлде мойындамай, қасарысып тұрып алатын айыпкерлер де болады. Олар ешбір алдауға, арбауға көнбейді, қанша ұрып соқса да, қабырғаға тіреп қойып, «атамын» деп, мылтық кезеп тұрса да, міз бақпай тұрып алады. Мұндайлар заңнан хабары барлар, бұрын істі болып, «тәжірибе» алғандар немесе шындық, ақиқат, әділеттік үшін бәріне де төтеп бере алатын ержүрек, жанкешті адам- дар. Бұлардың арасында да сондай бір адам болды. Ол Қарағанды оқытушылар институтының аға оқытушысы Айтбай Нарешов еді. Тергеу орны оны қанша қорқытып- үркітсең, ұрып-соқсын ол бәріне де төтеп беріп, еш нәрсені де мойындамай, тұрып алды. Сот алдында да ешнәрсені мойындамайтынын мәлімдеді. Шынында да оның мойындай-

тышдай еш қылмысы жоқ еді. Бірақ, бәрібір, оны да басқа-лармен бірге жиырма бес жылға соттап жіберді. Ал басқа-лары — барлығы 7 адам заңды білмеді, қылмыс жасамақ түгіл, оның не екенін де сезбеді, тәжірибелері де болмады, кейде алданып та қалды, тіпті әлсіздік көрсеткен кездері де болды. Кейбіреулері тергеушінің көзін ақшitiesip жі-беріп, жұдырығымен столды бір қойып қалғанының өзінен де қорқып қалды. Сөйтіп, жарты жылға созылған тегеурін-ді тергеуден кейін барлығы да жасып, жуасып шыға келді. Тергеу орны не десе де, соған көнетін болды.

Ал іс сотқа барарда, тергеушілер айыпкерлерді жеке-жеке шақырып алып: «Сен сот алдында осында айтқан сөз-деріңнен айнып, бас тартып кетуші болма. Протоколда не жазылса, соны айтуға міндеттісің. Бәрібір соттан кейін де бізге қайтып келесің. Егер қия бассаң, көретініңді сонда кө-ресің» деп ескертіп қояды. Ал сот процесі кезінде тергеу орнының адамдары оған қатысып, олардың сөзін естіп, мі-нез-қылықтарын сыртынан бақылап отырады. Сондықтан тергеу кезінде айтылған, протоколда жазылған сөздерді айыпкерлер мұнда да қайталап шығуға мәжбүр болады. Оның үстіне сот та істің ақты-қарасын тексеріп, айырып жатуға ықылас білдірмейді. «Айыптау актісінде жазылған сөздер саған түсінікті ме? Қылмысыңды мойындайсың ба?» деп сұрайды. Оған: «Жартылай мойындаймын, жартылай мойындамаймын» деп жауап берсең, «Бәрібір, әйтеуір, негі-зінен мойындайсың ғой, отыр» деп өзінді түйіп тастайды, отырғызып қояды. Мұнан кейін прокурор сені барынша қаралап шығады да, жазаның ең ауырын беруді талап ете-ді. Ал адвокат: «Айыпкерлердің қылмысын кешіріңіздер, жеңілдік жасаңыздар» деп, жалынғаннан басқа ештеңе ай-та алмайды. Сонсоң саған «Соңғы сөз» дегенді береді. Оны да жөндеп, толық айтқызбай, «Ближе к делу, покороче» деп қақпалап, бетіңнен қағып, тоқтатып қояды.

Тергеу орындары қанша тырысқанмен, кейде «іс» сотқа беруге, жауапқа тартуға кемдік жасаса, Ішкі істер минис-трлігінің жанынан құрылған Айрықша алқа (ОСО) деген бар. Соның шешімі бойынша сені сотсыз-ақ сегіз жылға, он жылға, тіпті одан да ұзақ мерзімге бас еркіңнен айырып, ең алыстағы еңбек-түзеу лагерьлері мен колонияларына айдап жібереді. Біреулердің айтуынша бұл соттан да жаман көрі-неді. Өйткені соттың үкіміне шағым жазып, оны бұздыруға болады. Ал ОСО-ның шешімін прокурор да, сот та қайта қарамайды, демек, оны ешкім де бұза алмайды дейді. Сөй-тіп, кейбір адамдар ОСО-ның шешімімен кеткеннен гері сот-тың үкімімен сотталып кетуді жөн көріп, жалған болса да



«қылмыстарын» мойындап, сотталып кетуге көнеді екен.

Сөйтіп, Б. Ысқақов Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі Коллегиясының 1951 жылғы 15—16 июньдегі үкімі бойынша РСФСР Қылмысты Істер Кодексінің 58-11 статьяларының 2 тармағымен айыпталып, 25 жыл мерзімге бас еркінен айыруға кесіліп, оған қосымша 5 жылға азаматтық құқынан айырылады. Сөйтіп, 27 жастағы жігіт 30 жылдық жазаны арқалап кете барады. 30 жыл! Ойлап қараңызшы, бұл бір адамның саналы өмірі емес пе?

«Үкіметке қарсы үгіт» деп аталатын 58—10 статьясымен айыпталған Б. Ысқақовты 25 жылға соттаған судья сонда не ойлады екен? Мұны ол өз басымен істеді ме екен? Әлде жоғарыда «Солай ет!» деген нұсқау болды ма екен? Ал онда судья — ешкімге тәуелді емес, ол ешкімге бағынбайды, ол тек Заңға ғана бағынады деген заңымыз, заңымен қоса арымыз қайда? Жалғыз Б. Ысқақов қана емес, сол жылдары жауапқа тартылған проф. К. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, т. б. барлығы да елу сегіздің онымен 25 жылдық мерзімге кесілген ғой. Жалпы бұл статьямен кез-келген адамды соттап жібере беруге болатын еді. Өйткені онымен айыптау үшін нақтылы бір қылмыс жа-саудың немесе заттай, документті айғақтың керегі жоқ. Тек «Пәленше деген адам пәленше жерде пәлен деді» деп, бір-екі адам көрсетіп (куәлік) берсе болды, соттайды да жібереді. Ал мұндай жалған куәлік беретін сұрқиялар қай ортадан болса да табыла кетеді.

Ал Қылмысты істер Кодексінде осы статьямен айыпталғандарға үш жылдан жиырма бес жылға дейінгі мерзімге бас еркінен айыру жазасы көрсетілген болса, судья оған үш жыл, бес жыл, тіпті он жыл емес, бірден жиырма бес жылдық мерзімді бірақ береді. Әрине, мұндай ауыр әрі әділетсіз үкімге, шексіз қаталдыққа «айыпкерлер» қалай ашынбасын. Судьялардың қылмысты істерді байыппен қарағаны, оның ақты-қарасын дұрыс айырғаны, оған әділ үкім шығарғаны адам үшін де, қоғам үшін де ауадай қажет. Өйткені үкім әділ болса, айыпкер де оған риза болып, кейін түзелу жолына түседі ғой. Ал әділетсіз үкім адамдарды ашындырады, оларды теріс жолға итермелейді. Ал мұның қоғам үшін де, адам үшін де еш пайдасы жоқ.

Осыған орай мына бір мысалды келтіре кетуге болады. Ж. деген студент осындай ұсақ-түйек істермен (былшыл сөздері үшін) он жылға сотталып тұрғанда, жылап тұрып, судьяға қйрап: «Азамат судья. Айтыңызшы, аузымнан ана сүті кеппеген мені «халық жауы» деп тауып, он жылға соттауға қалай ғана дәтіңіз барады? Максим Горькийдің «Ана»

романын оқыған боларсыз. Сондағы бас кейіпкер Павел Власовты заң орындары жұмысшыларды ереуілге әзірлеп және бастап шығып, оған өзі де белсене қатысқаны үшін бар-жоғы бес-ақ жылға соттамап па еді? Ал Сіздер түк кінә-сі жоқ маған он жыл беріп отырсыздар. Қайда шындық? Қайда әділдік? Қайда адамгершілік? Бұдан кейін менің сіз-дерге қалай ғана ішім жылиды?» деп айғай салыпты. Осы сөзінен кейін тергеу орындары әлгі студентті ішкі түрмеде тағы да екі-үш ай ұстап қалыпты.

Бір ғажабы — 1937—38 және 1951—53 жылдардағы репрессия кезінде сот ісін жүргізуші судьялар, әсіресе қазақ судьялары барынша қаталдық көрсетіпті. Олар айыпкер-лерге кодексте көрсетілген статьялар мен жазалардың ең ауырын қолдануға тырысыпты. Олар: «Егер жазаның жеңі-лін берсек, қазақ болған сон, қанына тартты» деп ойлай ма деп қорықты ма, қайдам, әйтеуір асыра сілтеумен болыпты. Оның үстіне: «Приговор окончательный и обжалованию не подлежит» деп, үкімнің аяғын шегелеп қоятыны тағы бар. Ал сонда сол жолдастар дүниеде біржола шешілген, біржо-ла шешілетін бірде-бір іс болмайтынын түсіне ме екен? Уақыт өзгереді, заман өзгереді, сол уақыт пен заманның өзгеруіне байланысты саясат та, заң да өзгереді. Бұл — өмір логикасы, диалектика заңы. Демек, өзгермейтін заң, бұзыл-майтын үкім жоқ екенін судья жолдастар білуге тиіс еді. Бірақ олар ол кезде оны білмеді және білгісі де келмеді.

Міне, сол өмір логикасы, диалектика заңы 1956 жыл-дан бастап еліміздің өміріне елеулі өзгеріс енгізді. КПСС-тың даңқты XX съезінен кейін партиямыздың саясаты мен үкіметіміздің заңында жаңа бетбұрыс пайда болды. Сол өзгеріс пен бетбұрыстың жылы лебі адамдарымыздың тағ-дырына да елеулі әсерін тигізді. Сөйтіп, СССР Жоғарғы Со-ты Қылмысты істер жөніндегі Коллегиясының 1956 жылғы 17 ноябрьдегі қаулысы бойынша Бүркіт Ысқақов толық ақталып, партиялығы қалпына келтіріліп, бұрынғы жұмыс орнына қайта оралады. Қазір ол СССР Жазушылар Ода-ғының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, ондаған өлең кітаптары мен ғылыми-зерттеу еңбектерінің авторы. Ұлы Отан соғысына қатысқаны және жемісті ең-бектері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградалған.

\* \* \*

Көпке дейін жеке басқа табынушылық кезеңіндегі көптеген сорақылықтар мен бассыздықтарды жасырып келдік. Тіпті революция сұңқары С. Сейфуллинді азаптап, ұрып-соғып, жауап алған тергеуші Г. Михайлов дегеннің есімі 1960 жылдардың өзінде-ақ белгілі болды. Кезінде осы бір баскесердің атын атап, ел алдында әшкерелеуге де батылымыз бармады. Неліктен? Неге?

Халықта «Ауруын жасырған өледі, дауды жасырған төлейді» деген мақал бар. Ендеше, біздің де ауруымызды жасырмауымыз, дауымызды бастырмауымыз керек. Олай етпеген күнде өткен күннің қателіктері қайталанып, қара күндердің қайта тууы гажап емес. Алайда ақиқат пен шындықты айту үшін де асқан адалдық пен шынайы сезім керек. Бұған да әркімнің батылы барып, жүрегі дауалай бермейді. Ал Бүркіт — ақын адам, сондықтан оның ақиқатты айтуы — парыз. Ол ұзақ ойланып, толғанып отырып, сөзін әзер бастады:

— Мен бұл сөздерді, кейбіреулердің ойлағанындай, атымды шығару үшін немесе біреулермен есеп айыру үшін айтып отырған жоқпын. Кейінгілерге, келешек ұрпақтарға сабақ болсын, олар ата-бабаларының, әке-шешелерінің, оның ішінде мына біздердің қателіктерімізді қайталамасын деп айтып отырмын, — деді.— Әр халықтың өзіне тән белгілі бір қасиеті болады. Біздер, қазақтар — өте аңқау, ашық ауыз, барынша аңғал халықпыз. Кім көрінгенге және не нәрсеге болсын — сенгішпіз. Мәселен, ерте кездерде «өгіз бұзаулады» дегенге де сенетін қазақтар болған ғой. Сол сенгіштігіміз бен аңқаулығымыздан әлі арылған жоқпыз. Сол сенгіштік, аңқаулық, ашық ауыздық, аңғалдық, алаңғасарлықтан таяқ та жеп келеміз. Қарап отырсаңыз, тарихтың бұрылыс кезеңдерінде немесе кезекті бір саяси науқандарда басқалардан бұрын біз көбірек қырғынға ұшыраппыз.

Сталиндік репрессия кезіндегі кейбір заңсыздықтар мен жолсыздықтарды бізде кейде өзімізге таныс жекелеген адамдардан көретініміз бар. Меніңше, бұл — мәселенің тек бергі, сыртқы жағы ғана. Оның шын сыры тереңіректе, әріректе жатқан сияқты. Менің ойымша, біздің заңымыз (юриспруденциямыз) Ұлы Октябрь революциясы мен азамат соғысы жағдайында дүниеге келді. Соған байланысты онда революция мен соғыс жағдайының қатал заңдары өзінің көріністерін тапты. Ал И. Сталин, Я. Вышинский, Н. Ежовтар сол қатал заңның өзін одан сайын қатайта түсіп, оны демократиялық, гуманистік сипаттардан мүлдем

жұрдай етті. Бұл заң бойынша андамай айтқан әрбір сөз, байқамай басқан әрбір қадам қылмыс болып есептелді. Кей- бір адамдарды ұсақ-түйек нәрселер (андамай айтқан бір ауыз сөз) үшін жауапқа тартып, соттап жіберіп жатты.

Оның үстіне Сталин, Вышинский, Ежов қылмысы дәлелденбеген адамдардың өзін де жазалаудың, соттаудың жаңа жолын ойлап тапты. Олар Ішкі Істер Халық Комиссариаты жанына (ОСО — Особое Совещание) деп аталатын жаңа мекеме құрып, тергеу үстінде қылмысы дәлелденбегендерді осы ОСО арқылы жазалап отырды. Бұл ұйым кейде «Трой- ка» («Үштік») деп те аталады.

Кейде бізде жауыздық пен жамандық біткеннің бәрін бірдей заң қызметкерлерінен көретін әдет бар. Меніңше, бұл дұрыс емес. Мұндай істі-ң болуына кейде өзіміз және өзіміз- дің жанымызда жүрген «жолдастарымыз» да кінәлі деп есептеймін. Өзіміз заңды білмедік, ненің қылмыс, ненің қылмыс емес екенін жете айыра алмадық. Сондықтан кейде ойланбай сөйледік, байқамай қадам бастық. Ал жанымызда жүрген «жолдастарымыз» біздің осы «мүлт кеткен» кездер- рімізді аңдып жүріп, «тиісті орындарға» жеткізіп отырды. Мұны олар патриоттық сезімнен жасаған жоқ, көбінесе басараздық, бақталастық, күншілдікпен, кейде тіпті білмес- тік, надандықтан жасап отырды. Қазір анонимшиктер мен жалақорларға тыйым салатын қаулы қабылданды. Мұны да орынды шара деп санаймын.

Әрине, заң қызметкерлерінен де көптеген қателіктер мен кемшіліктер кетіп жатты. Мәселен, көрінген адамнан күдіктеніп, оның соңына «шырақ алып» түсіп, қылмыс іздеудің, тергеу кезінде айыпкерлердің заң ғылымынан ха- барсыздығын пайдаланып, оларды алдап-арбап, қорқытып- үркітіп, немесе ұрып-соғып, тергеудің тыйым салынған тә- сірлерін қолданудың не қажеті бар еді? Міне, осы қысымға шыдай алмағандар: «Әзірше мойындап құтылайық, қалға- нын лагерьге барған соң көрерміз» деген ойда болып, тергеу- шіні де, тергеу орындарын да адастырып, оларды теріс жолға түсірді. Немесе соттардың қылмысты істер кодексінде көр- сетілген статья мен жазаның ең ауырын қолданудың не қажеті бар еді? Заң қызметкерлері осы тұстарда өрескел қателіктер жіберіп, ауыр қылмыстарға ұрынды деп ойлай- мын. Заң қызметкерлері бұдан былай мұндай «Шаш ал десе, бас алатын», асыра сілтеушілік әрекеттерді қайталамауға тиіс. Өйткені адам тағдыры — ойыншық емес.

Менің ойымша, заң қызметкерлері ең алдымен халық арасында профилактика жұмысын жүргізуі керек, қылмыс- тың жасалуын күтіп жүргенше, оның алдын алу қажет.

— Кейбіреулер менен: «Осындай ауыр жағдайда жүріп, өлеңді қалай жаздыңыз?» деп сұрайды. Мен оларға былай деймін: «Маған мұндай сұрақты қоймас бұрын әуелі Юлиус Фучик, Мұса Жалил, Назым Хикметтердің фашизмнің тас түрмесінде отырып қалай шығарма жазғанын еске түсіріңіз- дерші. Ал оларға қарағанда менің жағдайым жеңілірек болды ғой. Біріншіден, мен өз елімде, өз жерімде, өз хал- қымның арасында болдым ғой. Мені Америкаға немесе Жа- понияға айдап жіберген жоқ. Ал өз елің қандай жағдайда және қандай уақытта болсын, ол — алтын бесік. Екіншіден, менің елім — Совет Одағы, дүние жүзіндегі ең демократия- лық және гуманистік елден саналады. Басқалар фишизмнің тас түрмесінде (тас қапшығында) отырып шығарма жазған- да, мен өз елімде, өз жерімде, өз халқымның арасында отырып өлең жаза алмасам, осындай мүмкіндікті пайдалана алмасам, онда менің кім болғаным? Үшіншіден, адамдардың бәрі бірдей аң емес, жұрттың бәрі бірдей жыртқыш емес. Олардың арасынан да ақылы бар, ары бар, адамгершілігі бар адамдар көптеп табылады. Мен прокурор З. Қажыбеков- ты, шахта участогінің бастығы Ә. Бөпеевті, лагерь бас- шылары Н. Кибенко мен С. Әбуевтерді осы күнге дейін ізгі сезіммен еске аламын. Міне осындай жақсы адамдардың арқасында тірі қалдық, еркіндікке шықтық. Сондай жақсы адамдардың арқасында өлең де жаздым, өзімді де, өлеңімді де аман сақтап қалдым.

Расында да Б. Ысқақов абақтыда және айдауда жүрген- де, жан бағып қол қусырып қарап отырмаған. Ол өзінің ба- сынан өткізген ауыр өмірін өлең жолдарына түсірумен бол- ған. Әрине, абақтыда отырып, лагерьде жүріп, өлең жазу өте қиын. Онда жеке бөлме, жазу столы, тіпті қағаз бен қа- лам да жоқ. Оның үстіне, бақылау да күшті. Бірақ соған қа- рамастан, Б. Ысқақов үлкен өлеңдер циклін жазып шықты. Бұл туынды арада отыз жылдан астам уақыт өткенде, «Үзіл- мей жібі үміттің...» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1987 жылғы 25 декабрьдегі санында екі бет болып басылып шықты. Сөйтіп, ол өзінің осы ісімен үлкен әдеби және аза- маттық ерлік жасады. Сондықтан академик М. Қаратаев:

«Б. Ысқақов өзінің осы өлеңдерімен өзін шын акын ретінде танытты, оның бұл өлеңдерінде көркем әдебиеттің, оның ішінде, әсіресе поэзияның барлық заңдылықтары мен канондары сақталған» деп жазды.

— Кейбіреулер менен тағы да: «Үкімет наградаңыз бар ма?» деп сұрайды. Мен оларға: «Орден де, медаль да, грамоталар да бар. Бірақ мен үшін ең жоғары награда — бас бостандығы, еркін еңбек және өзіме көрсетілген сенім»,— деп жауап беремін.

Расында бұл үшеуінен артық адамға не керек?

## МАЗМҰНЫ

<b>.Шерхан МҰРТАЗАЕВ. Халық үшін жан пида</b> .....	3
<b>Тұрар РЫСКҰЛОВТЫҢ И. В. Сталинге екінші хаты. Аударған</b>	
<b>Әмірхан МЕНДЕКЕЕВ</b> .....	9
<b>Мақаш ТӘТІМОВ. Зұлматтың ауыр зардабы</b> .....	3К
<b>Темірбек ҚОЖАКЕЕВ. Қасірет</b> .....	68
<b>Зейтін АҚЫШЕВ. Білсін мұны ұрпақтар</b> .....	93
<b>Құрал ТОҚМЫРЗИН. Бір жіпке байланған тағдырлар</b> . . . .	Ю4
<b>Мағира СЫЗДЫҚОВА. Ахмет Байтұрсынов ■— ағартушы ғалым, қо- ғам қайраткері</b> .....	141
<b>Бейбіт ҚООШЫБАЕВ. Көзқарас эволюциясы</b> .....	161
<b>Сайфи ҚҰДДШ. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы. Аударған Әбілмәжін Жұмабаев</b> .....	167
<b>Бейсенбай БАЙҒАБЫЛОВ. Қайта оралған қаламгер</b> .....	191
<b>Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЕВ. Нақаттан кеткен азамат</b> .....	199
<b>Рәзия РҰСТЕМБЕКОВА. Абзал есім</b> .....	205
<b>Әмірхан МЕНДЕКЕЕВ. Сегіз қырлы, бір сырлы</b> .....	220
<b>Мұстафа ИСМАҒҰЛОВ Революция сарбазы</b> .....	230
<b>Бейбіт ҚООШЫБАЕВ. Айтымай жүрген батырлар</b> .....	235
<b>Армияд ТАСЫМБЕКОВ. Елу сегіздің оны</b> .....	257